

**ЖАНБОЛАТ  
БАШАР**



*Абыз бен Аңыз*

Нұр-Сұлтан – 2021

ӘОЖ 821.512.122-3

КБЖ 84 (5Қаз)

Б 30

**Б 30** Башар Жанболат.  
**Абыз бен Аңыз.** Роман – Нұр-Сұлтан: «Профи Медиа»  
баспасы, 2021. – 272 б.

ISBN 978-601-7524-79-1

«Абыз бен Аңыз» романы қиялдан туған хикаят емес, тарихи шындықты негізге ала отырып жазылған көркем туынды. Арқаның абызы Қараменде би және сол заманда ғұмыр кешкен тарихи тұлғалар, олар жайлы ел аузында жүрген аңыз әңгімелер, со замандағы тарихи оқиғалар, шығарма арқауына айналған. Қазақ хандығы жойылғаннан кейін, елді аға сұлтандар мен болыстар басқарған дәуірдегі елдің бірлігін діттеген айтулы тұлғалардың арпалысқа толы өмір көші баяндалады.

ӘОЖ 821.512.122-3

КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-7524-79-1

© Башар Ж., 2021

©Профи Медиа, 2021

### АЛҒЫ СӨЗ

Бұл кітап аңыз-әпсаналар мен біздің заманымызға жеткен тарихи деректерге сүйене отырып жазылған көркем шығарма. XVII, XVIII ғасырда ғұмыр кешкен Қараменде би Шақаұлы, Сана би Қожантайұлы және басқа да олармен үзеңгілес өмір сүрген адамдардың тағдыр-талайы, сол замандағы тарихи оқиғалар шығарма өзегіне желі боп тартылған.

Қараменде бидің ғұмыр сүрген уақыт қазақ тарихындағы «ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» атанған ауыр кезеңде өткенін білеміз. Алайда бұл кітапта қамтылған уақыт ол жоңғар жойылып, қалмақ қырылып қазақтың жаудан азат болғанан соңғы, яғни мың жеті жүз сексеннен бері қарайғы өмір көші. Қазақ елінің хандығы жойылып, орыс империясына бодан болып, бостандығынан айырылған кез. Қазақ даласына ресей патшалығының бекіністері ірге тепкен уақыт.

Қараменде бидің жасы егде тартқан шақ. Кеңгірбай бимен жараспай Ақ теңізге қоныстануы, алаштың арындай болған Жидебай Қожаназарұлы екуінің достығын, елдің ертеңіне деген адал алаңын, басқа да аузы дуалы аруақты тұлғалардың бейнесін қысқада болса сомдауға тырыстық.

Сондай ақ кітапта Дүйсеке би, Нарманбет ақынның үлкен әкесі Байжомарт Балтабайұлы, Мәнжізұл батыр, Жантас Түйтебайұлы, Сармантай Байзақұлы, Байыз сопы, Бөртебай көпес сияқты тарихта болған тұлғалардың арасындағы қилы-қилы қатынастар мен тартысты оқиғалар суреттелген. Қараменде биден қалған ұлағатты өсиеттер мен тілек баталар кітаптың ішкі өзегіне желі боп тартылып, уақыт өтсе

де көнермей алдарынан шығып, жетелеп отырады.

Кітапта ХVIII, ХІХ ғасырда ғұмыр кешкен көшпенді елдің тыныс-тіршілігі, мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-санасы барынша көрініс тапты деп ойлаймыз.

Ал, Байжомарттың Орманбетті өмір сүрген кезде: Қараменде би, Жидебай батыр, Сана би секілді абыздар да, олардан кейінгі: Байжомарт, Мәнжісғұл, Сармантай Жантас секілді оғыландар да өмірде жоқтың, алайда ел жұрты Қараменде бидің өсиетін жадында ұстауы және оған жиі-жиі жүгінуі шығарманың ішкі сарынынан байқалып отырады.

Бір сөзбен айтқанда, «Абыз бен Аңыз» романы арпалыспен ғұмыр өткерген бабалар өмірі туралы көркем туынды.

Сөз соңында осы кітапты жазуыма ақыл кеңесін айтып білетін аңыз-эпсаналарымен бөліскен белгілі қаламгер азаларым: Нарманбет танушы Амангелді Туганбаев, Орманбет бидің ұрпағы, баспасөз саласының ардагері Қасым Орманбеттегі, танымал өлкетанушы, этнограф Тұңғышбай Мұқанов, «Тобықты Шыңғыстау шежіресінің» авторы, этнограф Молдабек Жанболатов секілді азаларыма ғұмырлық алғысымды білдіремін.

Сол секілді жер су аттарына қатысты көптеген деректермен бөліскен Балқаш қаласының ардагер ақсақалы Есентай Үмбетовке, Қарабұлақ ауылдық округінің басшысы Қайдар Жортаров, Қараменде бидің ұрпағы Мейірман Жазылбековке, Дінғабыл Мұқанұлы, Марат Ақмағамбетұлы, Қали Зиядаұлы, Шахман Бекетайұлы, Мәнжісғұл батырдың ұрпақтары Сәмет Бабақов, Көбен Бекмағанбетов секілді азаматтарға зор ризашылықпен алғысымды білдіремін. Баршаңызға ата баба рухы жар болсын!

**Автордан**

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### ТАҒДЫР БЕЛДЕУІ

*Тарихи деректерді нақтылы тізбектегеннен  
гөрі оны көркемдікпен суреттеп жазу  
әлдеқайда ғылыми, әрі дәлірек шығады.  
Нақтылап тізбелеу оқиганың тек сырттай  
есебін ғана аңзартса, ақындық өнер  
сол оқиганың түп тереңіне бойлайды.*

**Аристотель**

*Басынан Қара таудың көш келеді,  
Бір тайлақ көшкен сайын бос келеді.  
Айырылған ағайыннан қиын екен,  
Мөлдіреп қара көзден жас келеді.  
«Елім-ай» жырынан.*

## I ТАРАУ

### КӨШ ЖОЛЫ

#### 1

Құланиектеп таң атып келеді. Көкжиектен сыз берген алтын күннің арайлы шуағы Шыңғыстаудың ұшар биігіне шашырап, тау жоталарын ашық сарғыш нұрға малған. Аспан асты лүп еткен желден ада. Дала төсі таңғы тылсым тыныштыққа мүлгіп тұрған кез.

Таңмен таласа тұрған жалғыз аттылы жолаушы осынау мүлгіген тыныштықтың мазасын қашырып, Қарауыл өзенін жиектеп құйғытып келеді. Ат тұяғынан ұшқан уыс-уыс ақ топырақ боз бетегеге шашырап лезде

майда шаңға айналуға. Ереуілдей шауып екпінінен жел тұрғызған жалғыз атты жолаушы Қыдыр бұйраты мен Ордаға дейінгі аралықты жайлайтын Дадан ауылына маңдай берген. Бұл Қараменде биге Кеңгірбай бидің сәлемін әкеле жатқан хабаршы болатын.

Күн көкжиектен найза бойы көтерілгенде, хабаршы жігіт Өртеңнің етегіндегі көк шалғынға шашырай қонған Қараменде бидің ауылына жетіп тізгін тежеді.

Ауыл адамдары: «Еңтігін баса алмай ертелете жеткен бұл кім өзі?» – десіп суыт келген жолаушының сырын білгенше асыққан.

Қараменде би әдеттегідей өзінің сегіз қанат ақ үзік үйінде жалғыз отырған еді. Есіктен бас сұққан қатпа қара жігіт.

– Би ата, Кеңгірбай биден хабаршы келді. Сізге жолығам, – дейді.

Қараменде би кеудесін тіктеп, ойлы жүзін бұрып:

– Келсе, кірсін де.

Табалдырық аттаған хабаршы оң қолын кеудесіне қойып, биден рұқсат сұраған ниет танытты.

– Айта бер, жарқыным, не жағдай? Жүрісің суыт қой.

Хабаршы адам қойнына қол жүгіртіп, ораулы затты бидің алдына қойып, шегініп кетті. Қараменде би оның бетіне қарап:

– Бұл не?

– Кеңгірбай бидің сізге жіберген сәлемі. Тапсыру маған міндет.

Би сәл ойланып отырып:

– Басқа айтарың болмаса бара бер, – деді хабаршыға.

Ол шығып кеткен соң: «Бұл не нәрсе? Кеңгірбай би мұнымен не айтқысы келді?» деген сұрақ оны мазалай бастаған. Аласұрған ойы тиянақ таппай қанша бұлқынса

да ораулы затты ашуға асығар емес.

Ұзақ жылғы көшіп қонудан қажыған ел атажұртын аңсап Шыңғыстауға келгелі едәуір ес жиып, тыңайып қалған. Әйтсе де көңіл күпті, сенімнен гөрі түйткіл басым.

«Анаау керегедей керілген Шыңғыстың ұланғайыр құшағы иісі тобықты баласына тарлық етеді-ау!» деген күмән көкейден кетсе қане. Күндердің күнінде «жердің жағдайы, малдың жайылымы, деген тіршілік түйткілі алдымыздан шығады-ау!?» деген ой кейде жанына шаншудай қадалатын. Кеңгірбай жіберген жұмбақ сәлем соны меңземесе игі», деп ауыр күрсінген ол. Сонсоң ораулы затты қолына алып шетін аша бергенде, денесі дір ете түскендей болды. Жанарын қарып түскен жұмбақ сәлем тобылғының кеуіп қалған томары екен.

Әр жағы айтпаса да түсінікті. Сол-ақ екен, кеудесін сыздатқан ой бұрынғыдан бетер санасына салмақ салып жанын жай таптырмады. «Апыр-ай!» деді ол, жанарын қарып түскен арбиған қу томарға көз қиығын салып, жас бидің бұнымен не айтпақ болғанын іштей топшылаған.

Осыдан кейін-ақ Қараменденің ойы астан-кестен сапырылысып жүре берді. Көз алдына ақтабан шұбырындыға ұрынған қамкөңіл жұрты; Ақырып атқа қонған алаштың аламан ерлері; Бүкіл ғұмырын ат жалында өткізіп кешкен бейнеті, шеккен азабы кім үшін және не үшін болғаны?! Соның бәрі осы ел үшін емес пе еді?! Осы ел ертең жерге қарамасын, өз ара алакөз болмасын, іргесі сөгілмесін деген ниетпен арпалысты. Кешегі Хан Абылайдың жеті жарғышының бірі ретінде тұтас алаштың арын арлап, жоғын жоқтамаған күні болды ма?!

Алдында жатқан кепкен томарға тағы да көз тоқтатып

шұқшия қараған ол: «Көңіл сыймаған жерге өмір сияр ма?» деп үнсіз ойға қалды. Сәлден соң ораулы томарды босаға жақтағы керегенің ашық тұрған көгіне қыстырып орнына қайта жайғасты. Осыдан біраз бұрын «мұсылманның жұртына маңдай тіреп, аты жақсы дариядан әрі өтелік, көштің бетін Жиделі Байсынға бұрсақ» деп бұрыннан бергі аңсар-тағатын айтып Кеңгірбай биге хат жібергенді. Сондағы қаупі – өрістің тарлығы емес, орыстан келер қауіптің зорлығы еді. Алайда, Қабекең мұның сәлеміне:

«Атыңнан айналайын, Қараменде,

Сендей алып туар ма кейінгі елге?!

Керегедей Шыңғысты қия алмадым,

Не де болса қаламын осы жерде» – деп жауап қайырған.

Ұзақ ойға берілген Қараменде би сәлден соң Сана биді шақырды. Айтар ойын тұспалдап, әріден қаузады. Мына Шыңғыстау – толғағы бір тобықты баласына болашақта тарлық етеді-ау. Оның бер жағында іргеңе қол салған орыстың пиғылы қандай? – деп ойға шомды. Сәлден соң қайта сөйлеген ол: «Не де болса Жиделі Байсынға маңдай берсек» деген көкейдегі ойын суыртпақтап жеткізді. Сонда Сана сұңғыла боз қырау шалған қалың қабағы түйіліп, кеудесін жапқан ақ сақалы желпілдеп сөйлеп кетті:

– Қадірлі Би, көкейіңізді ұқтым. Жиделі Байсынға қозғалсақ дейсіз ғой. Иә, «жүгірген жетпес, бұйырған кетпес» деген. Бұл – қиын һәм ауыр, азапты жол ма дедім. Қайғы – кара дауыл, ұмтылар, кетер, түбі қайыр, – деді.

Қараменде би Сананың сөзін зейін таразысына салып, терең ойға батты. «Қиын һәм ауыр азапты жол... Бұйырған кетпес. Қайғы – кара дауыл... түбі қайыр» дегенді іштей толғап:

– Беу, Сана биім, тереңнен қазып қаузадың-ау! Тағдыр



– тәңір ісі. Тату елге тыныштық пен береке бұйырар. Тілегім – елге есендік. Кеңгірбай кіші болып жер алысын, біз үлкен болып өріс алайық. Жоңғардың құқайынан құдай азат қылса да, бұл жақты түбі орыс алуы кәдік. Кәдік емес-ау, бұл анық, әзірдің өзінде мына Семей солардың қолына өтті. Бекініс салып, қоңырауын қағып, қазақты жан-жағынан қусырып қалыпқа салмақ. Енді соны көру қалды ма бізге?! Сана биім, бізге қозғалмақ ләзім. Бұл арадан кетеміз. Даданға қарайтын әр атаның басты адамдарын шақырып төрт көзіміз түгел отырып ақылға жүгінейік. Тығырықтан шығатын жол іздейік, – деді. Жай айтқан жоқ уайым шегіп, қажып айтты; ауыр сапардың қиындығын сезіп айтты.

Ұзамай тобықтының Дадан тармағынан тарайтын үш арыс елдің сөз ұстаған серкелері мен аламандары түгел жиналды. Бәрі де шұғыл жиынның себебін сезіп, біліп отырған. Олай дейтіні бүгіннің өзінде жерге талас Шыңғыстың сыртындағы керей, албан, найман ғана емес, тобықтының өз ішінде де өкпе-реніш леп беріп қалатындай; жиналғандардың бәрі де осының бір шешімін бидің өз аузынан естігісі келетіндей.

Бірақ әңгіме мүлде ол жайында болмай баяғы көзден бұлбұл ұшқан Жиделі Байсынға көшу туралы сөз өрбігенде, көпшілік күмілжіп қалған. «Қалай болар екен?» десті. Бірақ мұның бәрі көшуден тартынғаннан емес, таңырқағаннан болар. «Енді қайта көшеміз бе?» деген сұрақ көптің көкейіне қадалған. Соны сезген Бидің өзі сөйледі. Қараменде би алыстан толғады, майда қоңыр дауысы күмбірлеп жиналғандарды жанарымен шолып:

– Уа, ұшсам қанатым, қонсам таянышым болған перзентілерім! Қарайған қарындастарым! Басында Сырдан шығып Арқаға аудық, одан ойраттан ығып,

Ұлытауды жағалап, Кеңгірді кешіп, Ырғызды өрлеп, Орға бардық. Ойыл, Қиыл деген жерлерді басып, Мұғаджар қыстадық. Ор мен Електің жағасын біраз жыл қоныс еттік. «Тобықты, атажұртың Шыңғыстау босады» дегенде, бүйірімізді соғып, табанымызды тоздырып, жер аңсаған желмаядай осында оралдық. Келдік, көрдік. «Құл алдында құрулы талқы» деген бұл жаққа баққа келдік пе, сорға келдік пе, оған бір жаратқан қазы. Сыртымыз түксініп, ішіміз ұлып тұр. Осының бәрін жүз ойлап, мың толғап, мынандай шешімге табан тіредім, – деді аясы кең жанары алдында отырғандарды бір шолып: – Біз Өмірдің өрендері болып өріс алайық, көштің басын Жиделі Байсынға бұрайық; Арқамызды екі дарияға тіреп ырысты, өрісті елге айналайық, – деді.

Ісі Дадан тобықты баласы Бидің сөзін сүттей ұйып тыңдағаны болмаса, ешкім ештеңе дей қоймады. Соны сезгендей Сана би сөз сөйлердегі әдетімен тамағын кенеп:

– Қадірлі ағайын-туыс, бұл алыс сапар. Бүгін көшіп, ертең қона қоятын жақын жер деуге келмейді. Ұзақ жол. Қыс жүрерміз, жаз жүрерміз, ол бір құдайға аян. Сондықтан әзірден бастап көшке ілесетін туысқандар жолға қам қылыңдар. Түйенің қомын, арбаның арысын дайындандар. Семейге мал өткізіп, азық-түлігінді, керек-жарағыңды түгенде. Баршаңа құдай қуат берсін! – деді.

Отырғандар бір сәт дуылдап барып басылды. Осы кезде жиналғандардың арасынан біреудің қамшысы шошаң ете қалды да, артынша орнынан ордаңдап атып тұрған Байтемір Дәуқара:

– Оу, ағайын, сабыр етіндер! – деді дауысы күжілдеп.

– Біздің басшымыз, биіміз Қарекен көшеміз десе, көшеміз! Тек Дадан Тобықтыдан тарайтын арыстың баласы шашау шықпай бірге қозғалайық. Ағайынның

ажырамағаны абзал. «Көсеу ұзын болса, қол күймейді, ағайын көп болса, жау тимейді» деген би атамыздың сөзі бар, бәріміз бір арыс елміз, ешкім бөлінбесін, менің айтпағым осы, – деді.

– Дұрыс айтады «бөлінгенді бөрі жейді» деген, көшсек те, қонсақ та бірге жүрейік, – десті көпшілік.

– Көштің алды қашан қозғалады, мерзім мұғдары қай шама? – деді Шырақбай.

– Айға жуық дайындалып, шілденің соңын ала жолға шығайық, – деп бидің өзі көштің байламын айтты.

Келесі күні Қараменде бидің тапсыруымен Сана би аталас ағайындарды аралап, жолға дайындықтарын біліп, көшке ілескелі отырған: Манас, Танас, Ақсақ, Қалдаудың сөз ұстаған серкелеріне жолықты. Бәрі де келісіп алғандай би атадан қалмайтындарын жеткізген.

Осылайша Қараменде бастаған Дадан Тобықты жұрты Шыңғыстаудағы көп ағайыннан бөліне көшуге қауырт қам қылды. Мұндағы елге де бұл әңгіме тез тарады. Билер арасындағы келісім солай ма, әлде олардың басқадай бір бүккені бар ма, ол жағы былайғы жұртқа белгісіз еді. Әйтеуір, «толғағы бір елден бөліне көшіп қайда барасыңдар?» деген ешкім бола қоймады. Бәлкім Кеңгірбай бидің «ел өседі, жер өспейді» деген мәтелге айналған тәмсілі қамшы болды ма, Қараменде бидің көштің бетін Сырға бұруы осылай басталды.

Бұл жағдай ел ісіне араласа бастаған Бидің үлкен ұлы Келтені де толғандырған. «Кешегі қазақ-жоңғар соғысында іргесі бөлінбеген тобықты баласы атажұртқа оралып орныға бастағанда бір-бірінен жырыла көшуіне не себеп? Не түрткі болды?» деп күйзелген.

Осы сұрақтарға жауап іздеген Келте жанына жақын тұтатын інісі Дүйсекені ертіп кешкілік әкесіне келді.

Ақшам намазынан соң, Тойған ананың отауында Құран хадистерін оқып отырған би ұлдарының алаң көңілдерін тез аңғарды. Екеуінің айтар уәжіне құлақ түрді. Төрге озбай биден төменірек жүрелеп отырған Келте:

– Әке, мына Дүйсеке екеуіміз бір сұраққа жауап таппай, соның шешімін сізден білуге келдік. Қазақта «бөлінгенді бөрі жейді» деген сөз бар, олай болса, үркердей ғана ауылмыз, елден жыра көшіп қайда барамыз? Алдымызда не тосып тұр? Осының мәнісі қалай? Соны түсінбей далмыз, – деді.

Қараменде биде сегіз ұл бар: Келте, Сәрік, Бықы, Туыс, Дүйсеке, Байдакелді, Жолдықара, Байжарық. Бәрі де әкеден енші алып, өз алдына ақарлы-шақарлы үй болған.

Би балаларының ішінде Келтенің алғырлығына қаршадайынан тәнті еді, көрдіңіз бе, қазір де ол бүгінгі сындарлы күннің ертеңіне үңіліп, соған алаң. «Бізді алда не күтіп тұр?» дейді. «Дұрыс ау, бәрі дұрыс!» деп ойлады Қараменде ұлдарының ел тағдырына деген алаң ниеттерін құп көріп.

Әйтсе де, бұл сұрақ, бір ауыз сөзбен айта салатын оңай шаруа емес-ті. Балаларына ойлы жүзін бұрған би:

– Қазақ қоғамы үш жүзден тұратын үлкен ел: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз. Оны өздерің білесіңдер. Бағзы заманда осы алып елді бір ғана хан билеген: Керей хан, Әз-Жәнібек, Қасым хан, Тәуекел хан, Есім хан. Олардың заманында қазаққа ешкімнің тісі батпаған; төрт құбыласы тең, қуатты ел, қабырғалы қазақ хандығы болған; «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» деген заңдарды ұстанған. Бүгінгі қазақ сол дәуірдегі бірлігі мен ынтымағынан ажырап қалды. Соның салдарынан біз кешегі қазақ-жоңғар соғысында құрып кете жаздадық.

Жылан жылы Жоңғар бізге жеті түмен қаскермен жерімізге баса көктей кірді, біз оларға жеті емес, он түмен қаскер қоюға қауқарымыз бар еді. Бірақ біздің бірлігіміз пышырап, хандарымыздың басы бірікпеген. Сұлтандарымыз бен хандарымыз билікті бөлісе алмай дай болды. Сонда қазақ баласы қара халықтан шыққан батырларының ерлігі арқасында жерін сақтап қалды. Әрине, қазақ-жоңғар соғысындағы жеңісті Абылайсыз елестете алмайсың. Абылай мұқым қазаққа он жыл хан болғанда (Орта жүздегі хандығын айтпағанда) қазақтың жерін жоңғардан азат етті, Қоқанды тәубесіне келтірді. Хан Абылай дүниеден озғаннан кейін, қазақ шілдің құмалағындай шашырады. Соны пайдаланған орыс ішімізге кіріп, жерімізді басып алды. Бүгін біз Шыңғыстың бауырына тығылып отырмыз, ертең ұрпағымыз өсіп, құшағымыз елге, өрісі малға толып жатса, жер тарлық етіп, ағайынмен алакөз боламыз ба?!

Соны айтқанда ол ойланып отырып қалған. Сәлден соң сөзін қайта жалғаған би:

– Жоқ! Балалар, бізге ондай араздық керек емес! Әрине, – деді ол сәл күрсініп, – біз мұндағы елмен ат күйрығын кесердей, араздығымыз жоқ. Құдай сақтасын! Өрісіміз ұлғайып, әлі-ақ келіп-кетіп араласып тұрамыз. Уақыттың талабы осылай болып тұр, шырақтарым. Мен сендердің алаң көңілдеріңді түсініп отырмын. Шыңғыстан көшуіміздің басты сыры осы. Ешкімнен көретін ештеңе жоқ, – деді ұлдарына жанарын тіктей қарап.

Келте мен Дүйсеке әке сөзін ұйып тындағандары болмаса, басқадай ләм демеді. Тек Келте мырзаның «у ішсең руыңмен бол» деген сөз көмейіне лықсып келіп бөгеліп қалды. Би де баласының іркілген ойын жіті аңғарып:

– Иә, оның дұрыс Келтежан, «у ішсең руыңмен бол» деген сол үшін де осындай қадамға бардық. Манадан бергі айтқан уәжім соған саяды, – деді.

Балалары шығып кеткен соң да Қараменде би көп толғанды. Ұшығына жетпейтін ауыр мұңға бұрында талай батқан, қазірде сол азапты ойдың шырмауынан шыға алмай сарсаң. Бұрын біз анымыз бар, ақ ордамыз бар, топшысы аман, томағасы берік ел едік, енді не болдық?! Орыс патшасының құзырына енген дәрменсіз ел боламыз ба? Орыс билігі мысық табандап жерімізді алды, бел омыртқамызды езуге шақ тұр. Жат бізді жарылқай ма? Семейді алғаны – қолқаңа қол салғаны ғой, – деп күйзелді.

Алыс сапарға айға жуы әзірленген Қараменде көші Сәрсембінің сәтті күні таң ата ерте жиналды. Соның өзінде ырғалып-жырғалып, созаландаған көш күн көкжиектен найза бойы көтерілгенде ғана жолға түсе бастаған. Дәл осы кезде Тоқтамыс батыр өзінің бір топ сайыпқырандарымен келіп аттан түсіп жатты. Қараменде би көшке ілесетін елдің алды-артын қарайлап тұрған. Аттан түскен Тоқтамыс батыр бірден Қараменде биге қарай адымдай басып жақындай бере:

– Армысыз би ата! Көш көлікті болғай! – деді дауысы саңқылдап.

– Әумин! Тоқтамыс бауырым, жақсы келдің ғой. Өркенің өссін! Бір өзің бүкіл Шыңғыстауды бастап келгендей болдың ғой! Рақмет, айналайын! – деп бидің өзі емірене сөйлеп, қуанып қалған.

– Би ата, сіз жүргелі жатыр дегенді естіп келген бетіміз осы. Сіз мұқым тобықтыға ортақ қасиетті абыз ағасыз. Осындай сәтте сізді атыңызға қолтықтап мінгізуге жарамасақ, көшіңізді шығарып салуға келмесек біздің

кім болғанымыз? Бұл бізге сын ғой, – деді батыр өзіне тән сергектікпен шешіле сөйлеп.

Батырдың соңына ерген азаматтар да Қараменде биге бірінен соң бірі жапырыла сәлем беріп, ізгі тілектерін айтып, «Алла жар болсын» десті. Тоқтамыс батыр бастаған азаматтар Қараменде көшін түстік жерге дейін шығарып салып, ел-жұртпен қимай қоштасты.

## 2

Көш. Осынау кәрі Шыңғыстың бауырына кімдер келіп, кімдер кетпеген. Кәрі құлақтардың айтысына қарағанда «жеті ел келіп, жеті ел кеткен» дейді. Сол қасиетті мекеннен Қараменде көші де өр Шыңғысты етектеп, Ақбайтал асуына көтеріліп бара жатты. Арты тұнжырап, алды бұлдыраған ағайынның көші ырғала қозғалып, сәт сайын көзден алыстай түсуде. Жылқы кісінеп, бота-тайлақтың үздік-создық боздаған дауысы күңіреніп бара жатқандай. Шыңғыстаудың қатпар-қатпар сілеміне Дүйсеке жанары талғанша қарады. Қараған сайын әлдебір қимастық сезім кеудесін тырнап, алқымына өксік тығылғандай. Сонысын ешкімге сездіргісі келмей көштің оң қапталын ала желе жортып кетті.

Көштің алдында Қараменде би оның оң жағында: Сана би мен Сәдір қожа, Сәдіғұлдың Шырақбайы, Мандар, Қойгелді үзеңгі қағысып қатар келеді. Бидің сол жағында ұлдары: Келте, Сәрік, Бықы, Байжарықтар иық тірестірген. Олардың өкшесін баса: Бұғытай, Балтабай, Қаржау, Бәйтелі бақсы, Дәуқара батыр, Жандар, Шомақ секілді азаматтар бар. Өтеген әулие «түйенің үсті жүргенге жайлы болады» деп ақ бас атанға мінген.

Туыс – Қараменде бидің Тойғаннан туған үшінші ұлы. Ол ұзын бойлы ақсары жігіт. Өзі аса қайратты, ер жүрек

болып өскен. Содан да болар бидің өзі оған ерекше сенім артып шолғыншыларды бастап, көштің алдын күндік жерге дейін барлап, бидің өзіне хабар жеткізіп тұруды жүктеген. Мал аяғымен жылжығандықтан көш баяу қозғалуда. Түйелерге жады салынып жүк артып, оның үстіне бала-шаға отыратын күркеше жасалған. Іркестіркес созылған маялы көш. Киіз үйдің уық керегесі мен азық-түлік, астық тиелген ат арбалар да бірінің ізін-бірі басып, шұбатыла созылуда.

Көштің екі қапталында аттылы адамдар қанаттаса еріп келеді. Дәуқара мен Тілеулі батыр бастаған үлкенді-кішілі азаматтар қалың көшті, мал-жанды көлденең қауіп-қатерден қорғауға жұмылған. Көш соңында қарасы қалың аттылы адамдар үздік-создық ілескен.

Жарау ат мінген: Есбай, Түйтебай, Тілеген, Бөлеген, Есдәулет, Байзақ, Қараменде бидің әйелі Жүгеріден туған ұлдары Байгелді мен Жолдықара секілді кілең текежәуміт ат мінген жас өрендер көштің соңында көңілді келеді.

Қараменде бидің көші Шыңғыстаудан бірте-бірте алыстап бара жатты. Осы уақытта Ақбайтал асуына құйғытып жеткен жалғыз аттылы адам бұлардың соңынан ұзақ қарады. Бұл Кеңгірбай би еді. Жанары талғанша абыз ағасының созалаңдаған көшінен көз алмай:

«Атыңнан айналайын Қараменде,

Сендей алып туар ма екен кейінгі елге?!» – деп аса бір қимастықпен «жолдарың болсын!» деп іштей тілекші болып қала берген.

Жиделі Байсынға бет алған Қараменде көші сардаланы самғай кешіп, аялсыз жүрді. Кейде түнемелікте еру жасап, бел суытып, көлік ауыстырып отырды.



Шаршауды білмейтін жастар ғана ошақтағы отты айнала отырып жаздың қысқа таңы сыз бергенше бірде ән айтып, енді бірде әңгіме дүкен құрып, дуылдасып жалығар емес. Таң ата көшкен ел қайта жылжиды.

Тамыздың тамылжыған күні. Қараменде көпші Қарқаралы өңіріндегі Қоңыр Құлжа деген жерге ілікті. Маңайды жіті шолып келе жатқан Қараменде би сай табанында сарқырап ағып жатқан бұлақты көріп аттан түсті.

– Осы араға еру жасайық, – деді ол. Айдан аса тынымсыз жүрістен қажыған көлік те, адам да бел жазғысы келгендей. Көпшілік бірден көңілденіп сала берген. Артынша үйлер тігіліп, төрткүлдеп жер ошақ қазылып, әр жерде мал сойылып, көштің алды-арты шашырай тоқтады. Жүк астынан босаған түйелердің белі суып, бақташылардың алдына түскен.

Қоналқы жерге тоқтаған Ақбас атан бақылдап, ырғалып-ыңыранып азар шөкті. Түйе үстіндегі күн қағардың астынан әуелі Тойған одан соң, Кәкіш бәйбіше түсіп белдерін жазып, айналаға көз тастаған. Сөйткенше болған жоқ бұлардың қасына келген Дүйсеке атынан түсе сала шешесі Тойған мен Келтенің анасына «Шаршадыңыздар ма?» деп жағдайларын сұрап жатты.

– Жоқ, айналайын, шаршағанымыз жоқ, – деді шешелері жарыса сөйлеп.

– Осы араға бірер күн еру жасайтын болдық, – деді Дүйсеке.

– Е, Алла жарылқасын, адамдар бір тыңайып қалатын болды, – деп әйелдер көңілденіп қалған. Бұлар үстілерін қағып, кимешектерін түзеп жатқанда қастарына жеткен қоңыр маядан Жүгері мен Сүймені түсіп, бойларының құрыс-тырысын жазып, Кәкіш бәйбішемен Тойғанның

қасына келді. Жүгерінің етегіне оралып жүрген немересі Жанты апасына қыңқылдап бірдеңе сұрап жүр екен.

– Апасы-ау, біздің Жанты батыр не сұрап жүр? – деді Тойған ана балаға мейірлене қарап.

– Беу, бұл көнбейді ғой! Көнсе қайтейін, атқа мінем деп мазаны алып келді, – деді Жүгері қынама бел камзолының ішкі қалтасынан ірімшік алып:

– Мә, ірімшік жейсің бе? – деп алдандырмақ болған. Оған бала қарайтын емес.

– Жанты құлыным-ау, ат деген оңай ғой, қазір үй тігеміз, сонсоң Байгелді көкең сені атқа мінгізеді. Жарай ма? – деп Тойған ана да баланы жұбатқан болды. Осы кезде астындағы ауыздығымен алысқан шұбар аттан жеңіл түскен Байжарық иіріліп қалған аналарын құшақтап:

– Қал-ахуалдарыңыз қалай, шаршадыңыздар ма?- деп жалпылдап сұрап жатты. Бұл бидің кіші әйелі Сүйменіден туған ұлы Байжарық еді. Сүймені баласының алқам-салқам болған киімінің жағасын түзеп: «мына Жантыны алдыңа алып бір айналдырып әкелші, апасының мазасын әбден алды», – деді.

– Өй, Жанты батыр! Кел бері, атқа мінгің келсе, менің алдыма отыр, – деп баланы жерден көтеріп алды.

– Ой, өркенің өскір! Бара ғой енді, көкеңмен бірге, – деп шешелері қолдарын бұлғап Байжарықтың артынан қарап тұрды.

Көштің алды-арты иіріліп, түйелер жүктен босап жатқан кезде, бұлардың соңынан әлдебіреулер қосар атпен қуып жеткен еді. Олар Шыңғыстаудан келе жатқан Көбей би бастаған хабаршылар екен.

– Біз Қараменде биге келе жатырмыз. Айтатын шұғыл хабар бар, – деді Көбей би. Осы кезде бұлардың қасына

келген Дәуқара батыр жолаушылармен амандасып; Мәнжайды тәтпіштеп сұрап білген соң, жаңа тігіп жатқан костың іргесіне келіп:

– Осы жерде мені тосыңыздар, – деді жолаушыларға, сонсоң өз азаматтарына бұрылып:

– Жігіттер, мына кісілерге сусын беріңдер, алыстан келе жатқан туыскандар ғой, шөлдерін бассын, – деп өзі көштің алдыңғы жағына қарай аяғын апың-құпың басып кетіп бара жатты. Адымдаған сайын жалбағайының екі құлағы жалпылдап барады.

Сәлден кейін көгалды алаңқайға оюлы текемет төселіп, бидің өзі бастап көпшілік сол араға тоқайласты. Жиналғандардың ешқайсы тізе бүкпеді. Жоғарыда Қараменде бидің өзі, онымен қатарласа: Сана би, Келте мен Сәрік және Жандар, Шырақбай, Төлеген, Дәуқара батыр, Бұғытай, Қойгелді, Мәулен ақсақал, Қаржау секілді бірталай адамдар дөңгелене тұрған. Көбей би шұғыл хабардың тігісін тарқатты. Сондағы айтқаны:

«Елден ел неге ұлықсатсыз бөлініп көшеді, дереу кері қайтар?!» депті әкірендеген Семейдегі ояз.

Бұл енді Кеңгірбай бидің құзырындағы шаруа емес, Қабекең де соны шырылдап айтса керек, бірақ оның сөзін кәперге ілмеген орыс ұлығы Кеңгірбай биді жазаға тартып, өзін бас етіп, бірнеше адамды абақтыға жапқан дейді. Аса жайсыз хабар.

«Енді не істеу керек? Бұған кім билік айтады, кім араша түседі?» деген де ойға Қараменде би оралған.

Бидің алдына жиналған көпшілік тосын жайды естіп: «Би не айтар екен?» деп бәрі соған жалтақтады. Ешкім сөз қоспады. Сана би әдеттегідей боз қырау шалған қалың қабағын бір қағып, үнсіз ойға шомған. Қарекең қанатын қомдаған қырандай төрде тұр.

Үстінде көкшіл кемзал, оның ішінен тік жағалы қоңыр көйлек киген, беліндегі кемер белдікке көзді күміс бұдырлармен безендірілген кісе таққан. Кемзалдың сыртынан өңірі ашық жеңіл оқалы шапан киіпті. Оюлы қызыл ала текеметтің үстінде тұр.

Аяғына киген қоңыр мәсінің тұмсығы ғана көрінеді. Шалбардың кең балағын мәсінің сыртына жіберген. Бидің өзі егде тартқан жасына қарамастан қаққан қазықтай тіп-тік. Айырланып біткен ақ сақалы желбіреп, жиналғандарды шолып өткендей болды.

Хабаршылардың жайсыз әңгімесін тыңдаған ол бірден сөйлеген жоқ. Ойлы жанарын алысқа тігіп:

Айтса тілді алмаған көп ағайын,

Мотыш білер жайлаған малдың жайын.

Байғараға өкпелеп кетті деп ең,

Енді керек болдым ба Кеңгірбайым? – деген сөз көкейіне лықсып келіп кері қайтты. Олай дегісі келмеді, кимелеген ойды кері серпіді. Өзінен жауап күткен хабаршыларға қарап, назарын соларға тіктеп:

– Толғағы бір тобықты баласы, – деді дауысы күмбірлеп, – сенің басыңа қиын-қыстау күн туғанда біз қол қусырып қалай отырармыз! Қалай шыдармыз! Іргеміз бөлінбеген, намысымыз мұқалмаған, жадымыз көнермеген елміз.

Иә, туысқандар! Біздің жағдайымыз сіздерге мәлім. Жол үстінде келеміз. Мұратымыз жайлы қонысқа жету. Әйтсе де, Кеңгірбайдың басына іс түскен осынау шырғалаң шақта оған қол ұшын беру, араша түсу – сіз бен бізге парыз. Бұл түйінді шешуге балам Келтені жіберемін, – деді.

Шынында да басқа адамның реті де жоқ еді, қырықтың қырқасына шыққан бидің үлкен ұлы Келте ғана бұл істі

реттеп келуге тиіс. Ол ақылға да кемел, сөзге де даңғыл еді. Содан да болар Қараменде би осы бір ауыр сапарға канша қиналса да Келте биді жіберуді ұйғарды.

Дауысын сәл бәсеңдеткен би:

– Қасына қарулы азаматтар алып, шұғыл аттансын, – деді. Артынша жүзін Келтеге бұрып:

– Біз көшті тоқтатпаймыз, өкшелеп қуып жетерсіңдер. Маңдайымыз батыс, – деді.

Келте мырза бастаған азаматтар келесі күні таңсәриде бидің сәлемін алып Шыңғыстауға аттанды. Жүрер алдында ол әуелі әкесінің батасын алып, балаларының маңдайынан иіскеді. Үстіндегі сырмалы бешпетінің сыртынан оюлы қара-көк қатпа шапан, басына құндыз бөркін киіп, көзі күлімдеп, анасымен қоштасқан соң үйден шығып бара жатты.

Анасы:

– Жолың болсын, жолдасың Қыдыр болсын, құлыным! Аман барып, сау қайт, жарығым! – деді. Есік алдында жолаушыны шығарып салғалы бауырлары: Туыс, Дүйсеке, Бықы, Сәрік, Байгелді, Байжарық тағы басқа бірнеше азаматтар тосып тұрған. Бауырларымен құшақтасып қоштасқан Келте:

– Жан-жақтарыңа абай болыңдар, бізге бір төтен шаруа килікті ғой, Жаратқан жар болғай! – деді. Өңі салқын, қабағы қату еді. Ағаларын атқа қолтықтап мінгізген бауырлары «жолыңыз болсын» деп ақ жол тілеп қала берген. Келтенің тақымында өзінің әйгілі күрең аты, желе шоқырақтап көшкен елден ұзап бара жатты. Алдарынан даланың қоңыр самалы есті. Кешелі бергі өздері жүріп өткен көшкен елдің ізі де жамырай жол нұсқап, Шыңғыстауға қарай тоқтаусыз заулап келеді.

Сол күні аспанның жүзін бұлт бүркеп, көпке дейін

күннің көзі ашылмады. Түс ауа сіркіреп майда жаңбыр себеледі. Үйде отырған Кәкіш бәйбіше тырсылдаған жаңбырдың дыбысын естіп:

– Бағана Келте қарағым сулық та алмады-ау, мына жауын тоқтамаса үсті су болады-ау! – деп уайымдай бастаған.

– Әже, уайымдамаңыз, көкем сулықты қанжығасына байлап алған, – деді немересі Алдақай.

– Ей, айналайын, жолы болып аман оралсын! – деп анасы ішінен күбірлеп дұғасын оқып, баласының тілеуін тілеуде.

Қарамеңде көші ол күні де орнынан қозғала қоймады. Сіркіреген жауын түс ауа басылып, күннің көзі бұлттан шығып, шағырмақ ыстық шеке қыздырып тұрған. Осы кезде сыздықтап көтерілген қобыздың қоңыр үні құлаққа шалынды.

Сол бір майда қоңыр үн шымырлап бойға тараған сайын естіген елдің алпыс екі тамырын иітіп: бірде сұңқылдап, бірде қаңқылдап, енді бірде булығып аспан астын тылсым әуенге бөлеп ұзақ өрекіпіді. Қобызшының әжім торлаған өңі де, қобыз тілімен үндескендей кейде ажарланады, кейде мұңлы күйге көшіп аласұрады. Бәйтелі бақсы сол күні қара қобызбен ұзақ-ұзақ сырласты.

Түйе арбаның көлеңкесіне жайғасқан ол сонау шет-шегі жоқ иен түзге көзі талғанша тесіле қарап қара қобызбен сол ұлы даланы кезіп жүргендей, кезіп жүргендей. Біраздан бері қолына алмаған қобызы бірде дала болып, бірде дана болып жан сырын жапанға төгіп жатқандай. Сол күні қобыз үні көпке дейін еру жасаған ауыл үстін кернеп тұрды. Қобыз үні естілген бетте сол маңға жиналған жастарда қыл қобыздың үніне байланғандай қобызшының маңына топталған. Бәрінің

көзі қобызда, көңілдері қопарылып лықсыған қобыз әуенімен бірге қалықтап дүние тылсымын кезеді. Бірте-бірте жастардың көзіне: қобыз – Бәйтеліге, Бәйтелі – қобызға айналып жүре берген.

Шынында да, осы Бәйтелі бақсы туралы аңыз көп, соның бәрі қара қобыздың қасиеті мен киесі туралы; қобызға айналған адам туралы болатын. Қазіргі сәтте де ол қобыз үніне құлақ түрген жастардың жүрегін тербеп періштелер әлеміне бастап бара жатқандай.

Баяғыда, баяғы дейміз-ау, онда Бәйтелі бақсы жас еді. Елдің іргесі ойраттан аман кез еді. Ел онда Сыр бойында-тын. Сонда бір аламан аста осы Бәйтелі бақсы «тұлпарлар бәйгесіне мен қобызымды қосамын» деп жоқ жерде қиғылық салғаны бар.

– Қобызды қосқаны қалай?! Ол не сөз?! – деп елдің үлкендері жастың сөзін жақтырмаған. Бәйтелі бақсы болса:

– Бәйгеден менің қобызым бірінші келсе, бәйгені маған бересіңдер, яғни қобызыма бересіңдер, – деді.

– Астың ақ иесі көкірегінде саңлауы бар адам болса керек: «Жарайды, айтқаны болсын, келістік» деді. Тек бәйгеге қосатын қобызын ат қайтатын жерге апарып өсіп тұрған ағашқа байласын, сол ағашты тамырымен жұлып қарақшыдан өтетін болса бәйге талассыз соныкі, – депті.

– Ә, бәлем, саған со керек! – деп былайғылар шиқылдап күлді.

Бақсы сол талапты орындап ат қайтатын жерде өсіп тұрған бір түп қара ағашқа қобызын байлап, өзі елмен бірге қарақшының басына қайта оралды.

Әрине, көпшілік оның сөзіне сене қоймады «бақсының көз бояуы шығар» десті.

Бақсы да елдің сөзіне көңіл бөлген жоқ, аулаққа барып

қобыз тартып отырды. Түс ауа ат қайтатын жақтан үлпілдеген жеңіл шаң көрінді.

– Оу, қалайық! Әне, аттар келе жатыр! – десті жиналған ел шуылдап.

– Бәленше күрең аты шығар.

– Базарқұлдың қара тұлпары ма? деп әркім әр саққа жүгіртті. Сөйткенше болған жоқ қалың дүрмекті қажарып бір жүйрік шығандап көрінді.

– Өй, мынау Байқара Мұсағұлдың шұбар айғыры ғой!

– Қой оған ұқсамайды. Шаңдатуын қарасайшы!

– Мынау не нәрсе өзі?!-деп қарақшыда тұрғандар ат келетін жаққа күн салып шүкшия қарасты. Бірақ ешкім ештеңені түсінер емес. Артынша бұтақтары селкілдеп қара қобыз байланған қара ағаш тамырымен қопарылып, жапырағы желпілдеп қарақшыдан өтіп бара жатты. Манадан бері «бәленнің тор аты, түгленнің кер аты» деп ереуілдеп тұрған елдің есіне аттың орнына қобызын қосқан Бәйтелі бақсы сонда түсті.

– Алла, сақтасын! – десті біреулер.

– Мынау бақсының қобызы ғой! Шын сол ма, ұстап көрейік, – деп сенбегендер шыдай алмай солай қарай жүгірді.

Содан бері Бәйтелі бақсының кереметіне тәнті болған ел қара қобыздың қасиетінен шынымен қаймығатын болған. Міне, қазіргі сәтте де ол қобыз боп күңіреніп, қобыз боп сөйлеп отырғандай. Қобыз тілі не дейді? Көшкен елді алда не тосып тұр? Тылсым дүниенің тұңғығында не бар?! Қара қобыздың үніне құлақ түрген Қараменде би де күңіренген күйдің өксіген иірімінен жан күйзелісін сезгендей ауыр күрсінді.

Осындайда өзіне ерекше мейірімі түскен әкесі Шақаның үлкен ағасы Жұмағұл әулие орала беретін.



Қараменде би оны көзі тірісінде ата деп өтті. Сол сәтте Жұмағұл атасы айтқан мына бір оқиға ойына орала берді.

*Бірінші шегініс:*

Бабасы Қалдау абыз Тәуке ханның заманында ғұмыр кешіпті. Шежіреде Қалдау атасынан Жұмағұл, Шақа, Бегімет деген үш ұл туады. Ол заманда ел Сыр бойында көшіп қонып жүреді екен. Ағайындылардың үлкені Жұмағұл мен Бегімет үйлі жанды адамдар. Тек інілері Шақа көпке дейін бас құрамай салт жүріпті. Алланың жазуы солай ма, қалыңдық айттырудың реті түспеді ме, әйтеуір ол үйленуге тіпті асықпаған екен.

Жұмағұл үнемі саудамен түзде жүретін адам; Самарқантқа, Тәшкентке барып сауда-саттық жасап, алыс сапардан оралатын. Бір жылы сауда-саттықпен шұбатыла созылған керуенді бастап Самарқанттан қайтып келе жатады. Тауар тиеген түйелері болдырып, керуен күн кешкіре бір қараша ауылға жетіп тоқтайды. Керуендегі адамдардың қарасы – түйеші, күзетші бар – бірқыдыру жан. Олар көліктерін доғарып, түйелерін жүк астынан босатып жатқанда, Жұмағұл қонатын орын іздеп, бейтаныс ауылдың ортасында тұрған еңселі үйдің сыртына жақын келіп: «Ау, кім бар екен үйде?» деп дауыстайды.

Артынша үйден шыққан бәйбіше:

– Кімді іздедіңіз?

Сонда Жұмағұл:

– Жүзі игіден түңілме деген, қарағым. Алыстан келе жатқан жолаушы едік. Құдайдың күдіретімен сіздің ауылдың үстінен түстік. Ауылдарыңызға бірер күн аял қылып, көлік суытып алсақ, рұқсат болса. Ішіп-жем өзімізде де бар, тек бірер күнге түнеп шықсақ болады, –

дейді.

– Әрине, әрине рұқсат, – деп кейуана, кісілікті адам екен, Жұмағұлды үйге кіргізіп, қалған жолаушыларды ауылдағы іргелес үйлерге бөліп орналастырады.

Керуен тоқтаған ауыл кереметтей бай ауыл болмаса да, жөн-жобаға жетік текті жұрт екен. Бейтаныс ауылға бірер күн аял қылған керуен жолға дайындала бастайды. Жұмағұл аттанар алдында өзі қонған үйге де, басқаларына да лайықты сый-сияпатын жасайды. Тура жүрер алдында әлгі өзі тоқтаған үйде апалы-сіңлілі екі қыз бар екен, алланың жазуы ғой, Жұмағұл ақсақал соны байқап қалады. Әсіресе кіші қыздың бойынан айтып болмайтын бір тылсым қасиеттің барын аңғарғандай еді. Шашыраған ойын тез жинаған Жұмағұл үйге кірген бәйбіше кісіге бұрылып:

– Бәйбіше, бір ауыз тілегім бар соған зейін салсаңыз, – дейді. Әлде бір маңызды сөз айтуға ыңғай беріп. – Өсіп келе жатқан қыздарыңыз бар екен, Жаратқан тіл-көзден аман қылсын. Бізде ұл бар еді, сіздерде қыз бар екен, – деп тоқтады. Бәйбіше кісі кимешегінің өңірін түзеп, қонақтың емеурінін әріден сезгендей. Сөзін сәл бөгеген Жұмағұл:

– Сіздің бір қызыңызға құда түсіп, тұлымына үкі тақсам, деген ниетімді білдіремін. Бәйбіше ойланып отырып:

– Оныңыз дұрыс қой. Бірақ отағасының үйде жоғын өзіңіз білесіз. Екі үш күнде о кісі келіп қалады. Мен бұл мәселені отағасы келмей шеше алмаспын.

– Әрине, сіздікі дұрыс. Текті жердің адамы екеніңіз көрініп тұр. Осы арада бір тайпа ел барға ұқсайды, келгеннен бері байқап отырмын, сіз осы елдің анасындай адам екенсіз. Қазақтың арғы бергі тауарихында сіз секілді

ел ұстаған аналар болған ғой. Ондай бәйбішелер ауылына жүз қаралы қонақ келсе, соны азаматын жоқтатпай тік көтеріп шығарып салған. Мен сізді сондай ел анасы деп салмақ салып отырмын. Қазақтың қария сөзіне жүгінсек «қыз мұраты кету, жол мұраты жету» деген. Біз осы жолы қызыңыздың қалыңын беріп кетейік. Оның үстіне жер аяғы алыс, қашықтан мал айдап келудің өзі оңай шаруа емес. Сондықтан осы жолы сөз байласып кетсем дұрыс болар еді. Бәйбіше кісі қыздарының үлкені екен деп ойласа керек. Бірақ Жұмағұлдың көздегені қыздың кішісі, соған үкі тақсам дейді.

Шешесі:

– Кіші қызым әлі жас, бәлиғатқа толмаған еді.

– Біліп отырмын, айналайын, сондықтан қазір құдалығымыздың рәсімін жасап, беретін қалыңын беріп кетсем. Уағы жетіп, қызымыздың жасы бәлиғатқа толған кезде келеміз, күйеу балаңызды сонда ерте келемін. Осыған уәделесек болды, – дейді.

Бәйбіше кісі де сөзді бұдан әрі созбай екі жақ соған тоқтаған. Осылайша Жұмағұл Сыр бойындағы алыс бір елмен құдаласып келді. Арада бірер жыл өткенде Жұмағұл інісі Шақаны алып оншақты адаммен барып, келінін алып қайтты. Ауылына келгеннен кейін, туысқандары:

«Алыстан қыз айттырмай-ақ, осы өңірден де осындай қызды табатын едік» депті. Сонда Жұмағұл ақсақал: «Әрине табылады. Бірақ алтын айдарлы ұл, жібек тұлымды қыз туар ма?» – деген екен. Алайда, Жұмағұлдың сөзіне былайғы жұрт жете мән берген жоқ.

Арада сырғып жылдан өтті. Келіннің аяғы ауыр, уағы жақын. Соны сезген Жұмағұл ауылдан ұзамай нәрестенің өмірге келуін тосты. Бәйбішесіне «бала туысымен кіндігін кескен соң маған әкеліп көрсетіндер» деп

тапсырып қояды. Күзге салым келін аман-есен аяқ-қолын баурына алды. Өмірге келген шақалақты ақ жаймаға орап, Жұмағұлға көрсеткелі бәйбішенің өзі алып келеді.

Сонда Жұмағұл ата баланы көріп: «Бисмиллахи! Жарық дүниеге қош келдің! Сапарың сәтті, Қадамың құтты болғай!» – деді дауысы тебіреніп. Осыны айтқан ол сәбиге қарап отырып: «Өзің орыс мінезді болармысың, ғұмыр жасың ұзақ болсын, Орысым!» деп азан шақырып балаға Орыс деп ат қойды. Шақаның үлкен ұлы Орыс әпі-тәпі жүре бастағанда келін босанып, тағы бір ұл дүниеге келеді. Жұмағұл да сол күні сапардан оралған беті болатын. Отау үй жақтан жақсы хабар тосып елеңдеп отырған. Көп күттірмей бәйбішесі ақ бәтеске ораған нәрестені отағасына әкеліп көрсетті. Бұ жолы да Жұмағұл әулие баланы қолына алып, періштенің жүзіне қарап: «Бисмиллахи! – деді. – Жарық дүниеге қош келдің! Сапарың оң, қадамың құтты болғай! Тұқымың ормандай өсіп көп болсын!» – деп шақалақтың есімін Орман қойды. Осылайша Шақаның ұлдары Орыс пен Орман жыл санап өсіп жатты, алды алтыға, кішісі төртке келіп қалған кез. Жұмағұл да мазасыз ойын ішке бүгіп жүріп жатты.

Дала келбеті де саржағал тартып, жаздың әрі қайта бастаған кез-тін. Сол күні ауылдағы әйелдер бірнеше күн тулақты босатпай жүн сабады. Түте-түте болған үлпілдек жүнді қынаға бояп, керегенің көгіне жайып тастаған. Күн көзіне жайылған жүн лезде кеуіп, төңірегіне қызыл ала сәуле шашып тұрғандай-тын.

Мезгіл екіндіге жақындағанда келіннің толғағы ұстап, ауылдағы үлкен әйелдер әбігерге түсті. Ошақта от маздап, қазанда су қайнатып, киіз үйдің ішіне арқан керіп әйелдер ерсілі-қарсылы жүгіруде.

Жұмағұл үлкен үйде ішінен дұғасын оқып, Алладан

тілек тілеп тапжылмай отырды. Недәуір уақыт өтті. Бір заматты шыр ете түскен сәбидің үні естілді. Сонда ғана Жұмағұл қопандап:

– О, Жаратқан, өзің қолда! – деді.

Әні-міні дегенше, ақ бәтеске ораған кішкентай періштені көтеріп бәйбішесі табалдырық аттады.

Жұмағұл шақалақты қолына алып, орауын сәл ашыңқырап:

– Аллаға шүкір! Өмірге жаңа келдің бе, Қарабиім! Көп күттірдің ғой! Көп күттім ғой, алтын айдарлы, ақ қанат періштем! Қадамың құтты, сапарың сәтті болғай! М-м-м, менің бар екен ғой, жарығым! Есімің де соған орай Қараменлі болсын. Халқыңның қасиеті бол, ары бол! Ғұмырың ұзақ, кеудең алтын бұлақ болсын! – деп баланы бәйбішеге қайтарып беріп жатып:

– Келінім, өзі де біледі ғой, дегенмен бойын да, ойын да таза ұстасын,- деді.

### 3

Бұл тауарихтың бір мың жеті жүз сексен үшінші Қоян жылы еді. Орыс бекінісінің Семейге ірге тебуі баяғы бірінші Петрдің Ертіс өңіріне қорған салып, бекініс орнатуға арнаған пәрменінен соң басталған. Әрине, қауырт емес, мысқалдап. Алманың өзегіне түскен ақбас құрт секілді, қазақты, сірә, іштен үңгуге кіріскен. Ол уақытта қазақ сырттағы жоңғармен шайқасып, «ақтабан шұбырындыға» ұшырап, ес жия алмай бірнеше ондаған жылын боздаумен өткізді. Сырттағы жауды алашқа айдап салуда «ақбас құрттың» ықпалы болмай қалған жоқ. Керісінше қазақ әскерлері жоңғар деген ата жауымен шайқасып жерін жау қолынан азат етіп жатқанда, ішке кіріп алған ресей империясы: бекіністер салып,

шіркеулерін орнатып, қазаққа арналған бодандықтың темір ноқтасын бекемдеп жатты.

Қараменде мен Кеңгірбай би бастаған тобықты жұрты Шыңғыстауға келіп орныға бастағанда олардың алдынан орыстың осы болат құрсауы шыққан. Содан қауіп қылған Қараменде би Кеңгірбайға:

– Басында Сырдан шығып, Орға келдік,

Табан тиіп, жүре алмай зорға келдік.

«Құл алдында құрулы талқы» деген,

Бұл жаққа баққа келмей сорға келдік, – деп күңіренуі содан-тын.

Содан соң Қараменде би :

Сәлем де Кеңгірбайға кел кетелік,

Мықты сабаз атанды терлетелік.

Мұсылманның жұртына маңдай қойып,

«Аты жақсы» дариядан әрі өтелік», – деп тұспалдап хат жолдаған. «Аты жақсы» деп отырғаны Әмудария, бірақ бидің бұл тілегін Кеңгірбай құп көрмеген. Шыңғысты қимаған да болар, не де болса маңдайға жазғанды көруге тәуекел еткен-ді.

Баласы Келте Шыңғыстауға аттанып кеткеннен соң Қараменде би өткен күндерді осылайша ой елегінен өткізіп ұзақ ой сапырды. «Орыс патшасының билігінен жақсылық күтпей-ақ қой, – дейді ол, – көрдің бе, бұдан бұлай қазақтың өз ыркымен көшіп қонуына тұсау салмақ. Алаштың азаттығын ойлап ат жалынан түспей ғұмыр өткерген Абылай хан да бұл кезде өмірде жоқ-тын. Елдің ендігі күні бұлдыр. Қарадан қайыр, төреден опа болар ма?» – деп уайым шекті Қараменде би.

«Апыр-ау! Төре дейсің-ау, орыс патшасына ант беріп бодандықтың темір ноқтасын бірінші киген кіші жүздің ханы Әбілқайыр еді ғой. Ол да оны еркімен киді деймісің?

Жаттан опа көрсе сол көретін еді, оған да ондай «бақ» бұйырмады. Кешегі қазақ пен жоңғардың соғысын Ресей империясы өз мүддесіне пайдаланып, қазақ жерін бірінен соң бірін жаулап алды.

«Жаулап алды, деген сол емес бе? Көзге шыққан сүйелдей оқшырайып-оқшырайып үрей шашып тұрған орыс бекіністері. Е-е-е, қайсы бірін айтасың,— деді ол іштей күрсініп, — қарадан қайыр, төреден опа жоқ деген осы».

Жалпы қазақ баласы сырт жаумен айқасқанда бірігіп кетеді, өзді-өзі қалса — не жесір дауына, не жер дауына, одан қалса барымтаның қарымтасына қағынып тебісумен өтеді. Өмір бойғы берген билігі, айтқан төрелігі, жасаған әділдігі қазақтың осындай іш мерез дауын шешуге жұмсалыпты. «Содан айығар ма екенбіз?!» — деп ойы әр қиырды кезеді. «Үйірден бөлініп үйекке беттеген адасқан қаздай біздің де осы қадамымызды құдай құптаса екен», — деп ой кешуде.

## 4

Келте бастаған азаматтар аттанып кетісімен көш те көп бөгелмей жолға шықты. Тамыз айының басы. Арқа жерінің реңі де күн санап оңа бастаған. Жүк артқан атан түйелер зәуеде бір боздап-боздап, иен түзге көш жағдайын жариялап келе жатқандай. Көштің алды-артында қапталдаса қарулы адамдар ілескен. Көштің ең соңында аттылы адамдар бірі аяңдап, енді бірі аттарын жетектеп жаяулап келеді. Бір қатарда Мәулен ақсақалды ортаға алған бір топ жас өрендер кейде аяңдап, бірде желе шоқырақтап бой қыздырып алатындай. Мәулен ақсақал жастарға әңгіме айтып күлдіріп келе жатқан. Осы кезде олардың қасына шұбар атпен құйғытып жеткен Егізектің

ұлы Ақтау келіп қосылды. Оны көрген әзілқой Мәулен ақсақал көзі күлімдеп:

– Ау балалар, көрдіңдер ме, сендердің қатарларыңа таулар келіп қосылды, енді ештеңеден қорықпаңдар, – деп жастарды күлдіріп алды. Шынында да Егізектің балаларының есімі: Ақтау, Ортау, Кішітау болып келетін, соны меңзеген Мәукең:

– Е, айналайындар! – деді емірене сөйлеп, – Айбас атаңның ұрпағы ғой бұлар. Менің әкем Асан ақсақал айтып отыратын – баяғыда біздің ел ойраттан ығып Сырдан ауғанда Айбас аталарың ел мен жерді жаудан қорғап талай шайқастарға қатысқан дейтін. Жарықтық сол аласапыранда опат болған. Сүйегі Арқада қалса керек, – деп өткен күндерден сыр шерткендей болды қария.

Даланың жүзі сарғайып, құлпырған жаздың мөрі тая бастаған. Қараменде көші арқаның осы бір құйқалы аймағын жайлаған қазақтың Әлтеке-Сарым деп аталатын рулы елінің ортасына еніп келе жатты. Осы аймаққа іліккелі жиі-жиі кездескен ел адамдары жөн сұрасуда.

Бұл уақытта Шыңғысқа аттанып кеткен Қараменденің Келтесі Кеңгірбай биді орыс абақтысынан шығарып алу үшін кепілге тоқсан ауылдың есебінен тоқсан өгіз жинап; бекініс басшыларына хабар жіберіп; келген орыс ұлықтарымен келіссөз жүргізіп; тұтқындарды босатырып қайтып келе жатты. Жолаушылар қайтар жолда суыт жүрді. Көшкен елдің ізін тап басып, бөгелмей заулаған. Келтенің тақымындағы Күрең ат қолтығы кең, ертеден салсаң кешке озатын, жүрісті жылқы еді. Сар желіске салғанда шапқан атқа жеткізбейтін жануар, үрдіс жүрістен бусана тершіп заулап келеді.

Шыңғыстаудан шыққалы ат басын ірікпеген жолаушылар үшінші күн дегенде жайлауда отырған үлкен



ауылдардың біріне кездейсоқ бұрылды. Сән-салтанаты келіскен бай ауыл екен. Жолаушыларды қарсы алып аттан түсірген қызметші адам:

– Үйге кіріңіздер. Бұл Қазыбек бидің аулы. Бидің өзі ауылда емес, – деді.

– Біз жолаушы едік, рұқсат болса суын ішіп таңдай жібітсек.

– Мархабат, жоғары шығыңыздар, – деді әлгі кісі. Сөйтті де бұларды үйге бастап кірген.

Қаталап шөл қысып келген Тілеулі батыр дастарханның шетіне тізе бүгісімен қымызшы жігіт ұсынған тостаған толы сусынды басына бірақ қотарып:

– Шөлдегенім-ай! – деді мұртын жалпақ алақанымен сүртіп жатып. Жолаушылардың қимыл, қозғалысын қапысыз бағып отырған ауыл азаматы:

– Мырза, ыдыстың бетінде не бар екен, байқадыңыз ба? – деді, сынап қарап.

Жөпелдемде Тілеулі батырдың аузына сөз түспей қалғаны. Соны сезген Келте жұлып алғандай:

– Иә, ыдыстағы астың бетінде бисмиллахи, түбінде алхамдилла бар екен, – деді сонсоң шарадағы қымыздан асықпай бір-екі ұрттаған ол:

– Осы үлкен шаңырақтан сусын бұйыртқан Жаратушы иеге сансыз шүкіршілік етеміз. Құрметтеріңізге тәнтіміз! Алладан қайтсын! – деді.

Сусын ішіп, таңдай жібіткен жолаушылар:

– Рұқсат болса, біз жүрейік, – деп көп бөгелмей аттанып кеткен.

Сол күні Қараменде көші Арқадағы Ақтас деген жерге жақындап қалған. Күн батып бара жатқан кез. Көштің алды қоналқы жерге ат басын іркіп, қос тігіп, жүк артқан маялардың белін босатып жатты.

Әйелдер от жағып ыстық тамақ істеудің қамына кіріскен. Өні-міне дегенше ақшам түсті. Қараменде би бұл уақытта көгалға текемет жаздырып, соның үстіне ақшам намазын оқып отырған. Құданың әмірі, намаздың соңғы рәкәтін оқып бола бергенде, жайнамаздың шетіне қара бүркіт келіп қонды. Тіпті қанатының суылы да, қимылы да естілген жоқ.

Қондыда тапжылмай отырды, соңғы рәкәтті оқып бола бергенде қара бүркіт екі рет «шаңқ, шаңқ» ете қалды. Содан кейін бетін әрі бұрып, сәлден соң ұшып кетті. Бидің тұла бойынан әлде бір суық ызған жүгіріп өткендей болғаны.

– Астапыралла! Астапыралла! – деп ішінен дұғасын оқып қайталай берген ол. – Алла сабыр бер! Алла қайрат бер! – деп күбірлеп таспих тартып ұзақ отырды. Намаз оқып болысымен үлкен бәйбішенің қосына келді. Өңі салқын, тұнжырап отырды. Кешкі асты Кәкіш бәйбішенің қолынан ішіп, кішкентай немерелерін баурына басып, сонда қонып қалды.

Келтелер көшті қуып жеткелі желе жортып қымыз ішкен ауылдан ұзап бара жатты. Мезгіл бесін ауған кез еді. Кенет әлде бір жалғыз аттылы, тәрізі әлгінде өздері сусын ішіп аттанған ауылдан шықса керек, сондарынан қалмай тасырлатып, құйғытып келе жатты. Артына бұрылған Төлегеннің Алдияры:

– Ағалар, мына бір салт аттылы бізге келе жатқан тәрізді, – деді.

Жолаушылардың бәрі ошарылып арттарына бұрылғанда, Тілеулі мен Қаржау: «Бұлар кім болды?» десіп, бәрі де ат басын іркіп, жортып келе жатқан аттылы адамды қарайлады. Бейтаныс адам бұларға жете бере атынан секіріп түсіп, жаяулап жүрді.

Келтелер әлгіндегі өздері қымыз ішкен ауылдың азаматын бірден танып:

– Не болды, туысқан, бізді неге өкшелеп келесің? – деді Тілеулі батыр.

– Мырзалар, мені Қазыбек би жіберді. Сіз, Қараменде бидің баласы Келте мырза боласыз ғой?

– Айта беріңіз, мен Қараменде бидің үлкен ұлы Келте боламын, әлгінде де айтып едім ғой. Мына кісілер менің туысқандарым. Не шаруамен келдіңіз?

– Мырза, Қазыбек би сізді ауылға соғып түстеніп кетсін деді. Менің айтпағым сол. Ауылдан аттамауыңызды сұрады.

Үлкен кісінің сөзін тастай алмаған Келте мырза бастаған жолаушылар ат басын кері бұрды. Сол күні олар Қазыбек бидің ауылына қонып қалды. Қазыбек би Келтеге арнап арда емген қысырдың тайын сойып, қонақ қылды. Аузы дуалы қазақтың Қазыбек биі Келте мырзамен ұзақ сыр-сұқбат құрды. Бидің өзіне жете туған азаматтың парасатына тәнті болғандай. Аттанар алдында Қазыбек би:

– Ә, бәрекелді, Келте шырағым. Қарекен атыңды неге «Келте» деп қойды екен? Соны айтқан ол сәл бөгеліп: – Тәрізі ғұмырың келте болады-ау, сірә, – деді. Енді жолдарың болсын, біраз бөгедім, тез жүріп кетіңдер. Көштерің де ұзап кеткен шығар. Сендерді менің адамдарым ауылдарыңа дейін шығарып салады, – деді.

Ауылдан шыққан жолаушылар ат басын ірікпей суыт жүрді. Таң алдында Келте кенеттен ауырып ат жалын құшып жүре алмай қалғаны. Тосыннан келген ажал аптал азаматты алып тынды. Келтенің сүйегін Қазыбек бидің ауылынан ере шыққан қарулы жігіттер найзадан зембіл жасап, денесін соған салып төрт аттылы төрт жағынан

алып жүрді.

Келтемен ауылдан бірге шыққан туыскандары күтпеген ауыр қайғыдан есеңгіреп қалған. Түнеу күні бұлар Шыңғыстауға аттанар алдында Қараменде би: «Жолда Қазыбек бидің аулы бар, қайтарда оған соқпаңдар» деген еді. Шыңғыстауға үлкен дауды шешіп, Кеңгірбай биді орыс абақтысынан босатып, мерейленіп қайтқан Келтенің өзі де, қасына ерген нөкері де би атаның сөзін естен шығарған. Олар «соны қалай ұмыттық, бізге ескертіп еді-ау» деп бәрі де іштей опынумен болған-ды. Бірақ ол енді кеш еді. Қолдан келер дәрмен жоқ. Биге қалай естіртеміз деп соған қамығып, көшті қуып жетуге жақындаған сайын жандары қысылды. Сол кезде Қазыбек бидің ауылынан ере шыққан бес жігіттің біреуі:

– Қараменде биге мен естіртейін, рұқсат етсеңіздер, – деді.

Соны айтқан ол ауылға жете бере «Бауырым-айлап» шаба жөнелген:

«Қадірменді, Қареке, түйең де жүз, биен де жүз,

Келмейді енді Келте күдеріңді үз» деп қайталап айтып, шашырай қонған көшті айнала шапқылап, Қараменде бидің қосына келіп аттан түсті. Соның аз-ақ алдында би отырған үйге осы бір жамандықты сезгендей Сана би де келіп кірген. «Келмейді енді Келте күдеріңді үз» деген суық хабарды естіген Қараменде бидің қара торы өңі сұрланып, іші-баурын үскірік шалғандай мұздап кеткен. Балалары: Сәрік, Туыс, Бықы, Дүйсеке, Байкелді бәрі жиналып ағаларының тосын қазасына күңіреніп жатты. Мына суық хабарды естіген Келтенің шешесі Кәкіш бәйбішенің көзінен жас шықпай сұп-сұр болып есі танып қалған. Соны көрген Тойған ана:

– Аллам-ай! – деп бәйбішені құшақтап, еңіреп жылап,

оның беті-қолын уқалап, көзінен жас шықпай серейіп қалған кейпінен қорқып кеткен-ді. Сонда ғана бәйбішенің көзінен жас шығып, ержетіп қалған немерелері: Алдақай мен Алақайды құшақтап күңіренді. Әулеттің келіндері, әйелдері түгелге дерлік жиналып қалған. Күтпеген қайғылы жағдайды естіген Қараменде көші еріксіз ошарылды. Қолма-қол қомдар шешіліп бірнеше киіз үйлер еңсе көтерген. Бидің өзіне жеке үй тігіліп белдеуге найзаға байланған қаралы жалау ілінді. Көш межелі жерге жетпесе де, қалың елдің ортасына маңдай тіреген еді. Қараменде бидің есімі иісі қазаққа кеңінен мәшһүр. Кешегі Абылай хан заманында Абылайдың жеті жарғышының бір болған, алаштың данагөйі Әнет бабадан үлгі алған Қараменде абызды қадір тұтатын ел жақсылары келіп қазаға көңіл айтып жатты.

Қазаға арнап тігілген үйдің іші сапырылысқан адамдар. Қараменде бидің әйелдері мен келіндері, балалары бір әулеттің емес, рулы елдің аймаңдай ұлын жоқтап көз жасын тия алмауда. Әсіресе Дүйсеке ағасының опат болғанын естігенде өңі сұп-сұр болып, есеңгіреп қалған. Одан соң көзінен мөлт-мөлт төгілген ыстық жас жүзін жуып жүре берген-ді.

– Ағатайым-ай! Ағатайым-ай! – деп аңырап, көпке дейін көз жасын тия алмады.

Сол күндері елдің есінде қалғаны Дүйсекенің ағасы Келтеге арнаған жоқтауы еді.

Ақылымен елді алған,  
Дабысымен жер жарған,  
Өкпелескен ағайын,  
Ренішін бассын деп,  
Билікке кетіп оралмай,  
Тілден де болды-ау ажалың,

Аузы түкті орысты  
Ақылменен бөгеген,  
Қиюы кеткен араздық  
Осыменен бітсе екен,  
Қайталап соқпай бұл нәубет.  
Садағаң сенің болсам деп,  
Тілеуші едім Алладан.  
Атыңнан қорқып келтелік,  
Бұл тілекке жете алмай,  
Қапыда қалдым қайтейін.  
Тілеуім оңды болмады-ау,  
Қадірмендім қимайтын,  
Еркелетіп, сыйлайтын,  
Тентектікті көтерген,  
Мінгізетін мойнына,  
Бауырдан қалай айырылдым, – деп өксіп-өксіп, елдің сай-сүйегін сықырлатты.

Келте мырзаға Ақтас өзенінің Тоқырауынға құятын сағасы – Ақжарық деген жерден топырақ бұйырды. Артында аңыз қалды. «Алла Тағала оны алдынан жарылқасын» десті ағайын-туыстары. «Өлмектің артынан өлмек жоқ» деп бидің өзі көпшілікке тоқтау айтты. Келтенің қырқын беріп, басын көтерісімен бөгеліп қалған көш қайта жолға шықты.

Бидің ұлы мақсаты – Жиделі Байсынға жету. Құдайдан соны тілеуде. Адам өмірі де ұлы көшке ұқсайды. Айдан айды, жылдан жылды қуалаған өмір көші уақыт белдеуінде тоқтаусыз жөңкіледі.

Өмір көші – ол да бір нөпір ағын. Оны тоқтату мүмкін емес. Жерұйық іздеген Асан ата секілді Қараменде бидің көші де тоқтағысы жоқ, тағы да жол...

Сапар алдында Сәдір қожа мен Өтеген әулиені

шақырып, Сана би бар төртеуі көп сөйлесті. Түске қарай бесін намазы оқылды. Намазға бидің өзінен бастап көп адам қатысты. Жамағаттың алдында басында ақ сәлдесі бар ақ шапан киген Сәдір қожа, одан соң бірінші қатарда Қараменде би оның оң жағында: Сана би, Байтелі бақсы, Дәуқара батыр, Қойгелді, Шырақбай, Шомақ, Жандар, Бұғытай, Туыс пен Дүйсеке иық тіресе сап түзеген. Бәрінің бастарында бір өңкей тақия, үстерінде қаракөк матадан тігілген қаптал шапан, аяқтарында мәсі. Намазхандар сапқа тұрып жайнамазға жығылып тұрып құдайға ғибадат етуде. Намаздан соң бидің өзі бастап: «Алладан сапарымызға сәттілік бере гөр, ағайын жұртымды мың түрлі пәледен, жүз түрлі қатерден сақта, көшімізді көлікті ет! Алла Тағала, жақсылығыңды бер!» – деп құдайға ұзақ-ұзақ жалбарынып тілек тіледі.

Көш қайтадан алға жылжыды. Боздаған түйе, кісінеген жылқы, ұбақ-шұбақ созылған көш сахара төсінде жылжып барады.

Арттарына қарайлап қапияда көз жұмған асыл ағаларын қимаған бауырлары еңсе тіктей алмай егілуде. Уақыт озған сайын ауа райы күрт өзгеріп, күн суыта бастаған. Қыс ерте түсетін райлы. Күздің қара суығы, жаңбыр аралас қар ұшқындап жол ауырлай берді.

Суыққа ұрынып қалмаудың қамын ойлаған Қараменде би Жарылғап батырдың Қарашоқысы деген жерге жетіп, неде болса осы араға қыстап шығуды жөн көрді. Келесі күні алашқа аты белгілі Жарылғап батырға жолығып, Қарашоқыға қыстап шығуға мұрсат сұраған. Әрине тегін емес, бір қысқа қырық-елу қысырақ атаған. Мұқым қазаққа ортақ, алаштың жоғын жоқтайтын көк бөрі Жарылғап батыр Қараменде бидің тілегіне қарсы болған жоқ. Бұрыннан таныс-білістігі бар екеуі өткен кеткенді

еске алып, біраз сыр шертіскен.

Тілекті құдай беріп қыстан аман шықса, бұндағы елге салмақ салмайтынын білдірген Қараменде би сол жылы Қарашоқы деген қорығы мол, құйқалы жерді қыстады. Қыс бойы көшкен елді, ешкім мазалаған жоқ. Мал да дилы, ел де күйлі- қуатты болғандай.

Қыстан қысылмай шыққан мал көктемге ілігісімен төлдеп, құдай берекесін беріп, тіпті тоқты қоздап, қатық ұйытып бала-шағаның ауызы аққа тиіп мәресәре болған. «Төл аяғы жетілсе» деп көш қозғалуға әзір отырған. Сондай күндердің бірінде Қараменде би қасына серіктерін ертіп көп жылдан бері баптап, бағын сынай алмай жүрген шәулісін алып аңға шығып кеткен. Аң қызығымен ауылдан ұзап кеткен аңшылар қасқыр, түлкі кезікпесе де, бірді-екілі қоян алып құс қона үйге оралған.

Олар кетісімен бидің ауылына суыт жүрісті жолаушылар сау ете қалды. Бейтаныс жандар аттан түсіп тізе бүгісімен бидің ауылда жоғын білген соң, ойланып қалған. Тойған ана соны сезгендей:

– Сусын ішіңіздер,– деп жолаушыларға бір-бір аяқ қатық құйып береді.

– Рақмет айтысып тостаған толы қатықты сіміріп алғандар ұрттарын сұртті. Тек іштеріндегі, шамасы басшылары болса керек, өңі суық қарасұр адам сол кісі қолына алған сусынды ішпес бұрын тостағандағы қатықты кездігімен төрт бөліп, араластырып-араластырып сіміріп салды да жүріп кетті.

Құс қона бидің өзі де келді. Шешініп асқа отырып жатып:

– Келген-кеткен болды ма? – деді.

– Мен сіздің «қатық берме» дегеніңізді естен шығарып алыппын.



Бидің мол кеудесі дір етіп қозғалып, әйелі Тойғанға жүзін бұрды.

– Жақсы емес-ау, – деді. Бәйбіше содан соң азырақ ойланып отырып, болған жайды бүкпесіз баян қылды.

Мұны естіген би де үнсіз қалды. Сәлден соң:

– Алланың жазуы болар, ол үшін уайымдама, – деді сабырлы қалпын бұзбай. Десе де іштей мазасыздана бастаған ол: «Сақтанған жөн-ау. Ел іші тентексіз бола ма?!» деп ойлаған. Кешкі астан соң:

– Бәйбіше, ана Алдақай мен Алақай әкелерін сағынып жүр-ау. Дүйсекеге айтшы: қастарына барып көңілдерін ауласын. Бүгін Сәрік жылқыда.

Соны айтқан ол орнынан жеңіл тұрып, тысқа шықты. Көктемнің кеші ызғарлы екен. Әлі қыстың сызы кете қоймаған. Үлкен үймен жапсарлас бидің сегіз қанат ордасы тігілген. Соған ру басшыларын шұғыл шақыруды Жаубасарға тапсырды. Сәлден соң бидің алдына Дадан тобықтыдан тарайтын үш арыс елдің сөз ұстайтын басшылары мен аламандары тегіс жиналған. Іштерінде: Сана би, Жандар мен Мандар, Мұқабайдың Қаржауы, Дәуқара мен Тілеулі батыр, Жанұзақ, Бұғытай, Арық батырдың ұрпағы Сары мен Бәйтелі, Сәдіғұлдың Шырақбайы, Балтабай, Тәттібайдың Есдәулеті тағы басқа азаматтар киіз үйдің ішінде екі жарылып отырған.

Қасқыр ішікті желбегей жамылған Қарамеде би төрде малдасын құрған қалпы көпшіліктің жиналуын тосқан секілді. Бәрі келді-ау дегенде:

– Туыскандар, «тұр-тұрдан хабар жетсе, шырт ұйқының шырқы кетер», демекші «Жерімізді босатындар» деген керней ағайындардың сәлемін естіп сіздерді шұғыл шақырдым. Сонау Шыңғыстан жер аңсаған қазан аттай «Жиделі-Байсынға жетеміз» деп

шығып едік, сол ойымыздан әлі де айнымадық. Осы келе жатқанда өзіміз үш арыс елміз. Бір бірімізден ажырамай, басымыздың бірлігін, бауырымыздың бүтіндігін діттейміз. Сондықтан қозы аяғымен осы арадан кешікпей қозғаламыз, – деп бөгеліп барып қайта сөйледі ол: – Бүгіннен бастап малға, жанға сақ болыңдар. Әсіресе, жылқы күзетіне: Дәуқара, Тілеулі, Туыс, Қаржау сендер малдың түнгі жайылымына бас болыңдар, – деді.

Ел тарап кеткеннен соң да бидің жүрегі әлденеге өрекіп, тынши алмай үлкен үйге жапсар тұратын құсханасына кіріп, тұғырда отырған шәулісін көріп, оның бөтегесін сипады. Иесін таныған бүркіт бір екі рет шаңқ-шаңқ ете қалып басылған. Неге екенін қайдам бәрібір өрекіпген көңілі байыз таппады.

Сәлден кейін Тойғанның отауына келді. Көбіне жанына серік, жүрегіне жақын тұтқаннан ба, көңілін күрең бұлт шалса, Тойғанның отауына келетіні бар. Бүгінде солай, көңілі әлде неге алаңдап, жүрегі өрекіпген секілді. Біразға дейін ұйқысы қашып, уілеп жатты. Соны сезген әйелі:

– Отағасы сізге не болды? Бір жеріңіз ауырғаннан сау ма? Әлгі тәуіп қызды шақырайын ба? – деп алаңдай бастаған.

– Абыржыма. Ауырғаннан саумын, алаңдамай ұйықтай бер, – деді.

Сол күні түн ортасы ауып бара жатқан кез. Қарашоқының күн батыс шынтағында жатқан Қараменде аулының қалың жылқысына тұтқиылдан суық қол араласты. Тұс-тұстан суырылып келіп жылқыны қуа жөнелген барымташылардың санын ешкім бажайлап болмады. Әп-сәтте бір үйір жылқы барымтада кетті. Күзетшілер де, жылқышылар да тас қараңғы түнді тасалап келген ұрылардың әрекетін тіпті сезбей де

қалған. Жылқы үркіп, жылқышылардың айғайын естіген де ғана, дауыс шыққан жаққа ұмтылыса жөнелген. Барымташылар да сайланып келген жыранды қулар екен. Біразы жылқыны қуып, енді біразы қуғыншыларды бөгеп, сойыл серместі. Туыс пен Тілеулі ап еткен де ақ, барымташылардың бір-екеуін аттан ұрып түсіріп, қуғында кеткен жылқының жартысынан көбін қайырып алды. Қалған барымташыларда бір шоғыр жылқы кетті. Соларды өкшелей қуған Сәрік айғыр үйір жылқыны жау қолынан айырып алмаққа ұмтылған; Тақымында өзінің сүліктей қара жорға жүйрігі барымташыларды өкшелеп жетіп ақ барған. Оның бұл әрекетін Туыс пен Тілеулі байқамай қалғаны. Болмаса жауға жалғыз жібермес еді. Жылқының бас аяғын түгендеп болғанша таң сыз берген. Сонда ғана:

– Сәрік, Сәрік қайда? – деп айғайға басып, айналаны тінте іздеп, жалғыз кетіп жазым болғанын кеш білді.

Шүйдесіне тиген ауыр соққыдан Сәрік боздақ ажал құшты. Туыс үшін бұл тосын, күтпеген, шетен оқиға еді. Асыл ағасының жансыз денесін көрген ол қорыққаны ма, ашуланғаны ма, түсініп болмайтын дауыспен ақырып айғай салды.

– Ағатай, сен, сен қайдан тап болдың мына пәлеге?! Ағатай! Ағатай! – деп айғайлаған дауысы қараңғы түнді күңіреңтті.

Қараменде би түннің бір уағына шейін дөңбекшіп жатып көзі ілінгені сол еді «саңқ» ете қалған қара бұркіттің дауысынан оянды.

– Ей, жазған-ай! Тағы да сенбісің?! Тағы да жаман ырымды бастадың ба?! Көзімнің ағы мен қарасындай болған Сәрік сұңқарым сенен де айырылдым ба? – деп орнынан екі оқталып кеудесін эзер көтерді.

– Отағасы аманшылық па? – деді құс жастықтан басын жарыса көтерген Тойған аса бір жайсыз хабарды сезгендей, Биге жалына, жалбарына қарап.

– Аманшылық па, аманшылық па?! – деді тағатсыздана дауысы дірілдеп.

– Айналайын, мықты бол! Құдайдың жазуы ғой, жарығым! - деп орнынан тұрып бара жатты.

Ажал. Ажал айтып келмейді. Алмас қылыштың жүзіндей тұрпаты суық, сұсты хабар қараңғы түнді қажарып, Қарашоқыда отырған Қараменде бидің ауылына да таң ата жетті. Келтенің қайғысы суымай жатып, қыршын кеткен Сәріктің өлімі тек бидің өз кіндігінен тарайтын әулетке ғана емес, арман-мақсатын біріктіріп, бірге көшіп келе жатқан Дадан баласына қатты батты. Жайсыз жағдайды Сана би әулие де ерте сезді білем, пұшпақ бөркін киіп, күзен ішігін жамылып үйден ерте шықты.

– Таң атпай қайда бет алдыңыз? – деген бәйбішесінің сөзіне жауап бергелі бұрылды. Қалың қасының астынан үнсіз сүзіле қарағаны болмаса тіс жармады. Ерінің қадір-қасиетіне әуелден сыр мінез бәйбіше де, бір жамандықты сезгендей ішінен күбірлеп, дұғасын оқып олда орнынан тұруға ыңғайланып белін буды.

Қараменде би ауыр қайғыдан бас көтере алмай жатып қалған. Уақыт тоқтап қалғандай. Аңырап жылаған әйелдердің дауысы, ат қойып ағылған елдің үні алыстан естіліп еңсе көтертер емес. Қаралы хабарды естіген Сана би, Сәдір қожа, Өтеген әулие, Бәйтелі бақсы, Мәулен ақсақал, Балтабай, Қаржау, Төлеген, Жанұзақ, бораншы Байбазар, Шырақбай, Жандар бастаған Манас атаның үлкендері ағылып келіп биге көңіл айтып, қасында отырды. Сыртта да иіріліп тұрған кара шоғыр халық,

көбінің қабағы қату. Қаралы үйге ат қойған ел аяғы келесі күні де, ертеңінде де бір толастамады.

Қаралы жалау байланған ақ найза қаралы хабардың хабаршысы болып тағы да бедеуге қадалды. Баласын жоқтап аңыраған Тойған ана екі бүйірін таянып:

– Бекзатым-ай, беренім-ай!

Белімді үзіп келмеске жөнелдің-ай?!

Бұл қайғыны көтеріп қалай жүрем,

Бұған енді, қалайша көнермін-ай?!

Сәрігім-ай!

Сәулесіндей тәңірдің жарығым-ай,

Қапияда көз жазып, ей, Жаратқан,

Бекзатымнан айырылып қалғаным-ай!

Сәрігім-ай!

Жарық болсын деуші едім жолың ұдай.

Бұ жалғанның қызығын тәрік қылып,

Қайда кеттің жан балам, жампозым-ай! – деп «Келтенің қайғысы суымай жатып, енді Сәрік ботамды менің бауырымнан неге алдың, Жаратқан ием?!» деп көз жасын тия алар емес.

Тойғанның қасында Келтенің анасы Кәкіш бәйбіше, бидің әйелдері Жүгері мен кіші әйелі Сүймені және келіндері бәрі бүйірлерін таянып, кезектесіп сай-сүйегінді сырқыратып жоқтау айтуда. Қаралы үйге келіп-кетіп көңіл айтып жатқан Дадан ұрпағынан басқа жапсар елдерден де ат басын арнайы бұрғандар аз болмады.

«Кінәліні табамыз» деп жұлқынған Дәуқара батырдың да жанайқайы түсінікті еді. Бірақ Қараменде бидің өзі: «Дау қуған пәлеге жолығар» деген, қарақтарым, біз жол үстінде келеміз, енді одан бұрылып өнбейтін

іске бармандар» деп бәріне тоқтау салды. Кернейдің жақсыларына сәлем айтып «Жеріңді босатамын деп алғашқыда ақ айтқан едім, пендешілікке барғандарың өкінішті. Құн дауламаймын. Енді Сәрік баламның жетісін, қырқын өткізейін соған мұрсат беріндер. Содан кейін жерлеріңді босатамыз» деген-ді.

Ел басына қиындық туған осы бір азалы сәтте Қараменде биге көңіл айтып Әлтеке Жидебай батыр мен Қара Шор Сеңкібай батыр, Сарым Шабанбай би келді.

– Беу асыл туған абызым, Қараменде,

Алланың сынағы бұл сіздей ерге,

Бір құдай қуат берсін бойыңызға,

Қайғырып қапаланып қажый берме, – деп замандасына тоқтау айтқан Жидебай батыр ел жұртқа, Келте мен Сәріктің бауырлары: Бықы, Туыс, Дүйсеке және Байкелді Жолдықара, Байжарықтарға көңіл айтты.

Бабаңның басына түскен осы бір қаралы сәтте қазаға көңіл айта келген Сеңкібай батыр да көшелі сөзге тізгін беріп, ел-жұртты сабырға шақырды. Қараменде биге тонның ішкі бауындай дос-жаранның бірі осы Сеңкібай батыр болатын. Сеңкібайдың атасы Қожас батыр заманында Әнет бабамен сыйласқан жан. Әнет бабаң қара-шордан шыққан қас батырдың адалдығы мен кісілігін қатты қадір тұтып, өзінің кіші қызы Токта сұлуды Қожас батырға қосқан. Батыр мен бидің арасындағы сыйластық осылайша әріден, бабалар салып кеткен ақ жолдан бастау алғандай.

Иә, қайғының қара дауылы көшкен елді күңіретті. Қараменде бидің Тойғаннан туған екінші ұлы Сәрік осылайша фәниден озды. Адам туғанда оған қай жерден топырақ бұйыратыны Лаухымахфузда, яғни тағдыр тақтасында жазылады дейді. Солай болса, солай да

шығар, бидің Келтеден кейінгі үміт артқан ұлы Сәрікке арқаның Жәмші өзенінің батыс шынтағындағы «Орташи» деген жерден топырақ бұйырды. Екі бірдей арыстай азаматынан айырылған Қараменде би қатты күйзелді. Өңі солғын тартып аз күнде ерек қартайып кеткен. Отағасының денсаулығына алаңдаған бәйбішесі Тойған Әуез тәуіпке «тез жетсін» деп Молдажанды жүгіртіп жіберген.

Асығып- аптығып барған балаға:

– Маған келдің бе, айналайын? Мен сенің алдында ғана барып атаңның тамырын ұстап дұға оқып келдім, алаңдама атаң тәуір болды. Әжеңе осыны айт, бара ғой, жарығым! – деді.

Мұны түсіне алмаған Молдажанның барғаннан келгені жылдам болды. Ентігін баса алмай:

– Әже, Әже! – деп Тойғанға тәуіптің айтқанын айтып жатты.

Ол да сенер-сенбесін білмей:

– А, солай деді ме?! Мына Әулие қыз рас айта ма? – деп Тойған ана отағасы жатқан үйге қарай ұмтылған. Әулие қыз деп отырғаны баяғы Түсіп төренің қызы, осы елдегі Байбазардың бәйбішесі – Әуез әулие болатын. Тойған асыға басып үйге кіргенде басын көтерген Қараменде би:

– Әуез емшіні шақыртқан екенсің, келіп емдеп кетті, жақсы болып қалдым, – деп манағыдай емес өңі жадырап еңсесін көтеріп отырды.

Тойғанның енді сенбеске лажы қалмаған. «Аллаға тәубе!» деп отағасының жастығын түзеп жатып, осы Әуез тәуіпті бидің де қатты қадірлейтінін есіне алды. Сәріктің қазасынан соң көзі кіртііп, өңі бозарып жүдеп кеткен Тойған ана: бір қайғыдан соң, бір қайғыға ұрынып қабырғасы қайысқан отағасына да жаны ашып, көзіне

ыстық жас келді. Соны сезген Қарамеңде би:

– Бәйбіше, сен ештеңені уайымдама. Аллаға тәубе қыл! Жаңағы Әуез қыз, әулие ғой, бәрі жақсы болады деді; Жаңа жұртқа барғаннан бастап барлық жамандық артта қалады деді; Мал-жаның өседі, тайың туып, тайлағың боталайтын құтты қонысқа жетесіз! – деп марқайтып кетті.

– Айтқаны келсін! Аузына май астына тай деуші ме еді? – деп Тойған ана көзінің жасын жаулығының шетімен сүртіп жатып ақсақалының жүзіне қараған.

– ИншАлла, айтқаны келсін! – деп бидің де қабағы ашылғандай болды. Әйтсе де жүрекке батқан ауыр қайғының салмағы жуықта сейіле қоймасы анық. «Шыңғыстан ірге бөліп көшкенімізді құдай құптамады ма» деп зарлана толғаған баласы Дүйсекенің сөзі ойына оралған сайын, көңілін алай-түлей мұң басады. Жүзін жуған жасты да, еңсесін басқан қайғыны да сыртқа сездіргісі жоқ. Бұл жолдың ауыр екенін, азабы мол екенін білмеді емес, білді ғой. Бірақ мұншалықты қатерді күтпеген. Апырмай! – дейді ол – Сана сұңғыла «Қайғы – кара дауыл, ұмтылар, кетер, түбі қайыр» деп еді- ау, – деп тағы да ой түбіне сұңги жөнелген. Дәл осы кезде би отырған үйге Сана би мен Сәдір қожа келіп кірді.

Сәдір ақсақал Қарамеңдемен бірге ірге бөлмей көшіп-қонып жүргеніне де талай жылдардың жүзі болған. Содан да болар бидің жан күйзелісін ол терең сезіне отырып:

– Қадірлім, Қарамеңде, қайғыңа ортақпыз! Мынаны есіңе алшы: Пайғамбарымыз исламның қас дұшпандары — мүшріктермен соғысып жүргенде Хазірет Хадиша анамыздан туатын Қасым мен Абдоллаһ деген екі ұлы бірінен соң бірі қайтыс болатын еді ғой. Сонда қуанышқа да, қайғыға да сабыр сақтай білетін Алланың



елшісі уайымын ішке түйіп, мұң шалған жүзін жұртқа көрсетпеген. «Бұл Алланың әмірі, Алланың өлшеп берген ғұмыры» деп соған мойын ұсынған. Асыл Пайғамбарымыз Алладан сұраса тілегі қабыл болмаса па еді?! Әрине болар еді. Бірақ пайғамбарымыз олай етпеген, өзін қарапайым мұсылмандардан ерекшелегісі келмеген. Ал біз, Пайғамбарымыздың қасында, тәйірі, кімбіз, – деді Сәдір қожа. – Сенің соңыңнан ерген қарайған ел бар, – деп тоқтады. Сөзінің соңын аяқтамай емеурінмен жеткізгендей еді.

Сәдір қожа Қаратауда медреседе оқыған білімдар адам-тын. Қарекен де оны қадір тұтатын. Сәдір әулиенің әлгі сөзінен соң бидің көңілі сабыр тапты. Осыдан кейін ол көп толғанды. Көкірегін торлаған ауыр мұнды серпіп, соңынан ерген елдің күйзеліске түспеуін ойлады. Содан да болар ол «Жиделі Байсынға барамыз деген ниетінен қайтып, төмендегі үлкен қақтың жағасына табан тіресек» деген ойға ойыса берген. Ақыры жер шолып келуді Сана биге тапсырды. Өткенде баласы Сәріктің қазасына көңіл айта келген Жидебай батыр:

– Қайда барасың, елден аттап? Бұл да қара ормандай қазақтың қара жұрты, мына Ақ теңіздің жағасын жайла, «елге ел қосылса құт» деуші еді ғой бұрынғылар, – деп ой тастап кеткен-ді.

Бұл уақытта Сана биде өткен-кеткенді шолып, елдің ертеңі туралы көп толғанған. Келтенің күтпеген қазасынан ес жимай жатқанда, оған Сәрік бауырының тұтқиылдан опат болуы, бұрынғы қайғыны еселеп, тіпті есеңгіретіп кеткен. Көшкен елдің де еңсесі түсіп, жабырқап, көңілдері алабұрға бастаған-ды. Бәрі би атаның қабағына қарап, «енді қайтеміз, қайда барамыз?» деп уайым кешуде. Сана би бүгін де намаздан соң ұзақ

отырды. Ойына баяғы ақтабан шұбырынды заманы, Сырдан ауып босыған ел оралды.

Сонда бұлардың аталары Қылышұлы Шот әулие жау қолына түсіп тұтқында қалды; бауырлары Құрманқұл мен Тоқпан шайқаста опат болды. Ол кезде Сананың өзі де түйе басын жетектеп жүрген тоғыз жасар бала-тын. Әкесінің туған ағасы Айбас жаумен алысып, қырғын соғысқа араласып кете барды.

Шот қарияның екінші ұлы Қожантай, әкесін тұтқыннан азат етемін деп қалың жауға жалғыз кеткен еді. Жарықтық, басын оққа байлап барған екен ғой. О да бір сойы бөлек өз алдына аңыз.

Содан бері де алпыс, жетпіс жылдың аясы болған; Кешегі бала Сана да жерортасы жастан ауған. Осы уақытқа дейінгі кешкен өмірі аттың жалында, түйенің қомында өтті. Тіпті тұңғыш баласы Айтбай көшіп келе жатқанда түйенің қомында туған еді. Өні, ол да арыстай азамат болды. Қараменде бидің тапсырмасымен Сана би бастаған шолғыншылар Ақ теңізді бетке алды. Ақ атанға мінген Сана би жан-жағына қарайтын емес, ақ маямен жүйткі жөнелген. Оның соңына ергендер: Туыс, Тілеу батыр мен Қаржау, Арық батырдың ұрпағы Жанмырза, Сәдіғұлдың Шырақбайы ақ атаннан қалып қоймайық деп бұларда сар желіске салған. Ертеңгілік қатқакпен шыққан шолғыншылар тоқтамай суыт жүрді; Жолай Жәмші өзенін басып өтіп, алыстан мұнартып көрінген Әулиеатаның етегіндегі «Тас құдықта» отырған шағын ауылға жетіп ат басын ірікті. Бұл Әлтеке Бекей дегеннің аулы екен.

– Жолаушы едік, аз-кем бел суытып алсақ, рұқсат болса, – деді.

– Әлейкумсалам! Әрине, әрине, айналайындар-ау,

рұқсат. Әрине, рұқсат. Түсіңіздер қонақ болыңдар, – деп егде жастағы адам жарқын-жарқын сөйлеп, жолаушыларды аттан түсіріп үйге кіргізді.

– Иә, жолдарыңыз болсын?

– Рахмет, замандас! Өздерің секілді бізде киіз туырлықты, уыз үйлі қазақпыз, тобықты деген елміз. Шыңғыстаудан келеміз. Жер шолып жүрген жағдайымыз бар. Мына аспанмен таласқан тау Әулиеата деп аталса керек-ті... жаңылмасам, -деді Сана би үй иесіне көз тастап.

– Солай, солай қателескен жоқсыз. Біз Әлтеке деген елміз, иісі қаракесектің ішінде. Әулиеата деген тау, біздің ата бабамыз жайлаған жер. Анау көрініп тұрған шоқы Жеміс атамыздың қарауыл төбесі, – деді ол теңіз беткейдегі қарауытқан төбені нұсқап.

– Біздің әкелеріміз айтып отыратын, баяғыда осы теңіздің бергі қабағын жағалап Еділ қалмақтары ауған деп. Хан Абылай солардың көбін қуып жүріп қырған, бірнеше мыңдаған қалмақты тұтқынға алған дейді. Солардың көбін қазақтар ру-руға таратып алып, елге сіңіріпті.

– Апыр-ау, сонда олар қайдан қаңғып жүрген көп қалмақ? – деді Тілеулі таңырқап.

– Е, шырақтарым, «дейді-дейді» деген әңгіме көп. Айтып отырғандарың Еділ бойынан ауған құба қалмақтардың «дейдісі». Олар кезінде Алтын ордаға қараған. Алтын орда ыдыраған соң, қалмақтар өз алдына хандық құрып, ғасырға жуық ғұмыр кешкен. Кейін орыс патшасы олардың емін-еркін көшіп жүруіне шектеу қойып, жерін тарылтып қыспаққа алған. Соған шыдай алмай мына шығыста күйреген Жоңғардың жерін иеленбек болып, біздің елдің үстімен, баса-көктей

көшіпті. Ел жадындағы сөз ғой ол. Ханымыз Абылайдың өркөкірек қалмақты қуып жүріп қыруы сонда болған. Со кезде осы Ақ теңізді жағалап Іле өзенінің дарияға құятын сағасында олар көп қырғынға ұшыраған,- деді Сана би.

– Шуеке, сонда олардың көші біздің көштен де көп болған ба?

– Бәрекелді! Әрине көп. Естуім бойынша олардың отыз-қырық мың жауынгерлері болған. Жүз мыңнан астам халықты бастап бара жатқан.

– Қымыз алыңыздар, – деді үй иесі қызық әңгімеге құлақ түрген қонақтарға қарап.

– Е-е-е, бұл Ақ теңіз не көрмеген дейсің! – деді Санекен тостаған толы қымызды ортайта ішіп: – Бұдан көп жылдар бұрын, баяғы «ақтабан шұбырынды» кезінде біздің ел Сырдан ауып, Жоңғардан ығысып осылай қарай өре қашты. Он-он бірлер шамасындағы бала кезім. Менің атам Шот қарияға осы үлкен дария – Ақ теңіздің жағасынан топырақ бұйырған-ды. Қожантай әкем атамызды жау қолынан құтқарып алған соң елдің соңынан қуып жетемін деп жете алмай; атамыз ауыр жолды көтере алмай көз жұмған. Сөйтіп атамызды осы теңіздің жағасына қойған екен.

Ел басына күн туған сол бір аласапыран жылдары біздің ағамыз Қараменде би он жетілер шамасында ат құлағында ойнайтын. Босыған ел осы арқаға жансауғалады сонда тура маңдай алдымыз – шығыстан қаптаған ойраттар ақырып қарсы шыққанда біздің ел кері серпілді. Сол жойқын ұрыста талай боздақтарымыз осы өлкеде ойратпен шайқасып опат болды. Біздің әкелеріміз: Қожантай мен Айбас, Нұртай, Базарғұл тағыда көптеген аталарымыздың сүйегі осында қалған.

Аз бөгеліп барып сөзін қайта жалғаған Сана би:

– Сол аталарымыздың басына барып топырағын сипап құран оқу ниетіміз.

– Оларыңыз дұрыс екен. Ниеттеріңізді Алла оңғарсын. Қазақтың қанына суарылған қасиетті жер ғой бұл, – деп үй иесі көшелі азамат екен, жолаушылардың босаған тостағанына қымыз құйып жатты.

Сол күні Сана би бастаған шолғыншылар Әулиеатаның баурынан аттанып теңіздің теріскейін ұзақ шарлады. Шолғыншылар аттылы адам бойламайтын қамысқоға мен толқыны жағаны ұрған теңіз дидарын ұзақ тамашалады; шаңқылдап ұшып, қаңқылдап қонған құс базарын көріп, «тіпті жыртылып айырылады екен!» деп таңдай қағысты. Аптадан аса теңізді қабақтап жер шолғандар шығысқа қарай бет түзеген.

Бір кезде алға ұзап кеткен Мұқабайдың Қаржауы астындағы сарбауыр атты тебініп қап құйғытып жетті:

– Мына арады, – деді Қаржауы білемдеп ұстаған атсоғарымен қалың қамыс қоғаны нұсқап,- дәу тарғыл мысық жүр.

– Мысығы не? Жолбарыс шығар, үлкен бе?

– Тайыншадай ма дедім. Алыстан көрдім.

– Абай болындар. Бұл маңайда жолбарыс та, дала қабаны да бар дейтін.

– Қаржеке, ол адамға шабады, нәсілі жыртқыш қой, – деді Тілеулі.

– Соғып алсақ қайтеді,- деді Туыс бұзау бас жуан шоқпарын білемдей ұстап.

– Туысжан, қайтесің оны, жолбарыс соғамыз деп жолымыздан кешігеміз. Бізді қалың көш тосып отыр ғой. Құдай амандығын берсе әлі соғасындар, жолбарысын да, басқасын да, – деп Сана би азаматтарға тоқтау салған.

– Бірнеше күн жол жүріп Қарашоқыға оралған шолғыншылар Қараменде бидің ордасына тоқайласты. «Бұлар не айтар екен, не тындырып келді?» деп көпшілігі Шуекеңнің (Сана биді кейде ел солай атайтын) аузына қарасты. Соны сезгендей Қараменде би Санекене қарап иек қаққандай болды.

– Біз ойлаған дария осы арадан соншалықты алыс емес. Төл аяғымен жылжи көшсек аз күнде бергі белдеуге ілігеміз. Жері құмайт демесең, ащылы-тұщылы малға жұғымды болады. Дарияның жағасы болғандықтан қысы да жұмсақ ба дедім. Бергі қабақтағы Тарғыл төбенің шығысында біздің атам Шот қарияның зираты бар. Содан күн шығысқа қарайғы жер тусырап жатқан иен өлке. Әрине, жері құмайт демесек, көлге иек артқан өңірдегі түбектер мал-жанға қол көрінді. Аттылы адам көрінбейтін ну болып өскен нар қамыс, құрағы мол, шөбі де шүйгін екен. Ал, енді мына теңіздің шығысында шилі-нулы жер бар екен. Бағзы замандарда қыпшақтар жайлаған, темір қортқан болуы керек әлі күнге күл төккен орны, кен қазған шұрық-шұрық құдығы сақталыпты.

– Ол шилі-нулы жердің аты бар ма? – деді Бәйтелі бақсы.

– Бар ғой, бар. Жер жағдайына қарай көресіздер, ғұмыр болса бәрі болады. Түнеу күні осыдан шыққан бетте анау көрініп тұрған көгілдір тау бар ғой, ол – Әулиеата деген шың. Осы өңірдегі тау біткеннің биігі сол. Айтайын дегенім, со таудың етегінде отырған Әлтеке Бекей деген замандастың үйіне соқтық, бара жатқанда. Сол азаматтың айтысына қарағанда ол жерлердің аты: Бас-Дересін, Орта-Дересін, Аяқ-Дересін деп аталады екен. Ойы балық, қыры киік, мал-жанға қолайлы, жан сақтайтын жер.

Жан-жағымыз қалың Кәрсөн, Керней, Өлтеке, Сарым деген іргелі ел. Сіздер естіп жүрген Өлтеке Жидебай батыр мен Қара-Шордың мықтысы Сеңкібай батыр түнеукүні келіп Келте мен Сәріктің қазасына көңіл айтып кетті, олар да керней Көкбөрі Жарылғап батыр секілді Алашты аузына қаратқан айтулы адамдар. Бәрі де біздің ағамыз Қараменде биді таниды, құрмет тұтады деп сенемін. Өзі жақсыға бір кісілік орын қайда да табылады, – деп сөзін түйіндеді Сана би.

– Атаң Шот қарияның басына соққандарың дұрыс болған екен. Иманы саламат болсын, – деп сәл үнсіз отырған би:

– Иә, бауырларым! Жер аңсаған қазан аттай қос бүйірімізді соғып, жаратқанның жазуымен осында келдік, бұйырған нәсіпті теріп жерміз, бұйырған топырақты жастанармыз. Бұл да қазыналы қазақтың қара жұрты ғой, қонысымыз ұзағынан болғай, –деп тоқтады

## II ТАРАУ

### ТЕҢІЗ ЖАҒАСЫНДА

#### 1

Көп ұзамай Қараменде бидің көші Ақ теңізді бетке алып қозғалып кетті.

Көшкен ел артына қарай-қарай жылжып барады. Жылжыған сайын Дүйсекенің ағасы Келтеге арнаған жоқтауы көпшіліктің ойына оралып, оралған сайын, мөлт-мөлт төгілген көз жасы жүздерін жуып бара жатты.

«Ұшатын кезді жел біліп,  
Қонатын сайды іздеген,  
Домаланған қаңбақтай,  
Мезгілсіз кеттің арадан.

Айырықтың бойында,  
Томпайған бір төбешік,  
Қаласың ба аға-екем.  
Атағың қалды артыңда,  
Ұмытылмай үлгілік.  
Шүкіршілік қыламыз,  
Соңыңда қалған қос тұяқ,  
Алдақай мен Алақай,  
Ер жетіп орнын бассын деп,  
Бет алған жерге жете алмай,  
Жиделі Байсын мекенге,  
Орта жолда шашылып,  
Қаламыз ба дүние-ай!  
Бөліне сырғып туыстан,  
Бірлігіміз жараспай.  
Кімге кінә тағамыз,  
Осылай жазса тәңірім.  
Топырақ тартып бұйырған,  
Жеріңде қалдың мәңгілік.  
Ала болған ағайын,  
Не деп тоқтам айта алар?  
Табашы болып суысып,  
Кетер ме екен бір жола?  
Болмаса қайта көрісіп,  
Көңіл айтып табысып,  
Айқара құшақ ашылса,  
Артта қалған Шыңғысқа,  
Қайта барып қабысып,  
Кезігер ме шашылмай?!  
Елден елдің кеткені,  
Жақсылық ырым емес қой,  
Қадым өткен заманнан,



Әй, білмеймін, күдік көп.

Мал кетсе де, бас кетпей,

Аман да болсақ жарар ед, – деген зарлы өлең жолдары көкіректен өксік болып төгілуде.

Алға жылжыған сайын Қараменде көші Келте мен Сәріктің зиратынан алыстай берді. Жайлы мекен, жақсы қоныс іздеген қалың көш ширатыла созылып, түстікке бет түзеген.

Аспанның жүзін бұлт торлап, күн бұлыңғыр тартқан. Көшті бастап келе жатқан Қараменде би ауа райының күрт құбылғанын аңғарып.

– «Бұлт – ала, жер – шола» деген осы шығар артымыз ашық, алдымызда қалың жаңбыр жүріп жатқандай,- деді үзеңгі қағысып келе жатқан Сана биге бұрылып.

– Өткінші болса да қатты жауып тұр екен, – деді ол.

Артынша тырсылдаған жаңбыр дыбысы бірте бірте күшейіп, бір кезде түйдек-түйдек төге жөнелді. Көш ілгері жылжыған сайын қарыс жер көрінбейтін ақ жаңбыр құйып берді. Түйелер бақырып, жаңбырдан жасқанып ілгері жүргілері келмей аяқтарын зорға басуда. Атан қомындағы балалар мен әйелдер киім-кешектерін жамылып жаңбырдан қорғанып, ит зықылары шықты.

Қараменде би мен Сана би қалың сулықтарын киіп, боздап жауған боз нөсерді елер емес, бағыттарынан жаңылмай, көшті ілгері бастауда.

Шыңғыстан шыққалы дәл осындай қалың жаңбырды көрмеген екен. Түйдек-түйдек төпелеген ақ жауын кенет басылып, ақырын себелеп тұрып тоқтады. Алдарындағы терең өзекті жалдап өтіп қырға көтерілгенде күн шықты.

Алыстан көз қарыған көгілдір тау да бірте-бірте жақындай түскен. Аспанға шапшыған тәкәппар шыңның жалтыраған иығы күнге шағылғандай көрген жанды таң

қалдыруда. Әулиеатаны бұрын көрмегендер:

– Мынау қандай тау?

– Нар түйенің өркешіндей екен! – деп бірі қызығып қараса, енді бірі «Қандай тау, дедіңдер?» деп білгенше асық.

– Бұл – Әулиеата деген Арқаның айтулы шыңы, – деп білетіндер түсіндіріп әлек. Сәлден кейін алдарынан жарық етіп көкжиекке дейін көсілген мидай даланың етегі сөгіліп сала берген. Көштің алды Әулиеатаның күн батысымен жылжып теңізге жетпей үлкен ойпаңға табан тіреді. Осы араға ат басын іріккенде, елден бұрын Жұмағұлдың Болтайының жүк артқан түйесі, арқасына жүк батты ма, бақырып сол бірінші шөкті.

Мезгіл екінді ауған кез. Бимен қатарлас келе жатқан Дүйсеке:

– Әке, мына араға Жұмағұл атаның маясы бірінші шөкті ғой! Қараңызшы, Болтайдың қара атаны. Жақсылықтың нышаны болар, осы араға еру жасап жан-жақты барласақ қайтеді, – деді.

Би де оған қарсы болған жоқ. Мына ғажапты қараңыз, түйе шөккен жерде бұлақ бар екен. Әп-сәтте бала-шаға да, үлкендер де бұлақтың басына жиналып қалған. Жас жігіттер «Суы тұщы екен» деп бұлақтан су алып ішіп жатты. Сылдырлап ағып жатқан кішкентай қасқа бұлақ. Төңірегін жасыл шалғын көмкерген. Артынша көштің алды артын қарайлап, қапталдасып келе жатқан аттылы азаматтар:

«Осы араға еру жасаймыз, осы араға еру жасаймыз» деп көпшілікті құлақтандырып үлгерген. Болтайдың түйесі шөккен ойпаңға алқа қотан үйлер тігіле бастады. Шыңғыстаудан шыққалы арпалыспен ұзақ жол шеккен көшкен елдің табаны құмдауыт өлкенің топырағына

тиді. Бұл уақытта жер дегдіп, жасыл желек жамырап бой созған кез. Сол күні көшкен ел: түйелердің қомын шешіп, жерошақ қазып, от жағып, мосыға шәугім іліп, мал сойылып, ас қаузап, енді бірі қос тігіп абыр-сабыр шулаған дауыс түннің бір уағына дейін жалғасты. Ертесінде бидің өзі мал шалып, түске жақын ел азаматтары болып, бесін намазын оқуға сапқа тұрған.

Шалғыны жығылмаған көгалды жерге бірнеше оюлы сырмақтар жайылып, көпшілік соның үстіне намазға тұрды. Сәдір қожа бас болып, жүздерін құбылаға бұрған бір қауым адам Қараменде бидің айналасында иық тіресіп, жайнамазға жығылды.

Намаздан соң бидің өзі жұртына тілек-батасын айтты.

– Уа, қадірменді қарындас! Ардақты перзенттерім! – деді ол желбіреген ақ сақалын Арқаның самалына сүйгізіп, – Бағзы заманда Асан Қайғы бабаларың елін жау алмайтын, малын жұт шалмайтын, шөбі шүйгін, суы мол қоныс іздеп жел маясымен жер шалып жүріп айтқан екен:

Көлде жүрген қоңыр қаз,

Қыр қадірін не білсін?

Қырда жүрген дуадақ,

Су қадірін не білсін?

Ауылдағы жамандар,

Ер қадірін не білсін?

Көшіп-қонып көрмеген,

Жер қадірін не білсін?

Көшсе қона білмеген,

Қонса көше білмеген,

Ақылына көнбеген,

Жұрт қадірін не білсін? – деп көмейі күмбірлеп, сөйлеген сайын кеудесін жапқан ақ сақалы жібек желмен

желбіреп, тыңдаған елді ұйытты.

– Ел қадірін де, жер қадірін де біз білеміз! Шыңғыстан шыққандағы әуелдегі мақсатымыз – Жиделі Байсын еді, – деп сәл бөгеліп қалды, сонсоң көзін алыс көкжиекке қадап:

– Иә, қадірменді бауырларым! «Жиделі Байсын» деген аңсар-мақсаттан қайтып, осы өлкеге тұрақтауға бел будық. Жаратқан бәрімізге жар болсын! Осы өлкені мекендейік, қазақтың бұл да бір қара жұрты, бізге де құтты болғай! – деді. «Аумин, Аумин!» десті ел.

Кешкілік Қараменде би әйелі Тойғанның отауына бас сұқты. Әкелерінің өкшесін ала Дүйсеке мен Туыс қабаттаса кірген. Келіндер дастархан жасап жатқанда Тойған әже немересі Молдажанға:

– Құлыным, сен Үлкен апанды шақырып келші, тамақ ішсін, – деп (Келтенің анасы Кәкіш бәйбішені солай атайтын) жұмсады. Содан соң сәл ойланып отырған ол:

– Е, не айтайын дедім... бүгін үлкен атаның үйіндегі келін босанып, ұл тапты! Естідіңіз бе? – деді ақсары өңі нұрлана сөйлеген Тойған отағасына жадырай қарап.

– Естідім, естідім, құдайға тәубе! Бауы берік, ғұмырлы болсын! Бұл – жақсылықтың нышаны, жаңа жерге келіп үй тігіп, қазан көтеріп жатқанда, нәрестенің өмірге келуі – Алланың қалауы болғай! – деп Қараменде би көңілдене сөйледі.

Келте мен Сәрік дүниеден озғаннан бері Тойған ана мен Кәкіш бәйбішенің жүздерінен мұң арылмай жүрген. Соңғы кезде балалардың бәрі де екі ананың қабағына қарайлап, көңілдерін аулап бағуда. Әйелдер болса көбіне желкілдеп өсіп келе жатқан немерелеріне алданып, «бұл да болса Жаратқанның көмегі» дейді. Сол күні бидің отбасы өткен қайғы-қасіретті бір сәтке ұмытқандай бәрі

де жайдары отырды. Туыс анау күні жер шолып жүріп, теңіз жағасынан жолбарыс көргенін айтты.

– Түрі өте суық болады екен. Шіркін, біреуін соғып алса! – деді. Оның сөзіне таңырқай қараған Молдажан:

– Көке жолбарыс деген не?

– Жолбарыс деген, үлкендігі тайыншадай тарғыл мысық. Қамыстың арасында жүреді екен, – деп түсіндіріп жатты.

Кешкі астан соң Қарамеңде би Туыс пен Дүйсекені ертіп, манағы Болтайдың, яғни Жұмағұл атаның түйесі шөккен бұлақтың басына келді. Бұлақ басында мал аяғы әлі үзілмеген, бірі келіп, бірі кетіп су ішіп жатыр. Мал айдаған бақташылар да жаңа келіп аттан түсіп суға бетіқолдарын шаюда.

Қос тігіп қараң-құраң жүрген адам аяғы көпке дейін басылмады. Үйге қайтып келе жатқанда Қарамеңде би Туыс пен Дүйсекеге сендер әзір тізе бүкпендер, маңайды шолыңдар. «Көрмеген жердің ой шұқыры көп болады» деген күзетшілер малға сақ болсын,– деді.

Жатар алдында нәфіл намаз оқыған Қарамеңде би жаратқанға жалбарынып «сапарымызды сәтті, қонысымызды құтты, елімізді берекелі ете гөр!» деп құдайға ұзақ жалбарынды.

Бұл күні көшкен ел ауыр жолды артқа тастап жерұйыққа жеткендей түнді тыныш өткізді. Іргеде толқыны жағаны ұрған Ақ теңізде тымық түннің құшағына беріліп, майда толқындары дамылсыз лықсып еміреніп жатты. Көкжиектен көтерілген толық ай, түнгі айдыңның бетіне сәуле шашып жүзіп барады. Бір ғажайып сұлулық ұлы кеңістікті жаулап алғандай мінсіз құйылып тұр. Анда-санда қалың қамыстың арасынан белгісіз құстың «әуп» еткен дыбысы; теңіз

толқынының шуылы құлаққа келеді. Ауыл үсті де айлы түнге ілесіп қалғып кеткендей; баз-базда жүк астынан босаған түйелердің ыңыранған дыбысы ғана тіршілік тынысындай естіліп қалады.

Қараменде би жамбасы құс төсекке тигенмен талайға дейін кірпігі айқаспай жатты. Ойы тоқтау бермей алыс-алыс өткен күндерге алып кетеді. Есіне баяғы бала кезінде көрген Әнет бабасы оралды. Сонда ақсақалы желбіреген ұлы баба бұған тебірене қарап: «Шырағым, Қараменде сенбісің? – деп абыз атасы бұның жауабын күтпестен: «Үй баласы ма деуші едім, ел баласы боларсың. Халқыңның таңы бол, маңдайының бағы бол!» деп мейірленіп бата бергені, күні кешегідей ойына орала берген. Одан бері не қилы заман өтті. Ақтабан болып шұбырған, қырылған елді көрді. Аласапыран өмірдің жалына жармасып, арпалыспен өткен бүкіл ғұмырында Әнет бабаның өсиет-батасы оның өмірлік ұстанымына, қасиетті тұмарына айналды.

Ел деп еңкейді, ел деп еңсе тіктеді. Жарық жалғанды шыр айналып мәңгілік тұрақ табар жерге жақындағаны ма, қалай?..

Осылайша ой қуып жатқан ол бір уақытта талықсып ұйықтап кеткен екен. Таң алдында түс көрді. Түсінде баласы Келте оның соңынан ерген Сәрік тура өңіндегідей «Әке!» деп үйге екеуі қатар кіріп келді. «Құтты қоныс болғай, Әке! Құтты жер екен!» деп әдеттегідей Келтенің жанары жалт ете қалды. Артынша қабағы сәлең тартып, тез томсырайды. Соны көрген әкесі:

– Не болды, балам? – дейді. Сізді уайымға салдым- ау, «барма» деген жерге ат басын бұрғаным оң болмаған секілді, – дейді. Сол сәтте ұйқыда жатқан бидің бетін әлде не сипағандай ма, желпігендей ме, әйтеуір, бір ыстық леп

жүгіріп өткені.

Көзін ашып алғанда жанарынан аққан жас жүзін жуып, құс жастыққа тамып жатқанын білді. Ізінше бетін жұмсақ ақ бәтес орамалмен сүртіп отырған әйелі Тойғанды көрді. Ол да ағыл-тегіл жылап, отағасының көз жасын сүртіп, өксігін баса алмай:

– Мырзам-ау, өксіп жаттыңыз, содан ояндым,— деді қыстыға жыламсырап.

Қараменде би өзінің ұзақ ғұмырында бойын сезімге алдырып босаңсыған жан емес-ті. Алланың әмірімен, жүрегі езіліп, жалғаннан қапияда озған екі ұлына деген сағынышы көзінен жас болып ағып, жүзін жуып жатыр екен. «Бұл анық түс пе? Түс болса ол ненің нышаны?» деді өзіне өзі.

Сонсоң басын жастықтан көтеріп, күйзеліп отырған әйеліне жүзін бұрып:

– Тойған, құдай тілеуінді берсін, сен қажыма! Құдайға тәубе де! Шүкіршілік ет. Менің түсімде жылағаным сендердің жарық дүниедегі қуаныштарың болғай, – деді ол аса бір мейірбан үнмен.

Тойғаннан туған төрт ұлдың үлкені Сәрік еді, Алланың жазуымен ол өмірден озды. Бірақ тұяқсыз емес, артында Мақалай деген ат ұстары қалды. Тіл-көзден аман болса әлі-ақ әкесінің орнын жоқтатпас. «Құдай қалғанына ғұмыр бергей!» деп ішінен дұғасын қайталаған Қараменде би қасқыр ішігін жамылып сыртқа беттеді.

Бұл уақытта шығыс жақ бозамықтанып, көкжиекке қызыл күрең сәуле жүгіріп таң сыз бере бастаған. Төбеде төңкерілген зеңгір аспан, шет-шегі жоқ көсілген ұланғайыр дала. Осы бір ғажайып көрініске Қараменде би ұзақ қарады. Баяғы бала кезі ойына оралған. Сыр

бойында жүрген сол бір алаңсыз күндер, сырдың сұлу сипаты көзден бұлбұл ұшқандай. Ол ішігінің өңірін қаусыра түсіп қыратқа көтерілгенде көкжиекті күміс кірпігімен түртіп ашып, тағы бір таң атып келе жатты. Айнала таң нұрына малынып балбыраған тәтті ұйқы құшағында еді.

Ауыр жол шеккен Қараменде көші Ақ теңіздің жағасындағы алғашқы күнді осылай қарсы алды. Жаңа күн – жан шуағын сыйлап тұрғандай.

Ертеңінде бидің шақыруымен Дадан атаның сөз ұстаған серкелері бас қосты. Үш арыс елден ешкім қамады. Бәрі де Қараменде бидің қанатының астына жиналып, ертеңгі күннің бағдарын білмек.

– Қадірлі перзеттілерім! Қаны бір қарындастарым, жаңа қонысқа жетіп сәл тыныс қылсаңдар сөзіме зейін салыңдар. Мынау иегіміздің астында тұрған дарияның бағзыдағы атауы «Ақ теңіз» еді. Біз соның теріскей қабағында тұрмыз. Кешегі өткен Ақсақтың абызы Шот қарияны сіздер білесіздер ғой.

Сол аталарың осы теңіздің жағасында мәңгілік тыныстаған. Марқұмның зираты осы арадан сүт пісірім жердегі Шұбар тораңғының шынтағында жатыр. Бұл баяғы «Ақтабан шұбырынды алқа көл сұлама» заманында болған оқиға. Келешекте өсіп өркендеп жатса Ақсақ атаның баласы жайласа болады екен. Ол енді болашақтың ісі дейік. Әзірге мына шалқар өлкеге шашырап кеткеніміз болмас, басымыз да шағын, онымен қоса көрмеген жердің ой шұқыры көп деген. Қашан жерсінгенше іргемізді бөлмей бәріміз Үш Дересінге жайғасайық. Ғұмыр болса қалғанын болашақ көрсетер.

Қыс теңіз жағасын қыстап, жаз арқаға жайлауға шығармыз. Бұлда қаны бір қазақтың қара жұрты, дедім



гой. Алла бұйыртса жан-жағымыздағы елмен сүйек-жегжат болып араласып кетерміз, - деп ел жұртына өсиет батасын бергендей болған.

Ұзақ жолды артқа тастап жаңа жерге жетіп бой жазып, босаңсыған ел бірден қозғала қоймады. Туысқандар бір-біріне ерулік беріп, біразға дейін масайраған. Алайда алда қыс барын ескерген ел біртін-біртін жаңа қонысқа бет бұрды. Алғашқы болып Қожантай аулы қозғалды. Бұл уақытты Қожантайдың төрт ұлы: Бұғытай, Марал, Сана би, Төлегеннен тараған балаларының әр қайсы бір бір үй, ақарлы-шақарлы ел. Бәрі де жүзіктің көзінен өткендей шаруаға мығым, сөзге нық көрінген. Солар көштің басын теңіздің өкпе тұсынан өте ілгері жүрді. Қалғандары одан өрлей салды.

Бидің өз аулы Бала Дересін мен Орта Дересін аралығына жайғасқан. Олармен қанаттаса Сәдір қожа мен Өтеген әулиенің ауылы ірге тепті. Баяғыда Қараменде би Сәдір қожаны «Дадан тобықтының қожасы бол, елді имандылыққа үйрет, адамдардың маңдайын сәждаға тигіз, жүректеріне ихсан нұрын құй. Бізге имам бол» деп арнайы алдырған. Содан бері ауылы аралас, қойы қоралас дегендей, Қараменде бидің аулымен бірге көшіп, бірге қонады. Сәдір қожаның кіндігінен жеті ұл туады: Сарқұл қожа, Бөкен қожа, Ақан қожа, Айтқожа, Таңсық қожа, Көрпе қожа, Жамбы қожа, Алла жарылқап, бәрі де қаулап өсіп келеді.

Ұзақ жолды да бірге өткеріскен қожалар «бар деп тасымайтын, жоқ деп қажымайтын» тек бір Аллаға тәуекел қылатын қанағатшыл жандар. Былайғы жұртқа сонысымен ақ ғибрат шашып жүргендей.

Қараменде би ертеңгілік Сәдір қожаның үйіне келді:

– Қоныс құтты болсын! – деді дауысын көтере сөйлеп үйге кірген ол. Қожаның бәйбішесі Шұға ертелетіп жүрген биді қарсы алып:

– Жоғары шығыңыз, күйлі -қуаттымысыз? – деп дастархан жасай бастаған.

– Қожаның өзі де үйде екен, шүйіркелесе сөйлескен екеуі бір біріне қоныс құтты болсын айтып жатқанда үйге мұрты тебіндеп ержетіп қалған жас жігіт кіріп:

– Ассалаумағалайкум! – деп қонаққа сәлем берді.

– Уағалайкүмассалам! Сарқұлмысың, өй айналайын, бақытты бол, қарағым?! – деп би оның қолын алып: – Сарқұлжан, ел жаңа қонысқа орныққаннан соң, осы ауылдағы балаларға білгеніңді үйрет, олар да қара танысын,-деді. Бидің сөзіне не айтарын білмей қалған Сарқұл әкесіне қарады. Әкесі болса:

– Дұрыс, дұрыс, Би атаң дұрыс айтады, – деді.

Бұдан соң үй иесіне бұрылған Қараменде би:

– Қожеке қалай, шаршамай жеттіңіздер ме? Бала-шаға аман ба?

– Құдайға тәубә, аман-сау келдік,– деді қожа әдеттегі сабырлы қалпында.

– Қоныс құтты болсын, Қожеке! Жердің әлпеті қандай екен? Соны сұрайын деген едім.

– Алла жарылқасын! Ұрпағымызға құтты қоныс болсын! Адам атаны жаратқан құдай, жерді де жаратқан. Құдай жаратқанның бәрі құтты, – деді дауысында да, сөзінде де риясыз, ырзалықтың сазы леп бергендей.

– Аумин, Аумин! Айтқаныңыз келсін, Қожеке! – деді би де көңілдене түсіп.

– Бұл өзі шұрайлы өңір болса керек, шалғыны жайқалып, қауға айналған қалың шиі тусырап тұрғандай кісі бойлатпайды.

Бүгінгі көштің алды бұлардан озып, Дересінді өрлеп қолайлы өңірге қоныстанып жатты. Осылайша үш арыс елдің баласы Бас Дересін, Орта Дересін, Бала Дересін деген жерге қанаттаса қонды.

Келесі күннен бастап бидің өзі бас болып, жер жағдайын барлауға шықты. Көлді қабақтап, күмедіен құла түзді ұзақ шарлады. «Қыры киік» дегені де рас екен, алайда жері шөлейт, құмдақ.

«Жылқы, түйе ұстауға қолайлы болғанымен ұсақ малға қалай болар екен, оты ояз ба?» деп ойлаған би. Теңіз қабағын шығысқа қарай өрлеген сайын бір-біріне жалғасқан ұсақ шоқылар, адырлы алқаптар, иен түз көзге ұрады. Қайтар жолда қатарласа қарауытқан екі төбешіктің ортасынан өтіп келе жатып, мына араның оты мол, қорығы қалың екен, байқадыңдар ма?

Ана екі төбені көрдіңдер ме? Тура екі босаға дерсің, деп сүйсіне қараған Қараменде би: «Осы араны «Қара босаға» деп атасаңдар қалай болады?» – деді соңына ерген азаматтарға ой тастап. Олар да бидің сөзін қайталап, мақұлдап келеді.

– Әке, ана бір тауды қараңызшы екі құлағы тікірейіп иттің басына ұқсайды емес бе? – деді Туыс әкесіне қатарласы жүріп. Қараменде би Туыс нұсқаған тұсқа қарап келе жатып – «Итмұрын» деші, Итмұрын тауы.

Осылайша бидің соңына ерген азаматтар, жер көріп, ауылға көңілді оралған. Келесі күні теріскей өңірді байқап қайтпақ. Ұзамай осы алаптарға ел қоныстанып, қора қопсыларын жасап, тіршілік қамына кірісіп кеткен.

Сол күндері бидің өзі аттан түспей бірнеше күн жер шалды. Сарыесіктегі Ұзынаралды сонда көрді. Теңізді қақ бөліп тұрған түбекті көріп, Алланың құдіретіне сүйсініп, ел жұртымен бірге осы күнді көргеніне тәубе

қылған.

Бұғаздан қайтып келе жатып күн екіндіге құлағанда намаз оқыуға ыңғайланып аттан түсті. Талай жылдан бері тақымына басқан қарагердің шылбырын бос қоя беріп, құмдауыт жиекке намаз оқыды.

Теңіздің тынымсыз толқыны шолп-шолп етіп жағаны дамылсыз өбеді. Шаңқ етіп ұшқан шағаланың, шулаған құстың дыбысы құлаққа шалынады. Би намазын оқып болып орнынан тұрғанда кереге жал қарагер ат шылбырын сүйретіп бұдан алыстап кеткен екен. Күн кешкіріп кеткен кез. Жан-жағы жайқын дария. Қараменде би атына «Құр, құр, жануар!» деп айғайлап көрді. Бірақ ат тоқтайтын емес.

Қараменде би өмірінде бірінші рет иен түзде жаю қалғанын сезді; «Бұл қалай, мұндайы жоқ еді; Тағы да «Құр, жануар, құр!» деп дауысын шығара айғайлады. Бірақ қарагер ат оралмады.

– Ей жазған-ау, оның не?! – деді атына ма, әлде басқаға ма кейі сөйлеген ол. Осы кезде шаңқ ете қалған кәрі досы қара бүркіт нақ төбесінен шырқай көтеріліп, самғай ұшып жөнелген. Сәлден соң қара бүркіт аттың сүйретілген шылбырын басып тоқтады. Едәуір жерге ұзап кеткен атына ақырын аяндап жеткен Қараменде би шылбырды қолына алғанда жалы төгілген қарагер ат оқыранып, құлақтарын қайшылап «қайда жүрсін» дегендей иесіне бұрыла қарады. Ептеп ентігін басқан би:

– Аллаға шүкір, тәубә!- деді ол, сол-ақ екен ойына баяғыда анасы айтып отыратын бір оқиға орала берді:

*Екінші шегініс:*

– Ертедее, – деп бастайтын анасы, соны айтқанда жүзі шырайланып, – Сыр бойында арпалыспен көшіп-қонып жүрген кез болатын. Балалар жас, сен бесіктесің. Бір күні

асығып үйге кіріп келсем, бесіктің басында бір үлкен қара құсты отыр. Тыпыр етпейді. Соны көріп жүрегім аттай тулап, не алға, не артқа жүре алмай қалдым. Қатты тіксіндім. Ішімнен бісімілламды айтып: «Астапыралла, астапыралла!

О, жаратқан ием, өзің жар бола гөр!» – деп құдайға жалбарынып жатырмын. Сол ақ екен әлгі құс шаңқ етіп жартылай ашық түңліктен сыртқа ұшып кетті.

Есім қалмай жүгіре басып бесіктегі баланың бетін аштым. Сәбиім қаннен-қаперсіз пышылдап ұйықтап жатыр. Қорқынышымды басып бесіктің бас жағында тұрған оймақтай тұмарды сипай беріппін.

Сол күндері үлкен ата, жолаушылап кеткен еді мына жағдайды кімге айтарымды білмей қатты дағдардым. Арада айға жуық уақыт өтті. Сол оқиғадан кейін бесіктегі баланы жалғыз тастауға қорқып, үнемі қасында болуға тырысып жүрдім. Алланың әмірі, балам үйде жалғыз қалса болды әлгі құс бесіктің бас жағына келіп қонақтап отырғаны. Бір ғажабы әуелгідей емес, мен үйге кіре бергенде ол «шаңқ» етіп ұшып кететін болды. Кейде ұшқан-ұшпағаны белгісіз көзден лезде ғайып болатын.

Орыс пен Орман ол кезде естияр болып қалған. Бір күні Үлкен ата да, құдай ондап, сапардан келді. Жолдан оралған бетте жуынып-шайынып алған ол бірден біздің отауға келді.

– Ассалаумағалайкум! – деп табалдырық аттап әдеттегідей сөйлей кірген үлкен ата: – Қалай Қарабиімнің кәлі жақсы ма? – деді төрге жайғасып.

– Үлкен кісіге сәлем салдым. Сонсоң дереу дастархан жасай бастадық.

Бірақ ол кісі асқа қараған жоқ:

– Айналайын, ештеңеге әуре болма. Бірденеден

қорықтың ба? Одан да соны айтшы, – деді. Жарықтық әулие адам еді ғой. Менің бойымдағы қорқынышты айтқызбай сезіп, соны сұрап отыр.

Көзіме жас алып, болған жағдайды баян қылдым.

– Беу, айналайын-ай, одан қорықпа! – деді мені жұбатып, – Несіне қорқасың. Құдайға тәубе, де қарағым. Қара бүркіт қой ол, Қарабидің пірі. Жалғыз қалдырмай бағып жүргені. Соны айтқан ол бесіктің арысын алақанымен сипап: – Бір Жаратқан жар болсын, шырағым! Оған енді, тіпті де алаң болма, – деп қайтып кетті.

## 2

Келесі күні төңіректі аралаған Қараменде би теңізді қабақтап ұйыса өскен шоқ тоғайға кезікті. Жайқалып өскен қалың ағашты ол терекке де, басқаға да ұқсата алмады. Жаратылысы бөлек жасыл тоғай сарғайған құмдауыт өлкеге үйлесіп ерекше сән беріп тұрғандай. Би ағаштың жапырағын сипап, әлде нені есіне түсіре алмай үнсіз ойланып қалған. Осы бір үнсіздікті баласы Дүйсеке бөлді:

– Әке, мынау қандай ағаш? Терекке ұқсай ма? – деді ол жайқала өскен қалың ағаш арасында келе жатып: – Өткенде Туыс бар, бәріміз келіп көрдік, не ағаш екенін ешкім айта алмады.

– Дүйсеке, балам, – деді ағаштың көлеңкесіне келіп тоқтаған Қараменде би екі қолын артына ұстап, – «Жүре берсең, көре бересің» деген. Осындай ағашты бала кезімде көргенім бар, қайдан көргенімді есіме түсіре алмадым. Бұл ағаш шөлде өсетін, табиғаттың қиындығына ерекше төзімді «Тораңғы» деген ағаш. Иә, бұл Тораңғы, – деді ол сөзін нықтай түсіп, – Бұл аймақта мұның тұқымы шашырап сақталған екен.

Әкелі-балалы екеуі тоғайды аралап жүріп, үлкен кәрі

дарақтың қасына келіп тоқтады. Қарамеңде би ағаштың жуан діңіне қарап тұрып:

– Көрдің бе, балам, не деген өміршең ағаш?! Сен оның тамырына қара, мына арбиып жер бетіне жақын жатқан тамырларынан да жас шыбықтар өсіп олар да бір бір тораңғы терегіне айналған. Анықтап қарашы.

Соны айтқан ол: «Тораңғы тағдыры да қиын екен, ә?! Бізде осы Тораңғы ағашы сияқтымыз-ау?!» деді ішінен. Осы бір өміршең көріністі ойлаған сайын көз алдынан: көшкен ел, өздеріне жайлы мекен іздеген ел жұрты, сағым тербеген алкүрең дала сынаптай сырғып жүре берді. Олар да тораңғы ағашы сияқты тамыр тартып жапырақ жайғысы келді; Олар да өмірдің қатал дауылдарына төтеп беріп өркендегісі келеді. Алланың қалауы солай шығар. Інші Алла, соны ел жұртыма нәсіп еткейсің, – деді.

Үйге қайтып келе жатып Дүйсекеге бар айтқаны «Қандай жағдай болса да бұл ағашқа балта көтермендер, бұлар бір ұялы тораңғы екен» деді.

### 3

Ел жаңа жұртқа келіп жайлана бергенде Шыңғыстаудан тағы бір төтен хабаршы келді. Қарамеңде бидің ауылы Орта Дересіндегі Бала Тораңғы деген жердегі кең жазықта отырған. Алыстан түн қатып жеткен жолаушыларды ауыл азаматтары қарсы алып аттан түсірген.

Қарамеңде Би өзінің сегіз қанат ақбоз үйінде еді. Есіктен кірген хабаршы жігіт:

– Би ата, сізге Шыңғыстаудан меймандар келіп тұр, – деді.

Қарамеңде би, әуелі өз құлағына өзі сенбегендей, босағадан көрінген кісіге жүзін бұрып:

– Шыңғыстаудан дейсің бе?! – деп азырақ бөгеліп,  
– Келсе кірсін де. Артынша киіз үйдің сырмалы есігі айқара ашылып:

– Ассалаумағалайкум, Би ата! Қал-қуатыңыз жақсы ма?

– Армысың балам! Ел-жұртың аман ба?

– Қоныстарыңыз құтты болғай! «Сұрай-сұрай Мекке барған» демекші, із өкшелеріңізді баса жеттік. Бауыр еті балаларыңыз: Келте мен Сәріктің қазасын естімей қалдық. Алла оларды алдынан жарылқасын. Иманды болғай! – деп қазаға көңіл білдірді.

Қараменде би сәл үнсіздіктен кейін, Шыңғыстаудағы елдің аман-саулығын сұрап:

– Ал енді, әуелі сусын ішіндер, одан соң ас дайын болғанша тынығындар. Алыс жолдан шаршаған боларсындар. Шаруаларыңды ертең айтасындар, – деді.

– Би ата, бұл өте шұғыл іс, – деді хабаршы.

– Біліп отырмын. Қанша төтен болса да, бір түнде ештеңе өзгермейді. Тамақ ішіп бойларыңа әл жинаңдар, ертең ертемен ақылдасамыз, – деді.

Хабаршылар сол күні қонып шықты. Келесі күні Бидің сегіз қанат ордасында көп адам бас қосты. Жиынға Сана би де қатысты. Қараменде биден «шұғыл жетсін» деген хабар алысымен ақ атанға мініп түнделетіп жеткен беті екен. Ақ күміс сақалын саумалап, Шыңғыстаудан келген бауырларына барлай көз тастағаны болмаса, Сана би оларға шешіліп ештеңе демеді.

Хабаршылар әкелген суыт хабар: Еңлік-Кебек оқиғасына қатысты матай мен тобықты арасындағы егес. Ондағы ел Қараменде биден тағдыры қыл үстінде тұрған екі жасқа ара түсуін сұраған. Қалың елдің тілегі сол. Мәселенің мән жайын пысықтап білген Қараменде би бұ



жолы да тартынып қала алмады. Қасына: Қаржау, Туыс, Маралды ертіп, келесі күні Шыңғыстауға аттанып кетті.

### ІІІ ТАРАУ ДЕРЕСІНДЕ

#### 1

Арқаның азынаған аязындай емес, Дересіннің қысы мұндағы елге жайлы тиді. Тіпті желтоқсанның өзінде қар еркін түспей даланың жүзі алашабдар болып жатты. Сөйтсе де жаңа қоныстағы алғашқы қыстың да өзіндік «мінезі» болмай қалған жоқ. Қора-жай да қоңылтақ. Мал баққан ел жер жағдайына кәнікпеген, ауа-райына да сырмінез емес, содан да болар біраз қиындық шекті. Малдың қоңы тайып, жүдеңкіреп, тіпті ұсақ малдың өлім-жітімі де кезікті.

Соған қарамастан ел еңсесі көтеріңкі-тін. Ауылы аралас, қойы қоралас ағайындар қыс бойы бір-бірін сыбағаға шақырып, жаңа қонысқа жақсылық тілеуден жалықпаған.

«Қар жылт етіп көктемнің күні туса өзенді өрлей жайлауға шығамыз» деп құлшынып отырды теңіз жағасындағы ел.

Қараменде би Әлтеке Жидебай батырмен де, Қара-Шор Сеңкібай батырмен де жайлауға шығу турасында өзінше көп нәрсеге келіскен тәрізді. Сол күнді ел асыға тосып жүрген. Наурыздың ішінде бидің жылқысына жау тиіп, қотыр тайына дейін қалдырмай көк мұздың үстімен теңіздің қылтасы – Ұзынарал бұғазы арқылы әр қабаққа қуып әкеткен. Демек жау оң қабақтан сайланып келген.

Суыт хабар жеткенде Қараменде би ауылда-тын.

Дереу атқа қонды. Балаларынан қарулы деп Туыс пен Жолдықараны ертті. Жолай Мұқабайдың Қаржауын қосып алып, бес алты адам сайланып жедел аттанды. Әрине, ауыл бұрынғыдай жинақы емес, мал-жанның ыңғайын бағып шашыраңқы қыстау-қыстауда отырған.

Бүгіннен кешіксе ұрылар құйрығын ұстатпас, деп суыт атқа қонғандары сол-ды. Тіпті әні-міне мұз сөгіліп, су жүріп кетсе әр қабаққа шығу биыл мүмкін болмай қалмақ. Би соны ескеріп шұғыл аттанған. Астындағы кереге жал қарагер ат бидің өзі алыс жолға мінетін жүрісті жылқы еді. Қуғыншылар ауылдан шыға қатты жүріп кетті. Мінгендері түгел текежәуміт, құмдауыт даланың шаңын шығарып Ұзынаралдың ернеуіне жетіп ат басын бірақ тартқан. Теңіз жағасы жыпырлаған қылың жылқының ізі. Жылқы тұяғына жабысқан құм қиыршықтары мұз бетіне сары жолақ із тастап көзге ұрып тұр. Шашылған жылқының жас тезегі, қараң-құраң әредік көзге шалынады.

Қылтадан өтіп келе жатқан Қараменде би мұздың ақ кіреукеленіп көпсіп жатқанын байқады. «Жарықтық, біз қайтқанша сөгілмесе игі» деп ойлаған ол.

Бұлар оң қабаққа шыққанда ымырт үйіріліп қалған. Суыт жүрген қуғыншылар қалың жылқының ізін кесіп, маңайға тінте қарап ат басын іркер емес.

Теңізді қабақтап барып, жарлауыт жиекке шыққан қуғыншылар енді қалай жүрерін білмей дағдарып қалды. Төңірек қараңғылық құшағына еніп, ештеңені байқатпады.

Қараменде би аттан түсіп, үш-төрт қадам жаяу жүріп барып жүрелеген қалпы бір шама үнсіз отырды.

Төңірек меңіреу тыныштыққа бөгіп тұр. Ай тумаған кез. Сол меңіреу түннің түпкірінен «сыбдыр» еткен

дыбысты іздейтін секілді. Ол жаңылмаған екен, алыстан жылқының пысқырғаны, құлынның кісінегені құлағына талып жеткендей. Дыбыс тура маңдай алдынан шығады.

Би дереу атқа қонды. Қараменденің өзі алда, соңында Мұқабайдың Қаржауы, Туыс пен Жолдықара, және Күнжарықтың Әзбергені желе жортып келеді. Сәлден кейін алдарынан үңірейген терең жарлауыт сайдың нобайы білінді. Дөңге шыға келген де ол жігіттерді тоқтатып:

– Жылқы мына табанда жатыр, естисіңдер ме? – деді сәл тынши қалып. Астындағы қарагер ат пысқырып ауыздығын шайнады.

– Сайды қабақтап төменге түсейік. Күзетте адамдар болуы мүмкін, қарсыласқандарын бірден ұрып тастап, жылқыны бөгелмей қуып шығындар, – деді ол.

Айтқандай-ақ жылқы күзетінде екі-үш адам жүр екен, Туыс пен Жолдықара, Әзберген – үшеуі де беті қайтпаған қарулы болатын. Іштей ширығып келген қуғыншылар тосыннан сап ете түскенде, жылқы күзетінде жайбарақат тұрған қарсыластарының қапы қалғандары сонша бірінің басына, бірінің жотасына тиген ауыр соққыдан ес жимай бірінен соң бірі ат жалын құшты.

Әп-сәтте қалың жылқының бетін елге бұрған қуғыншылар жөңкіле жүйткіп Ұзынаралға бет қойды. Бұлар қалың табынды дүркірете қуды. Тай-жабағылар шұрқырап, мама биелер оқыранып, тасқын судай жөңкіліп келеді. Мұз түсіп кетпей тұрғанда Ұзын аралдан өтіп кетуге жанталасқан олар ештеңеге бөгелер емес.

Бұл кезде шақырайып ай туып келе жатқан. Төңірек ай сәулесімен ағараңдап, жылқының да түр-түсі ептеп болса да нобай таныта бастаған. Қараменде би қалың

жылқының ішінен өзінің, бозайғыры бар ма, деп соны іздеген. Ордандап жүрген үлкен ала айғыр көзіне түсті. «Бозайғыр қайда? Жауда қалды ма?» деп ойлаған. Жоқ бар екен. Жалы төгіліп қалың жылқының алдына түсіп барады.

Жөңкілген көп жылқы теңіздің жағасына келіп жеткенде сондарынан айғай-шу естілді.

– Астапыралла! – десті бұлар өздерін өкшелеп қуып келе жатқандарға шошына қарап.

– Не деген найсаптар! Ұрлауын ұрлады, ұрлағанын жасыра алмады. Енді неге қуады. «Арсыз адам – имансыз» деген осы ғой, – деп торыға күбірлеген би қалың жылқының мұзға түспей иіріліп қалғанын көрді. Сөйтсе әлгіндегі ақшұбарланып, борпылдап жатқан мұздың үстімен қызыл су жүріп кетіпті.

Еріп-еріп жұқарған мұз жылқыны көтермеуі кәдік жануарлар соны сезіп үркіп тұр. «Жаратқан ием!» деп Қараменде би шынымен қиналды.

Қуғыншылардың дауысы жақындаған сайын, маңдайынан суық тер шыққандай. Осы кезде «шаңқ» ете қалған құстың дауысы естілген. Қара бүркіттің дауысынан есін тез жиған Би: «Е, солай ма!» деді ішінен. Ойына Өтеген қожа оралып:

– Әй, Өтеген, әулие қайдасың, сарт болып кетпесең көмектес?! – деп айғай салды.

Соны айтты да жылқыны қайтадан қызыл су жүріп жатқан мұзға айдай жөнелген. Бозайғыр, жануар, сол бірінші болып мұзға тұяғын іліктіріп, бастай жөнелгені. Сол-ақ екен басқалары шүпірлеп еріп, жөңкіле ағып жатқан қызыл суды кешіп алды сол қабаққа ілікті.

Қуғыншылардың қарасы қалың еді, елу шақты адам айғайлап, ереуілдеп теңіз жағасына жетіп келгенде, құдай

жарылқап, бұлар мұз үстінен өтіп кеткен-тін.

Айғайласып, әлде кімді балағаттаған ұрылар жағаға жеткен бетте бөгелмей жылқы өткен қызыл суды кешіп мұзға лап қойды.

– Мұз көтереді, көтереді! Түсіндер алға! – деп айғайлады бір-біріне. Сөйткенше болған жоқ шылбыр тастам жерге жетпей мұз ойылып, аттылы адамдар суға кетіп, ойылған мұзбен жағалдасып, жылқы емес енді адамдарын құтқара алмай арпалысып жатты. Бұғаздың бұл тұсы терең болатын, мұздай судан шыға алмай жанталасқан барымташылардың айғайына шұрқыраған жылқы дауысы қосылып талайға дейін сембеді.

– Әй, қасиетіңнен айналайын Өтеген қожа, саған ана үлкен айғырды үйірімен қоса және үлкен түркімен кілемді берермін,-деп іштей разы болған Қараменде би Аллаға тәубәсін айтты. Шынында да, ол Өтеген қожаны әулие, деп пір тұтатын. Өтеген де Сәдір қожа секілді өздерінің арғы тегін Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатимадан таратады. Халауайт қожа одан Өтеген қожа. Өтегеннен төрт ұл туады: Қасым, Тұрсын, Данияр және Даданқожа. Өтегеннің өзі Қараменде бимен тұстас, ел-жұрты оны әулие атап кеткен.

Қазіргі сәтте де қожаның қасиетіне құлай сенген би «Үлкен ала айғырды үйірімен беремін» деп аман құтылғандарына ақсарбас айтып, «қайтқан малда қайыры бар» деп ауылына аман сау жеткен еді.

Келесі күні Қараменде би қожаның үйіне ат басын бұрды. Өтеген қария үйде екен, сәлем бере кірген Қарекене:

– Иә, ат көлігің аман ба, кеше екі кештің арасында не болды сонша? Жанымды қинадың ғой?! Міне арқамды

қарашы, – деп көйлегін түріп жібергенде жотасына батқан жылқы тұяғының таңбасы быжынап тұр екен.

– Астаппыралла! – деді Қараменде би қожаның қасиетіне құлай сеніп:

– Сол үшін, Қожеке, сізге алғысым шексіз. Сізге арнап ақсарбас атадым: кіші ала айғырды үйірімен және кіші түрікмен кілемін сыйға тарттым. Бұны естіген Өтеген қария мырс етіп күлді:

– Әй, құдай ондағыр-ау! Тағы шатыстың ба? Кеше «үлкен ала айғырды үйірімен, үлкен түрікмен кілемі орауымен» деп едің ғой, неге айнып қалдың? – деді.

– Беу, Қожеке, оныңыз рас, оныңыз рас! Сізді сынайын деген едім. Айнығаным жоқ айтқаным айтқан, – деп емірене күліп, қожаның бәйбішесі жасаған дастарханға тізе бүкті.

– Иә, құдай жарылқап, берекесін берсін қайтқан малыңның! Менікі де әзіл ғой. Малыңды қайтарып алғаның абырой болған екен, – деп шын ықыласын білдірді Өтеген қожа.

## 2

Қыс құрсауына түскен Ақ теңіздің осы тұсын жергілікті ел Баутораңғы деп атап кеткен. Мұның да өзіндік сыры бар: бұл арада жаз болса жапырағы жылт-жылт етіп, тымық күннің өзінде саясын жел тербеп тұратын бір ғажайып ағаш өседі. Ел оны кейде Желтораңғы деп айтатын. Қалай атасаң да бүйірін теңізге беріп, бауырын Баутораңғыға басқан бұл атырап мал баққан елге жайлы қоныс. Қысы жұмсақ.

Сана би мен Төлегеннің қыстауы осы араға ірге тепкеніне көп бола қойған жоқ. Бұлардың ауылынан қозыкөш жерде, анаау төбесі көрініп тұрған Тастөбе –

Құбылтайдың қыстауы. Одан әріректе теңізге сұғынып жатқан түбекте Тұмабай отыр.

Жағада тұрған Сана би осының бәрін көңіл көзінен өткізгендей теңіз беттен соққан салқын лепке жүзін тосып ұзақ тұрды. Қыс түскелі ауыл, ауылдың арасындағы жол да бекіп қалған.

Санекен соңғы кезде өткен өмірін көп ойлайтын болған. Жасынан Қараменде биге ілесіп ел ісіне араласты; Ағаның шарапатын да көп көрді. Ертеден бірге өсіп, бірге жүргеннен болар жастары ұлғайған сайын екі абыз бір-бірін іздеп тұратындай. Жиі кездесуге жер шалғай. Оның үстіне биылғы қыстың да тұрпаты суық, қазірдің өзінде жол бекіп қалған.

Қараменде бидің ауылы Ортадересіннің шынтағында жатқан Баладересін деген жерде; Санекен қыстауымен екі ара ішкі жолмен кеткеннің өзінде аттылы адамға түстік жер десе болғандай. Соған қарамастан Сана би үлкен ағаның ауылына ат басын жиі бұратын. Қысқы мекенге қонғаннан кейін де бидің ауылына екі мәрте барып келгені бар. Бұл кезде Қаракеннің жасы тоқсанға таяп, шау тартып қалған. Ел билігі баласы Дүйсеке бидің қолында-тын.

Түнеукүні барғанда Қарекен:

– Беу, Сана биім, келдің бе?! Ауыл-аймағың, мал-басың аман ба? – деп мұны көріп жадырап қалған. Мал-жанның амандығын айтып, өткен-кеткенді шолып бірқыдыру әңгіме құрған-ды. Сонда:

– Қыстың әлпеті қалай? – деді Қарекен, Сананы сөзге тартып.

– Биыл өзіңіз білесіз «ақ қоян» деген жыл. Мына желтоқсанда қар аралас жаңбыр жауды. Біз теңіз жағасында отырғандықтан болар малға әзірше оның

сызы айтарлықтай білінбеді. Ал арқадағы елге бұл уақыттағы күннің мұндай мінезі қиын. Қардың бетін мұз қапса, нағыз тақыр қоян орнайды. Жылқыны оң қабаққа өткізейік деп кеше Төлегенге де айттым. Қыстың соңы қалай болады, деген қауіп.

– Мұның дұрыс-ау! Дүйсекеге осыны айту керек екен. Молдажан, – деп дауыстап еді ол көрінбеді.

Бұлардың үстіне ақ кимешегі желпілдеп үйге кірген Тойған әже: Әуелі Санекенмен сәлемдесіп ел жұртының амандығын сұрады. Ақсары өңіне ұсақ әжім жүгіргені болмаса Тойған ана әлі де бәз-баяғыдай шырайлы, ақ жарқын қалпынан айнымаған. Қызметші әйел дастархан жасай бастаған.

Үйге Қараменденің немерелері Байтулақ пен Жанты кіріп:

– Ассалау,...- деп екеуі жарыса Сана биге сәлем берді.

– Өй жастарың ұзақ болсын! Байтулақ сенбісің, мынау қай бала? – деді Сана би.

– Ата, бұл менің інім Жанты.

– Е, енді түсіндім, айналайын-ау, сен де зіңгіттей жігіт болған екенсің. Айтпақшы, бұл Шыңғыстауда туып па еді?

– Иә, Қыдырда туған.

– Байгелді қайда? Ауылда ма? Жүгері әжең мен Сүймені апаңның қал-қуаттары қалай, жақсы ма? – деп Санекен тәтпіштеп сұрап жатыр.

– Әжемнің қалі жақсы. Көкем де, әжем де осында, жаңа келдік, – деді бала. Сөйткенше басында қоңыр шәлі, үстінде түлкі ішік киген бидай өңді, атжақты келген Жүгері мен Байгелді кірді үйге.

Байгелді – Қараменде бидің үшінші әйелі Жүгеріден туған ұлы. Олар да осы Орта Дересінді қыстайды. Ауыл



арасы қозы көш жер. Балалар күн құрғатпай барып-келіп араласып жатады.

– Ой, өркендерің өссін, қарақтарым! Сендерді көріп бір жасап қалдым ғой! – деді Санекен, Жүгеріге қарап.

– Өздеріңіз мал-жандарыңыз аман ба, апай күйлі-қуатты ма? – деді Жүгері.

– Бәрі жақсы, жеңеше, сіздерді де көрмегенімізге көп болды ғой, – деп Санекен де ашық-жарқын амандық сұрасты. Жүгері тез шешініп дастарханға жақындай беріп Тойған әжеге: «шайды мен құяйын» деп одан төменірек отырып шай құюға кіріскен. Дастархан басында Қарамеңде би желкілдеп өсіп келе жатқан Молдажан мен Қозжанға, Жантыға қаратып бір әңгіме бастады Байгелді де тыңдап отыр.

– Балалар, – деді ол жүзін немерелеріне бұрып, – сендер Әлтеке Жидебай батыр аталарыңды білесіндер ғой.

– Білеміз! Білеміз!

– Ол – менің жақсы көретін сырлас, сыйлас, замандасым? Мына Сана би аталарың да, әжелерің де ол кісіні жақсы біледі. Сол Жидебай аталарың маған Бөлтірік деген баланы жіберіп, мынадай сәлем айтыпты:

– «Бес мұқтаж бар, – депті, – оның төртеуінде үміт бар, біреуінде үміт жоқ. Осыны таратып айтсын» деп маған сәлем жолдаған екен. Әрине, мұның жауабын Жидекем өзі де біледі. Жасымыз ұлғайған сайын бұрынғыдай араласуымыз азайып, сол күндерді аңсағаннан ба, баз-базда осындай сәлем жолдасып, жауаптасудың өзі бізге бір ғанибет, қарақтарым.

– Сонда оның жауабы не болды ата? – деді Жанты.

– Соны айтайын: «Үміт бар» дегені мыналар екен: Жас өсемін деп үмітті; Жарлы байимын деп үмітті; Ауру

жанынан үмітті; Жалғыз көп боламын деп үмітті, тек кәрілік те ғана үміт жоқ болғаны. Кәрі адам ол ақырет сапарының алдында тұрса нендей үміт күтеді? – деп үнсіз отырып қалған ол, сәлден соң тамағын кенеп қайта сөйледі:

– Бұны айтып отырғаным, қарақтарым, біз болсақ кәртайдық. Солай десем де кәрінің де үміті бар екен.

Ол не үміт дейсіңдер ғой? Біздің үмітіміз – сендерсіңдер. Өсіп келе жатқан өркендерім. Жаңағы Жидебай батыр екеуіміздің сыйластығымыз, риясыз достығымыз кейінгі ұрпаққа мирас болса деген үміт. Сендер біздің аманатымызға адал болса деген үміт. Міне кәрінің үміті осы, шырақтарым.

Балалардың ішінде кішісі Қозжан саусақтарын бүгіп бір үміт, екі үміт деп атасы айтқан әңгімені күбірлеп қайталап жатты. Соны аңғарған би «Қозым-ау, сен түсіне алмай қалдың ба?» деп еді, бала:

– Түсіндім ата «бес мұқтаж» екен, біреуі үмітсіз төртеуінде үміт бар, деп атасының әңгімесін қайталап шықты. Атасы да немересіне мағмұрлана қарап: – жақсы, жақсы деп, енді осы әңгімені Сана би аталарың жалғасын, – деп жүзін Санекенге бұрып:

– Шуеке, енді сен айтшы, сенің де ойың жүйрік еді ғой, – деді Қарекен жүзі нұрланып.

– Әрине, балалар, бабаларыңның сөзі ақиқат. Мына біздің өміріміз, ертеңгі күніміз, бәрі үміттен тұрады. Кәрінің үміті – өзінен соңғы ұрпақтың азбай-тозбай өмір сүруі, еліне, жеріне адал қорған болуы, бізден кейін де олар жақсы өмір сүрсе, ілгері ел болса деген үміт. Біздің үмітіміз – сендерсіңдер, балалар! – деді дауысын көтере сөйлеп.

– Сана би, аталарың жақсы айтты! – деп риза болған

Қараменде би:

– Санеке, сен бүгін осында қон, мына жақсы көретін жеңгелеріңнің қолынан дәм татып ертең бірақ қайт.

– Дұрыс, дұрыс, қоныңыз қайда асығасыз, – деп Тойған мен Жүгері жарыса сөйлеп, отағасының сөзін қоштай жөнелді.

– Санеке, сөйткенің дұрыс. Байгелді осында, қазір Дүйсеке мен Байжарық та келіп қалар. Қысқы малдың жайылымын Дүйсеке би қалай шешті екен соны біліп бірақ қайт,- деді.

### 3

Сол жылы қыс қатты болды. Қаңтардың аязы көпке дейін сынбай тұрды. Көктегі Ай да сарғайып шалқасынан жатып алған. Ақпанның басы алай-түлей боранмен басталып, бірнеше күн сабалаған май боранның арты шыңылтыр аязға ұласты. Күннің райынан қауіп қылған Дүйсеке бастаған ауыл адамдары көп жылқыны теңіздің оң түстігіне өткізіп алсақ деп Сарыесік бұғазына тақау төніп келе жатты.

Бұл уақытта елден бұрын қам қылған Төлеген аулы жылқыларын теңіздің оң түстік қабағына шығарып әкеткен.

Қожантайдың Төлегенінен сегіз ұл туады: Алдияр, Жандияр, Құдияр, Малдияр, Арқар, Бөкен, Қараша, Байқабат, Байшолақ деген. Балаларының бәрі де ер жеткен, кенжесі Байшолақтың өзі де отау иесі болып отыр.

Мына қаһарлы қыста Төлегеннің өзімен бірге балаларынан: Алдияр мен Малдияр, Санекеңнің үлкен ұлы Айтбай және басқа жеті сегіз жылқышы жүр. Осы қыстан қауіп қылған олар қара қосты ит шанаға артып оң

қабакқа өтіп алғалы қашан.

Ақпанның басында апталап соққан ақ түтек толастамай ұйтқыды. Төлеген жылқы ығып кетпесін, әрі суықтан қорған болсын деп теңіз жиегіндегі қалы қамыстың орта тұсын орып, сол жерге малды ықтатып отырды. Биік қамыстың іші қораға есеп, ығы мол. Жылқының жотасын ептеп жел шалғаны болмаса, суықтан әжептеуір қорған.

Боранның арты басылса, малды тебінге шығарып алмақ жылқышылар. Бірақ ақ түтек басылар емес, екі тәулік үздіксіз ұлыған ақ боран үшінші күнге қарағанда таң алдында саябыр тапты.

Ақ көрпеге оранған адырлы алқаптар, көсілген дала күн нұрымен шағылысып ақша қар көз ұялтады. Боран басылды-ау дегенде Төлеген жылқыны қамыстан шығарып көл жиегіндегі қалық қорыққа салды. Неше күннен бері жайылымға шықпаған ақ мал қалың қарды теуіп, теңіз қолтығындағы шүйгіннен екінді ауғанша бас көтермеді. Күн еңкейе Төлеген, Малдияр мен Айтпайды ертіп қосқа қайтты. Қалған жылқышылар табынды кешіктірмей кешегі қамыстың арасына паналатпақ. Боран басылғанымен шыңылтыр аяз бет шымшиды.

Бұлар келгенде қара қоста қалған Алдияр қара шәугімді мосыдан түсірмей бұрық-сарық қайнап ет пісіріп жатқан.

– Апырмай, мына күннің райы қайтеді, ә!/? Басылар түрі жоқ. Бұл ақ қоян емес, таза тақыр қоян болғалы тұр ғой! Құдай сақтасын! – деп қосқа сөйлей кірген Төлеген үстіндегі қалың киімдерін шешіп, ошақтағы отқа алақанын ысқылап жылытқан болды. Оның өкшесін ала кірген Айтпай мен Малдияр да отқа түсердей алақандарын жалынға қақтап ысылдап-пысылдап:

– Алдаш, ет пісті ме? – деді екеуі жарыса сөйлеп.

– Піскенде қандай, кел отырындар, – деді ол зерен толы семіз жылқы етін ортаға қойып жатып. Далада гуілдеген боран қайтадан ұйтқый соғып, киіз қостың қалың туырлығын дамылсыз сабалайды. Жылқышылар бір сәт даланы да, қосты да ұмытып кездіктерімен кертiп ет жеп, сорпа ішіп жан шақырып жатқандай.

Майлы ет жеп әл жиған Төлеген:

– Е, балалар, «өлмеген құлға жазда келер» демекші бұл айды да орталадық. Ақпанның ақырғаны да, кәрі қыстың қаһары да басылар. Алла қаласа айдың соңына таман ауылға оралармыз,- деді.

Тамаққа тойып алған Айтпай мен Алдияр киімдерін киіп далаға шығып кеткен, бөгеліп қалған Малдияр ғана байпағының қонышы қара санын қапқан саптама етікті киіп жатып:

– Әке, сіз түнеугүні ауылға қайтып кетуіңіз керек еді, енді мына боранда жаңғыз жарым жүру де қауіпті, босқа шаршайтын болдыңыз,- деді.

– Малдаш, айналайын-ау, мұнда жан қинап жатқаным шамалы ғой. Қазір де қайтам десем қайтып кетемін, боран бөгет емес, тек мына қыстың аязы сынбай тұр, жылқы жарықтық суыққа ұрынбаса болды.

– Жарайды әке, мен кеттім. Біз барып жігіттерді жіберейік, тамақтарын ішсін, сіз қоста бола беріңіз, енді сыртқа шықпай-ақ қойыңыз, – деді.

Артынша құнан қойдың күздік терісінен тігілген тонын иығына іліп, белін белбеумен әлде неше ораған ол тымағын жүре киіп, қостан шығып кетті.

Жасы елуді алқымдаған Төлеген еңсегей бойлы, қызыл шырайлы, қайраты қайтпаған адам.

Балаларының өзіне қамқорлық таныта бастағанына іштей ырза, сөйтсе де қыс қатерін естен қалай

шығарсын. Оның үстіне ағасы Сана би «осы қыстың соңы жұтқа ұласар ма, қайтер екен?» деп қауіп қылған. Санекен әулие адам. «Жұт» десе жұт болады. Сақтықта қорлық жоқ, «бір жылға қоян терісі де шыдайды» демекші ақпанның артын тосқан Төлеген ауылға қайтуға асықпады.

Неше күннен бері бел жазбаған жылқышылар суық сорып қажып қалғандай. Сонда да қыс қиғылығына сыр беретін емес. Бәрінің өңдері күреңітіп, аязбен тотығып қайыстай болған. Кезектесіп ас ішіп, кезектесіп көз шырымын алады. Қазір де бой жылытпаққа келген жігіттер қара қостың кіреберісіне боран үріп тастаған қасат қарды саптама етіктерімен оңды-солды тепкілеп киіз жапшаны көтеріп ішке өтті. Бұл уақытта Төлеген сексеуіл төселген қостың төрінде сеңсең тұлыпқа оранып, мызғыш кеткен еді жігіттердің дауысынан оянды.

Иә, сол бір ақ қоянның қысы ауыр болды. Қамсыз қалғандардың көбі құрық ұстап қалған. Төлегеннің жылқысы қыстан аман шығып, ақпанның соңғы күні сол қабаққа беттеп келе жатты. Күн шайдай ашық. Қалың жылқының бетін Сарыесікке қарай бұрған төлегендер бұғазға қозыкөш жер қалғанда, жаяу-жалпылы шұбаған босқындарға қарсы жолықты. Іштерінде жас балалар бар.

Жадап-жүдеген адамдар екен. Аштық жан-жағына қарата ма, қалың жылқыны көрген де әлгі босқындардың көздері тұнып, қолдарынан келсе жылқыға лап қойғалы тұр. Бірақ Төлегеннің соңына ерген жігіттердің тақымында кілең жер тарпыған әлді аттар, қолдарында қару, белдерінде қанжар. Алдияр мен Айтбай босқындардан бәлендей қауіп күткен жоқ. Бірақ сол жерде күтпеген тосын жағдай болды.

Қарсы жолыққан босқындардан Төлеген жөн сұрады:

– Ей, жарандар, не қылған адамсыңдар? Қайдан келесіңдер? Жөндеріңді айтыңдар, көмегіміз тиер сендерге, – деді дауысын шығара айғайлай сөйлеп.

Суықтан тоңып жадап-жүдеген адамдар, бұларға тосырқай қарап иіріліп қалған. Со кезде араларынан бір моқал адам:

– Қарағым, менің ныспым Нұрсейіт болады. «Жүзі игіден түңілме» деген ғой. Жүзің жылы жан екен, шырағым, біздің жөнімізді сұрасаң, жұтқа ұрынып босып келе жатқан жайымыз осы. Аздаған малға сүйеніп күнелткен жатақ едік, таяқ ұстап қалдық, айналайын! – деді көзінен аққан жасты еті қашқан тарамыс саусақтарымен сүртіп.

Мұны естіген Төлеген атынан түсіп қарияның қасына келді:

– Ақсақал, қажымаңыз! Құдай бір жақсылығын берер! – деп босыған адамдардың жүздеріне қарап көңілі қатты толқыды. «Шұбыртып жылқы айдағаннан не қызық, жарлыға жаның ашымаса, бұларды көре тұра көрмеген болып өтіп кетсем, кім болғаным?» – деп Төлеген іштей күйзеле ой кешті.

Сол арада жігіттеріне айтып, босқындарға арнап ту бие сойғызып ас берді. Келесі күні әлгі жадап-жүдегендердің әр қайсына бір-бір жылқы ұстап мінгізіп, жол азықтарына деп тағы бір қара сойдырды. Сонда әлгі Нұрсейіт ақсақал көзіне жас алып:

– Мырза, сізді танып білмесек те, құдайға қараған мұсылман екеніңді, мұсылманның ішіндегі жомарты екеніңді көрдік. Құдай саған ортаймайтын қазына берген екен, ұрпағың өссін, кейінгіге жақсы атың азық болсын! Екі дүниенің қызығын көр, айналайын! – деп батасын берді.

– Әумин! – деп бетін сипады Төлеген.

Төлегеннің осы бір мырзалығын сол сәтте ешкім терең сезіне қоймаған. Жолшыбай кездескен әлде бір босқындарға алпыс қылқұйрықты қыл үстінде таратып бергеніне балалары да тосырқай қараған.

Қаһарлы қысты артқа тастап ауылдарына оралған соң Төлегеннің сол бір мырзалығын естіген ел адамдары әр саққа жүгіртіп жүрді. Тек Санекен ғана інісінің жомарттығын естігенде:

– Бәрекелді, Төлеген мырза! Әруақты атаның баласы солай етпегенде қайтушы еді! Қабыл болсын, жақсының аты, ақынның хаты өлмейді деген сөз бар. Ел жадында Төлеген мырза болып атың қалады екен, – деп інісінің мырзалығына, жомарттығына ырза болып, ақ сақалын қайта-қайта аялай сипап, масаттанып отырды.

#### 4

Көктем. Теңіздің теріскейін қоныс еткен ел қыстан аман шықты. Құс қанатына ілесіп көктемнің лебі жеткен кез. Көк мұздың көбесі сәгіліп, жер дегди бастаған. Әйтседе қыстың ызғары қайта қоймаған. Бұл өңірдегі елдің алды ерте көктемнен бастап, мал төлдерден бұрын Жіңішкенің бойына жылжып қонған. Көктемгі күн сәулесі жер дүниені қыздырып, қыстай қар басқан далаға жан бітіп; тіршіліктің тамырынан нәр жүгіріп; бұрқырап көк шықты. Қыстан қалған қалың қардың жұқанасы сай-сайда әлі де ағараңдап көзге шалынады. Тораңғы ағашы да бүршік жарған селдір басын күн шуағына тосқан.

Қараменде бидің ауылы үлкен өзектің қыраңдау тұсында жиын отыр. Би өзі Тойған әженің отауында болатын. Жасы еңкейген қарт баба еті қашқан тарамыс ұзын саусақтарымен ішігінің өңірін қымтай түсіп,



шаңырақтан көлбей құлаған күн сәулесіне жылынып отыр. Сырттан абалап ит үріп, абыр-дабыр дыбыс естілді. Артынша үйге кірген немересі Байтулақ:

– Ата, сізге кісілер келіп тұр, – деді. Әдетте алыс-жақыннан келген адам бабаңа жолығу үшін әуелі рұқсат сұратып алатын. Оның бер жағында жасы еңкейген қарт баба үнемі әйелі Тойғанның күтуінде. Туған туыстардың көбі бидің хал-ахуалын со кісіден сұрап білетін.

Бүгінде ерте тұрған бабаң жылы киініп шаңырақтан түскен күн сәулесіне маужырап отырған. Немересінің сөзіне елең ете қалған ол:

– Келсе, кірсін де, тостырма, айналайын, – деп күннің шағырмақ ыстығына маужыраған бойын тез жинап алғандай болды.

– Ассалаумағалайкүм, әз баба! – деп қоңыр дауысын соза кірген екі-үш адам бидің қолын алып құшақтап амандасты.

Төрге жайғасқан қонақтарға сақал шашы мен боз қырау жапқан қалың қабағы сәл қозғалып жүзін бұрған Қараменде би:

– Жолдарың болсын, қарақтарым? – деді жарықшақтана бастаған дауысын соза. – Ардақты би ата, біз Алланың қалауымен Шыңғыстаудан келеміз, бөтеніңіз емес туысқанбыз. Толғағы бір елдің баласымыз. Жуантаяқтың Байқара атасынан боламыз. Қадірлі Би ата! Сіз бір ғана Дадан Тобықты емес, мұқым елдің бабасы атанған, жарлыға қамқор, жалғызға пана болған, рулы елдің құтына айналған жансыз. Сондықтан сіз деп келдік, сізді іздеп келдік, бізді панаңызға алыңыз, – деді.

Қараменде би ойланып отырып қалған. «Бұлардың жайлы қоныстарын тастап мұнда келгені қалай? Мұнда не сыр бар?» деп ойланған ол:

– Е-е-е, шырақтарым, сөз әлпеттеріңе бақсам, бұл жаққа түпкілікті келген болдыңдар ғой. Солай ма?

– Иә, иә, Би ата ,солай. Біржола келдік.

Қарамеңде би ойға батып үнсіз қалған. Айырланып біткен ақ күміс сақалын салалы саусақтарымен сипап өтіп: «Апырай! – деді ішінен, есіне сонау кәрі Шыңғыстау оралып, атамыз қазақ «көңіл сыйса, бәрі сияды» деуші еді. Пейіл тарылмасын де, пейіл тарылса пенде шіркін кең дүниеге сыймас» деп жабырқап қалғандай.

Сәлден соң жүзін қонақтарға бұрған ол:

– Е, бауырларым екенсіңдер ғой, құдай жарылқасын сендерді. Осы келген беттерің болса, қанша үй келдіңдер?

– Қадірлі баба, мен Жуантаяқтың Бекайдар атасынан тарайтын тоғыз ауылды бастап келіп отырмын. Бірге туған – Сейіт, Мөңке, Бәйті деген бауырларым қазір өмірде жоқ, бірақ олардың ұрпақтарымен – тоғыз ауыл болып бірге келген жайымыз бар. Менің ныспым Жылқыайдардың Самыраты. Осы әулеттің үлкенімін. Бізден басқа Бектемір атадан тарайтын туысқандар өздерін таныстыра жатар біздің жағдайымыз осы, – деді.

Самырат ақсақал еңсегей бойлы, қоңырқай өнді адам екен, өз жағдайын бүкпесіз айтып қарт биден жауап күткендей болды.

– Бәйбіше, – деді би, – Дүйсекені шақыртшы, келсін. Қонақтарды үйге жайғастырыңдар, – деп тапсырды. Ол екі арада Дүйсеке мен Туыс үйге кіріп, мәселенің мән-жайын олар да біліп отыр екен, әкелерінің ақылына құлақ түрген.

– Біліп отырсаңдар енді дұрыстап қарсы алыңдар, – деді ол балаларына. – Қазір малдың қоңы ояз, дегенмен табылып қалар бір жылқы сойыңдар. Бауыр деп, туыс деп іздеп келіп отырған ағайын ренжімесін. Дүйсеке,

мына Самыратты туыстарынан бөлмей осы Орта Дересінге қоныстандыр. Қалған ағайындарды да сыртқа теппей ыңғайына қарай жайландыр. Ешкім ренжімесін, көңіл сыйса бәрі сияды, қарақтарым, – деді. Соны айтқан ол жиналған адамдардың жүзіне көз қыдыртып:

– Елге ел қосылып жатқанын айтып, Сана биге хабар жібер, Төлеген мен Тұмабайға да айтсын, келсін. Туысқандармен қауышсын, – деді.

Сол күні Шыңғыстаудан келген туысқандар мұндағы елдің өздеріне деген ыстық ықыласына тәнті болғандай еді. Келесі күні Сана би бастаған бір топ ағайындар келіп, туысқандар мәре-сәре болып дастархан басына жиналды.

Қонақтардың құрметіне қыстан қоңын бермей шыққан қысырақ сойылып, алыстан келген ағайындарға дәм берілді.

Сөйлесе келе білді бұлардың бәрі бұрыннан таныс-біліс адамдардың үрім бұтағы, бөтені жоқ. Әсіресе есім-сойы елге ортақ аталарының аты аталғанда бәрінің көзі жанып, рухтанып кеткендей болған. Кешегі ел сыйлаған әулие Лақа абызды кім білмейді десті. Кешегі ел қорғаған Тоқтамыс пен Мамай батырды кім білмейді, деп көпшілік біршама дабырласып басылды.

Осы кезде Дүйсеке бір әңгіме бастады Мамай батыр туралы айтпақ, Әңгімені бастамас бұрын әуелі әкесіне қарап алған ол тамағын кенеп, атақты Мамай батырдың ерлік істері туралы біраз әңгімелеп келіп:

– Баһадүр Мамай бабамыз баяғы қазақ-жоңғар соғысында осы атырапта өткен сүргін шайқастарға қатысқан екен. Мына жақта Қызыларай деген тау бар, – деді ол сол қолымен теріскейді нұсқап, – көргендердің айтысына қарағанда сол таудағы «Мамай асуы» деген сұрапыл кезең Мамай батырдан қалған бір белгі секілді.

Әлі өздерің барып көресіндер, қайбір жылы Дәуқара батыр мына отырған Туыс көкемді ертіп сол асуды барып көріп келді, – деді дауысын созып мәнерлей сөйлеген ол: – Баяғыда біздің тобықты жұртын қасиетті Шыңғыстауға бастап келген де осы Мамай баһадүр және соның ішінде біздің әкей де бар ғой, – деді әңгімесінің осы тұсына келгенде көтеріле түскендей болып.

– Әрине, әрине! – десті қонақтар.

Батыр бабаларының атын естіген Шыңғыстаудан келген туысқандар бір марқайып, рухтанып қалғандай. Өздерін осыншалық ыстық ықыласпен қарсы алған Қараменде биге, Дүйсекеге риза болған Самырат:

– Біз бабамыздың ықыласына тәнті болып отырмыз. «Нанбасаң, туысып көр» деген осы шығар. Сіздерге Алла разы болсын, екі дүниенің жақсылығын көріңіздер! – деп Самырат көзіне жас алып:

– Рұқсат болса бабамның сақалынан сүйейін, – деді. Сөйтіп көтеріліп барып, Қараменде биді құшақтап ақ күміс сақалынан сүйді.

– Айналайындар! – деді Қараменде би, – туыспен сыйласқанға не жетсін, дүниенің қызығы сыйластықта, шырақтарым. Бәріміз осы өмірге қонақпыз.

Туысқаны көпті дау алмайды,

Туысы жалғыз кісінің, кейде келер, кейде келмес күлкісі бар.

Туысы екеу кісінің—ойда жортқан түлкісі бар.

Туысы үшеу кісінің, Отарда жатқан жылқысы бар.

Туысы жоқ кісінің шығар- шықпас жаны бар.

Туысы екеу кісінің—өкпе бауырдай жалы бар.

Туысы үшеу кісінің—жағасы жайлау,

Төбесі қыстау, қалы бар. Сондықтан алыстан іздеп келген ағайын: қош көрдік, деп құшағымызды ашып

қарсы алып отырмыз. Осы арада өсіп өнуді Алла сіздерге бұйыртсын! – деп сөзін түйіндеді.

#### IV ТАРАУ АЙЫРЫҚТА

Жылан жылы. Ел жайлауға үдіре көшкен кез. Жүк артқан түйелер маң-маң басып дала төсімен сырғып бара жатқандай. Тайға мінген жасөспірім балаларда көштен қалмай, бірде жарысып ілгері озып кетеді; Енді бірде өзара жарқын-жарқын сөйлеп, көшпен қапталдасы, қағыса жүреді.

Жайлауға қотарыла көшкен Қараменде бидің аулы Тоқырауын өзенінің күн шығыс бетін қабақтай жүріп Ақтастың тұсына күн еңкейе ілікті. Қараменде би көштен бұрынырақ келді. Жол бойы қасынан қалмай қатарласа жүрген немерелері – Қозжан мен Жанты бабаңды қолтықтап аттан түсірді.

– Балалар, – деді аттан түсіп, белін жазып, жан-жағына көз жүгірткен би ата Қозжанға бұрылып, – бүгін осы араға тоқтап көліктің белін суытсаңдар. Әрі Сәдір әулие мен Келте ағаларыңның рухы ырза болсын, басына тоқтап қатым құран оқиық, – деді дауысы қарлығып шаршаңқы естілген.

– Баба шаршап қалдыңыз ба? – деді Қозжан қарияны қолтығынан демеп.

– Жоқ, айналайын, сен қолтығымнан демеп келе жатқанда қалай шаршаймын, Қозым-ау, сен оданда көштің арты әлі алыста ма, соны айтшы.

– Жоқ, алыс емес, келіп қалды, баба. Әне, Байжарық көкемнің түйесі ойға түсіп келеді. Жақын қалды.

Сәлден кейін көпшіліктің алды-арты түгел жиналған

кезде Бабаңның өзі бастап, әйелдері: Тойған, Жүгері мен Сүймені және Дүйсекелер жиналып келіп, марқұмдардың рухына арнап құран оқыды.

Бұдан біраз жыл бұрын өмірден озған Келтенің анасы Кәкіш бәйбішеге де осы Айырықтан топырақ бұйырғанын, Тойған ана соны еске алып, марқұмға арнайы құран бағыштатты.

Ақтастың тұсына бір қонып қайта қозғалған бабаң аулы келер күні межелі жерге жетіп жайғасып жатты. Әуелі Бабаңның сегіз қанат ақшаңқан үйінің керегесі керіліп, шаңырағы көтерілді. Көз байланғанша бірнеше отау үйлер қанаттаса бой түзеді.

Жылан жылғы жаз осылай жаймашуақ басталды. Даланың жүзі жасыл желек жамылып, шөптің шығымы да көз қуантқандай. Аузы көкке тиген мал түлеп сала берген. Жаңа жұртқа келгеннен бергі Қараменде би бір мезгіл шөберелерінің кітап оқығанын тамашалайтын. Бүгін үй іргесіндегі көк шалғынға сырмақ төсетіп алаңсыз соған жайғасқан. Бұл уақытта бабаңның: Домбай, Жұртыбай, Майхан, Жантулақ деген немере, шөберелерінің алды он төрт-он беске ілігіп қалған. Біраз жылдан бері олар ауыл молдасын дәріс алып, қара танығалы баз-базда би атаның алдына келіп ескі дастандарды кезектесіп оқитын. Ондайда қарт бабаның көңілі көп-көрім сергіп қалады. Кейде «оқымысты» шөберелерін әңгімеге тартатыны бар. «Осылар оқығаннан не ұқты?» деп соны білгісі келетіндей. Бүгін Домбай мен Майхан «Ескендірнама» дастанын екеуі кезектесіп ұзақ оқыды. Бір кезде бабаң сөздерін бөліп:

– Беу, мына Ескендір Зұлқарнайың сұмдық, кесек батыр екен ғой өзі? – деді балаларды сөйлеткісі келіп.

– Иә, баба, ол әлемді жаулап алған, жаһангер қолбасшы,

әрі өте әділетті болған, – деді Домбай.

– Әй, қайдам, біздің Абылай хандай қайдан болсын, – деп сынағысы келгендей балаларының жүзіне көз қиығын жүгіртті.

Екеуі бір мезет ойланып қалған.

– Неге үндемей қалдыңдар?

– Баба, Абылай хан... ол бір ғана қазақтың ханы, өз жерін қорғаған.

– Бәрекелді! Ол аз ба? Өз елін, өз жерін жаудан қорғау деген қасиетті парыз. Ал Ескендірің болса басқыншы, сол жақсы ма? Соны айтқан ол «Екі батыр не айтар екен» деп сырттай барлай қарады.

– Әрине, жақсы емес, бірақ ол әділетті патша болған, – дейді.

– Беу, құлындарым-ай! Ескендір Зұлқарнайынмен бағзыдағы біздің сақ бабаларымыз да шайқасып оның бетін қайтарыпты. Асылы бір елді, өзге бір елдің жаулап алуы – әділет емес, оны халық озбырлық, тіпті жауыздық дейді. Ондайды адам да, құдай да қолдамайды. Демек елін жаудан қорғап, жерін сақтап қалған біздің ханымыз Абылай одан артық, солай ма? Ал енді ары қарай оқындар, – деп қарт баба көзін жұмып шөберелерінің бірде желдіртіп, енді бірде ежіктеп оқыған дауыстарына үнсіз құлақ түрген. Жас өркендердің талпыныстарына көңілі толып, іштей масаттанып отырды.

Күн бесінге жақындап қалған кез. Кітап оқыған шөберелері алда қашан кетіп қалған. Қараменде би қызыл ала сырмақтың үстінде бірсыпыра отырды.

Үстінде қоңыр қызғылт бешпет оның сыртынан зерлі қаракөк шапан киген, аяғында жеңіл мәсі.

Қолында бұршақ тасындай тізілген таспих. Бүгін таңертеңнен бері «оқымысты» балалардың кітап

оқығанын тыңдап бір серпілгендей еді. Әйтсе де, көңіліне алаң кіргендей ме, жүрегі жиі-жиі соғып алқынатын тәрізді. Таяғына сүйеніп орынан тұра бергені сол еді, «шаңқ» ете қалған таныс дауыс естілді. «Азаннан бері жүрегі лүпіл қағып, әлде неге елендегені осы екен ғой» деді ішінен. Өзінің кәрі серігі, қара бүркіттің дауысын естіп. Бірақ қара шегірдің дауысы құлағына жеткенмен өзі қайда!? Өзі неге көрінбейді!? Әншейінде дауысы шыққан бетте, не төбесінен ұшып өтетін, немесе дәл қасына келіп қонатын-ды.

Соны ойлап ақырындап үйге жақындап қалғанда кәрі досының дауысы тағы да саңқ ете қалғаны. Бұ жолы қалықтап ұшып бұған жақындай бере қайқаң етіп жоғары көтерілді. Артынша төбесінен үш рет айнала ұшып, «шаңқ-шаңқ» етіп айғайлады да, қанатын екі мәрте қағып көзден ғайып болғаны.

Бабаңда одан көзін алмай қарап қалған. Тіпті бойы тоңазып, денесін дір билегендей болды.

– Қоштасқаны ма?.. Тәрізі солай болды ғой, – деді ішінен. – Аллам өзің оңғар! – деп күбірлеп кәлимасын қайталады.

Үйге қарай жақындаған кезде ақ кимешегі желбіреген Тойған бәйбіше алдынан шығып:

– Отағасы-ау, өңіңіз қашып тұр-ау, ауырғаннан аманбысыз, – деп алаңдағандай болған.

– Бәйбіше, сырқаттан аманмын, – деп беті қолын салқын сумен шайған би үйге кірді.

Тойған әже әкелген сусыннан ептеп ауыз тиді. Түс ауа жантайып жатқан ол бір мызғып алғандай болған. Екіндіге таман әкесінің қал-жағдайын білгелі Дүйсеке келді. Баласын көрген Бабаң:

– Келгенің жақсы болды, балам. Мен өзімде сені



күтіп едім. Кел, жайғасып отыр, – деді. Әкесінің қасына жанасы отырған Дүйсеке «зейінім сізде» дегендей жүзін бабаңа бұрды.

– Дүйсеш, айналайын, «Өлмес өмір жоқ, сынбас темір жоқ» деген. Бәрімізде бұ дүниеге қонақпыз. Менің де Алланың аманатын тапсырар күнім жақын. Тіршілігімде сүйікті Пайғамбарымыздың нәсілі – Сәдір қожа мен Өтеген әулиені пір тұттым. Кейінгі ұрпақтарымызға да осы жол бұйырса деп тілеймін. Осыны айтқан ол сәл үнсіз отырып:

– Мені Айырықтағы Сәдір қожаның қасына, содан сәл төмендеу қойыңдар.

– Әке, олай деменіңші, – деп Дүйсекенің көзі бұлаулана бастаған.

– Қарағым, Дүйсежан. Алланың берген жасын жасадым, құдайға шүкір, сендер барда мен алаңсызбын. Соңымыздан ерген елге пана болыңдар, қорған болыңдар. Алдыңда жүрген ағаға, артыңнан ерген іні-қарындастарыңа жақын бол. Қамқор бол. Заман бір орнында тұрмас. Бұдан да қиын күндер болар, қандай күн туса да бір-біріңе тірек болыңдар. Осы айтқандарым қаденде болсын, қарағым, – деп шаршап қалған секілді көзін жұмып ақырындап жастыққа жантайды.

Артынша үйге кірген Тойған отағасының қасына келіп тізе бүгіп, бидің қолын ұстап, алақанын сипап бір түрлі уайым шеге бастаған. Соны сезіп жатқан би ата көзін ашып:

– Құдай тілеуіңді берсін, Тойған. Мені мұқият тыңдашы: «Өмір бар да, өлім бар» деген. Менің де күн түбіне аттанар кезім жақын. Кіндігімнен туған балалардың ешқайсын бөлмей бәрін бауырыңа тартып, мейіріміңе бөлегенің үшін екі дүниенің жақсылығын

көруді Алла саған нәсіп еткей. Мұны естіген Тойған ананың көңілі босап, көзіне жас келіп қалған.

– Бәйбіше, сен енді босама, белінді байла, бекем бол, – деді бабаң. – Ел-жұртымыз, бала-шағамыз аман болсын. Балалардың ішінде Туыс қарағымның мінезі шапшаң еді, бейдауа бірдеңеге ұрынып қалмасын. Соны айтқан абыз атаның көзі сәл ілініп кеткен.

Бұл уақытта бабаңның өрен-жарандары түгел жиналып қалған. Бидің әйелдері Жүгері мен Сүймені отағасымен бақұлдасып, көздеріне жас алып егіліп тұрды. Дүйсеке шалғайда жатқан Сана биге де кісі шаптырған. Бірақ бұл уақытта Сана абыздың өзі де ауылға жақындап қалған еді. Ағасының қиналған жағдайын сезген бетте жолға шыққан ол ақ атанмен жортып жеткен беті-тін.

Ентелей басып үйге кіріп келгенде, Қарамеңде би басын сәл көтеріп:

– Сана биім, жеттің бе? – деді әдеттегідей қоңыр дауысын соза.

– Ассалаумағалайкүм, асыл аға!?! – деп Сана би ағасының қолын алып, алақанын аялай сипап, жүзіне қарап:

– Сіздің жағдайыңызды сезген бетте құс болып ұшып жеткенім осы, асыл аға! Алла бойыңызға қуат берсін! Алла ұшығынан сақтасын!

Қарамеңде би еңсесін сәл көтеріп, терең дем алғандай болды. Сонсоң:

– Армысың, арда туған Сана биім?

Жиналып жатқан осы менің күйім.

Қанатын екі қағып, ұшып кетті

Саңқ етіп қара бүркіт қасиетім.

Басына бесігімнің қонған ием,

Жанымнан қалмаушы еді жалғыз сүйем,

Төбемнен үш айналып «қош» деп ұшты,  
Сана жан,  
Алланың аманатын берем білем,  
Кетті де бұл фәниден Қараменде,  
Тағдырдың бұйрығы осы нокталы ерге.  
Бес Мейрам, Жеті Момын арда жұртым,  
Алланың нұры жаусын бәріңізге, – деп тоқтады.  
Кешеден бері қасынан шықпай отырған Тойған әже  
отағасының қолын уқалап, көзінің жасы мөлт-мөлт төгіле  
берді.

Сол күні қазақтың қазыналы биі, хан Абылайдың  
жеті жарғышының бірі болған Қараменде би Алланың  
аманатын тапсырып мәңгілік сапарға жөнелді. Бидің сегіз  
қанат ақ үзік үйінің оң жақ белдеуіне найза шаншылып  
қаралы жалау байланды.

Үйдің ішіндегі басы артық жиһаздың бәрін шығарып,  
оң жағына ағаш төсек қойылды. Төсектің үстіне қалы  
кілем төселіп, сол жерге бабаңның алтын денесін әкеліп  
жайғастырды.

Бидің тіршілігінде тұтынған дүниелері, ер-тұрманы  
үйдің ішіне ілінді. Бұдан соң Сана би бабаңның ұзақ  
жыл тақымына басқан кереге жал қарагер атын жетектеп  
әкеліп босағаға байлады.

Қараменде бидің көзіндей болған қарагер атты көрген  
көпшілік көзіне жас алып, үлкендер:

– Қасиетіңнен айналайын, Арысым-ай! – деп еңіреп  
жылап жіберді. Туыс әкесінің қарагерін көріп:

– Жануарым, иең жоқ енді сен тұл болдың ғой, – деп  
қарагер аттың маңдайынан сипады.

Сана би түнделетіп отыздан астам хабаршы  
дайындап жан-жаққа шапқыншы жіберді. Ол екі арада  
Балтабайдың, Төлеген мен Маралдың, Сана бидің,

Қаржаудың, Шырақбайдың, Байбазардың ауылы бір түнде көшіп келіп, Бабаң ауылынан іргелесе алқа қотан қонған. Қазаны жөнелтуді Сана бидің өзі басқарып, өліктің артын күтуге ел болып кірісті. Төлеген, Балтабай, Сәдігүлдың Шырақбайы, Қаржау, Түйтебай сықылды үлкендер тік тұрып қызмет етті.

Абыз атаның қазасын естіген бидің рухани досы Әлтеке Жидебай батыр бастаған ел ағалары суыт келіп аттан түсіп жатты.

Есік алдында тұрған Төлеген мен Балтабай:

– Жидекем келді ғой, Жидекем келді ғой! – деп көздері жасаурап тұрды. Би атаның сыйлас досы, сырласы деп, соны естеріне түсіріп, көңілдері толқып тұрғандай.

Жидекең қаралы үйдің табалдырығын аттап, бидің бала-шағасымен көрісіп, қазаға көңіл айтып төрге жайғасқан соң:

– Беу, Қарамеңде, абызым, мына жалғаннан сен де кеттің бе?! – деді күрсіне сөйлеп. Үйдің ішіндегі жылап-сықтаған, у-шу мен әйелдердің жоқтауы бір сәт басыла бергенде:

– Баяғы да,— деді Жидекең дауысын көтере сөйлеп,  
– Абылай ханның хан кеңесінде Қарекен екеуміз қатар отырушы едік, қатар жүруші едік. Содан бергі ат жалындағы ғұмырымыз біте қайнасты. Ана жылы «Жиделі-Байсынға көшіп бара жатырмын, жасымыз болса жер ортасынан ауды, бұдан кейін сен екеуміз көрісеміз бе, көріспейміз бе, ол енді бір құдайға аян» деп жол үстінде кетіп бара жатқанын айтты. Сонда ойлағам: «Жиделі Байсынға баратын адам Баршатасты басып, Жорғаның үстімен өтсе керек еді ғой» деп, иә, ондай төте жолды Қарекен өзі де, біледі, әрине. Алайда, дәм тартса да, топырақ тартса да, Алланың қалауымен жол осылай

түскен екен. Ол екі арада Келте мен Сәрік бірінен соң бірі опат болды. Сонда айтқаным бар: «Ақыр бұ жаққа ат басын бұрған екенсің, енді елден аттама, елге ел қосылса құт деген, осы өңірді мекенде» дедім. Соны айтқанда батырдың дауысына сәл өксік араласқандай еді, – көңіл толқуын сабасына түсірген Жидекең сөзін қайта жалғап: – Алла бұйыртып солай болды ғой, біраз жыл мамыражай өмір сүрдік, барыс-келісіміз, алыс-берісіміз ұлғайды. Туыстығымыз нығайды. Оған да шүкіршілік етеміз. Өлмейтін пенде жоқ, қарақтарым! Бұл да, Алланың қалауы. Осыған тәубе деңіздер. Қазаның арты қайырлы болсын. Алла алдынан жарылқасын, – деп жиналғандарға көз тастаған ол:

Тобықтының басы еді Қараменде,

Сирек туар дәл ондай, дара пенде.

Асыл сөзден тең буған мың тоғанақ,

Орта жүздің құты еді, Қара Көмбе, – деп дауысы күмбірлеп, сөзін қайырған Жидекең ел-жұртты сабырға шақырып тоқтау айтты.

Тұс ауа сарым Шабанбай би бастаған бір шоғыр адамдар келіп, бидің туған-туыстарына көңіл айтып шықты. Бұл уақытта кешегі Сеңкібай батыр да, Жарылғап батыр да өмір де жоқ еді, бірақ олардың ізін басқан ел азаматтары қазаға көңіл айтып келіп жатты.

Қаралы ауылға ат қойып ағылған ағайын-туыстың қатары әлі сейілмеген. Байбазардың балаларын бастап Әуез ана келіп кіргенде жоқтау айтқан әйелдердің дауысы тіпті үдеп кетті. Жасы сексеннен асқан Әуез кейуана Тойғанмен ұзақ көрісті, одан соң Жүгері мен Сүймені құшақтап, Бабаң әулетіне көңіл айтып, өзі де солардың қатарына жайғасқан. Келген адамдар үй-үйге бөлініп, қазаға арнап тартылған астан дәм татуда. Әлекедей

жаланған бірнеше аттылы жігіттер табақ тартып, ел аяғы басылғанға дейін, ерсілі-қарсылы жүйткіп тыным таппады.

Ерте ме, кеш пе жұмыр басты пенденің бұ жалғаннан көшері қақ. Қасиетті Қараменде би де тоқсан жасты толғап бақиға аттанды. Өзінің өсиеті бойынша Тоқырауын өзенінің бойындағы Айырықтағы Сәдір қожаның жанынан топырақ бұйырды. Ел жұрты қасиетті би атаны арулап соңғы сапарға жөнелтті. Бабаңды өлді деуге қимаған елдің көңілі көпке дейін суымады. Басына зиярат етушілер де, рухына сиынушылар да аз емес-ті. Сол жылы жайлаудан құлаған ауыл бабаң басына тағы да жиналды, топырағын сипап, бабаңның рухына зиярат етті. Өмірлік сырласы, бар баласының анасына айналған Тойған әже немере-шөберелерін бастап келіп, дауыс айтып:

Дариядай тереңім,  
Ақ алмастай беренім,  
Сенің нұрлы жүзіңді  
Енді қайдан көремін,  
Ақшаригат айдыным,  
Мақтанышым, айбыным  
Сен кеткелі бітпеді-ау,  
Кеудемдегі қайғы мұң, – деп күңіреніп, ұзақ жоқтау айтты.

Содан бері бұл төңіректегі ел Тоқырауын мен Ақтас өзенінің тоғысқан тұсын «Қараменде айырығы» деп атап кеткен. Айырықтың дәл іргесін басып жөңкіле аққан Тоқырауын өзені Ақ теңізге асығуда.

Кей жылдары ол қатты тасып, дүркіреп ағып «сағынышын» баса алмай, Дересіннің тұсынан қиыстап барып Кәрі теңізге құлайды. Тіршілігінде Қараменде би

бұл көріністі талай көрген; талай таңырқап сүйсінген. Жөңкілген өзен – өмір ағысы секілді. Бүгін бидің өзі жоқ, бірақ ол көрген көріністі көріп, ол жүрген жолдармен оның ұрпақтары, тарпаң өзеннің тоқтаусыз ағысы секілді болашаққа жөңкіліп барады.

## V ТАРАУ

### ТУЫСТЫҢ ҚАЙҚАҢЫ

#### 1

Араға ондаған жылдар түсті. Қасиетті Қараменде би де, Сана би де дүниеден озған. Бұл уақытта теңіз жағасын қыстап, жаз жайлауға үдіре көшетін Дадан Тобықты елінің де іргесі кеңіп, еңсесі биіктеп, берекесі арта түскен шақ. Ел билігі Дүйсеке бидің қолында.

Көктем шыға жайлауға шұбыра көшетін ел биыл да сол дағдыдан жазбай қырға, Тоқырауынды өрлей жылжыған. Дүйсекелер ілгері кетіп олардың соңына ала қозғалған Туыстың көші Кенелінің күн шығыс бетін қабақтап Қарақияның үстімен өтпекші. Жаз айларында мал баққан елдің көші-қоны өте жиі. Содан да болар малшылар үлкен киіз үйлердің де басын шақтап, жол бойы еру жасағанда кейде қос тіксе, кейді үш қанат, бес қанат үй тігіп, төрт-бес күнге аял қылатыны бар. Баратын жердің мойны алыс, сооноу Жалаңашқа, Көрпетай-Нұртайға дейін шығандап барып, қыркүйектің соңын ала теңізге құлайтын. Соның өзінде араға бірнеше қонып қарашаны орталап барып қыстауға оралатын.

Туыс соншалықты бай да емес, жарлы да емес, өзіне жетерлік мал-жаны бар, кісі ақысына қол сұқпаған ер мінезді адам-тын. Жасы егде тартса да әлі тың. Әлі баяғыдағыдай ат үстінде ерегіссе анау мынау адамды аударып кетеді. Балалары Бәйті мен Садық та ержетіп, өз

алдына ақарлы-шақарлы үй болған. Кеше інісі Дүйсеке келіп, көш жағдайын көріп кетті. Қасында Балтабайдың Байжомарты мен баяғы Қараменде бидің қасында жүретін Қаржау бар еді ғой, соның немересі Мәнжіғұл бар. Екеуі де жүзктің көзінен өткендей ілкімді жас жігіттер екен. «Соңғы жылдары Дүйсеке сол екеуін қасынан тастамай әр нені көрсетіп, ел ісіне баулитын сықылды.

Ал анау Мәнжіғұлың көзсіз батыр. Жақында ол жолбарыс соғып алды. Не деген жүрек жұтқан! Қорықпай қалай барды екен, а?!» деп соны есіне алып, сүйсініп отырды Туыс.

*Бірінші шегініс:*

Күн төбеден ауған кез. Теңіздің осы тұсын аттылы адам бойламайтын қалың қамыс көмкерген. Айдыннан ескен ақ самал қалың құрақтың төбесін дамылсыз шайқайды.

Ақ теңізді жиектей жүрген үш аттылы күн шығысқа қарай өрлеп келеді. Ауылдан шыққандарына бірер күннің мұғдары болса да жолаушылар еш жерге аялдамады. Тақымдарына басқан жуан шоқпар, айбалта соған қарағанда бұларды әлде бір сойқан сапарға жол тартқан дерсің. Жүрістері баяу. Теңіз қабағына қау болып өскен қалың қамысты іргелей жүрген салт аттылар, ит тұмсығы өтпейтін ну құрақтан көз жазбауда.

– Көргендердің айтысына қарағанда жолбарыс деген осындай иен нудың ішінде жүреді екен, – дейді ақ табан аттың үстінде отырған жасы жиырмалар шамасындағы балғын денелі, еңсегей бойлы жігіт.

Бұл баяғы Қаржаудың немересі Мәнжіғұл болатын. Оның қақпақтай жауырыны, бұдырайған кең иығы, сом тұлғасы жас жігіттің тұла бойындағы буырқанған зор



қайратты мәлімдеп тұрғандай. Мәнжігүл анау-мынау тай-тулақты иығына салып көтеріп кететін сұрапыл күштің иесі. Онысымен қоса көзсіз батырың да, осы Мәнжігүл болатын. Жасында атасы Қаржау ақсақал: «Шіркін, Ақ теңіздің ақырған жолбарысын соқса!» деп армандайды екен. Бірақ жолбарыс соғу о кісіге бұйырмаған.

Ал, Мәнжігүл ше? «Бұған ондай бақыт бұйырар ма?» деп жас жігіттің асау ойы өзіне де ырық бермейтін. Соның бәрі түрткі болды ма, соңғы кезде Мәнжігүлдың теңіз жолбарысына деген қызығушылығы өсе түскен. Тіпті соны бір көруге ынтызар-тын. Жазатайым кезігіп қалса «қапы қалмайын» деп Қарқаралыдағы бір ноғай ұстаға ақысына ту бие беріп, айбалта соқтырып алған. Жай балта емес, жүзі ұстарадай қылпып тұрған; Тиген жерін орып түсетін тұрпатының өзі суық қару. Жайшылықта айбалтасын киіз құндаққа бөлеп, әбдіреге салып қоятын. Одан кейінгісі құралы қара шоқпар. «Құдай сәтін салса осымен де жайратуға болар еді, әй, бірақ, кезіге қояр деймісің. Кездессе аянып та қалмаспын» деп іштей шырығып жүрді.

Қалай дегенмен аңсары аңға ауған Мәнжігүл осы ойдан айыға алмады. Ақыры алашұбар түз тағысымен айқаспаққа бел бұды.

Қасына ергендердің бірі Жармұқан деген Қызылқұмдағы Алыбай, Жасыбайдан тарайтын туысқан, со жақтан келіп Мәнжігүлді паналап жүрген адам. Екіншісі өзінің жақын ағайыны Түсіп деген балуан денелі, қарулы жігіт. Бұл екеуінен бәлендей көмек жоғын Мәнжігүл біледі. Дегенмен «қарайып қасымда жүрсін» деп екеуін ерте шықты.

Үшеуі теңіз жағасындағы ат бауырын сүрткен қалың шалғынды кешіп, күн шығысқа маңдай бұрған. Жасыл

құрақты жиектеп Қараүңгір, Тесіктас деген жерлерді басып өтті. Күн желтең еді. Теңіз беттен соққан еспе жел, аттылы адам бойламайтын қалың құрақтың басын дамылсыз жұлқып, тыным табар емес. Мезгіл бесін ауғанда олар су шайған үлкен құмайт алаңқайға келіп тоқтады. Осы арада аз кем аялдап, торсықтарынан сусын ішіп, бел жазбақ.

– Сендер білесіңдер ме? – деді Мәнжіғұл көзін теңіз тепкілеген көк толқынға қадап:

– Ертеде біздің аталарымыз Шыңғыстаудан көшіп келгенде, бабамыз Қарамеңде би жер шолып келуді Сана би атамызға тапсырған екен. Жарықтық, Санекең ақ атанға мініп, қасына сайыпқырандарын ертіп, жер шолуға шығады. Сонда Санекеңе ергендердің ішінде менің атам Қаржау да болған, Туыс батыр да бар екен. Сол сапарда теңіз жолбарысын менің атам бірінші көріпті. Туыс батыр қызу қанда болса керек, «соғып алайық» деп ұмтылған ғой. Бірақ Сана би: «Кейін, кейін ел қонып, жайланған соң жолбарысын да, басқасын да соғасындар» деп рұқсат бермеген дейді.

– Ал осыдан біраз жыл бұрын біздің ағамыз Көтен балуан аю соқты. Оны білесіңдер ме? О кісінің руы Ақсақ, Бораншы ішінде Арық батырдың ұрпағы. Әрине, аю соғу да екінің бірінің қолынан келетін шаруа емес. Алайда құдыққа құлаған атан түйені суырып алған Жанбай ағамыз үшін аю деген әншейін «тышқан» сияқты бірдеме болса керек. Оқиға былай болыпты, – деп Мәнжіғұл, торсықтағы сусынын бір-екі қылғытып алған соң, жалпақ алақанымен тікірейген мұртын жапыра сүртіп, Көтен балуанның ерлігін баяндай жөнелді:

– Жанбай ағаның, (яғни Көтен ағаның) Жанысбай деген егізінің сыңары болған екен. Сол кісіні қапияда

аю талап, ауыр жарақат алады. Өліп қала жаздап, жыртқыштың тырнағынан эзер құтылады. Мұны естіген Көтен балуан ағасының қайдағы бір «тышқанға» таланғанын намыс көріп, оның жағдайын білуге, тіпті асықпаған екен.

Күндердің күнінде анасы Жанбайға ренжіп:

– Мұның не балам, мықты болсаң ағанның кегін қайтармайсың ба? Оның жағдайын білуге жараманың қалай?! – дейді қамығып. Шешесінің сөзі шамбайына батқан Жанбай ағасын талаған аюды аңдып соның ізіне түседі.

Әңгіменің дәл осы тұсына келгенде қалың қамыстың арасынан әлдененің шыңғырған, жағымсыз ащы дауысы құлаққа келді. Қабанның үні секілді. Қалың нудың орта тұсы теңселіп, құйын жүргендей, аласапыран болдыда кетті. Мәнжіғұл ішіп отырған сусынын тастай бере айбалтасына жармасты.

– Бұл жолбарыс! – деді ол, орнынан ұшып тұрғанда. Со бетте ну жыныстың ішіне сүңгіді.

Сескену деген жоқ, тек ақырған теңіз жыртқышын бетпе-бет көруге асығып, басын жел шайқаған қалың қамысты қақ жарып жетіп келгенде, ит тұмсығы өтпейтін нудың ортасын жапырып арпалысып жатқан жолбарыс пен қабанның үстінен шықты. Өңкіген дәу қара қабан сарыала жолбарыстың асында жан ұшыра қышқырып, «жаналғыштың» тырнағынан құтыла алмай ышқына тыпыршиды. Қызыл жирен жолбарыс лапылдаған от сияқты, жалт-жұлт етіп, қара қабанды шыңғырта шыжғырып жатқандай.

Мәнжіғұл сол екпінімен айқасып жатқан екі дүлейдің тура үстінен түсті. Сол бетте іркілместен қолындағы айбалтасы аспанға жарық етіп көтерілді. Қабанды

алқымдап жатқан жолбарыс арт жағынан келіп қалған адамды сезбей қалар деп ойлаған. Жыртқыш пен адам арасы таяқ тастамға қысқарғанда теңіз шері қауіпті сезіп қалды ма, қабанды босата беріп, ар етіп басын жұлқа көтерді; Сарғыш көзінен от шашып, аузын арандай ашып, айбат шеккен қалпы кісіге тіке шапшыды.

Қас қағым сәт. Мәнжіғұлдың қайқиған айбалтасы зу ете түсті. Жалт еткен балтаның қайқы жүзі көздеген межеден сәл ауытқып барып құлақ пен көздің арасын ала қиғаштай қауіп түсті. Ызаға булыққан жолбарыс шапшып көтерілген алапат екпінімен Мәнжіғұлдың бір иығын соға-моға жер қаба құлады. Балтаның жүзі тиген жерін осып, жолбарыстың бір жақ көзімен, шекесін орып түскен екен. Теңіз шері со құлаған жерінен басын көтере алмады, пысқырып, тірсектері дірілдеп, ыңыранған секілді дыбыс шығарып бір қауым жатып жан тапсырды.

Жолбарыс талаған қара қабан да шала жансар, тырнағы ғана қозғалады. Мәнжіғұлдың қасына ерген көмекшілері қамыстың ішіндегі ғаламат айқасты көруге жүректері дауаламай, жыныстың шетінде жандарын шүберекке түйген. Қаңтарулы тұрған аттардың да көздері шатынап, оскырып, шылбырды үзердей үркуде. Осы кезде:

– Әй, қайдасындар?! Келіндер, қорықпандар! – деген Мәнжіғұлдың саңқ еткен дауысы естілді.

Жармұқан мен Түсіптің буын-буынынан әл кетіп, жүре алса қане? Тіпті Мәнжіғұлдың дауысын естісе де: «Оны жолбарыс талап тастады ма?» деп қыпылықтап, тізелері дірілдеп, қалың нуға қорқа-қорқа кірді.

Жайрап жатқан жолбарысты көрген екеуі өз көздеріне өздері сене алмай абдырап қалған. Тіпті өлген жолбарыстың жанына жақындауға жүректері дауаламай, біразға дейін бөгелді.

– Шын өлді ме? Тұрып кетпей ме? – деп мына кереметке сене алар емес.

Келесі сәтте сырт киімдерін шешіп, кездігін қолына алған Мәнжіғұл жолбарыстың терісін сыпыруға кірісті. Жармұқан мен Түсіп сонда ғана жүректерін басып, Мәнжіғұлға көмекке келді.

Ақ теңіздің төсінде лек-легімен дүркіреген асау толқындар, шапшуылдап тыншу табар емес. Арпылдаған толқынның дыбысы мен шаңқылдаған шағала үні үздіксіз құлаққа келеді. Нар қамыстың ығында тұрып жолбарыс терісін сыпырған Мәнжіғұлдар күн ұясына жақындаған кезде шаруаларын бітіріп, атқа қонды.

Жолбарыс соғып алған Мәнжіғұл астындағы ақ табан аттың сау аяңына салып, қайтып келе жатты. Аттың беліне салбырата бөктерген теңіз тағысының қызыл жирен терісі жерге тиер-тимес саландап, ерекше айбат беріп, тіпті көз қариды.

Көңілі марқайып, ерге бір жамбастай отырған Мәнжіғұл:

– Жігіттер мына бізге бұйырған олжа Жолбарыстың шерісі, яғни, «айғыры». Көрдіндер ме, түгін қараңдаршы! – деп саландап келе жатқан жолбарыс терісін жалпақ алақанымен сүйсіне сипап: – Жүні қызыл жирен болады екен, ә?! Тек бас терісін бүлдіріп алдық, айбалта ондырмай шауып түскен екен, қалған жері бүтін, өткір тырнақтарын да терісіне жібердім.

– Мәнжеке, сіз көзсіз батыр екенсіз! – дейді Жармұқан. – Біз мына Түсіп екеуміз қамыстың ішіне кіруге қорқып бара алмадық. Сізді жолбарыс талап тастаса да бізден, бәрібір, қайыр жоқ екен.

– Жармұқан, бауырым сенің мына сөзіңді ешкім естімесін, сен атақты Жәуке батырдың ұрпағы

емеспісің?!-деп Мәнжіғұл қаркылдап күліп алды.

– Иә оныңыз рас, бірақ жолбарыстың дауысын естігенде аяғымыз байланып жүрмей қалды.

– Жарайды, ең бастысы олжамыз мықты. Бала кезімде атам Қаржау ақсақал айтып отыратын «Шіркін, Ақ теңіздің ақырған жолбарысын соғып алса!» деп.

– Атаңыздың арманы орындалды онда.

– Иә, солай десе де болады, – деп ат белін басқан жыртқыштың терісіне қарап, «жарықтық» өзі де бір табиғаттың сұлу жаратылысы екен,-деп іштей тамсанумен болды Мәнжіғұл.

– Мәнжеке, бағанағы Жанбай балуанның әңгімесін айтыңызшы, ағасын талаған аюды не істеді ол? Өлтіре алды ма?

– Бәрекелді! – деді Мәнжіғұл көңілдене сөйлеп. – Жанбай ағам құдыққа құлаған атан түйені артқы өркешімен құйымшағынан ұстап: «аруак» деп жұлқа тартып суырып алған дейді. Сонда түйенің артқы өркеші, көтеншегімен қоса сыпырылып кеткен екен. Өне, күш деп соны айт! Содан бастап алапат күштің иесі Жанбай ағамызды ел «Көтен палуан» деп атап кеткен. Жойқын күштің иесі болғандықтан «палуан» деген атты қосақтаған болу керек. Болмаса оған дейін ол еш жерде күреске түспеген дейді. Көрдіңіз бе, ол мен құсап жыртқышты артынан келіп айбалтамен ұрмаған. Қорбаңдаған аюды шоқпармен бастан бір-ақ ұрып мерт қылған.

– Сонда бұл жақта аю да бар ма?

– Жоқ. Ол бұл жақта емес. Мына Тоқырауынға құятын Ақтас деген өзен бар, бұл оқиға сол маңда болған, – деп атсоғарымен теріскей жақты нұсқады. – Аюлар ана Қызыларай жағынан келеді екен.

Өйткені Қызыларай тауында аюлар болған, ол қазір

де бар, – деп жолсеріктеріне күлімсірей қараған Мәнжіғұл, – енді аю соғамыз ба, қайтеміз? – деді.

– Менің білуімше жолбарыс соққан адамға аюды құлату, жаңағы Көтен балуан көкеңіз айтқандай «тышқан» соққаннан қиын емес шығар, – деді Жармұқан.

– Оһо, сен жаңа-жаңа күшейіп келесің! – деп Мәнжіғұл қарқылдап күліп алды.

– Рас айтамын, Мәнжеке, Жолбарыс деген кісіге садақтың оғындай атылады емес пе?

– Иә, оның рас, – деп шыбындап келе жатқан Күрән аттың басын тарта ұстаған Мәнжіғұл сәл үнсіздіктен соң, үзілген әңгімесін қайта жалғап:

– Сонымен Көтен балуанның ағасы Жанысбайды өзен бойында аю талады, – дедік қой. Жалғыз аю болса керек. Жанысбай ағамыз жағаласып жүріп содан зорға құтылады. Бірақ ауыр жарақат алып, әупірімдеп үйіне жетіпті.

Анасының сөзінен соң ағасын талаған аюды өлтірмек болған Көтен балуан өзеннің екі қапталынан көп адамды қолдарына даңғырлақ ұстатып аюды үркіттіреді. Тосынан шыққан даңғыр-дұңғыр дыбыстан сескенген аю өзенді жағалап төмен ығысады. Балуан да қорбандаған қоңыр аюдың келуін күтіп, өткелдің аузында, қара шоқпар қолында, қылтада тұрады. Көп ұзамай жер-көкті кернеген даңғырлаған дыбыстан сескенген аю өткелге келіп тіреледі.

Шілденің ыстығы. Бір жағынан өзен бойының шыбын-шіркейі мазасын алған қоңыр аю енді қайда барарын білмей, тұмсығын уқалап қорбиып тұрып қалады. Дәл осы кезде шіліктің арасынан шыға келген Көтен балуан үйдей пәлені қара шоқпармен, басын бір соғып сұлатып салған. Содан бері сол жер «Жанбай өткелі» деп аталып

кеткен. Күш деп соны айт!-деді ол әңгімесін сарқып.

## 2

Дүйсекелер сол күні Туыстың үйіне аялдап, жаубүйрек жеп аттанған. Олардың көші Жәмшінің тұсына барып қалса керек.

Туыс інісі Дүйсекенің елшілдігі мен бауырмалдығына тәнті. «Әкемізге тартқан» деп баз-базда оны мақтан етіп, бала-шағасына айтып отыратыны сол.

«Е, – дейді өткен күндерді сағына еске алған Туыс, – баяғыда біз осы Ақ теңіздің жағасына көшіп келгенде, бұл жақтағы елді де, жерді де танымайтын едік. Әйтеуір әкенің абыройына сендік. Әкеміз барда сырдың суы сирақтан келместейтін. Сана би әулиенің өзі қандай еді?! Жарықтықтар, енді ондай адамдар болар ма екен?!» – деп ойға шомған. Сол-ақ екен есіне баяғы бір оқиға орала бергені:

– Япыр-ай, десеңші! Қанша жыл өтсе де сол бір сәт әлі күнге көз алдында. Онда бұлардың ауылы жайлауда отырған. Санекен бұған: «Мен ертең Қарқаралыға барғалы отырмын, Туыс менімен бірге жүрсін» деп хабар жіберген. «Санекендей әулиенің соңына ерудің өзі неге тұрады» деп Туыс со жолы Қарқаралыға бірге барды. Арнайы үй тігіліп, елдің айтулы билері бас қосқан үлкен жиын екен, алқалы отырыста Сана биде сөз сөйлеп шешендік өнеріне көпшілікті тәнті етті. Сонда таңдайына құс қонған не бір жүйріктермен қабаттаса Санакен айтқан мына бір сөз оның жадына жатталып қалған:

– Ел-жұртың сені би деп танысы, саған сенім артса ол Алланың аманаты. Сондықтан аққа да, караға да бұрмай, құдайдың алдында тұрғандай адалын айт. Алланың атымен айт. Құдай сенен әділдікті ғана қалайды» деген



еді Жарықтық!

Алланың әмірі, келесі күні Сана абыз күтпеген жерде қатты ауырды. Науқастың сауығып кетуін тосқан Туыс бір-ер күн аял қылды. Сөйтсе де «қапы қалмайын» деп дереу Санекеннің баласы Айтбайға хабар жіберген. Сол күндері науқастың беті бері қарамай, жіберген жаушыдан да хабар кешігіп, Туыс қатты састы. «Қалай болар екен?» деп байыз тапсашы. Бір заматта «селт» етіп ес жиған абыз атасы, елдің үлкендерін шақырып өзінің бұл фәни жалғаннан кеткелі жатқанын айтты. Көңіл сұрай келген жақсылармен бақұлдасып:

– Мені ақ атанымның үстіне қомдап жатқызыңдар. Сонсоң атанның бұйдасын мойнына іліп қоя беріңдер. Түйе қай жерге шөксе сол жерден маған топырақ бұйырсын деді. Арғы-бергіде мұндайды кім көрген?! Бірақ Абыз атаның бұл соңғы тілегі ғой, жиналғандар қарияның айтқаны болсын деп шешті.

Көшпелі елдің ғұрпында мұндай бар ма, жоқ ба, оны ойлайтын уақыт болмады. Сонымен аттылы адамдар ақ атанның соңына ерді.

Жаздың ыстығы бет шарпып тұрған кез. Бұлар Қарқаралыдан енді шыға бергенде жылап еңіреп, Айтбайлар да елден жеткен-тін. Әйтеуір әкелерімен бақұлдасып үлгерген балалары соны көңілге медет тұтты.

Ақ атан тоқтамай жүріп бір тәулік дегенде Тоқырауын өзенін қиып өтіп, бөгелместен ілгері кетті. Еріп келе жатқан адамдар түйе су ішетін болар деп ойлаған, бірақ ақ атан суға мойнын бұрған жоқ. Әуелгі қалпынан жаңылмай маң-маң басып оң түстікке маңдай берген. Шыжыған күннің ыстығын да, соңынан ерген аттылы адамдарды да қаперге ілетін емес. Күн сәскеге жақындағанда Тоқырауын өзенін қабақтап келіп, Жетім

шоқының шынтағында жатқан жалғыз төбенің басына шығып тоқтады. Жануар со қалпы еш қайда қараған жоқ, басын жерге де салмай төбешіктің қыр жотасында маңқиып біраз тұрды. Ақ атанды өкшелеп келе жатқан азаматтар, төбенің етегіне келіп түйеден көз жазбай: «Шөгер ме екен, қайтер екен?» деп иіріліп қалған. Бәрі үнсіз. Төңірек тылсым тыныштыққа батқан.

Шыжыған күннің ыстығын ешкім елейтін емес. Кенет Ақ атан ырғалып қозғалды. Әншейінде бақылдап, ыңыранып жүретін ақ түйе үн-түнсіз төбенің басына баурын төсеп жайлап шөкті. Сонда ғана етекте тұрған адамдар жапа-тармағай аттарынан түсе-түсе қалып, төбеге жаяулап шықты.

Туыс бастаған кісілер Ақ атанның мына ғажабына таңырқап: «Мынау жәй түйе емес, киелі жануар шығар» деп ойлаған. Ең ғажабы қомды шешкенде Сана бидің денесі әлі суымаған екен.

Туыс батыр абыз атаның ақ күмістей желбіреген сақалынан сүйіп көзіне жас алды. Арыстың азаматтары жиналып, Сәдір қожаның ұлы Сарқұл қожа бас болып ақ атан шөккен төбенің басына Сана әулиені арулап қойды. Сол күні Сана бидің Ақ маясы көпке дейін төбенің етегінде тыпыр етпей шөгіп жатты. Қарбаласып жүрген адамдар оған көңіл бөлмеген. Ертеңінде Сана бидің балалары Айтбай мен Қайран Ақ атанды жабыла іздеп таба алсашы?! «Суға құлады ма?» деп іргедегі өзеннің бойын сүзіп шықты.

Түйе жоқ. Төбенің етегінде шөгіп жатқан Ақ атанды елдің бәрі көрген, алайда оның тұрғаны, не жүргені тірі жанның көзіне түспеген. Айтбайлар ат жетер жерді шарлап Ақ атанды ұзақ іздеді. Ұрлап кетті дейтін емес, «абыз атамен бірге бақиға өтіп кеткен болар» дейді

біреулер. Кім білсін, бұл өмірде біз білмейтін жұмбақ көп қой. Әйтеуір, ойсыл қара содан жоқ.

Одан бері біраз жылдар өтті. Туыста жер ортасы жастан ауды. Жыл сайын Тоқырауынды өрлеп жайлауға көшкенде әуелі Сана бидің басына одан кейін Айырықта жатқан әкесі Қараменде би мен Сәдір қожаның, ағасы Келтенің зиратына соғып құран бағыштайтын.

«Ашу – дұшпан, ақыл – дос» деп үнемі ақыл айтатын әз анасы Тойған жарықтық та, бұл күнде дүниеде жоқ еді. Ол да Айырықтың қара бұйра топырағын жамылып, мәңгілікке тыным тапқан. Анасының басына соғып топырағын сипауды Туыс қадесінен шығарған емес.

Биыл да сол әдетінен жаңылмаған бұлардың көші қиыстай жүріп, Дастар тауының күн батыс шынтағында жатқан Айнабұлақтың жағасына бірер күн еру жасауға бөгелген. Дүйсекелер келіп кеткеннен кейін екінші күні Туыс өзінің айтулы жүйрік атын жылқыға жіберді. Көш бойы Бозайғырды, әсіресе түнмелікте, белдеуден босатпаушы еді, сол күні неден жаңылғаны белгісіз айғырды жылқыға қосып жібергені.

Бұл өлкенің ұры-қары көп болатын. Көшкен елдің жолын торыған суық қол мал ұрлаудың не қилы әдісін игерген. Жайлауға қонған жақсы, бірақ көш жөнекей ұры-қараның суық қолынан-ақ бұлар зәтте болған. Туыстың аулы да екі шоқып, бір қарап мал күзетін күшейтіп, қапы қалмауға жұмылуы содан. «Тау бөрісіз, ел ұрысыз болмайды» деп би әкесі айтпақшы, бұл күндері төрт аяқты бөріден «екі аяқты қасқырдың» қатері басым. Туыс содан қауіп қылады.

Күн ұясына қонғанда Туыс мырза үйге кірді. Май шамның сәулесі болар болмас дастархан басына сәуле шашып тұр. Бәйбішесі мен екеуі бала-шағасының

ортасында шүйіркелесіп отырып кешкі астарын ішті. Дастархан басында отырып үлкен ұлы Садық:

– Әке, ауылға ат қалдырмағансыздар ма?

– Иә, бозайғырды бүгін жылқыға қосып жібердім. Көшкеннен бері арқасы ерден босамады. Жақан қойшының торшолағы бар. Жылқы қарасаңдар соған мінесіңдер. Ол өзі ұшқыр ат, – деді.

– Құдай сақтасын, – деді Садық, – Онымен қайда барамыз!?

– Балам, уайымдама. Алла сақтар!

Бұл әңгіме сонымен бітіп бәрі астан соң дем алуға ыңғайланды. Баласының сөзінен соң ойланып қалған Туыс жатар алдында далаға шығып, маңайды шолып, тың-тыңдап бір қауым сыртта жүрді.

«Ұрысы құрғырды қалай ойдан шығардым» деп көңілін алаң торлаған. Ақыры үйге кіріп, киімшең жантая кетті. Неге екенін қайдам, кірпігі жабыспай ұзақ жатты. Ойына баяғыда барымтада опат болған ағасы Сәрік келді.

Бәрі күні кешегідей көз алдында, қанша жыл өтсе де сол суық түн есінен еш кеткен емес. Әкесі Қараменде би бір сұмдықты күні бұрын сезді ме, «жылқыға сақ болыңдар» деп қатты ескертті. Сол күні бәріміз жылқы да жүрдік. Жарықтық Дәуқара мен Тілеулі батыр бар еді. Екеуі де елге пана еді ғой.

Тымық түн еді. Ай батқан кез. Маңайды қою қараңғылық басқан. Кенет қалың жылқының бір бүйірі дүркіреп үркіп, шұрқыраған жабағы, тайлардың дауысына ұласып, табан астында аласапыран басталды да кетті. Байқатпай келіп қосылған ұрылар қойға шапқан қасқырдай, қалың жылқыға араласқан екен. Іле айғай-шу. Қараңғы түнді қалтыратқан ашулы дауыстар, дауыл

соққандай, түнгі аспанды кернеп кеткен-ді.

«Қайран, Сәрік Ағатайым-ай! Сол түні қапияда көз жұмды- ау!» деп күрсінген Туыс екінші бүйіріне аунады. Сөйтіп жатып талықсып ұйықтап кетті.

Түсінде қалың жылқының шетін қайыра алмай арпалысып жүр екен. Жылқының бір шетінде ағасы Сәрік, тура өзі, тақымында баяғы сүліктей қаражорға ат бұны шақырып тұрғандай. Атсоғарын білем деп ұстаған қалпы бұған «жылқыны қайырмай-ақ қой, бара берсін», деп қол бұлғайды. Бұл болса «ағатай, ағатай» деп жалаң аяқ, жалаң бас жүгіріп келе жатып оянып кеткені. Осыдан кейін ұйықтай алмай дөңбекшіп ұзақ жатты.

Түнгі дала тып-тыныш. Айнабұлақтың сылдырап аққан суы, бақаның құрылдаған дыбысы құлаққа еміс-еміс жетеді. Ай тумаған қараңғы түн екен. Аспанда самсаған жұлдыздар бытырай шашылып жылт-жылт көз қысады.

Әні-міне дегенше жаздың қысқа таңы сібірлеп атып келе жатқан. Дәл осы кезде алыстан айғайлаған дауыс Айнабұлақта отырған ауылға қарай сүрініп-қабынып ұшып келе жатты.

– Жау! Жау! Құлаққа түрпідей тиетін жағымсыз айқайдан мүлгіген тыныштық шошып оянған. Киіз үйде жатқан Туыс басын жастықтан жұлып алғанда:

– Жау! Жау! Жау тиді жылқыға! – деген жылқышы жігіттің қарлыққан дауысын анық естіді.

Орнынан атып тұрған ол бірден белдеуде тұрған торшолаққа ырғып мінді. Жасының жер ортасынан асқанына да, тақымы толмайтын атқа мінгеніне де қараған жоқ, шаба жөнелді. Шоқша сақалын жел тарап, теріскейге қарай құйғытып бара жатты. Жылқы алған жау ұзап кетсе керек, әлде торшолақтың жүрісі өнбеді ме, әйтеуір күн көкжиекке көтерілгенде ғана жаудың қарасы

көзге ілінді. Астындағы атта ақ көбікке малынған. Сонда ғана ол найзадан басқа қару алмағанын білді. Айбалтасы да, алмас қылышы да бар еді.

– Өттеген-ай! Бірақ өкінері жоқ, найзадан артық қандай қару керек. Қайыңның безінен шапқан ақ найзасының қолға іліккеніне де шүкір.

– Жылқыға тиген кім болды екен? Кім деуге болғандай: «Ел ұрысыз, тау бөрісіз болмайды», деп баяғыда әкесі Қараменде би айтты емес пе? Кім болса да арты жақсылық болмағаны.

Жаудың қарасы көрінгеннен бастап Туыс найзасын тік көтеріп, түгел түйреп тастайтындай өршелене ұмтылды. Жақындаған сайын анық аңғарғаны – барымташылар, тіпті асығатын емес, жайбарақат, жылқыны иіріп тастап өздері қаужаңдап ас ішіп отырғандай. Шамасы бұлар, Туыстың атақты бозайғырының жылқыда жүргенін көрген. Сонсоң енді бізге келетін қауіп жоқ, бәрібір қуып жете алмайды десе керек. Бірақ «мал ашуы – жан ашуы» деген шыдата ма?! Қойторымен-ақ қарақшы топтың үстінен түскен Туыс бұларды қуып жүріп қыратындай қаһарға мінген.

Сол сәтте ұрыларда қуғыншының кеп қалғанын көрді. Ақырып айбат шегіп, төніп келе жатқан басқа емес, Туыстың өзі екенін білген барымташылар бірден аттарына жармасты. Құйғытып жеткен Туыс өзіне апыл-ғұпыл қарсы шыққан біреуін найзамен іліп тастады. Келесі біреуі ақырып сойылын сілтеуге ыңғайланғаны сол еді олда Туыстың найзасына шаншылып, боз көдені жастанып қала берді. Сонда ғана ұрылар торшолаққа мінген қуғыншының тіпті де осал емесін аңғарып, жан-жағынан анталап, жабыла шеп құрып шабуылға көшкен. Осы кезде ақырып тап берген өңкиген дәу жігіт сойыл

сілтемге жақын келіп құлаштай ұрғаны. Бірақ сойылы межелі жерге тимей, жау екпінін енді қайтарам дегенше мұның найзасы оның көкірегіне сақ етіп қадалып, қайта суырылғанда бұрық ете қалған қызыл қан ердің қасын жуып, нардай жігіт шайқалып аттан құлады.

Сол екі арада ту сыртынан келіп қалған барымташылардың бірі мұны оңдырмай шүйдеден ұрып жіберді. Ауыр соққы тиген Туыс аттан құламауға тырысып ең соңғы күшін жинап, өзіне қарсы сойыл сілтегелі жақындап қалған жаудың тағы біреуіне найза түйрегісі келді, сол оймен ақбауыр найзасын қарсы келе жатқан жауға бар күшін сала лақтырды. Мұның қолынан адырнадан ұшқан жебедей ақ найза тағы біреуінің көкірегін қаздай шулатып ажал құштырар еді, әттең, еркін жетпеді. Оның есесіне маңдайына сақ ете қалған дұшпанның ауыр соққысымен жарық күн жалп етіп сөнгендей, жүзін қан жуған Туыс ат жалын құшып, меңіреу үнсіздікке батып бара жатты. Осы кезде жаудың келесі бір өлермені әл дәрмені таусылуға жақындаған жанкештіні ақ сойылмен тағы да сілейте соғып өтті.

Дұшпанның үшеуін жер жастандырып, біреуін жаралап, өзі де боз бетегенің үстінде көк аспанды жамылып, Қарақияның аңғарында, бала-шағасының ырзығы саналатын бір қос жылқысын суық қолдан қорғап, Қарамеңде бидің қайсар ұлы Туыс батыр опат болды.

Барымташылардың тірі қалған екеуі қаспен-көздің арасында ажал құшқан достарының өлгеніне сене алмай аңырап; не болғандарын түсіне алмай, еңселері езіліп, меңірейіп отыр. Мелшиген дала. Мылқау түз, ол да мәңгіріп, ауыр қайғыдан ес жияр емес.

Сөйткенше болған жоқ, қараң-құраң етіп осылай қарай шауып келе жатқан бірнеше аттылы қуғыншылардың

төбесі көрінді. Сонда ғана есеңгіреген екі ұры ербендеп аттарына міне сала бой жасырды.

Әкелерінің ізін қуа жеткен Туыстың балалары Бәйті мен Садық және ауылдағы ер азаматтардың дүрлігіп жеткен беттері-тін. Жайрап жатқан әкелерінің үстінен түскен балалары естері шығып, не болғандарын білмей аңырады. Айдың аманында арыстай азаматынан айырылған азалы ауыл Қарақияның етегінде қара жамылды. Тез ес жинаған Бәйті Дүйсекеге шұғыл ат шаптырып хабар жіберді. Олар келгенше әкелерін жөнелтудің қамына кіріскен. Ауыр хабарды естіген Дүйсеке баласы Молдажан мен Қозжанды ертіп, Сарқұл қожа, Байжомарт пен Мәнжіғұл бар бір топ адам түн жарымында суыт келді. Ағаларының қазасын естіген Қараменде бидің балалары: Бәйгелді мен Жолдықара, Байжарық, Сәріктің немерелері: Байтөле мен Нақберлі, Бақберлілер хабар тиісімен, қалай жатсын, түнделетіп оларда жетті. «Ел аман, жұрт тынышта бұл не сұмдық?» деп ел-жұрт аза тұтты.

Қарақияның қайқаңына Туысты арулап жер қойнына берген туған-туыстары, оның төменгі жағына өзімен арпалысып мерт болғандарды жерледі. Туыс батыр осылай өмірден озды. Артында қара жамылып аңыраған бала-шағасы, ағайын туғандары қалды. Азаға жиналған ағайындар алдында Дүйсеке би өкініп, өксіп:

– Ойратпен шайқасып өлсең арман жоқ еді, Жан Көке! Қазақтың барымтасынан көз жұмғаның-ай! Біздің маңдайымызға осыны жазған ба, Аллама-ай?! – деп ашынып, аһ ұрып аза тұтты.

Сарқұл қожа сабырға шақырып, тоқтау айтты:

– Тәубе қылыңыз. Алла алдынан жарылқасын, бұл шаһит өлім. Әулетінің ақ-адал малын, бала-шағасының



ырзығын қорғап шәйт кетті. Қазақ мал жиса тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетсін демейді. Құдайдың берген берекеті, деп жинайды. Аллаға тәубе қылыңыздар. Туыс марқұмның иманы саламат болғай. Сабыр етіңіздер,- деп басу айтты.

Марқұмдардың жаназасына арналған жиынға қарсы жақтың да бас көтерер азаматтары келіп, жағдайдың қалай болғанын естіп білген соң әуелі опат болғандардың сүйегін жер қойнына берейік, қалған шаруаны кейін шешейік деп бәтуаласқан.

Ағасының қырқын өткізген соң Дүйсеке би қарсы жақтың уәжін тыңдап, ағасына құн төлеуді талап етті. Бірақ екі жақтан да кісі өліп отыр, мұндай жағдайда не істеу керек, құнды кім кімге төлегені кәміл,- деп бұра тарты.

Осылайша ырғасқан дауға ара ағайындар араласып келер жылы Туыстың жылын берген кезде даудың оты тағы өршіді. Дегенмен сөзге көнген қарсы жақтың билері қалыңсыз екі қыз беруге уғдаласты.

Содан бері Қарақия асуын жергілікті ел «Туыстың қайқаңы» деп атап кеткен.

### 3

Қасиетті Қараменде би дүниеден озған соң Ақ теңіздің жағасын мекендеген Дадан Тобықты елінің ендігі биі Дүйсеке болатын. Дүйсеке қал-қадірінше мұндағы елдің мүддесіне қызмет істеді; елдің жаз жайлауын, көшіп-қонуын бір арнаға түсіруге күш салды. Мал баққан ел жазда сонау Көрпетай-Нұртайға, Қаражал-Маутанға дейін шығандап барып, күз түсе теңіз жағасындағы, қысқы қонысына оралатын. Осындай мамыражай күндердің бірінде Дүйсеке би Қарқаралы округінің

құрылу салтанатына қатысуға барды.

Бұл 1824 жылдың жаз айы болатын. Ел іші тыныш емес-ті. Жері мен еркіндігінен айрылып, өзгеге отыры болып, соған іштен тынып отырған ел «Қарқаралы округі ашылады» дегенде тіпті толқып кетті. Осы кезде Қасым төренің үлкен ұлы Саржан сұлтан бастаған қарулы жасақ округтерге, приказдарға, керуен жолдарына тұтқиыл шабуыл жасап, Патша әкімшілігінің үрейін алды; Осы «сойқанды» басу үшін Омбыдан шұғыл қарулы жасақ шақырылды; Мұздай қаруланған патша әскерінің күшіне шыдамаған Саржанның қолы шегінуге мәжбүр болды. Осыдан кейін-ақ, халық наразылығын сезген патша әкімшілігі қарулы жасақты округтің ортасына тіреп қойды. «Тыпыр етші қане?!» деген секілді.

Дуан сайлауының алдында жан-жақтан ағылған қисапсыз ел тынши алмай, орыс ұлықтарының ойын жүзеге асырмауға тас түйін еді. Тағы да бір оттың тұтанып кету қаупі төніп тұрған.

Соны сезген патша әкімшілігі елдің сұсын алу үшін, зеңбіректен оқ атып, Қарқаралының тау-тастың тітіркентті. От қарудың үнін естімеген қыр қазағының үрейі ұшып, пысы басылып қалған. Дүйсеке сол бір сұрапыл сұсты көрді, көрді де көңілі құлазыды. Күш тең емес, келер күннің кесапатын содан сезгендей-тін.

Патша билігі дегенін жасап 1824 жылы сәуірдің сегізі күні Қарқаралы округінің аға сұлтанын және оның орынбасарларын сайлады. Осылайша Орта жүздегі хандық билік жойылып, Патшаның «Сібір қазақтары туралы Жарғысы» қазақ қоғамының өмірін мүлде басқа арнаға бұрған.

Алғашқы кезде Қарқаралы округінде он алты болыстық құрылып, болыс басқарушылары сайланды. Тобықты

(Дадан Тобықты) болысының басқарушысы болып сұлтан майор Бөкейханов\* сайланды. Содан бері де зырқырап алты-жеті жыл өте шықты. Жасы сексеннен асып, сақал, шашын қырау шалған Дүйсеке «мына аласапыран заманда елдің ертеңі қалай болады?», деп соған алаң. Баяғыда әкесі Қараменде бидің бар кезінде «ел тағдыры» дегенге Дүйсеке дәл бүгінгідей алаң болмаған шығар. Ол кезде жас еді, алдында аға, артында іні бар дегендей; Қаратаудай қасқайған әкесі бар, Сана абыздың өзі қандай еді. Қазір кім бар, кімге сенгендейсің?!

Соңынан ерген Жантас, Байжомарт пен Мәнжігүл секілді бауырларының қай-қайсы болса да қапысыз алғыр. Солай десе де, күдік көп, сенім аз. Ең әуелі осы үш арыс елдің бірлігін бұзбай, тірлігіне сеп болса деген ойға шомады.

1831 жылы желтоқсан айында Қарқаралыдағы ұлықтардың ұйғаруымен Дадан-Тобықты еліне болыс болып Сұлтан Дастанбек Көшімов\* деген төре сайланды. «Төресіз ел, төбесіз жер болмайды» деген тәмсілге бой алдырған ел-жұрт Дастанбек сұлтанды жылы қабылдады. Онымен бірге ауыл старшындығына Кебек Қалымбаев пен Айдабол Дулатов тағайындалды.

Бұл уақытта теңіздің теріскейіне қоныс тепкен елдің мал-жаны өсіп, кемелдене түскен кез. Ақ теңіздің жағасына алғаш көшіп келгенде, көшке ілескен елдің саны жүз отыз түтіннің әр жақ-бер жағы еді, қазір 931 шаңыраққа жетіп, халқының саны алты мыңнан асқан. Сол кезде шыр етіп жерге түскен сәбидің өзі бүгін де елуге иек артқан. Ұршықша зырлаған уақыт деген сол.

Әйтсе де заман тыныш емес-ті. Бұл уақытта Кенесары сұлтан бастаған қарулы жасақтар орыс бекіністеріне бөрідей тиіп дүрліктіріп жүрген. Тіпті ана жылы

Қарқаралы бекінісіне шабуыл жасаған Саржан сұлтанның жасағы аға сұлтан Тұрсын Шыңғысовты өлтірмек болған. Әйтеуір, ажалсызға себеп боп, жүзбасы Карбышевтің отряды тұтқиыл келіп, сұлтанды қанда қырғыннан құтқарып қалды.

Ел ішіндегі қалыптасқан жағдай туралы Дүйсеке Дастанбек сұлтанмен де пікірлесіп көрген. Хандығымыз жойылған, сиырдың бүйрегіндей бөлшек-бөлшек, қара тобыр халыққа айналдық. Ортамызды ойып орныққан әскери бекіністер қара халықты қарауылға ұстап тұрғанын көрдік. Тыпыр етсең аямасы қақ.

Әрине Кенесарыға бүйрегіміз бұрады-ақ, бірақ оның соңы қалай болады? Соған сенімі кәміл емес. Тым бел алып кеткен орысты ойсырата жеңуге қазақтың қауқары жете ме? Оның үстіне қазақтың өзі қазір екі жарылған; патшадан шен алып шекпен кигендер орысқа бас шұлғиды. Мына Қарқаралы округінің аға сұлтаны Тұрсын Шыңғысов, анау Аякөз округінің аға сұлтаны Сарт Жошыұлы, Ақмола округінің аға сұлтаны Құдаймендіұлы Қоңырқұлжа, Көкшетау округінің аға сұлтаны Уалиханұлы Ғұбайдолла тізе берсең көп қой, осылардың бәрі де патшадан шен алып, шекпен кигендердер енді олардың одан айырылғысы жоқ. Басқыншы ел мұның бәрін әріден ойластырып, зымияндықпен жүзеге асырған. Бөлшектеп бөліп алып; бір-біріне айдап салып; билеу деген осы болар, сірә. Осы бір сындарлы шақта Кенесары сұлтанның орыс отаршыларына жасап жатқан қарулы қарсылығы қай жағынан алсаң да қасиетке ие. Осының бәрін ой таразысынан талай өткізген Дүйсеке «бір ханға бағынып, жұдырықтай жұмылған ел емеспіз, ханымыз жоқ қара тобырмыз», деп іштен тынады.

## **ЕКІНШІ БӨЛІМ**

## ШЫРҒАЛАҢ

*Қоғалы көлдер, қом сулар,  
Кімдерге қоныс болмаған.  
Саздауға біткен қара ағаш,  
Кімдерге сайғақ болмаған.  
Шалкиіз жырау*

### I ТАРАУ ЕСПЕНІҢ БОЙЫНДА

#### 1

Көкжиекті түртіп ашып таң рауандап келеді. Таңғы тыныштыққа ұйыған ауыл ұйқыдан әлі ояна қоймағандай. Ерте тұрып бүкшендеп шаруа қамына кіріскен бірді-екілі әйелдер мен малшылар — қадау-қадау төбе көрсетеді.

Киіз үйдің түндігінен түскен күн сәулесі, күміс жебедей созылып төр алдындағы оюлы текеметке қиғаштай қадалған. Керегеге тұтқан түскиіздердің өрнегі де шаңырақтан шашырай төгілген күн нұрымен құлпыра түрленіп, үй ішіне ерек сән берген. Бұл – Байжомарттың үлкен үйі, бәйбішесі – Іңкәрдің отауы.

Шапанын желбегей жамылған Іңкәр бәйбіше «отағасын оятып алмайын» деп сыбдырсыз түрегеліп далаға беттеген. Бірақ Байжомарт ояу еді. Кейінгі кезде мақсатына жете алмай, тауы шағылған ол іштей күйінетін. Баяғы «төресіз ел болмайды» деген тәмсілдің де күні озды ма, қайдам, Дастанбек сұлтаннан соң Дадан Тобықтыға Түйтебайдың Жантасы\* болыс болды.

Байжомарт қанша арпалысса да кандидаттан әрі аспай беті қайтып жүрген. Сөйтсе қарсыластың нағыз азулысы – Түйтебайдың Жантасы екен. Болыстықтан дәмелі деген оғыландарды он орап әкететін қабылан – осы Жантас

ба деді ол. Содан бастап Байжомарттың билікке деген ұмтылысы сәтсіздікке ұрына берді.

Бегілікке таласу деген қай заманда да осылай болған шығар. Жантас пен Байжомарт арасындағы текетірес бір күні лап етіп тұтқиыл тұтанды. Байжомарттың есіне сол бір көңілсіз көрініс ойламайын десе де жиі оралады. Оралған сайын жүйке жүйесін қажайды. Қазіргі сәтте де өткен күннің келеңсіз оқиғасы көз алдынан көлбең ете қалды.

...Жаз айы болатын. Күн сәскеге тырмысқанда жан-жақтан ағылған аттылы адамдар Дересіндегі Оразай тораңғысының тұсына топ-топ болып жиналып, ширғып тұрды. Кейбіреулері тақымға шокпар қыстырған. Ашулы адамдар. Екі топ бір біріне қарсы келіп, бұйрық тосуда. Ең ғажабы бұлар «атаң кім?» дейтін емес, бәріде бір елдің өрендері. Ал қазір?.. Қазір бірі Жантастың, бірі Байжомарттың жақтастары болып екі жарылып шайқасуға, сойқан соғысқа леп беруге әзір тұр. Бойларын өшпенділік өрті жайлаған секілді.

Дәл осы кезде алыстаан, әлде біреудің жан ұшыра айғайлаған дауысы талып-үзіліп құлаққа шалынды.

– Бұл не? – деп жиналған көпшілік тосын дыбысты түсіне алмай қалған. Сөйткенше болған жоқ жер түбінен жаңғырып:

– Тоқтаңдар! Тоқтаңдар! деген айғай тағы да естілді. Жанжалға кезек бергелі тұрған қалың топ бір сәт:

– Бұл кім-ей?! – десіп, дауыс шыққан жаққа өңештерін соза үрке қарасты.

Көпшілік енді байқады: шапанының етегі екі жаққа кетіп біреу құс болып ұшып келе жатыр.

– Тоқтаңдар, тоқтаңдар!

Дауысы өзінен бұрын жетіп, тұтанғалы тұрған

жанжалды бөгеп тастағандай.

– Мынау өзі кім, адам ба?! Құс болып ұшып келе жатқаннан сау ма?! – деп ел аңтарылды. Соны айтып, ауыз жиып болғанша әлгі адам екі жарылған топтың тура ортасына жетіп қалт тоқтады. Екі қолы жайылып екі жаққа кеткен. Үстінде етегі сөлендеген жұқа шапан, басында зерлі сұр тақия.

– Тоқтаңдар! Сабыр етіндер! Ағайын арасы ашылады, ашуларыңды беріндер! Құдай үшін! Құдай үшін! – деді ентіге-алқына сөйлеп. Оған оқты көзімен ата қараған Жантас мырза:

– Әй, Қожа-ай! Тағы да сенбісің, жоламады бөгеген! – деп қаһарын төге сөйледі. Сөйтті де теріс айналып жүріп кетті.

Осыдан кейін егер болған екі жақ ақырын-ақырын тарай бастады. Бір жанжалдан аман қалғандарын өздері түсінді ме, кім білсін, әйтеуір, екі жақтың адамдары да қожаға жапырыла келіп сәлем беріп жатты.

Көптің ішінен мұртты тебіндеген ұзын бойлы, қара сұр жігіт ордаңдап суырыла шығып:

– Беу, қасиетіңнен айналайын Пайғамбарымның жұрағаты, сен болмасаң не боламыз?! Бір сойқаннан аман қалдық! – деп қожаның қолын алып, құшақтап тұрып:

– Уа, туысқандар! Кешегі Қараменде би бабамыз пір тұтқан Сәдір қожаның ұрпағына, мына Сарқұл қожаға рақымет айтыңдар! Болмаса қазір не болар едіңдер?! – деді. Атасы Мәулен ақсақал құсап, көзі күлімдеп суырыла сөйлеген Жандыбайдың сөзін ешкім назарға іле қоймады. Осы кезде топ ішінен саңқ ете қалған Бықының Тұрыш деген ақын баласы, баяғы Сана бидің шөбересі, соның дауысы елді елең еткізді:

– Беу, жолың болғыр Жандыбай-ай!

Жұртың жүр бірін-бірі бағаламай,  
Береке-бірлігіңді сақта, деші,  
Ырылдап өзді-өзінді табаламай,  
Арыстың арындай ед бабаларым,  
Не дер еді мұны көрсе даналарым.  
«Бекем бол бірлігіңе» деуші еді ғой,  
Соған да жетпеді ме шамаларың! – деді.

Шынында да, со жолы біреуіміздің жазым болуымыз кәдік екен-ау, – деп Байжомарт өткен күнді күрсіне еске алды. Қалай дегенмен ол кезде Жантас мырза бел алып тұрған.

Байжомарт қанша жұлқынып қайрат қылса да, жолы сәтсіз, тіпті болыстыққа үміткер болуға да қауқары қалмаған. Алыс жақынға сөзі өтетін Жантас мырза бұны етегіне отырғызса қане, онымен жұлдызының үйлеспеуі де содан еді.

Осындайда ойына Мәнжіғұл оралады. Өмір бойы өзімен үзеңгілес жүрген туысқаны, құланшының құлжасы — Мәнжүғұлдың Байжомартқа іші салқын. Айтары жоқ, солай. Мұның сөзін сөйлеуге Мәнжекең неге құлықсыз? Екеуінің арасында бір салқындық бар. «Ненің салдары, ненің салқыны?» деп ұзақ толғанады Байжомарт. Жалпақ жатқан Дересінді бір атаның баласы болып жайлаймыз. Бір болыс елміз. Осындайда ойына Дүйсеке марқұмның бауырларына айтқа аманат сөз орала береді. Со жолы Дүйсеке жарықтық алғаусыз ақ жарылып: «Заман өзгерді, ендігі жерде орыстың сызып берген заңымен жүреміз. Мына алдымыздағы «сайлау» соның көрінісі. Бұл «сайлау» қазақтың мүддесімен қалай қабысар екен? Ұжым бірлігімізге үйлесер ме екен? Ел ішінде алауыздық тумас па?» – деген қаупін бүкпеді.

Қиыннан қиып шешім айтатын билер заманының



келмеске кеткенін де сонда айтты. «Қандай жағдай болса да елдің бірлігін сақтаңдар, арысқа адал болыңдар, осы талаптың үдесінен шығатын азаматқа сенім артыңдар», -деп еді сөзінің соңында. Бұл— Дүйсеке бидің кейінгіге қалдырған тілек-батасы. Аманаты. Одан бері арада ойпы-тойпы ондаған жылдар өтті.

Қарап отырса Дүйсекенің қаупі айны- қатесіз келген. Ойлашы өзін:

«Бұлар, атасына нәлет, болыстыққа таласты ма, таласты. Ағайын арасына көлеңке түсті ме, түсті. Сонда Дүйсеке бидің қалдырған аманаты қайда?» – деп өзін өзі тергеуде.

Заманында Қараменде би бабамыз:

«Қазақ жолы – қанағат,

О, да жолдан адаспас.

Қасандау емі шарығат,

Оған ешкім таласпас» – деп Әнет бабаның сөзін жиі айтады екен. Сөйтсе о замандағы билер қандай шешім шығарса да алғаусыз әділдікті айтып, екі жақты келістірген.

Беу, шіркін! Аруағыңнан айналайын аталарым-ай! Ол кісілердің заманында бұл ел бабамыздың дегенінен шықпайтын. Оның әр сөзін кұранның аятындай қабылдайтын. Бабамыздың бір сөзі бар еді ғой:

«Адасқан сиырды тана бастайды,

Қартайған әкені бала бастайды.

Бала жақсы болса дана бастайды,

Жаман болса бықсытып,

Шаланы қолына ала бастайды», – деген соның кері болмаса игі.

Бүгін де қарап отырса, елді болыс басқарғалы әр ауылда бір-бір би. Өздерінше олар да өктем, ақылға

кемел. Осының бәрін ой елегінен өткізген Байжомарт әрі толғанды, бері толғанды ақыры қияс қадамға бекінді. Онысы келер жылы жазғы жайлаудан қайтып келе жатып, өзіне қараған елді бастап Сырға көшпек. Баяғы Шыңғыстағы елден бөліне көшкен бабасы Қараменде би құсап. Ұзақ толғанып ақыры Қаратауға, Сыр бойына көшуді ұйғарды. Алған бетінен қайтпайтын қайсарлығына басып жайлаудан қайтып келе жатып, азғана жұртты ертіп бетін Сырға бұрды.

Үркердей шағын көш. Күз түсіп, күн салқындап, аспанның жүзі бұлттана бастаған шақ. Мал аяғымен жылжыған көш қайбір жол өндірсін. Малдың тойынған кезі, мамырлаған ұсақ малдың жүрісі өнсе қане? Ертеден салса кешке дейін қозы көш жерге әзер ілігеді. Сөйтіп іркес-тіркес шұбатылып жүргенде күннің ызғары қатая түскен. «Оңтүстікке жылжыған сайын күн жылынатын болар» деген Байжомарттың есебі де дөп келмеді. Тіпті қыраулы қысқа ұрынатын түрі бар.

Әрі ойлап-бері ойлап шарасыз қалға түскен Байжомарт жапсар жатқан Кәрсен, Кернейдің ішіне жеткен соң осы елдің биі Көпбай мырзаға жолығып, жағдайын айтып, бір қыс қыстап шығуға жер алды. Алайда қиындық алда еді. Үйреніп қалған Дересіні емес, «көрмеген жердің ой-шұқыры көп болады» демекші қаһарлы қыстан бұлар қысылып шықты. Тіпті қыс құрсауында қалған ауылға отын-судың өзі оңайға түспеді. Ақ малға айғайлап ұры тиді.

Кімге кінә тағарын білмеген Байжомарт қатты торықты. Өзі де аттан түспей арпалысып қыс бойы ер жастанып, мұз төсенгендей күй кешті.

Келіншегі Іңкәр да жас еді, ерінің қиналған кейпін көрген ол:

– Уайымдамаңыз, Алла сізге қуат берсін, – деп мұны қолдап тоңғанын да, торыққанын да білдірмейтін. Бүгін де солай қабағы қарысып үйге кіргені сол еді, інісі Көшен өкшесін баса келді.

– Қыстың қаһары сынбай тұр. Малға да, адамға да қиын болды, – деп сөйлей кірді ол. Қабат-қабат туырлық тұтқан киіз үйдің іші қоңыр салқын еді. Есік ашып кірген Көшен өзімен бірге бір қап суықты ала келгендей.

– Бекер қозғалдық, – деді күйзеле сөйлеген Көшен: – Қыс бір жағынан, ұры бір жағынан қысып, шашылып қалатын болдық.

Інісінің сөзіне Байжомарт ләм демеді. Қалың киімдерін шешіп дастарханға жақындап:

– Кел дастарханға жақында, – деді еңсесі түсіп жүдеп отырған Көшенге.

– Ренжіме, Көшен. «Шығасыға иесі басшы» деген тәрізі бұл сондай болды. Қайтеміз енді, өткенді қайтара алмаймыз. Ендігі міндет – қолдағы аз малдан айырылып қалмай аман-сау қысты өткерейік. Сана би атамыз айтпақшы: «жүгірген жетпес, бұйырған кетпес» деген. Бұйырғаны болар, – деді. Інісі кеткен соң да ол көп ойланды.

– Көшендікі де жөн. Ашу шайтанның ісі, – деп Байжомарт та өткенге іштей өкінген-ді. «Жығылғанға жұдырық» дегендей қыста-қайта қайта мал ұрланды, бәрінен бұрын бұларды сол қажытты. Соның салдарынан мал басы шақталып қалған. Аз малмен Сырға қалай жетерсің, деп өткенді ой таразысына салған Байжомарт райынан қайтты. Қайтадан Дересінге қозғалмақ болды. Сол оймен ерте көктемнің басында Көпбай мырзаның ауылына келді.

Ауыл иесі үйінде болатын, мұны жылы қарсы алып,

мал сойғызып қонақ қылды. Көпбай мырза алды ашық, парасатты жан екен, Байжомартпен шешіле әңгімелесіп елдің амандық-саулығын сұрап отырды. Байжомарт та сөз арасында өзінің негізгі айтпақ ойын білдірді.

– Баяғыда бабамыз Қараменде би Шыңғыстаудан Жиделі Байсынға көшіп бара жатып бір қыс сіздің елді паналап еді. Міне, бүгін, сіз де бізді жатсынбай «қаны бір қазақпыз» деп жеріңізге қыстап шығуымызға мұрсат бергеніңізге алғысымды білдіремін. Алланың жазуы солай шығар, қыста малымыздың басы едәуір кеміп, шақталып қалды. Аз малмен Сырға жете алмаспыз, деп райымнан қайттым. Ел іші ұры қарасыз бола ма? Қолынан ұстамаған соң кімге кінә қойғандаймыз, – деді.

Көпбай мырза, байышпен сөйлейтін жан екен:

– Байжомарт, жақсы айттың ғой! «Бөлінгенді бөрі жейді» деген. Не көрсең де еліңмен бірге көр. Еліңнің береке-бірлігін ойласаң, соған жұмыл. Ел ал, қалғаны өзі келеді. Райыңнан қайтқаның дұрыс болған екен, – деп сәл ойланып отырып:

– Билікке таласу – елдің берекесін қашырады. Бес саусақ бірдей емес, ел болған соң, ел ішінде әр түрлі әрекеттер болады. Бірақ қандай жағдай да болсын елдің береке-бірлігі бірінші болғаны ләзім. Ел ағасы деп маған малыңның жайы туралы айтқан базынаң қадемде болады. Оған алаңдама. «Бүлінгеннен бүлдірге алма» деген, сенің аз малың «біздің жерде қалды» деген сөз бізге абырой болмас. Бірлі-жарым ұры-қара жоқ емес, әрине. Оның бәрін анықтармыз. Қоңыр күзде соғарсың, – деп сөзін түйіндеген.

Сол күні үйге кештетіп келген Байжомарт ағайын туғанына Дересіндегі елге оралатынын айтты. Содан көңілі орнығып, жастыққа бас қойған. Әйтсе де кірпігі

айқаспай дөңбекшіп ұзақ жатты. Әлден уақытта талықсып ұйықтап кеткен екен түс көрді.

Түсіне бабасы Қараменде би кірді. Бұлардың ақ боз үйіне кіріп келген ол: «Байжомарт, мына атсоғарды Орманбетке бер» дейді. Тура өңіндегідей, тобылғы сапты сегіз өрім жап-жаңа атсоғарды қолына ұстатты. Ұйқысынан ояңған Байжомарт: «Бұл ненің нышаны болды?» деп көрген түсіне таңырқап отырды. Бабасы «атсоғарды Орманбетке бер» деді ғой.

Жылы төсекте ұйықтап жатқан кішкентай Орманбеттің басынан сипап, «бабамыз аян беріп тұр ғой, жарығым, ғұмырлы бол!» деді еміреніп.

Осыдан соң еліне қайта оралған Байжомартты туысқандары қуана қарсы алды. «Ел-жұрттан жырыла көшіп қайда барасың «у ішсең руыңмен» деп көпшілік риза болған.

Сол жылы жайлаудан қайтып келе жатқанда бірге туған бауыры Сарыбай дүниеден озды. Марқұмның жетісін, қырқын бергенше бірқыдыру уақыт өтті. Күзге салым қасына сенімді адамдарын ертіп Көпбай мырзаның ауылына келді. «Қоңыр күзде соқ» деген былтырғы уәдесі бар.

Көпбай мырзаның ауылы қыстауына жақын күзекте отырған. Мырзаның өзі жол жүріп келіп, аттан түсіп жатқан беті екен.

Қонақтармен ашық жарқын амандасқан ауыл егесі қасында тұрған азаматтардың біріне «Бәкі ақынды шақырындар» деп, өзі Байжомартты үйге бастап кірді. Ауыл-аймақтың амандық-саулық сұрасып бола берген де, үйге ықшам киінген қағылез қараторы кісі кіріп келді.

Балта Бәкі ақынмен Байжомарттың кездесу осылай басталды. Байжомарт оны бұрын сырттай естігені

болмаса жүздескен жан емес-ті. Сөйтсе Бәкі дегеніңіз төкпе ақын, сөзге даңғыл, тілі мірдің оғындай өткір адам екен. Көпбай мырзаның тапсырмасын мұқият тыңдаған ол сөзге келген жоқ. Байжомарттың жоғын түгендейтін болды.

Мырзаның үйінен шығысымен «мал шығынына қатысы бар-ау» деген ауылдарды аралап көп жүрді. «Қолды мал осыдан болды-ау» деген тұспалды бетке ұстаған олар, Байжомарттың жоғалған малын аз күнде түгендеп, тіпті артығымен өндірген секілді.

Сол күндері Байжомарт Бәкі ақынның кісілігіне, өткірлігіне тәнті болып екеуі құшақтасып төс түйістіріп қоштасты. Көп ұзамай Байжомарт Көпбай мырзаның елімен құда болып қырық жетісін беріп әйелдерінің үстіне Айбике деген қызға үйленді.

Мұнымен де шектелмей іле-шала үлкен ұлы Орманбетке Бәкі ақынның қызы Балбырауынды айттырып жақсы Көпбай елімен мың жылдық құда болды.

## 2

– Алланың әмірі! Бізді қайтсін ол, мұның әкесі бөлек, бұл оған өгей, – деп киіз үйге сөйлей кірген қарасұр әйел, әлдекімге бұрқылдап жүрді.

– Жоға, деймін-ау! Мамаштың атын аузына алса бірдеңе бола ма? Тумағандығын көрсетіп,.. деп қазанның астындағы қызыл шоқты әрі - бері көсеп аласұрып отырды.

Бұл – Байжомарттың інісі Сарыбайдың әйелі еді. Ана жылы жазда Сарыбай дүниеден озды. Көретін жарығы таусылды ма, жарықтық жас кетті. Соңында жесірі мен төрт-бес жастағы жалғыз ұлы Мамаш қалды. Ағайын-туыс жесірін қалай қаңғытсын. Үлкендері ақылдаса келе

Сарыбайдың жесірін әмеңгерлік жолмен Байжомартқа қосқан. Байжомарттың Іңкәр бәйбішеден туған Орманбетті, Сарыбайдың жалғыз ұлы Мамашпен тұстас. Сол жылы біресе жылқыға жау тиді, енді бірде жердің оты қашып құрғақшылыққа ұрынды, соның салдарынан Байжомарт қонатын жер іздеп, жиі көшті. Бұлардың көшіп қонуы да арпалыс. Таң азаннан «ал кеттік» дейді.

Ондайда Байжомарт та елді асықтырып алашапқын болатыны бар. Сөйтіп жүріп әйеліне «Орманбет оянды ма, қалып қоймасын» деп ауылды басына көтере айғайлап жүргені. Мамаштың шешесі соған әжептеуір торсаңдады.

– Орманбеттен басқа бала жоқ па, о несі? Үнемі айтатыны осы «Орманбетім қалып қоймасын». Ол неге қалады екен, шешесі бар емес бе қарайтын?! Біздің Мамаштың аты аузына бір түспейді. Бұл оған бөтен бе?! Бұл да туғаны емес бе? – деп соған бір түрлі таусылып ренжіп жүрді. Әйелдің өкпесі Байжомарттың құлағына жетпей қалған жоқ, мұны ол да естіді, алайда, әлгі қадетінен бәрібір жаңылмады.

Байжомарттың басқа әйелдері отағасының бұл мінезіне әбден сыралғы, Құлманбет пен Ерденбектің шешелері бұл туралы тіпті ойлаған емес. Қайта олар ойлайтын «Орманбет баланың үлкені болған соң отағасы оның есімін жиі атайды» деп. Шындығы солай ма, әлде мұның басқадай кілтпаны бар ма, ол жағы ешкімге мәлім емес. Ең бастысы Байжомарт үшін ұлдарының бәрі бірдей, сыртқа тепкені жоқ. Тіпті намаздан соң Алладан сұрайтыны: «осы ұлдарымды бір біріне қаратпа, бір-біріне пенде етпе», болатын. Сөйтсе де Орманбетке деген сенімі бөлек-тін, өзінше соған үміт артатын.

Өстіп жүргенде жайлаудағы ауылға шербенной съездің

билері келіп кеңес өткізді. Әркімнің әртүрлі арызшағымын қарады. Сол жолы төбе биге Байжомарттың әменгерлік жолмен алған әйелі күйеуінің үстінен: «Менің басымды Байжомарттан босатыңыздар» деп арызданған.

Билер алқасы арызды қарап, мәселенің мән-жайын байқаған соң: «Бұл қалай, шырағым? Байжомарттай адамнан сен не жамандық көргендейсің, не болды сонша?» – дейді ғой. Сонда арызданушы әйел: «Ол бір жаққа көшсе, қонса «Орманбетім қалып қоймасын, Орманбетім қайда?» деп ылғи соның атын айтады. Менің балам – Мамаштың аты аузына бір рет те түскен емес. Бізді бөледі, тумаған санайды, бар өкпем осы. Сондықтан менің басымды Байжомарттан босатындар, бөлек отырамын» дейді. Арыздың төркіні осы.

Билер кеңесе әрі ойлап, бері ойлап, әйелдің басына бостандық беріп мал-жанымен өз алдына отыруына рұқсат берді. Содан бері Сарыбайдың жесірі жеке ауыл.

Әйтсе де, Байжомарт олардан теріс айналмады; Мамаш та Байжомарттың балаларымен бірге ойнап, бірге өсіп, қанатының астында болды.

Осындайда Байжомарттың ойына баяғы Деріпсалды бабасы оралды.

*Бірінші шегініс:*

Деріпсалдының әкесі Алыбай, жарықтың, тебінгісін тер жуып, барымта жасауға жер түбіне кетеді екен, соның зарарын да тартқан. Бір жылы қалың естектерден барымталап жылқы алмаққа аз адаммен аттаныпты. Өзі әуелден солай, алыстан жылқы барымталайды екен, жарықтық, сол бір қатерлі сапардан оралмаған. Өлі, тірісін ешкім білмейді. Әкесі жол жүріп кеткенде, Деріпсалды қаршадай бала. Жылдар өте келе ағасының жесірін інісі Берлібай әменгерлік жолмен алып, баланы



жетімсіретпеген.

Деріпсалды ержеткен соң, көпке дейін үйленбей салт жүріпті. Сойталдай жігіт. Ағайын, туыстары: «Бас екеу болмай, малекеуболмайды» деген, қарағым, басқұрағаның жөн болады, – деп айтудайын айтады. Үлкендердің сөзіне жете мән бермеген Деріпсалды бұрынғыша жүріп жатады. Күндердің күнінде ауылдарының дәл іргесіне сарала шатыр тіккен біреулер келіп қоныстана бастайды. Өңдері бір жосын, кілең саршегір, сұңғақ бойлы адамдар.

«Бұлар не қылған жандар» деп Деріпсалды әлгі ауылды төңіректеп:

– Сендер кімсіңдер, қайдан жүрген жансыңдар? – деп жөн сұрапты.

– Біз желдеген жеті шатыр деген ел боламыз, – дейді әлгілер. Өзіл-шыны белгісіз. Сөз әлпеттеріне қарағанда кезбе сығандарға ұқсамайды, татар ма, ноғай ма, о жағына бозбала Деріпсалды назар қоймаса керек. Ең қызығы, әлгілердің әп-әдемі бойжеткен қыздары бар екен. Деріпсалдының көзі соған түседі. Үріп ауызға салғандай ақ үрпек сары қыз. Қызбен сөйлесудің ретін таба алмай ауылына келген Деріпсалды:

– Маған «үйлен, үйлен» деуші едіңдер, ал енді мен үйленемін.

– Ой, бәрекелді! Құтты болсын! Құда кім?

– Кімнің қызы? Әке-шешесі бар ма? – деп туысқандары жабыла сұрайды.

– Сендер мына ауылдың тұсына келіп қоңсы қонғандарды көрдіңдер ме? Сол ауылды бір қыз бар, соны әперіндер, – дейді жас жігіт.

– Әулеттің үлкендері сөзге келген жоқ. «Мынау бір жақсылық болды!» – деп қайта қуанды:

– Кешегі ағамыз Алыбайдан қалған жалғыз тұяқ,

не десе де бұныкі жөн. Барайық, сөйлесейік, қалыңын береміз, о да тұрған не бар! – деп шатырын жел тербеген әлгі ауылға Бегіметтің үлкендері келіп жетеді. Бейтаныс ауылдың адамдары ақ жарқын жандар екен, келген қонақтармен емен-жарқын сөйлесіп, жөн сұрасады. Мәселенің мән-жайы қызға келіп тірелгенде, бір-біріне қарасып «бізге ойлануға мүрсат беріңіздер» дейді әлгілер.

– Әрине, әрине, ақылдасыңыздар, – деп Бегімбеттің үлкендері шатырдан шықпай тосып отырады. Қызды ауылдың адамдары бірқыдыру бөгеледі.

«Біз берсек те, бермесек те бәрібір бұлар тартып алады, оданда жақсы атпен бергеніміз жөн» деп шешті ме, кім білсін, әйтеуір, біршама уақыттан соң бұларға келісімдерін береді.

Ертеңінде қалыңдықты алып келіп, келін түсіріп ауыл абыр-дабыр болып жатады. Келесі күні қараса әлгі шатыры желпілдеген ауыл жоқ, бір түннің ішінде қалың малға да, басқаға да қарамай көшіп кеткен. Содан хабарсыз.

– Бұнысы қалай? Келіп қалар,– деп Бегімбет ауылы көпке дейін қарайлап жүреді. Бірақ олар со кеткеннен мол кетеді.

Сөйткен Деріпсалды ер жүрек азамат болып өсті. Абылай заманында жауға шапқан қас батырдың бірі болды. Сұрапыл шайқаста жау қоршауында қалып қаза болған, Көкше тобықты ішінде Томаннан тарайтын Жанқошқардың кішісі Арқатай батырды алдына өңгеріп алып шыққан ерлігі үшін, Абылай хан оны «Деріпсалды жайсаң» деп атаған екен, – деп ұлы бабасы туралы айтылатын аңызды еске алды Байжомарт.

## 3

Сары ала күздің басы. Жайлаудан құлаған Байжомарт аулы Еспенің бойында күзекте отырған. Жылдағыдай биылда қоңыр күзді осы арада өткеріп, қарашаны орталап барып қыстаққа қонбақ.

Қызыл Еспенің қыр жағын қабақтай қонған Балтабай мен Қарпықтың аулы, бір-біріне іргелес жиын отырған. Қарашаның басы. Жасыл жаздың мөрі тайып, шілік бүркеген Еспенің суы да едәуір таяз тартқан.

Әулиеатаның іргесінен тарқатылған бұрымдай ирелеңдеп ағып шығатын Қызыл еспенің суы түстіктегі Борлы төбенің тұсына жете бері бағытын күрт өзгертіп, күн шығысқа қарай қайқандай жөнеледі. Еспенің жағасы жасыл желекке тұнып, осы атырапқа көрік беріп жататын.

Бүгін күні бойы Әулиеатаның басын бұлт торлап, күн жауардай түнергенмен тамшы тамбады. Биылғы күздің ызғары ерте сезілді. Содан да болар күзекте отырған ауылдың көрінісі де жұпыны жүдеу тартқан.

Түн. Ай сүттей жарық. Түнгі тыныштыққа бөккен шалқар дала ай сәулесімен боз мұнарға малынған. Таң намазынан соң жастыққа бас қойған Байжомарттың кірпігі көпке дейін ілінбеді. Кенет құлағына алыстан шұрқырап кісінеген жылқының дауысы келді. Құлағы елеңдеп, тың тындаған. Жылқы дауысы екені анық.

Сол ақ екен, жылы төсектен ұшып тұрған Байжомарт:

– Мынау – Тақырат қой! – деді ішінен. Дерев далаға жүгіре шықты. Арқырап кісінеп ауылға қарай жортып келде жатқан өзінің әйгілі Тақыраты. Сол, соның өзі! Жылқыға жау тисе немесе қасқыр шапса, Тақырат құйрықты шаншып «ауыл қайдасың» деп тартып отыратын.

Қазір де сол, «Байжомарт, Байжомарт, жылқыңа жау тиді!» деп «жау жеткілеп» жортып келе жатқан беті. Құданың құдіреті! Байжомартқа біткен бүкіл ақ малдың басы осы дерсің! «Жануар, мұнша есті болармысың!» деп атына сүйсініп, әрі жылқысын уайымдап, дегбірі қашып, есік алдында тықыршып тұрды Байжомарт.

Ерінің өкшесін ала шыққан бәйбішесі Іңкәр отағасы басыңызға мынаны киіңізші, – деп түгі жылтыраған елтірі бөркін кигізіп жатты. Тақыраттың дауысын естіген бетте, ауылдағы еркек кіндік жылы төсектерін тастап далаға атып шыққан.

Оқыранып үйдің қасына келіп тоқтаған сәйгүлікке дереу ер салған Байжомарт бірден атқа қонды. Ізінше жағалай отырған ауылдың сыртын ала желе жортып: «Аттан! Жылқыға жау тиді!» деп айғай салды. Тақымындағы Тақырат тыпыршып, ауыздығын шайнап жер тарпиды. Айғай шықса ата жөнелетін дағдысы, қазірде делебесі қозып, денесі қызып байыз таппады. Артынша атқа қамшы басқан Байжомарт ауылдың күн шығысын бетке алып жортып бара жатты. Оның өкшесін ала атқа отырған оншақты адам боз даланың төсін дүбірлетіп құйғытып жөнелген.

Ақ боз үйдің жанында жеңіл камзолмен тұрған Іңкәр бәйбіше: «Е, құдай, өзің сақта, азаматтарымызға өзің жар бол!» деп тәңірге жалбарынды, әрі аттың мінезіне қайран қалып: «Алланың әмірі, осы жылқы не деген хайуан!» деп Тақыраттың жылқыға жау тисе болды ауылға «жау жеткілеп» жетіп келетін әдетіне ызасы келгендей. «Сойталдай-сойталдай жылқышылар жүр, солар не бітіреді, жылқыға ие болмағанда?! Жоқ. Оған да отағасының өзі баруы керек» – деп Іңкәр бәйбіше қоңыр түннің құшағында едәуір мұнайып тұрды.

Өзінің шыққан жері де осындай, ағасы Әлтеке Тай батыр (ел солай атайтын) жазы-қысы белдеуден ат кетпейтін, жылқыға жау тисе ақ сойылды сүйреп, тура осы Байжомарт құсап түн ішінде құйғытып бара жататын. Ағасы Тай батыр мен Байжомарт бір-бірін қатты сыйлаған жандар еді. Іңкәрдің Байжомарттың етегінен ұстауы да со азаматтардың арасындағы сыйластық пен достықтан ұшқын алғандай. Үйге кірген бәйбіше жылы төсекте ұйықтап жатқан баласы Орманбеттің көрпесін қымтап, «Аллам өзің жар бола гөр» деп уайым кешіп отырды.

Бұл екі арада сойылдарын тақымына басқан сайдың тасындай қуғыншылар ай астында шоқтай болып жортып бара жатты. Көп жылқының жатқан жері де ауылдан алыс емес екен, қуғыншылар сібірлеп келе жатқан таң жарығын бетке алып, бір қос жылқыны тай-тұяғына дейін қалдырмай қуып бара жатқан ұрыларды Қарасудың тұсында қуып жетті. Араласқан бетте Байжомарт бір екеуін сойылмен қағып өтіп жылқының бетін кері бұрды. Көшен мен Кекілді, Аманжолдар жылқы алатын сабаздарды ақ сойылмен сайғақтап ығыстырып тастаған. Беттері қайтып қалған барымташылар шашырай қашып бас сауғалап үлгерді.

Жылқының бетін ауылға бұрып, малды түгендеп жүрген Байжомарт шылбырын сүйреп ер-тоқыммен бос жүрген Қарпықтың атын көргенде, зәресі ұшып айғай салды. Ілезде бәрі жиналып қалған.

Қарпекеңнің балалары: Кекілді мен Аманжолда ес қалмай әкелерін іздеп әлгідегі сойылдасқан жерді сүзіп кетті.

– Алла сақтасын! Қарпекең қайдан келді мұнда?! – деп Байжомарт шын уайым шеге бастаған.

– Әке, әке!

– Қарпеке, Қарпеке, қайдасыз? – деп тобылғылы алқапты шарлап бұлар көп жүрді. Айғайлаған дауыстары түнгі даланы жаңғырып алысқа естілетіндей. Әлден уақытта балалары, құдай оңдап, ес-түссіз жатқан әкелерін тауып алды. Басынан ауыр жарақат алған екен.

Байжомарт аттан секіріп түскен бетте:

– Ағатай, көзіңді ашшы, – деп Қарпекеңнің басын сүйеп, тамырын ұстап көрді. Сонсоң адамдарына дереу сойылдарынан зембіл жасатып, оның үстіне аткөрпелерін салдырып Қарпекеңді сонымен алып жүретін болды. Бұдан соң бірден Көшенді шақырып алып:

– Мына ұрылар қайдан келген адамдар? Қасына бір адам ертіп дереу аттан. Из-өкшесінен қалмай кім екенін, қайдан келгендерін біліп келіңдер, – деп Көшенді бас қылып суыт шолғыншы жіберді.

Байжомарттар ауылға түс ауа жетті. Жаралы адамның денесін қатты шайқаудан қорынып, ілби аяндап, еңселері түсіп ұзақ жүрді. Ара-тұра зембіл көтерген жігіттер үнсіз ауысып отырды. Жол бастап келе жатқан Байжомарт, қалғандары ұбақ-шұбақ еріп келеді.

Мына жағдайды көрген ауылдастары әуелі үрпиіп қалған. Одан соң әйелдер жағы дауыс айтып жылап, біразға дейін басылмады. Тек Байжомарт келіп туысқандарын сабырға шақырып, жылай бермей емші алдырындар, құдай қаласа аяғынан тұрып кетеді, уайымдамаңдар,- деп басу айтқан болды. Солай десе де ағасының бұ дүниенің адамы емес екеніне бағана, алғаш көрген де ақ білген.

– Шіркін-ау, бұл кісі сол жерге қайдан барды, ат құлағында ойнайтын аламандар тұрғанда?! Жау түсіретін адам емес, – деп Байжомарттың өзі соған өкінді.

– Қарпекең со жатқаннан сұлық, бас көтермеді; емшілер келіп ем-дом жасады; қожалар келіп дұға оқыды, дем салды. Жарақатына шипа қонбаған, Қарпекең ес жимаған қалпы, келесі күні дүниеден көшіп кете барды.

Жарықтық өзі де батыр кісі емес-ті, мына сұмдыққа қайдан сап ете қалғанын ешкім білмеді. Сол түні Тақырат құйрығын шаншып кісінеп ауылға келгенде, аттың сырын білерін үлкендер: «жау шапты, жау шапты!» деп атып тұрған.

Қарпекең де дақпыртқа ілесіп үйден жүгіре шықпай ма. Әуелгіде ол жау «ауылды шапқан» екен деп қорқып, бақташыға ұқсап сиырдың арасына кіріп кеткен-тін. Сол екі арада кім екені белгісіз біреуі «Қарпеке, қайда жүрсің, жылқыдан айырылды, мініңіз атқа?! – деп айғай салған. Сол қамшы болды ма, кім білсін, ол да дереу ат жалына жармасқан.

– Қайран Қарпекем-ай! – деп ағайын туғандар өксігін баса алмай кешеден бері азаматын жоқтауда.

Қаралы ауыл. Жан-жақтан көңіл айтып келіп жатқан ағайындардың аяғы үзілетін емес.

Марқұмды ақ жуып арулап, соңғы сапарына аттандырған ел күйзеліп қалды. Ұрыларды қуа кеткен Байжомарттың адамдары бірнеше күннен соң оралды. Теңіздің шығыс мүйісін басып өтіп, Аралтөбе маңында тұратын Сарыүйсін дей ме, бұл төңіректен іргесі алыста жатқан ел болса керек. Алыстан жылқы қуып дәнiккен біреулер ме, кім білсін. Көшендер келісімен сайдың тасындай отыз жігітті іріктеп алған Байжомарт бөгелместен аттанып кетті.

Бұл сапарға бармауға да болар еді, жылқысы түгел, бірақ арыстай азаматтан айырылып отыр, Байжомарттың жанына сол батты. Ашу жауға алдырады, кек қуғанның

арты қайыр емесін Байжомарт жақсы біледі. Бірақ Қарпекеңнің кегін қайтармаса туыскандарының бетіне қалай қарар. Әйтсе де, ешкімді өлтіргісі жоқ, қанға-қан қуатын Байжомарт емес. Бәрін бара көрмек.

Бұлар суыт жүргеннің өзінде үш тәулікті артқа тастап межелі жерге табан тіреген. Ауылдың төбесі көрінген бетте Байжомарт адамдарын екі бөліп, екі қапталдан қаусыра кіруді ұйғарды. Ауылдың төменгі жағында қалық шілікті алқап бар екен Көшен бастаған аламандар сол тұстан, тоспадан кіретін болды. Содан соң ақ сары өңі сұрланып:

– Өздері қару кеземесе сендер сойыл сілтемендер. Мәмілеге келсе құн төлер, болмай бара жатса көреміз, – деп адамдарына ескерткен болды Байжомарт. Содан соң соңына ерген аламандарымен барымташы ауылға сау етіп кіріп келді.

Сөйтсе ауылда тірі жан жоқ, тіпті үрерге ит қалмаған. Ошақтағы оттыда сөндіріп үлгермей жанталаса қашқанға ұқсайды. Осы кезде іргедегі шоқ талдың ішінен бір шоғыр адам ақырып «ұрып таста, ұрып таста!» деп бұларға қарсы ұмтылғаны.

Шамасы баспалап тосып тұрғанға ұқсайды. Іштерінде күрең атқа мінген біреуі құйғытып келген бетте мұның адамдарының біріне сойылын сілтеп-сілтеп өте шықты. Келесі сәтте кері айналған ол тағы да сойыл сілтеуге оңтайлана бергені сол еді— шалт қимылдаған Байжомарт оны ақ сойылмен қағып аттан ұшырып түсірді. Қашып құтылуына жол бермеген бұның оғыландары қолға түскен тұтқынды бас салып қол аяғын байлап тастаған.

Артынша ауылдың төменгі тұсынан Көшен бастаған аламандар «аруақ, аруақ!» деп ақырып шайқасқа араласып кетті. Барымташы ауылдың адамдары тегеурінді



күштен ығып, бас сауғалап шегіне ұрысты. Ат үстінде жанталаса сайғыласқанымен бұлардың күшіне шыдай алмаған жау жағы ақыры қашып құтылды.

Ауылда тірі жан жоқ. Шамасы Байжомарттардың келе жатқанын біліп қалған ба, қарауылда тұрғандары болды ма, әйтеуір, ауылдағылар тым-тырақай қашып, сай-сайға бас сауғалағанға ұқсайды. Сайланып ұрысқан оншақты адам шегіне қашып құтылып кетті, тек біреуі ғана қолға түсіп қалды.

Босып кеткен ауылдың ортасында тұрған Байжомарт, жерошақтың басында төңкерулі жатқан дәу тайқазанға көзі түсті. Әуелгіде оған онша мән бермеген-ді. Тағы бір қарағанда тай қазанның бір шеті көтеріліп тұрғанын байқады.

Соған күдіктенген ол жігіттердің біріне: «Ана қазанды аударындаршы!» – деді, бұйыра сөйлеп. Лып етіп қозғалған Көшен аттың үстінде тұрып қазанды еңкейе бере аударып тастады.

Міне қызық, қара қазанның астынан айдай болып жап-жас қыз шыға келді. Тура бұлт асынан шыққан күн дерсің. Киіктің лағындай, аққұба эп-әдемі қыз. Әуелгі де ол қаптаған аттылы адамдардан қорқып, денесі дірілдеп кеткендей болған.

Байжомарт қыздың бас аяғын сүзіп бір қарады, қорқып тұрғанын да сезді:

– Бұл аулдың адамдары қайда кеткен? – деді. Қыздың аузына сөз түспеді ме бөгеліп, бүгежектеп қалды. Байжомарт екінші рет қайта сұрағанда барып:

– Жүрген жерін жайпап, сарала басты айдаһар келе жатыр деп, содан қашып кетті, – деді.

– А, солай ма?! Айдаһардың құйрығын басқан өздерінен көрсін.

Қыз үндемеді. Содан кейін айналаға көз жүгірткен Байжомарт өз адамдарына қаратып:

– Ештеңесіне тиіспеңдер, тонамаңдар, – деді Тақыраттың үстінде тұрып. – Болды, осымен шайқасты доғарып кейін қайтамыз.

– Аға, ана тұтқын еркекті маған беріңіз, осы арада өз қолыммен өлтіріп кетемін. Қанға қан, әкемнің кегін қайтарамын! – деді ашуға булыққан Кекілді аттан секіріп түсіп. Бірақ Байжомарт оған көнбеді.

– Сабыр сақта, асықпа, Кекілді. Екі тұтқынды да атқа мінгізіп, алып жүріңдер, – деді ол.

Ауылға келгеннен соң да Кекілді Байжомартқа әлденеше рет келіп: «тұтқын жігітті маған бер, қанға-қан өлтіремін» деуден танбаған.

– Кекілді, қарағым, мені тыңдашы, – деді Байжомарт баяу сөйлеп, – жарайды оны өлтірдің, сонда қалай өлтіресің? Аяқ-қолын байлап, басын шабасың ба, бауыздайсың ба? Қалай өлтіресің? Сен қанішер емессің, қаны бұзық жауыз емессің, сен біздің қанымызсың ғой. Біз ондайға бара алмаймыз. Оны өлтіргеннен саған не түседі? Қарпекен тіріле ме? Өлген адам келмейді. Біреудің қанын мойныңа алып қайтесің?! Өзіңе жаман болады. Мені тыңдасаң райыңнан қайт, айналайын! Бұған әуре бол ма, – деп Байжомарт кесімді сөз айтты. Осы әңгімеден соң, Кекілді сабасына түсіп, бұдан әрі өзеурей берсе ағасы Байжомарттың ренжуі де мүмкін, соны ойлаған ол:

– Жарайды, ағатай, ызамен қайта-қайта мазаладым. Болды енді тоқтадым, – деп қайтып кетті.

Мұны естіген тұтқын жігіт:

– Байжомарт, мен сенің кісілігіңе тәнтімін. Мені егер анаған берсең өзімді-өзім жарып өлтірмек едім, енді сен

кандай жаза берсең де көндім, – деді.

– Қарасай (тұтқынның есімі) мына қыз сенің кімің болады?

– Ол менің үлкен ағайымның жалғыз қызы, ерке-шора болып өскен. Әкесі өткен жазда марқұм болған, – деді тұтқын.

– Сендер тыныш жатқан елдің жылқысына тиіп, ол аз дегендей арыстай ағамызды өлтірдіңдер. Егер кісі өлмегенде қызға да, саған да тимес едік. Құн даулауыма болар еді. Бірақ одан бас тарттым, мына қызды қалыңсыз аламын, әйелімнің үстіне үшінші әйел болады. Ал сен бір жыл менің қолымда тұрасың, тұтқынсың. Содан кейін еліңе жіберемін, – деді. Сол ақ екен, ойына баяғыда болған бір оқиға орала бергені.

– Ол да осыған ұқсас-тын: Тақыраттың жеті түнде шұрқырап келгені; атқа асығыс ер салғаны; әйелі Іңкәрдің қолтықтап атқа мінгізгені, бәрі-бәрі көз алдынан жөңкіле жөнелді. Бұ жолғы олжасы тай қазанның асынан табылды, егер ол шынымен олжа болса. Ал, ана жылы, ана жылы ол осындай «олжадан» бас тартқан.

*Екінші шегініс:*

Онда көктем болатын. Жер сабыр еді.

Шырт ұйқыда жатқан Байжомарт шұрқырап кісіненген жылқының дауысынан оялды. Орнынан ұшып тұрған ол киімдерін үстіне апыл-ғұпыл іліп, аяғына жеңіл былғары етігін байпағының сыртынан сұға салып, үйден жалаңбас атып шықты. Құйрығын шаншып үйдің қасына құйындай ұшып келген Тақыратқа ер салды.

Сәлден соң түнек түнді қақ жарып заулаған Байжомарт жау тиген жылқысын құтқармаққа қою қараңғылыққа сіңіп бара жатты. Онда да жылқыға суық қол араласқанын

сезіп, алапат ашуға ерік берген. Әні-міні дегенше сарыадырдың белінде жатқан қалың жылқының шетіне іліккенде, өзіне қарай ұшып келе жатқан аттылы адам қараңғыда қарсы ұшырасты.

– Бұл қайсың, ей?! – деді Байжомарт, түн көбесін сөге ақырып.

Сөйтсе әлгі Ақпан шал. Қақалып-шашалып «жылқыны жау алды» деді.

– Жылқышылар қайда, аман ба? – деді бұл.

– Аман, бірақ сойылға жығылды.

– Екеуі бірдей ме?

– Иә.

– Жаудың қарасы қанша?

– Жалғыз адам.

– Қара бассын, сендерді! Жетіскен екенбіз!

Осына айтып аттың басын қоя берген Байжомарт қолды жылқының соңына түскен. Барымташы күллі жылқыны кумаған, алдына іліккенін айдап жөнелген. «Жылқышылар да жан алып-жан беріп сойыл сілтегенге ұқсайды, бірақ қапы қалған-ау» деп топшылаған Байжомарт жауды өкшелей қуды. Неде болса, көріп алмақ.

Содан кейін Тақыратқа қамшы басты. Жануар жылқының естісі. Жылқыға жау тисе бұл құйрығын шаншып алып ауылға шабады. Онда да тура Байжомарттың жатқан үйіне келеді ғой. Ей жаратқан, жылқы баласында да осындай болады екен-ау. Міне бүгінде «Байжомарт, Байжомарт, жылқына жау тиді!» деп жау жеткілеп, жеті түнде шұрқырап ауылға келді. Естіген ел нанбайды, көрген адам қайран қалады.

Сүт пісірім уақытта шоқтай болып дүркіреп бара жатқан жылқының қарасы байқалды. Бұл уақытта көк

жиектен ай көтеріліп келе жатты. Төңірек бірте-бірте ай жарығына малынып, қараңғы түн сейіле түскен. Байжомарт барымташыны өкшелеп келіп, жалғыз аттылы жауды көзге ілмей үркердей жылқының алдын орады. Әуелі жөңкілген жылқыны қайырып алғысы келген. «Айға шапқан арыстанның» әуселесін сонсоң көрмек. Жылқылар да бұларды танығандай мама биелер оқыранып, солығын баса алмаған тай-жабағылар кісінеп, үйірдің алды кері бұрылған. Осы кезде жылқының жел жағынан ақбоз атқа мінген жалғыз қара бұған қарай андыздап келе жатты. Соны байқап қаған Байжомарт «ақбоз ат мінгені қалай?» деп соны түсіне алмай қалған. Алайда бөгелетін уақыт емес, бұлда тебініп қарсы салды. Сойыл жетер тұсқа келген де екеуі де жарыса ақ сойылды сілтескен.

Сақ-сақ ете қалған қайың сайғақтың тұншыққан дауысымен бірге қарсыласының қаруы солық етіп кейін серпілді.

«Е-е-е» деді Байжомарт жаудың қайратын іштей бағамдап. Оның үстіне түн қарақшысының денесі де өзіне қарағанда қағылез, сидіған біреу ме деп, тіпті олқысынып қалғаны. Сол оймен кері бұрылған ол ақ сойылмен қақырата ұрмақ болған ойынан тез тайқыды.

«Иттің баласы, бұл өзі кім, менің жылқыма жалғыз шабатын?! Қандай жүрек жұтқан» деп қатарласа бере құлаштай ұрды. Жоқ, ол да берісетін емес, ақ сойылдар шақ ете қалып, көзден от ұшқандай болған. Әйтсе де Байжомарттың сойылы жарық етіп көтеріліп дұшпаның иығын жанап зу ете қалды. Бірақ жалғыз аттылы жау сойылды дарытпай кеткен секілді. Есесіне басындағы дулығасының ұшып кеткенін көзі шалған Байжомарт Тақыраттың басын кілт кері бұрғанда байқады.

Дулығаның астынан салаңдаған бірдеңе ай жарығымен сөлбең ете қалғаны. Енді бөгелетін кез емес, анау атын кері бұрғанша Байжомарт та атылып келіп, дұшпанның басына арқан лақтырды. Құдды асауға бұғалық лақтырғандай. Шиырылған қыл арқан көздеген межеден қалт кеткен жоқ, ілезде кеудемсіген түн қарақшысы ат көтінен сыпырылып жерге күрп ете қалғанын бірақ білді.

Сол бетте ат басын ірікпеген Байжомарт дұзаққа түскен жауын дырылдата сүйреп, ұзап барып тоқтады. Кері бұрылған ол өз көзіне өзі сенбей тұрып қалғаны. Қараңғы түнді қалтыратып, бұның жылқысына тиген шашы дудыраған әйел. Әйел болғанда уылжыған қыз. Байжомарт аттан түспеді. Ат үстінде ақ сойылға сүйеніп, екі көзі қанталап, үстін қағып, шашын түзеп жатқан ұрғашыға қадала қарап қалған. Аузына сөз түссе қане? Өзегіне қорғасын құйған сегіз өрім дырау атсоғармен бастан шықпырта бір тартса осы арада тіл тартпай кетуі мүмкін. Жақ еттері бүлкілдеп, ашуын эзер іріккен Байжомарт:

– Сен не қылған жансың?

– Барымташымын, көрмей тұрмысың?!

«Қырсығын» деді Байжомарт ішінен:

– Көрген де қандай. Сен, өзің кімнің жылқысына ұрынғаныңды білесің бе?

– Байжомарттың жылқысы.

– Байжомарт деген мен боламын, менімен соғыспақ екенсің ғой. Соғысып тұтқынға түстім деп есепте.

– Байжомарт батыр дегенге соны көрейін деп келгем. Сөйтсем батыр емес, әншейін көп барақтың бірі екен.

Байжомарттың бойын кернеген ашуы мысқалдап сейілгендей ме, әлде жұмбақ жанның қылығын қызық көрді ме:

– Неге мені көргің келді? – деді дауысы кілт өзгеріп.

– Сенің көп қатыныңның бірі болғым келді. Разымысың соған.

– Дәмең зор екен. Олай болса, ертеңнен бастап маған қатын емес, қатындарыма күң боласың.

– Жоқ. Онда өлтіріп кет.

Байжомарт бұдан әрі сөзге келмеді. «Қайдағы бір бәтуасыз жанмен бәдіктесіп тұрайын сол» деді ме, боз көденің ортасында жатқан қыздың дулығасын жерден іліп алды. Сөйтсе онысы дулыға емес, дулыға тақылетес іші-сыртын өрнектеп сырған бас киім. Байжомарт оған аса көңіл бөлген жоқ, жылқының шетінде жүрген «барымташының» ақбоз атын әкеліп қолына ұстатып:

– Атыңа мінде, келген жағыңа кет. Сен баяғы ойраттың қызы емессің, өңгеріп әкеліп қатын қылатын, – деді.

– Менің кім екенімді де білгің келмей ме? – деді қыз.

– Жоқ. Біліп қажет емес, әйтеуір қаны бір қазақтың шорасы екеніңді білдім. Атың міне, жолың әне, еліңе кет, – деді. Соны айтқан ол қайтып бұрылған жоқ. Келесі сәтте иіріліп қалған жылқысын қуып, алыстап бара жатты.

Ертеңгілік дастархан басында бәйбішесі Іңкәр:

– Отағасы жылқыңыз аман ба?

– Аман, қолды мал жоқ, жылқы түгел.

– Жылқыңызға тиген жау кім екен, біле алдыңыз ба? – деді шай құйып отырып.

– Қайбір жау дейсің, жалғыз атты біреу. Бәлемді ат көтіне байлап сүйреттім, бірақ өлтіргенім жоқ. «Атыңа мінде, аулыңа кет» деп тастап кеттім.

Мына сөзді естіген Іңкәр бәйбіше шырайлы жүзін отағасына бұрып:

– Солай жібере салдыңыз ба?

– Иә, оны қайтемін. Басыма бейнет қылып, – деді

Байжомарт бэйбішесінің мұны неге тәтпіштеп жатқанын түсіне алмай.

– М-м-м, – деді Іңкәр бэйбіше әлде бір жұмбақтың сырын сезгендей, қабағын керіп, күйеуіне көзінің қиығымен бір қарап алды да:

– Тәрізі жылқыңызға тиген жау төмен етекті болды ғой, – деді.

Шыны аяқтағы шайды енді ұрттай берген Байжомарт әйелінің мына сөзіне не дерін білмей тосылып қалған. Түндегі оқиға туралы ешкімге ләм демеген. Не деп айтады: қайдағы бір қатынмен сойылдастым деуді намыс көрген. Ешкім айтпаса да Іңкәр ханым соны сезіп қойған. Байжомарт қолындағы кесесін дастарханның шетіне қойып, әйеліне еңсеріле қарап:

– Ойымды айтқызбай білетін, сырымды сөйлетпей сезетін, беу Орманбетімнің анасы-ай! Біліп отырсың. «Қалай білдің?» десем айтар едің: «Еркек болса еліне жаушы жіберіп, «айып төлеңдер» деп шу көтерер едіңіз; «Мына жағдайда қатынмен қағысқанның несі ерлік, деп үнсіз қалдыңыз» дер едің.

Іңкәр бэйбішенің қызылшырайлы өңі жадырап:

– Жылқыңызға тигені ештеңе етпес, өзіңізге тием демесе болды, – деді. Мұны естіген Байжомарт мырс ете қалған. Іле миығына жүгірген күлкісін тежей қойған ол:

– Бэйбіше, Құдай тілеуінді берсін. Қайдағыны-жайдағыны айтып қойыны-қоншымызды ақтармасаң етті, – деп суып қалған шайын сораптауға көшті.

Иә сол оқиғадан кейін бұның жылқысы барымтадан сауақа еді. Одан бері біраз жыл өтті ғой. «Бәрінен де Қарпекеннің қазасы қиын болды», – деп өткен күнді ойға алған.



## II ТАРАУ

### САРЫӨЛЕНДЕ

#### 1

Бастауын сооноу Қызыл тастан, Қайдауыл Шерукеден алатын Тоқырауын өзені тұс-тұсынан жамырап қосылған өзен-жылғалармен толығып, арқырап ағып, көк теңізге жетпей құмға сіңеді. Тоқырауынның теңізге құлар балағында жатқан Бақтай жазығының шығысында «Сарыөлең» деген жер бар. Шөбі шүйгін, құнары мол, кең өлке. Осы араны қысы-жазы Бөртебай көпес жайлайды. Манастың ақсары бұтағынан тарайтын Балпықтың Бөртебайының есімі бұл атырапқа танымал. Балағынан байлық саулаған, осы елдің атақты шонжары осы – Бөртебай көпес. «Мынау иен сахарада қайдан жүрген көпес» дейтіндер де бар шығар. Шынында да ол қалай көпес атанған?!

Бөртекең қызыл шырайлы, орта бойлы, толық денелі адам. Сырт қарағанда тұйық кәрлі кісі көрінгенімен Бөртебай көпес қолы ашық жомарттың жомарты.

Содан да болар байдың ауылынан кісі үзілмейді. Өз кіндігінен сегіз ұл тарайды: Ыбырай, Сыздық, Қайып, Әлібек, Байбек, Сабажан, Ысқақ, Мұқаш соның дені әкеден енші алып Сарыөлеңнің сай-саласын мекен қылған. «Арпа ішінде бір бидай» демекші сол сегіз ұлдың ішінде қырдың қызғалдағындай үлпілдеген жалғыз қызы бартын. Есімі Қырмызы болатын. Өзі де қыр гүліндей сұлудың сұлуы дейтін көргендер.

Соңғы кезде байдың ауылына жиі-жиі ат басын бұрып, «бөртебайшыл» болып жүр Құланшы Мәнжіғұл батыр. Көпеске сәлем бергенсіп, қызды ауылға келісі жиілеген Мәнжіғұлдан бай бәлендей күдік көрмеген.

Қайта ел ішінде абыройы бар, оның бер жағында кешегі күні Аға сұлтан Құнанбай мырзаның назарына іліккен Мәнжіғұл сияқтылармен пікірлес болғанның пайдасы тимесе залалы болмас дейді ол.

Көкек айынын соңы болатын, жер аяғы кеңіп, ел жайлауға қотарыла көшіп жатқан кез. Сондай қарбалас күннің бірінде байдың ауылына Мәнжіғұл келді. Сол күні қона-жатып, Бөртекеңмен әңгіме-сұқпат құрған ол ұзақ отырды. Байдың аузынан шыққан әр сөзін ықыластана тыңдаған Мәнжіғұл үйге кіріп-шығып жүрген көпестің бой жетіп отырған қызы Қырмызыға көз қиығын тастап, қозғалақтап қояды. Қырмызы қыз біткеннің сұлуы. Мәнжіғұл Мәнжіғұл болғалы дәл осындай – аққудай аруды көрмеген тәрізді. «Апырай, не деген перизат!» деп аузынан суы құрып, бай ауылға басы ауа беретіні де содан. Қырықтың ішіндегі қабылан денелі, қыран қабақты, ат жақты қара сұр жігіттің жалт еткен жанарына жанары түйіскенде Қырмызының да жүзі ду ете қалған. Содан бастап ол өзін бір түрлі сезініп, жүрегі бірде тулап, енді бірде өз-өзінен қысылып тағат тапсайшы.

Әлде бір жарық етке ұшқын қыз сезімін жаулап алғандай, көңілі елендеп ұдайы біреуді тосатын секілді.

Дастарханға үлкен ас келгенде қонақ қол шаюға тұрды. Әкесі:

– Қырмызы, ағаңның қолына су құйшы, – деді. Қыздың беті тағыда ду ете қалғаны. Онысын сездірмей лып етіп, жез құманға жармасты. Батырдың қолына су құйып тұрып оның жалпақ алақанына, сояудай-сояудай саусақтарына қызыға қараған; Қолын сүртсін деп таза орамал ұсынып, ізеттілік көрсеткен сәтте бойын шарпыған ыстық леп талайға дейін суымады.

– Рақмет қалқам, бағың ашылсын! – деді Мәнжігүл қызға риясыз алғысын білдіріп. Қол сұрткен орамалды қыздың білегіне ілді. Көптен бері Қырмызыға көзі түсіп көңілі нілдей бұзылып жүргенін кімге қалай айтарын білмей қиналды Мәнжігүл.

Оның үстіне қыздың басы бос емес, айттырып қойғаны жері бар.

– Дастархан басында отырып:

– Бөртеке, осы сіз жас кезіңізде саудамен жүріп орыс қалаларын көп шарлаған дейді, сол шын ба, әлде елдің алыпқаштысы ма? – деді көпесті сөйлете отырып Қырмызы жаққа көз қыдыртып.

Бөртекең мырс етіп күлді. Сонсоң шыныаяқтағы күрең қызыл шайды ұрттап ішіп:

– Қайбір жетіскеннен қаңғыды дейсің, баяғы бала кезімде күн көру үшін ноғай бақалшыларында жалда жүрдім. Қысы-жазы солардың саудасын жасап, жылдар бойы ел-елді аралап саудамен кеттік. Мына күн шығыстағы: Шәуешек, Құлжа, Қашқар дейсің бе солардың бәрін аралап, Самарқант пен Ташкентті басып, Тобыл өзенін қиып, Троицк деген орыс қаласынан бірақ шығатын едік. Ол ол ма, сауданың арқасында Орынбор, Ор қалаларын да көрдім. Шіркін-ай! десейші, сонда айтамын ғой, біз қазақтар қала салмаған елміз деп. Осыны айтсам кейбіреулер: «жоқ, біз де қала салғанбыз, оны шапқыншылар бұзып тастаған» дейді. Қазақтың қай жерге қала салғанын қайдам, әйтеуір, жылқы ұрлағанын білем, – деп кеңкілдеп күліп алған көпес: – Құдай-ау, қиырдағы естектерден де жылқы ұрлаған ғой. Байжомарттың аталары, Сіздің аталарыңыз ғой, – деді. Соны айтқанда Мәнжігүл да қипақтап, «Қырмызы естіп қалды ма?» дегендей көзі жалт етіп соны іздеген.

– Жарайды оны қойшы, – деді әңгімесін қайта сабақтаған көпес, – әншейін сөздің ретіне қарай айтқаным да. Сонымен әлгі бақалшы ноғай бір иманды адам еді, соның қасында көп жүрдім. Обалы қане, ақымды жеген жоқ. Есейген сайын менің де өзімше өмір сүргім келді. «Өзім де сауда жасасам» деген қиялға кірдім. Күндердің күнінде қожайыннан рұқсат сұрап: «өз бетімен жеке сауда жасасам» деген мақсатымды айттым. Жолың болғыр, құдайына қараған адам еді, қарсы болмады. Содан бастап саудаға біржолата бет бұрдым. Сөйтіп өз күнімді өзім көре бастадым. Тіпті сол жаққа тұрақтап қалдым. Елге «әні қайтам, міне қайтам» деп жүргенде жасымыз да әжептәуірге ілікті. Әкей дүниеден өткенде маған хабар тимеді.

Және де бір адам арнайы келмесе ондай хабарды жердің түбіне кім жеткізгендей. Әкейдің қайтқанын төрт-бес жылдан соң бірақ естідім.

Содан кейін ойландым. Қой, менің бұным болмайды екен, «Ит тойған жеріне» деген сөз бар, соның кері болмасын деп елге оралдым. «Аллаға тәуба» деді бай. Әңгімесін ширата түсіп. Елге келіп мына Сарыөленді жайладық, әр балам бір-бір ауыл болып отыр, – деп Бөртебай өткен күндерін толғана еске алды.

Сол күні көпестің ауылына қонып қалған Мәнжігүл келесі күні түске жақын қайтты. Кетерінде Қырмызы жаққа қайта-қайта мойыны бұрыла берді, «енді қашан келейін, енді сені көрем бе?» деген сұрақ жанына тыншу бермеді. Сол сәтте екеуінің көздері түйісіп қалды. Бір мезет екі жанар дір-дір етіп, лүпілдеген жүрек үнін жеткізе алмай тыпыршығандай еді. Қас қағым сәт. Жалт еткен сол ыстық қарастан Мәнжігүл көп жайды аңғарғандай. Қалың қамыстың арасынан гүр етіп шыға

келген жолбарыстан селт етпеген жүрегі жалт еткен қыз жанарынан тыпыршып, тулап кеткені қалай?! Бойын алау-далау от шарпығандай. «Өй!» деді ол аптыққан жүрегін баса алмай. «Не болды саған?» деп өзін-өзі сабырға шақырып әлек.

Мәнжіғұл сол күні байдың ауылынан түске жақын аттанып кетті. Содан бері о да маза жоқ. Аласұрып бітті. Қыздың басы бос емес екенін біледі. Соны ойласа болды үйге сыймай, абың-құбың Күрең атқа ер салады, сәлден соң райынан қайтып, тағы да мазасыз ойға шомады. Осылайша екіұдай болып жүрген Мәнжіғұл маусымның басында Сарыөлеңге тағы соқты.

Күн ұясына еңкейген сайын, көк жиек балқыған күн нұрымен қып-қызыл сәулеге малынып тұр. Осы бір екі кештің арасында ауыл иттерін арсылдатып байдың ауылына Мәнжіғұл келді. Бақ па, сор ма, ол жағы бір Аллаға аян. Жетегінде ерттеулі Құлажирен деген аты бар. Шеткі Сабажан отауының алдына келіп тоқтаған Мәнжіғұл:

– Ау, үйде кім бар екен? – деді аттан түспеген қалпы.

Іздегенге сұраған дегендей үйде жеңгесімен бірге отырған Қырмызы Мәнжіғұлдың дауысын бірден танып, елең ете қалды. Жүрегі лүпілдеп жеңгесіне қарады.

– Бұл кім екен, мен шығып білейін, – деді жеңгесі.

– Жо-жоқ, жеңеше, мен өзім шығып көрейінші, – деді ол.

– Еркежан, қой, сен неге көрінесің. Мен шығайын, бұл келген Мәнжіғұл ғой, – деді жеңгесі. Жеңгесіне бота көздері күлімсірей қараған Қырмызы:

– Жеңеше, өзім шығайыншы, – деп қиыла қарады, сөйтті де киіз есікті көтеріп сыртқа шықты.

Есік көзіне жақын ентелеп келіп тоқтаған Мәнжіғұл

астындағы күрең аттың тізгінін бос жіберіп, үйден шыққан қызға күле қарап тұр. Басында жеңіл қалпақ, үстінде қынама бешпеттің сыртынан киген жұқа сұр шапан.

– Қырмызы, қалқам, аманбысың? – деді ол.

– Ат-көлігіңіз аман ба? – деді Қырмызы жасқана сөйлеп. – Әкем үйде жоқ, жол жүріп кеткен. Өзіңіз үйге кірмедіңіз бе?

– Жоқ, жаным! Күн болса кешкіріп барады, ренжімесең бір жұтым сусын берсең, бөгелмей жүріп кетер едім.

Қыз қайта үйге кіріп, тостағанға қымыз құйып жатқанда Мәнжіғұлдың әлгіндегі «жаным» деген ыстық сөзі ойына оралып, сол-ақ екен бойын бір тылсым сезім шарпып өткендей, жүрегі толқып, бір аяқ қымызды үйден эзер алып шықты.

– Ат үстінде тұрып қыз ұсынған қымызды қолына алған Мәнжіғұл тостаған толы сусынды екі бөліп ішкен соң, ыдысты Қырмызыға қайтарып жатып, қыздың білегінен ұстады. Сол бетте бірдеңе айтатын адамша оқтала беріп, қызды алдына тік көтеріп мінгізіп алды.

Қыз да мұны күтпеген болуы керек, жүрегі лүпілдеп, көзі боталап:

– Бұныңыз не? – деді.

– Қырмызы, жаным, мен сені осылай алып кеткелі келдім, қолымды қақпа, – деді Мәнжіғұл.

– Батыр аға, тым болмаса үстіме бір киерімді киіп шығайын.

– Қырмызы, айналдым, киім-кешек табылады, осы атқа мінгенің мінген болсын, енді аттан түспейік, – деп қолындағы тостағанды есік алдындағы құрт жайған өренің үстіне қойып, жүріп кетті.

Бұл уақытта батыс көкжиекті қып-қызыл бояуға

малған күн ару ұясына батып бара жатқан. Қырмызыны қолына қондырған Мәнжігүл тізгін тартпай, сау аяндап ауылдан ұзап кеткен. Оның алып денесінен алдында отырған аққудың балапанындай жас қызды арттағылар тіпті айыра да алмай қалған. Сәлден соң:

– Қырмызы қалқам мына жетектегі ат Құлажирен деген жылқының жүйрігі. Жүрісі де жайлы, су төгілмейтін жорға. Сені осыған мінгізейін, – деді. Қыз да соны манадан бері айта алмай келсе керек.

– А, бұған минуте болады екен ғой! – деді Қырмызы жүзіне күлкі үйіріліп.

– Әрине болады, болған да қандай! Ер-тұрманын Қояндының жәрменкесінен әдейі саған арнап әкелдім. Қасы күмістелген құранды ер. Игілігіне мініп жүр. Жол алыс, болмаса сені осылай құшақтап отыра берер едім... Өттен, жер аяғы алыс, – деп Мәнжігүл күліп алды. – Ал енді, Қырмызыжан, атыңа мін, – деп, жүріп келе жатқан қалпы қызды тік көтеріп жетек аттың үстіне отырғыза салды. Артынша тез бұрылған ол қоржынынан сусылдаған патсайы шапанды суырып алып қыздың иығына жапты. Одан соң қоржынына қорбандап қайтадан қол салды, бұ жолы қоржыннан су жаңа құндыз бөрікті шығарып Қырмызының басына киізді. Кигізіп жатып: «Игілігіне жарат, құтты болсын!» деді. Қырмызыда үн жоқ, бір жағынан ұялып, әрі ыңғайсызданған секілді. Содан кейін:

– Қырмызы, қалқам, міне, екі тізгін, бір шылбыр қолыңда.

– Ауылына қашып кетеді деп қорықпайсыз ба?

– Жоқ, жаным, неге қорқамын. Ауылдан қырық қадам шыққаннан соң-ақ сен менің жан-жарым болдың. Қалған ғұмырымызды бірге өткіземіз, – деді. Қырмызы езу

тартып жымыды. Сәлден кейін екеуі қатарласа жарысып күйғытып бара жатты.

Қырықтың қырқасына шыққан Мәнжіғұлды ел батыр дейді. Оның қай ерлігіне қарап батыр атағанын қайдам, неге десеңіз ол жоңғармен жұлқысқан жоқ, қалмақпен қырқысқан жоқ, өйткені ол кезде Мәнжіғұл тумаған. Айбалтамен ұрып жолбарыс алғанына қарап айтпаса, басқадай ерлігі жоқ еді. Енді, міне, Бөртебайдың алақанына салып, басынан құс ұшырмай, еркелетіп өсірген жалғыз қызы Қырмызыны; біреудің қалыңын төлеп, аттастырып қойған жесірін; тапа талтүсте алып қашты. Тіпті алып қашқанға да ұқсамайды. Ығынан жан жүрмейтін Бөртебай көпестің айдай аруын жайбарақат, ай- күннің аманында ауылынан алып шықты.

Сол күні Мәнжіғұл төбесі көкке жеткендей қуанды. Кеудесін шаттық биледі. Тайпалаған жорғаның үстінде келе жатқан Қырмызының жел тербеген тау гүліндей нәп-нәзік жаратылысына сүйсіне қарап қояды. Баяғыда жолбарыс соғып алғанда дәл осылай шаттанып еді, содан кейінгі өзіне өзінің ырза болған қуанышты күні осы шығар.

## 2

Қызының Мәнжіғұлмен кетіп қалғанын естіген Бөртебай көпес өзегін от қарығандай ашуға булықты. Қатын-қалаштың екі аяғын бір етікке тықты. Өңі қабарып, күндей күркіреп, атсоғармен қара жерді жотасынан оңды-солды оскылады. Ара-тұра басын тоқпақтап: «Бұ құланшыны ауылға неге жолаттым, өзіме де обал жоқ?!» деп бармағын шайнады.

– Енді не болды, масқара?! – деп ашуға дес берді. Дереву қырдағы, ойдағы манас, танасқа шапқыншы жіберді. Сармантайға жаушы жіберді. Қалың қол жинап ақсақ,



қалдауды шауып алмақ. Аямауға бекінді.

Қалыңын беріп, қызды айттырып қойған ел бар, бәрі жиналып бір шешімге келе алмай дүрлігіп жатты.

Қырмызыдай сұлуды қолына қондырған Мәнжігүл қанша «батырмын» деп өзіне өзі сенгенімен бұл істің арты сойқан екенін білді. Содан қауіптенген ол «неде болса бара көрейін» деп аттың басын бірден Байжомарттың ауылына бұрды. «Қалай болған күнде де бара көрейін» деді. Ел орныға отырған кезде Балтабайдың ауылына жеткен Мәнжігүл аттан түспеген беті бірден Байжомарт үйінің ту сыртына келіп тоқтады.

Бұл – Байжомарттың бәйбішесі Іңкәрдің сегіз қанат ақ боз үйі болатын. Үйде отырған адамдардың дуылдаған дауысы тысқа естіліп тұр. Ақ боз үйдің дәл іргесіне келіп тоқтаған Мәнжігүл:

– Байжомарт! – деп айғай салды. Іштегі дабыр-дүбір тына қалды.

– Ей мынау, Мәнжігүлдың дауысы ғой, бұл қайдан жүр?!

– Байжомарт, естіп тұрмысың. Мен, Бөртебай көпестің қызы Қырмызыны алып қашып келіп тұрмын. Сенен естігім келеді, Елмісің? Түсіріп аламысың келініңді? – деді.

Үйде отырған Байжомарттың өзі де, дәл мұндайды тосын оқиғаны күтпесе керек, ақсары өңі күреңітіп, үнсіз бөгеліп қалған. Дастархан басында отырған Байжомарттың туысқандары:

– Астапыралла! – десті, шошына үн қатып.

– Қой пәлесінен аулақ! Бізді Манаспен соғыстырайын деп тұр. Керегі жоқ, жаумын деп айтыңыз! Жоламаңыз! – деп Сарыбайдың Мамашы ат тонын ала қашты.

– Бөртебайдың қызы болса, ол айттырып қойған

біреудің жесірі. Жоламаңыз! – деп Мамаш пен Кекілді жарыса сөйлеп, – орайы келіп тұрғанда итере салыңыз, бұдан сөйтіп құтылыңыз, – деп туысқандары тұс-тұстан жамырап ақыл қосты.

Күтпеген оқиға. Байжомарттың ақсары өңі қызара күреңітіп, бөгеліп қалған. Басқаны күтсе де тап мынадай болады деп үш ұйықтаса түсіне кірмеген тосын жайға тап болғанын білді. Таразының екі басы тайталасып тұр. Бір жағында өзімен тай-құлындай тебісіп қатар өскен туысқаны, екінші жағы олда бөтені емес толғағы бір Даданның баласы. Мәнжіғұлдың дауысы екінші рет «гүр» ете түскенде есін жиғандай болған Байжомарт:

– Әй, – деді үйдегілерге отты жанары жарық етіп, – сендер қойларыңды бағып, қойыртпақтарыңды ішіп жайларыңа жүріндер. Онымен араз болса, менің жеке басым араз. Намысым араз емес! Олай демендер, түсіріп алыңдар! – деді. Одан соң бәйбішесі Іңкәрға бұрылып:

– Бәйбіше, келініңді шашуын шашып, барлық жол-жоралғысымен түсіріп ал! – деді. Бұл оның кесімді сөзі еді. Соны айтқан ол өзі бастап Мәнжіғұлды қарсы алуға шықты.

– Елміз, елміз! – деп үйден шыға бере айғай салды Байжомарт.

Қырмызының да жүрегі лүпілдеп қорқып, «Еңлік-Кебек» құсатып бізді де ат құйрығына байласа қайтеміз» деп уайым кешкен.

Жоқ, олай болмады, Байжомарттың өзі келіп, Қырмызыны аттан түсіріп құтты болсын айтты. Іңкәр бәйбіше шашу шашып, Қырмызының басына ақ ормал жапты.

Табалдырықтан оң аяғымен аттатып, үйге кірген қыз тізесін бүгіп үш дүркін иіліп сәлем берді. Байжомарттың

өзі.

– Бақытты бол! Қосағыңмен қоса ағар! – деп бата берді.

– Бәрежелді, бұл өзі қызық болды ғой! – деп жатты біреулер. Ол екі арады от басына төселген тулақтың үстіне тізесін бүккен Қырмызының қолына Құлманбеттің шешесі май құйған бақырды ұстата берді. Қырмызы отқа май құйып жатқанда Іңкәр бәйбіше:

– От-Ана, Май-Ана, шапағатыңмен жас келінімізді қорғап-қоршай жүр! – деп дауысын соза сыңғырлап айтып тұрды.

Келесі күні Мәнжіғұл мен Қырмызы сұлуға арнап Байжомарт өз үйінің дәл іргесінен алты қанат отау тігіп берді. «Бұның аяғы не болады?» деген туыстарына:

– Бір қыздың қырық жетісін артығымен төлеуге ақсақ-қалдаудың малы жетеді, саспандар! – деп жиналғандарды сабырға шақырды.

Осыдан кейін Балтабай аулының адамдары: «Байжомарттың бір білгені бар шығар» деп Мәнжіғұлға «құсын құтты болсын» деп тілек, ниеттерін де білдіріп көңілдері орныға бастаған-ды. Дегенмен істің ақырын тосқан үлкендердің жүрегі күпті еді.

Сол күні түс ауа Бөртебай ауылынан шапқыншы келді. Келген жаушыны Байжомарт өз шаңырағында жеке қабылдады. Бетпе-бет сөйлесіп уәжін тыңдады. Қыздың қырық жетісін, айып-шамымен қоса төлеуге пейіл екенін білдірген Байжомарт:

– Бір қыз үшін жауласып егер болмайық, елдігімізді, бірлігімізді сақтайық, – деп қолын кеудесіне қойып шын ниетімен жалынғандай айтты.

Алайда қарсы жақтың талабы басқа. Тоқтамға келетін емес, екеуін шарифаттың жолымен жазаламақ. Бөртебай көпестің өзі қол бастап келіп кешегі күні Байжомарттың

ауылына ат ойнатып, тіпті сойылға жүгініп мәмілеге көнбеді. Ақыры даудың арты ушығып, екі жақ қол жинай бастаған.

Байжомарттың өзі де мұның арты осыншалық шиеленіседі деп ойламаса керек, қатты торықты. Тіпті баласы Орманбетке сойыл тиіп жарақат алып қалған, соған намыстанған туысқандары ақырып атқа қонбақ болған. Ереуілдеген туыстарына:

– Қойыңдар, кінә бізден ғой. Неге ереуілдейсіңдер! – деп Байжомарттың өзі оларды әзер басты.

Сонда ойлаған: «бір атаның баласы едік, бір қыз үшін осыншалық өшпенділікке барғанымыз қалай. Баяғы да Бабамыз Қараменде билік айтқан кезде, оның шешіміне үнсіз келісіп, дегеніне жығылатын елдің баласымыз. Бізге не болды?! Неге мұнша қатыгезбіз», – деп көкейін тескен сұраққа жауап таппай қиналған. «Бабам Қараменде би тірі болса мына дауды қалай шешер еді, ол не дер еді?» деп күйзелді Байжомарт.

Жесір дауы, жер дауы, барымта дауы деген қазақтың бағзыдан келе жатқан дауасыз дерті. Міне соған бұлар да ұрынып отыр. «Бердім қолыңа, не істесең де өзің біл» деп «Қалқаман - Мамыр» құсатып, солардың талауына беруі керек пе? Олардың қалағаны сол ма? Одан не ұтамыз?! Жоқ, олай болмайды! Оған көнерім жоқ», – деп Байжомарт іштей қатуланып алған.

– Аға осы пәлеге жоламайық, – деп едім деді інісі Көшен, жұрттан бұрын уайым шегетін әдетіне басып, Байжомарт оған ала көзімен бір қарады.

Осылайша ел әрі-сәрі аласапыран күйге ұшырап тұрғанда Шыңғыстаудан хабар келді. Аға сұлтан Құнанбай әкесі Өскенбай биге ас бергелі жатыр екен. Соған сауын айтқан хабар, Даданның мұндағы басты-

басты азаматтарына жеткен.

Шыны керек Байжомарт үшін бұл аса қуанышты хабар болды. «Әруағынан айналайын, бабаларым!» деді ол ішінен тебіреніп. Мына ушыққан жесір дауынан құтқаратын жалғыз таяныш сол секілді, мына хабардан ол соны сезді. Дереу ел ағасы деп Сармантайға, Бөртебай көпеске шапқыншы жіберді. Иә, Байжомарт оларың да бұ хабардан құлақдар екен білді, сондықтан да мына жағдайдан қалыс қалмайық, ақылдасайық деген ой болатын.

### 3

Ұзамай Қотанбұлақ болысына қарайтын елдің билері мен бектері бірі қалмай Сармантайдың ауылына жиналған. Сармантайдың он екі қанат ақ үзік ордасы. Жан-жақтан жиналған адамдар ішке кіре алмай ошарылып есік сыртында бөгеліп қалған. Үйде Сармантай мен Бөртебай көпес, екеуі оңашада әлде неге келісе алмай жатқа сықылды. Оқтын-оқтын көпестің дауысы сырттағы елге де естіліп қалуда. Әлгінде ғана Бөртебай көпес елден бұрын суыт келіп, бірден Сармантайдың ордасына кірген.

Ол да көпестің күреңіткен өңіне қарап, ашуын айтпай сезіп:

– Бөртеке, жоғары шығыңыз, – деп қошемет көрсетті. Ашуға ырық берген Бөртекең бірден әңгімеге көшті:

– Мына құланшыны не істейсің?! Осылай түк болмағандай тайрандап жүре ме?! Менің қызымның сұрауы жоқ па әлде? Бұл қай басынғаны? Арғы-бергіде бұндай сұмдықты кім көрген? – деп екі иығынан дем алып дікірледі.

– Бөртеке, – деді Сармантай, дауысын әдеттегідей соза майда сөйлеп, – толғағы бір тобықты баласы үш жүзге сауын айтып, бәріміздің әкеміз Өскенбай биге ас бергелі

жатыр. Жесірдің дауын даулап, алаш баласы қатысатын аламан астан сырт қалсақ, біз кім болғанымыз? Бөртеке, ондайға жол берсек: намысымыз тапталады ғой; жігеріміз жаншылады ғой; бетімізге шіркеу болады ғой. Құрметті Бөртеке, қыз дауын қоя тұрайық. Білем, түсінем жағдайыңызды. Бірақ мұның бәрі шешіледі. Оған титтей де күмәніңіз болмасын. – деді.

Сармантайдың сөзінен соң, Бөртебай да ойланып қалған, «қырық бір жақ, қыңыр бір жақтың» кері болмас үшін мұның сөзіне тоқтау керек секілді» ішінен солай ойлаған ол:

– Сармантай, сенің солай айтатыныңды білгем, бәрі түсінікті, әйтеуір бұл шаруа кейін аяқсыз қалмасын. Олардың қызды алып, тым-тырыс жатқаны қалай? Сол менің шамыма тиіп, шамбайыма батып тұр! – деді мол денесі лықсып, сөйлеген сайын жұлқына қозғалып. – Сармантай, менің айтқандарым жадыға болсын, – деді, ашуға дес бергені болмаса Бөртекең де сөзге қонақ беретін адам.

Сәлден соң сыртта тұрған адамдар үйге кіре бастады. Төрде Сармантай, оның оң тізесін ала Үпі қожа, Бөртебай көпес, Қойгелді Дәуітбай, Айдабол, кенжебарақ Сейтқазы би, жайлау Күлік, сол жақ иығында Байыс сопы, Байжомарт пен Мәнжіғұл, Тұмабай тағы басқа атқа мінерлер екі жарылып дізе қосқан.

Сөзді Сармантайдың өзі бастап: «Шыңғыстаудағы елден хабар келгенін айтып, ел намысын ойлайық, мына аруақты істен қалыс қалмайық» деген ниетін білдірді.

Үйдің ішін бір сәт ауыр үнсіздік биледі. Бәрінің көкейінде кешегі күнгі дуылдаған жесір дауының өрті, сол әлі бет шарпып тұрғандай. «Ол не болады, бұл не болады?» деген әрі- сәрі ой да жоқ емес-ті. Кейбіреулер

төрде отырған Бөртебайға қарасты. Бөртекеннің өңі қабарып үнсіз. Оның үстіне қыз алып қашқан Мәнжіғұлдың өзі қасқайып орталарында отыр. Осы кезде төрге жақын Бөртебаймен қатар отырған Байыс сопы жөткірініп қамшысын алдына тастады.

– Сөйлеңіз Байыс аға, – деді Сармантай.

– Қадірлі туысқандар! – деп бастады Байыс сопы, ақ кіреукелене бастаған селдір сақалын сипап:

– Кешегі өткен бабамыз Қараменде би ел жұртына сөз арнағанда, бәрін бауырына тартып: «Уа, қадірлі перзенттерім, қаны бір қарындастарым!» дейді екен. Бәріміз де сол ұлы бабамыздың өсиетін есте ұстасақ, соны ұмытпасақ игі. Былтыр біз Өскенбайдың қазасынан хабарсыз қалдық. Енді хабар тиіп тұрғанда қара жұртымызға барып, қара орман халқымызға көріне алмасақ, ол біздің елдігімізге сын. Сондықтан ағайын-жұрт, туысқандар, ақылға жүгінейік. Өскенбай әкеміздің асына қатысып, елдігімізді көрсеткеніміз ләзім. Бірлігімізге сызат түспесін. Ал ана жесір дауы... жесір дауы айғай-шусыз кейін шешіледі. Міне Бөртекеннен бастап төрт көзіміз түгел отырмыз ғой... бәрі орнына келеді. Әуелі үш жүздің басы қосылатын мына аламан астан шет қалмайық. Бұл – осы отырған бәрімізге салмақ. Жақсы барып қайтсақ бәрімізге бедел. Кейінгіге мирас. Олай болса бір атаның баласындай ұйысып, Өскембай әкеміздің асына қатысайық! – деді. Байыс сопы сөзге шешен болатын, сөйлеген сайын қолы жиі-жиі шалт-шұлт көтеріліп елді ұйытып тастаған.

Байыздың сөзінен соң жиналғандар бір шама үнсіз отырып қалды. Осы кезде сөзге Манас ішінде Қойгелді Дулаттың Айдаболы деген шоқша сақалды қағылез адам екен сол араласты:

– Қадірлі туысқандар! Бәріңіз білесіздер, ағайын арасына жік салатын қазақтың үш дауы бар, соның бірі осы – жесір дауы. Біреудің алақанына салып үкілеп енді ұшырғалы отырған бауыр еті баласын көлденең көк аттының бөктеріп кетуі қазақтың дәстүр- салтына, әдет-ғұрпына кереғар, жат нәрсе.

Солай десек те, мұның артын ушықтырмайық. Одан біз ештеңе ұтпаймыз. Болған іс болды. Осы арада төрт көзіміз түгел отырғанда мәмілеге келген жөн.

Ол қандай мәміле десеңіздер бабамыз Қараменде би «Қазақ жолы – қанағат, о, да жолдан адаспас» деп Әнет бабаның тәмсілін айтушы еді ғой, соны ұстанайық. Әуелі мына аламан асқа қатысып қайтайық, содан соң бұл жағдай өз ішімізде айғай-шусыз шешеміз. Бастысы Бөртекеңді ренжітпейік, ағайындарды сабырға шақырайық, менің айтпағым осы, – деді. Айдаболдың сөзінен соң Бөртебайдың да көңілі жайланып қалған.

Көпшілік «дұрыс айтады» деп, Сармантайға қарасты. Сармантай да елдің ықыласын қапысыз аңғарып:

– Ағайындар, Байыз ақсақал да, Айдаболда өте жақсы айтты. Бәріміздің көкейіміздегі сөзді айтты. Сондықтан жесір дауы дегенді кейінге шегерейік. Ал, құрметті туысқандар, мына асқа бәріміз лайықты дайындықпен баруымыз керек. Әрине, құр қол бармасымыз белгілі. Асқа қосатынымыз бар, сойыс малымыз, бәйгеге қандай ат қосамыз, балуандыққа кім барады, сән салтанаты жарасқан киіз үй апаруымыз қажет болар, ақындарымыз, әншілеріміз бар ма, осының бәрін ақылдасып шешейік, – деді.

Сол күннен бастап асқа апаратын сойыс малы, бәйгеге қосатын жүйрік ат, балуан және киіз үй әзірлене бастады. Аттан елдегі ең жүйрік жылқы ол – Байжомарттың



Сырлыжақ аты.

Балуандыққа кім барады дегенде, Көтен балуанның аты аталды.

– Енді Көтен балуаннан асатын кім бар, сол барсын, – десті біреулер.

– Одан гөрі жас арыстан Қоғылды апарса қалай болады? – деушілер де болды.

Әр алуан пікірлер айтылды. Ортақ мәмілеге келе алмаған жақсылар шешім айтуды болыс болмаса да ел ағасы деп Сармантайдың өзіне қалдырған.

– Мұны Көтен балуанның өзінен сұралық, егер күреске түсуге келіссе өзі барсын, – деп Сармантай сөзді солай түйіндеді.

Киіз үй туралы пікірлер әр тарапқа кетті. Біреулер ертедегі Қараменде бидің он екі қанат ақ үзік үйін еске алып, «сүйегі ірі, еңсесі биік, бидің ақ ордасы қандай еді?!» деп жиынға қатысып отырғандар бір-біріне қарасқан.

– Бәрі дұрыс-ау, сондай он екі қанат ақ үзік үй қазір кімде бар? Іші-сырты бірдей, жасау жабдығы түгел, ақ үзік үй болуы керек. Біз жаз бойы оншақты рет көшеміз, киіз үйдің сәні кетсе соның салдары.

Оның несін жасырамыз, көшіп-қонбай отыра алмаймыз, – деп Сармантай отырғандарға жағалай көз тастады.

– Менің есіме түсіп отыр, – деді Байжомарт, Сармантай сөзін аяқтаған кезде, – Өткен жазда Есенәлінің Есіркебінің үйін көрдім. Он екі қанат, еңсесі биік үй екен. Жақсы үй ме дедім. Сүйегі ірі, әрі жаңа. Тоқырауын бойындағы үйшілердің қолынан шыққан. Туырлығы мен үзігін ептеп жаңартып, соны дайындаса, ұялмай апаруға болады.

Осылайша жесір дауы уақытша кейінге сырғып, оның орнына Өскенбай бидің асына әзірлік басталып кеткен.

Асқа дейін айға жуық уақыт бар. Өзге дүниені ұмытқан Байжомарт атын бәйгеге баптауға кіріскен. Сырлыжақ онсызда бабында-тын, сонда да Байжомарт Сырлыжақты алдағы аламан асқа қапысыз дайындады. Жолға шығардан көп бұрын тұлпарын жетектеп ешкімге ештеңе деместен ертелете жол жүріп кеткен. Жол бойы ешқайда тоқтаған жоқ, бірде желе шоқырақтап, енді бірде көшелі аяңға салып, күн сәскеге көтерілгенде Ақтастың тұсындағы Айырықтан өтіп барып аттан түсті. Аттарын қаңтарып қойған соң өзеннің тұнығына беті қолын жуып, дәрет алды, одан соң бесін намазын оқыды.

Аспан шайдай ашық. Төңірек тырс еткен дыбыстан ада. Сылдырап аққан өзеннің гүріліне құлақ түріп біршама отырды. Содан соң белін жазып, шапанын қолына алған ол аттарына қарай жүрді. Байжомарт ұлы бабасы Қараменде бидің басына бұрын да талай келген. Бұ жолы да қасиетті бабасының аруағына сиынып, үлкен жолға шығар алдында зиярат етпек еді. Сол оймен үлкен мазардың қасына жетіп, атының ер-тоқымын алып қаңтарып қойды. Асықпай жүріп бабасының рухына бағыштап құран оқыды.

Күннің ыстығы қайта бастаған кез. Ол торсығын алып сусын ішіп, аздап шөл басқан болды. Одан соң «бел жазып алсам» деп ер-тоқымын жастанып көгалға жантая кетті.

Байжомарт Қараменде биді көрген жоқ. Ол мұның үлкен атасы Деріпсалды батымен үзеңгілес болған адам. Баяғы қазақ-жоңғар соғысына қатысқан дейді. Тіпті бір соғыста қоршауда қалып жау қолынан мерт болған Арқадай батырды Деріпсалды алдына өңгеріп жау

қоршауынан алап шыққан екен. Сөйтіп хан Абылайдың марапатына іліккен дейді.

«Қайран бабаларым-ай!» деді ол. Әр нәрсені бір ойлап жатып мызғып кеткен екен. «Байжомарт! Аттарыңа ие бол! – деген дауыстан шошып оянып жан-жағына қарады. Күдікті ештеңе жоқ сияқты. Шідерлеп қойған екі ат бастарын көтеріп, бірдеңеден үріккен секілді құлақтарын қайшылап тұр. Ол орнынан атып тұрып аттарына қарай жүре бергенде байқады, жасыл өзектің арғы беткейінде қараңдаған ит-құстың сұлбасын көрді. Өздері біреу емес бірнешеуге ұқсайды.

«Құдай сақтасын! Бабаларым мені сақтандырып жатыр-ау, тәрізі!» деп ойлаған ол атын ерттеп күн екіндіге ауғанда ауылына бет алды.

### ІІІ ТАРАУ АСТА

#### 1

Шілденің шуақты күні. Күн төбеге келген. Көкшетаудағы Аққойтас өзенінің жағасындағы қарағай, қайыңы сыңсып өскен Көкжайдақ жайлауы бүгін алабөтен күйге бөленген. Ат шаптырымға созылған ақ шаңқан киіз үйлер алыстан көз үйіріп, алдағы аламан астың аруағын асқақтатып тұрғандай. Аққойтас өзені сылдырлап ағып, сылқылдап ойнап төңірегіне шуақ шашуда. Жазиралы шалғынның күн шығыс жағындағы қыратқа аға сұлтан Құнанбайдың алтын үзік ақ ордасы қозы көш жерден көзге ұрып тұр. Оның қасына қанаттаса тігілген жібек шатырдың ішінде отырған аға сұлтан тұс-тұстан асқа ағылған қонақтарды қалт жібермей бағуда.

Астың басы-қасында жүрген: ұйымдастырушылар,

хабаршылар, шабармандар бірінен соң бірі, аға сұлтанның жібек шатырына бас сұғып, келген қонақтардың қарасын хабарлап, түсетін үйлерін анықтап ерсілі-қарсылы дамыл таппауда.

Байжомарт осы сапарға үлкен ұлы Орманбетті ерте келген. Асқа барасың деген күннен бастап-ақ, ол да өзінше әбігерге түсіп: жолға мінетін атын, ер тұрманын, киетін киімін әзірлеп әлек болған-ды. Баласының мына қылығын сырттай бақылап жүрген әкесі «өзі сырбаз болады-ау, тәрізі» деп ойлаған.

Көптің арасында келе жатқан Орманбет асыға күткен ұлы дүбір астың ересен сипатына алыстан таңырқай қарауда. Қатар-қатар сап түзеген ақ шаңқан киіз үйлер көзді арбағандай. Жан-жақтан қисапсыз көп адам тоқтаусыз ағылуда.

Балқаш, Тоқырауын бойынан Сармантай, Байжомарт, Мәнжіғұл, Байыс сопы бастаған жүз қаралы қонақтар ұзақ жолды артқа тастап, ауылға қозы көш жер қалғанда ат басын ірікті. Көпті көрген Байыс сопы:

– Туысқандар, бір ауыз сөзге құлақ түріндер: Өскенбай әкемізге жыламағанда кімге жылаймыз. Сондықтан ауылға атқойып барғанымыз дұрыс шығар, – деді. Сәл ойланып қалған көпшілік:

– Дұрыс, дұрыс! – деп Сармантай, Байжомарт, Мәнжіғұлдар жарыса сөйлеген.

– Әрине, солай болғаны дұрыс, – деп басқалары да жамырай үн қатты.

Осылайша ауылдың іргесіне жақындаған кезде Құнанбай отырған үйді анықтап алған қонақтар ауылға ат қойып «бауырымайлап» жөнелген.

«Тілеуі бір ағайындар ауылға жылап келмесін» деген Құнанбайдың ескертпесіне қарамай-ақ, «бауырымдап»

келген туысқандар ауылды үш айналған кезде «Бұлар кімдер, кімдер?» десіп қалды ас иелері. Топтың алдына түсіп алған Байыз сопы: «Әкем-ай! Әкем-ай!» деп күркіреген дауысымен тоқтайтын емес. Қазақ салтында «бауырымдап» келгендерді атының тізгінін ұстап түсіріп алып, көрістіру керек. Мына жағдайда Құнекеңнен бұйрық болмаған соң, қызметшілер не істерін білмей тұрып қалған.

Жағдайды жіті бақылап тұрған Құнанбай:

– Е, бұлар Балқаш өңіріндегі туысқандар екен ғой. Былтыр хабар тимей қалып еді. Түсіріп алыңдар, бауыр екен ғой, шын бауыр екен ғой! – деді.

Даданның бетке ұстар азаматтары жиналып келіп Құнанбайға көңіл айтып:

– Ас қабыл болсын, әкемізді Алла алдынан жарылқасын, иманы саламат болсын! – десті. Одан соң асқа арнайы әкелген тартуларын тапсырды.

Үш күнге созылатын астың алғашқы күні жер ошақ қазылып, мал сойылып, ет асылып қарбалас шаруалармен бастаған. Келесі күн алыс-жақыннан келген қонақтарға ас берілді. Есіркептің он екі қанат ақ үзік үйінің де дастарханы жиылмай бір-бірін іздеп сәлемдескен қонақтардан арылмады. Келген қонақтардың көпшілігі: «Мынау бір мақтауға тұрарлық, сүйекті үй екен» деп Есіркептің киіз үйін бағалап та қойған.

Үшінші күн – аламан астың айтулы күні. Бұл күні асқа келушілердің делебесін қоздыратын ат жарысы мен балуан күресі өтпек.

Өскенбайдың асында өткен аламан бәйгеге жүз елу жүйрік сүзіліп қатар түзеді. Солардың қатарында Балқаш бойынан келген Байжомарттың Сырлыжақ аты да жалын сүзіп, кекілін түйіп дүбірге қосылды. Атты

баптап әкелген Байжомарттың өзі шабандоз балаға «Алла жар болсын, балам! Алда-жалда мәреге бірінші жетер болсаң, қарақшыға жақындағанда «Қарамеңде» деп бабамыздың атын бар дауысыңмен айғайларсың. Құдай абырой берсін, аруақ жар болсын! Тұлпарыңның қолқасы аман болса бірінші келер!» деп шабандоз баланың құлағына кей сөзін сыбырлап, кей сөзін қайта-қайта тәтпіштеп шегелеумен болды. Орманбет те әкесінің қасынан қалмай Сырлыжақ аттың кекілін сипап, ішінен тілек тілеп тұрған.

Бәйгі аттар кеткен соң ұзамай балуандар белдесуі басталды. Шаршы алаңды шаңдатқан не бір апайтөс алыптар күш сынасты. Кенет «Бас балуандыққа түскен түйе балуанмен кім белдеседі» деп айғайлаған жаршының дауысы саңқылдады. Ортаға шыққан түйе балуанның алапат тұлғасынан қаймыққандар беттей алар емес. Шынында да оның басына қос нөқта тағып, бас жіптің бір ұшын үш жігіт, екінші ұшын үш жігіт кере тартып ұстап келе жатты. Түйе палуан болса түк басқан кеудесін кере нөқта ұстағандарды тарпып кететіндей жұлқынып, алыстан айбат шегіп, бураша бұрқылдап шықты.

Сонысының өзі-ақ дәмелі балуандардың жүрегін шайлықтырғандай. «Жанынан түңілген біреу болмаса, мынаған кім шығар дейсің» деп қызыққа жиналғандар шуласып тұр.

Осы кезде Көтен балуан көптің арасынан суырылып келіп, Байыс сопыға:

– Аға, маған бата беріңіз! – деді.

– Өркенің өссін! Талабына нұр жаусын! Алайда, батаны астың иесі Құнанбайдан алайық. Жүр, сол дұрыс болады, – деп Байыс сопы Көтен балуанды аға сұлтанға

ертіп келді. Құнекең алдына келген ірі денелі, тұлғасы кесек азаматтың талабына қуанып:

– Ныспың кім, шырағым? – деді.

– Жанбай болады, халық «Көтен балуан» деп атап кеткен.

– Құдай жар болсын, жеңісіңе ел қуансын, әумин! – деді.

«Түйе балуанмен қарсыласуға кімнің жүрегі дауалайды, араларыңызда бар ма, жеңістен дәмелі жандар!» деген жаршының дауыс шаршы алаңды шарлап кеткен.

Құнанбайдан батасын алған Көтен балуан «Әумин!» деп бетін сипасымен алшаң басып, ортаға шыға берді. Қалың жиынның ішінде тұрған Сармантай, Байжомарт, Мәнжіғұлдар, Байыс сопыдан бастап бәрі тақымдарын қысып «Иә, аруақ!» десті.

Ап еткенде бірін-бірі аңдып, оңтайлы сәтті күткен даланың қабыландары біразға дейін іліп қағысып, шарпысып жүрді. Бір кезде сарт-сұрт екеуі де белдесе кетті. Түйе балуанның еңсесі биік, салмағы да зор болса керек. Көтен балуан соны сезді ме, әлде сырын алғысы келді ме, лып беріп түйе балуанның уысынан сытылып кетті. Одан соң тағыда арбасып, жұлқып-тартып, қаша-шегініп жүрді. Бір кезде Көтен балуан күтпеген жерден, тіпті тосыннан сақ ете қалып түйе балуанды жуан белден қапсыра ұстап, тік көтерді. Қарсыласының бұқадай ауыр салмағын елейтін емес, дөңгелек қақтырып, тік көтерген бетте: «Иә, Аруақ!» деп айғай салып жерге гүрс еткізді. Түйе балуанның зырқ еткен дауысы естілді. Үйелеген түйедей орнынан тұра алмай қалған қарсыласының басынан бортаңдап аттап өткен Көтен балуан екі қолын тік көтеріп «Аруақ! Аруақ!» деп айғай салды.

Бас бәйгені жеңіп алған Көтен (Жанбай) балуан Құнанбайдың алдына келіп:

– Аға! Сіздің берген батаңызды Алла қабыл етіп, жеңіске жеттім! Алған бәйгені сіздің босағаға қалдырамын, – деді ентіге сөйлеп.

– Көрдім, көрдім, күшіңе тәнті болдым! Әмсе жолың болсын, қарағым! – деді Құнанбай жылы шырай танытып.

Сармантай, Байжомарт, Мәнжіғұл, Байыс сопы бастаған туысқандары Көтенді қолпаштап: «Біздің жігітіміз ерледі!» деп балуанның аяғын жерге тигізбей тік көтеріп әкетті. Орманбет те үлкендерден қалмай жүгіре жетіп еді, ығы-жығы адамдардан бұған кезек тиер емес. Байжомарт та соны сезіп Көтен балуанның үйдей денесі бері бұрылғанда:

– Балуан, жеңіс құтты болсын! Мына Орманбет бауырың сені құттықтағысы келіп тұр, – деп оның күректей алақанына қолын соза берді. Орманбет те сол сәтті тосып тұрғандай:

– Аға, түйе балуанды жыққан жеңісіңіз құтты болсын! – деді.

– Ой, Орманбет, айналайын, рақмет! Сенің өмірінде де жеңісті күндер көп болсын! – деді емірене сөйлеген Көтен балуан.

Балқаш бойынан келген туысқандар кезек-кезек құттықтап, көпке дейін Көтен балуанды босатпады. «Елдің есінен кетпейтін, бұл бір ірі жеңіс болды!» деп қуанған жұрт сүйіншілеп жүрді.

Түс қайта ат келетін уақытта жақындап қалған кез. Дуылдаған көпшілік бәйге төбеге қарай асықты. Байжомарт Тақыратқа мініп, қасына Орманбетті ертіп екеуі аттардың жолын тосып алаң. Алыстан бұлдыраған жалғыз ноқат, сағыммен араласып, қылт-қылт етіп көзге



шалынғандай. Ақ қойтас өзенінің күнгей бетіндегі көсілген құба жон. Әріде бәйге аттардың тұяғынан ұшқан үлпілдек шаң сәт сайын жақындай түсуде.

Осы кезде: «Әне аттар келе жатыр, келе жатыр!» деген дауыстар естіліп, елдің назары шаң шыққан жаққа ауды. Сөйткенше болған жоқ, манағы жалғыз ноқаттың нобайы айқындала түсті. Байжомарт та шыдамсызданып, аяғын үзеңгіге тіреп бойын соза алысқа көз тігуде.

– Ақке, ақке, анау біздің Сырлыжақтың шабысы! Сол келе жатыр, қасында тағы бір ат бар, екеуі үзеңгі қағыстырып келеді! – деді Орманбет қуана айғайлап. Байжомарттың көзі бұлдырап бірінші келе жатқан өз атын еркін тани алмай:

– Оркенжан, рас сол ма?! – деп жасаураған жанарын сүртіп, тағы да көз қадаған. Жақындаған сайын енді-енді айқын аңғара бастады, екі жүйрік жесісіп қатар келеді. Бұның аты әлі тың секілді, аяғын жылдам алып арындап алға ұмтылуда. Өзінің Сырлыжағы.

– Ой, жануарым-ай! Жүйрігім-ай, шап, шап! – деп, бүлкілдеп қарақшыға қарай бұлар да жақындай берді. Шабандоз бала «Қараменде! Қараменде!» деп жағы сембей айғайлап келеді. Жиналған ел де естіген секілді. Дадан-Тобықтының аты деп жатты біреулер. Қарақшыға шылбыр тастам қалғанда баласы «Қараменде! Қараменде!» деп айғайлап өте берді. Екі ат үзеңгі қағыстырып қатар жеткенмен мәреден өткенде Сырлыжақтың мойны ілкі алда болды. Қапталдаса келген ат Алшынбайдың аты екен.

Жаршының дауысы да солай «ат жарысының бас бәйгесі Алшынбай бидікі, түйе бастаған тоғыз» деп айғайлап жіберді. Бұған Байжомарт пен Мәнжіғұл наразылық білдірді. Алайда асқа басшылық жасап

жүрген Қүнекеңнің көмекшілері көкше Қаратай шешен мен Доғал би: «Туысқандар Арысымызға күнде ас беріп жатқан жоқпыз. Ас та, аруақ та, абырой да өздеріңдікі, Құнанжанның бір білгені бар шығар, – деп бұларға басу айты.

Бәйгеден соң, ас иесінің алдына Байжомарт, Сармантай мен Байыс сопы, Мәнжіғұл жиналып келіп:

– Қүнеке, – деді Байжомарт, – арғы бергіде болмаған айтулы ас өтті, үш жүздің қазағы тұрмақ: өзбекті де, сартты да, қарақалпақты да риза етіп, атамыз Өскенбайдың аруағын асқақтатқан аламан асты мақтан етіп қайтамыз! Құдай Сізге абырой берсін десті.

Үш жүздің басы қосылған аламан астан Дадан атаның балалары көңілдері жарасып, мерейлері тасып қайтты. Көп уақытқа дейін осы әңгіме ауыздан ауызға көшіп, қызуы толастамай абыз даланың айта жүрер аңызына айналып жүре берген.

## 2

Астан оралған соң, көңілі орныққан Мәнжіғұл Қырмызыны алып, Сағадағы жайлауына келді. Өткенде Өскенбайдың асына аттанып бара жатып туысқаны Сәдіге Қырмызының отауын әзірлеп қоюды тапсырғанды. Обалы қане, Сәді бұның шаруасын тиянақтап, алты қанат ақ боз үйді құлпыртып қойған.

Отау үйдің сол қапталында үлпілдеген жібек шымылдық, оның ішінде қызылды-жасылды шағи көрпелер жарасым тапқан. Төрден төмен қарай оюлы сырмақ, текемет, алаша төселген. Төрге тасталған құрақ көрпелер де отау үйдің ішіне жайлылық беріп тұрғандай. Үйдің ішіне басқадай басы артық дүние мүлік қойылмаған. Тек төрдегі кереге басына қасқырдың,

түлкінің терісі ілген. Қырмызы сұлу, сән-салтанаты жарасқан ақ отаудың табалдырығын оң аяғымен аттап, ішке кірді. Ауылдың үлкен әйелдері жарыса шашу шашып, құтты болсын айтуда.

Ол күні Шегір әулетінің үлкен-кішілері жиналып келіп, Қырмызының қадамына құтты болсын айтып, үлкендер бата беріп, Мәнжіғұлдың бәйбішесі Күләйжанның қолынан дәм татып кеш таряды.

Бұл екі ортада «жатып алғанымыз жарамас» деп Байыс сопының өзі бас болып Бөртебайдың ауылына аттанған. Бөртекеңнің анадағы ашуды әлі қайта қоймаған, дегенмен аяздың беті сынғандай. Сөйтсе де Бөртебай көпес біразға дейін ер-тоқымын бауырына алып, жалына қол тигізбес асау мінез танытты. Ақыры бірте-бірте сабасына түскендей болды.

Көпті көрген Байыс сопы соны сезіп, әңгімені әріден тербеді:

– Қыз бала әуелден қонақ қой. Талайына жазғанды көреді. Бөртеке, Сіз жаһанды шарлаған, не ықылымды көрген көне көзсіз. Сізге «бәлен» деп ақыл айта алмаспыз. Дегенмен өз тарапымыздан тілек-ниетімізді, мақсат-мұратымызда айтайық, рұқсат болса. Қызыңыз көрмейтін, білмейтін жерге барған жоқ. Исі Дадан тобықтының ішіндегі қарағайдай қалыңы, ел жұртқа есім-сойы мәлімі – құланшы Мәнжіғұл батырдың етегінен ұстады. Зорлап алып қашқан жоқ, екеуінің де қалауы сол. Бүгін ат тон айыбымызды арқалап, осы жайларды айтқалы алдыңызға келіп отырмыз, – деп сәл бөгеліп барып, сөзін қайта жалғады, – Бөртеке, сізді біз қатты қадірлейміз, босағасына құт қонған қасиетті Ақсақалымыз деп құрметтейміз! Балаңызға ырзалығыңызды беріңіз! Құдай қосқан құда болайық, құдалықтың барлық мирасын

мағұлым қылайық деген ақ-адал ниетпен келдік, – деді.

Байыс сопының мына сөзінен соң, Бөртекеңнің жүзі қызара күреңітіп, әлгіндегі ашудың сызы әнтек сөйілгендей болған.

Соның белгісіндей дастарханға қымыз келді. Зерлі тостағанға құйылған бесті қымызды Бөртебай оң қолымен Байыс сопыға алып берді. Көпес өзінің осы бір қимыл әрекетімен-ақ, арадағы дауды аяқтағандай болған. Байыс сопы сол күні бір малдың басын мүжіп, Бөртебаймен төс соғысып құда болып қайтты.

– Қалыңсыз қыз болмайды ғой, – деп майда-майда сөйлеп, беретін қалың мал жайында өзінше пысықтаған болды қыз алған жақ.

Байыс сопы келіп алдынан өтіліп кеткеннен соң, Бөртебайдың құрыс-тырысы жазылып, әуелдегі ашуы тарқап, көңілі жайланып қалған. Бәйбішесімен де, кіші әйелімен де емен-жарқын сөйлесіп:

– Өз қолыңды өзің кесесі бе, барған жерінде бақытты болсын, енді бәрін қойып, жасау-жабдығын әзірлеуге кіріссіндер, – деп әйелдеріне шаруа тапсырған-ды.

## IV ТАРАУ

### САҒАДА

#### 1

Тоқырауынның бүйрегінде жатқан осы бір сарыала жонды жергілікті ел «Саға» деп атап кеткен. «Түгін тартса, майы шығады» дейтін құнарлы өңірді Мәнжігұлдың жайлағанына да біраз жылдардың бедері болған. Биыл да Мәнжекең ауылы қар суымен жылдағыдай жайлауға қотарыла көшті. Тек Мәнжігұлдың өзі ғана біраз адамдармен қыстақ басында бөгеліп қалған. Оған себеп: қыстақтағы қоржын үйдің іргесін кеңітпек. Төбесін

сырықпен жауып, ортасын жарма пешпен бөлген тоқал там келе-келе тарлау болды ма, әлде Мәнжекеңнің басқадай ойы болды ма, әйтеуір, былтырдан бері үйді кеңітуге ықыласы ауған.

Жүрегiнiң түпкiрiне жасырған бiр мақсаты бар, соны қалайда жүзеге асырмақ. Ол кезде жақындары Мәнжекеңнің Қырмызы да көңiлi барын бiле бермейтiн. Жасырын дайындықтың сыры сол едi. Көкшетаудағы астан келiсiмен Мәнжекең қыстаудағы там соғып жатқан туысқандарына келiп жұмыстың жай-жапсарын көрдi. Айтары жоқ, азаматтар шаруаны еңсерiп, үйдiң iшi сыртын сылап-әрлеп үйдi дайындап бiтуге шақ қалған екен, соны көрiп көңiлденiп қалған.

Сол күнi Мәнжiғұлға «Қарқаралыға тез жетсiн» деген Қарқаралы уезiнiң аға сұлтан Құнанбай мырзадан шұғыл хабары келдi. «Аға сұлтанға менiң қандай керегiм болды екен?» деп ойлаған Мәнжiғұл көп кiдiрген жоқ, Қырмызының отауына бiр қонып келесi күнi атқа қонды. Жеделдете жүрiп Қарқаралыға жеткен Мәнжiғұл аға сұлтанның қайда тоқтағанын бiлiсiмен бiрден сонда тартты.

Есiмi бүкiл дуанға мәшһүр Халиолла деген көпестiң көк төбел үйiнде деген соң, сонда келiп аттан түскен. Есiк алдында жүрген татар малайы Мәнжiғұлдың алдынан шығып атын байлап жатқанда, үйден шыққан орта бойлы бидай өндi азамат бұның үстi басына шола қарап:

– Ассалаумағалайкум, сiз Мәнжiғұл боласыз ғой? – дедi.

– Иә, туысқан, Мәнжiғұл деген мен боламын. Мырза шақырды деген соң келiп қалдым, – дедi ол мұндағылардың бәрi Құнанбайды мырза деп айтады екен, соған бағып бұл да солай «мырза» деп атаған.

– Ат көлігіңіз аман ғой. Менің есімім Ізғұтты болады. Үйге кіріңіз, – деп өзі алға түсті.

Бұл әйгілі Халиолла көпестің көктөбел үйі. Мәнжіғұл бұл үйге бұрын да келген еді, содан да болар үйге кірген бетте қонақ бөлмесіне қарай жүрді.

– Сіз осында тоса тұрыңыз, мырза босаған кезде өзім шақырамын, – деп Ізғұтты шығып кетті. «Неге шақырды екен?» деген мазасыз сұрақ Мәнжіғұлды тағы да қаумалай бастаған.

Бұл уақытта Қарқаралы да мешіт құрылысы қауырт жүріп жатқан кез-тін. Құспек төренің кезінен сөзбұйдаға салынып келе жатқан мешіт құрылысын Құнанбай аға сұлтан болған күннен бастап қауырт қолға алды. Әуелде осы шаруаның бастамасын да өзі көтерген Құнанбай билікке келген соң бірден іске кірісті. Осы бір қасиетті істі атқару үшін ол барлық қажыр қайратын салғандай. Құрылысқа қажетті қаржыны жинауға Қарқаралы уезіне қарайтын болыстықтарды тегіс жұмылдырып, бар шаруаны өзі тікелей бақылауға алған. Дәл осы қарбалас кезде Батыс Сібір генерал губернаторынан Кенесары көтерілісіне қатысқан Құдайменде сұлтанды ұстау туралы бұйрық келген екен. Оның үстіне ұстап берген адамға екі мың сом ақшалай бәйге жариялаған.

Қош, енді оны кім ұстайды, қалай ұстайды? Қалай дегенмен ол кешегі Кенесары көтерілісіне қатысқан даланың көкжалы атанған Құдайменде ғой. Аға сұлтанды қинаған да осы еді. Құнанбай бұны өзі шеше салмай, жағдайдың бет-әлпетін айтып пікірлес азаматтармен ақылдасып та көрді. Әркім әрқилы ой тастады, солардың ішінде бұған ұнағаны: «Бұл істі шөлдегі Мәнжіғұлға тапсырыңыз» деген сөз көбірек көкейге қонған. Құнекеннің Мәнжіғұлды шақыруы сол еді.

Сөйтiп алаңдап отырғанда Iзғұтты келiп:

– Жүрiңiз, мырза сiздi тосып отыр,– дедi ол.

Бұл келгенде бөлмеде Халиолла көпес Бекметев пен Хасан ахун, Ғазизар ишан отыр екен. Мәнжiгұл оң қолын кеудесiне қойып, «Ассалаумағалайкум!» деп дауысын соза сәлем берiп кiрдi.

Амандық-саулық сұрасқан соң көпес пен Хасан ахун және ишаны бар үшеуi бiз бара берейiк деп Құнекеңнен рұқсат сұрап сыртқа шығып кеттi. Олар кеткен соң, аға сұлтан жүзiн Мәнжiгұлға бұрып, әуелi ел-жұрттың амандығын сұрап бiлдi, сонсоң жоғарыдағы мәселенiң мән-жайын баян қылды.

– Мәнжiгұл, маған генерал губернатордан Құдайменденi ұстап тұтқынға алу туралы пәрмен келдi. Саған осы шаруаны тапсырғалы отырғаным. Сенi шақырған себебiм де сол. Қасыңа екi солдат қосылады, соларға жол көрсетесiң, жер жағдайына жетiк екенiңдi бiлемiн. Құдайменденi қалайда қолға түсiру керек. Ол ешқайда кеткен жоқ, ел iшiнде жүр, – дедi.

Сөз тәркiнiн түсiнген Мәнжiгұл күмiлжiп қалған. «Оны қалай, не деп ұстаймын?» деген ой көкейiне кептелгендей.

– Құдайменде төренi ұста дейсiз бе? – деп жүзiн бұрғанда да, аға сұлтанның суық жанары бұған шаншыла қарап тұр екен.

– Иә, Құдайменде төре, – дедi ол жоғарыдағы сөзiн қайталап. Мәнжiгұл сәл ойланып барып:

– Олай болса маған Байжомарттың жүйрiк атын алып берiңiз. Сонсоң бөгелмей жолға шығайын.

Қарқаралыға аға сұлтан келедi дегендi естiп Байжомарт та келген-тiн. Осы бiр абыройсыз шаруаға басқа бiреу жұмсаса Мәнжiгұл көнбес едi. Аға сұлтанның айбарынан емес, қадiрiн сыйлағаннан лажсыз көндi. Оның бер

жағында Байжомарттың өзі баспа-бас жүз жылқыға бермейтін Сырлыжақтай жүйрігін оп-оңай бере салғаны. Енді шегінерге жол қалмады. Көргендердің айтуынша Құдайменде батыр Бектауата жақта жүр десе, енді біреулер Майтас маңында дейді. Иә, ол қайда жасырынса да табар, бірақ оны қалай ұстап береді, гәп сонда.

Мәнжіғұлдың соған дәті жетер ме? Ол кешегі Кенесарының сарбазы, орысқа бағынбаймыз деп басын ажалға тіккен баһадүр, тентек төре Құдайменде.

Мәнжіғұл екі орыс солдатын ертіп, Құдаймендені іздеп Қарқаралыдан шыққалы он-он бес күн өткен. Бұл уақытта «Құдаймендені ұстауға арнайы жасақ шығыпты» деген сөз ел ішін кезіп кеткен. Қазақтың «ұзын құлақ» хабары атқан оқтай. Қуғыншылар Майтасқа келгенде, кейбіреулер Құдаймендені көрмегендерін айтып алдын ала «Көрмедік, білмедік, аш пәледен қаш пәле» дескен. Даланың қалтарыс-бұлтарысын сүзген қуғыншылар көп жол шекті. Бір күні бұлар Майтастағы Сламбек қожаның үйіне келді. Ертеңгілік қожа үйінің қызметшісі қонақтың атын ерттеп жатып:

– Төрені шынымен ұстайсыз ба? – деді.

– Жоқ айналайын, – деді бұл.

– Онда неге қуып жүрсіздер?

– Қуып жүргенім жоқ, іздеп жүрмін.

– О кісі бұл жақта емес.

– Сен қайдан білесің оны?

– Естігем, Бектауата жақта деп.

Мәнжіғұл жан-жағына қарап:

– Жарқыным, сен мұныңды ешкімге айтпа, жарай ма?

– Ағасы-ау, кімге айтам оны.

Мәнжіғұл Құдайменденің осы маңда жүргенін естіген, бірақ мына кісі басқаша айтып тұр. Кімге



сенерін білмеген Мәнжіғұл сол күні Балжан еспесін өрлеп, Қарақозы мен Байқозының қуыс-қуысын сүзді. Майтастың тау-тасын шарлап уақыт оздырды. «Бәлкім Желтау өтіп кетті ме?» деп те ойлаған.

Кенет ол алдындағы аршалы сайдан асып бара жатқан жалғыз аттылыны көріп қалды; Дереву соның соңына түсті. Атқа қамшы басқан Мәнжіғұл дүсірлетіп қайқаңға шыға келгенде, қарсы алдынан үдірейген жықпыл-жықпыл тау шатқалдары көрінді. Әлгіндегі жалғыз аттыны жер жұтқандай. Қуғыншы тауды бөктерлеп, сай-сайды қуалап қанша сүзілгенімен күдікті ештеңе байқалмады. Соңына ергендер де, бұдан көз жазып қалған ба, жуық маңнан олардың да төбесі көрінбеді.

Мәнжіғұлдың есі-дерті әлгі жалғыз аттылы. «Апыр-ай, бұл қайда ұшып кетті?» деп қайқаңды қиялап, төменге бет алғанда байқады: жалғыз аттылы сай табанында желе жортып барады екен. Содан бастап көз жазбай қуды.

Құдайменде із өкшесінен қалмай тықсырып келе жатқан Мәнжіғұлдан құтылмасын білді, оның үстіне неше күннен бері арқасы ерден босамаған сәйгүлігі де болдырып амалсыз тоқтады. Келесі сәтте Құдайменде тосын бір қадамға бел бұды:

«Әй, осы Мәнжіғұл қайтер екен, мені шынымен ұстап бере ме?» – деп аттан түсіп қаруын бір бөлек қойып, соңынан қалмай келе жатқан Мәнжіғұлдың алдынан шығып:

– Сауға, сауға! – деді.

Құдайменденің мына әрекетіне қайран қалған Мәнжіғұл «бұл шынымен батыр екен, болмаса қасында жатқан мылтығын ала салып, мені атып тастауына да болар еді. Қой, мен де мұның батырлығына лайықты жауап берейін» деп:

– Бердім сауғанды! – деді.

Сонда төре:

– Мәнжеке, сен мені шынымен орысқа ұстап бересің бе? Менің қанымды мойныңа жүктеп қайтесің, мені жолымнан бөгеме, жөніме жібер, – деді.

– Төре! Мен сенің жаныңа құныкер емеспін, бердім тілегінді. Бірақ артымда қуғыншылар келе жатыр, олардың қолына түссең құтқармайды, сондықтан менің атыма мінде тарта бер. Жолың болсын! – деді.

Осы кезге дейін иісі қазақта мұны орысқа ұстап берейін деген ешкімнің ниеті жоқ екенін Құдайменденің жүрегі сезетін. Тіпті қуғыншы жіберіп отырған Құнанбайдың өзі де бұған құныкер емес. Бүгін соған көзі анық жеткендей болды. Бір жағынан Мәнжіғұлдың мәрт мінезіне тәнті болған ол:

– Мәнжіғұл, маған жасаған жақсылығың Алладан қайтсын, екі дүниенің рақатын көр. Ал қайыр қош боп тұр, – деп желе жортып кетіп бара жатты.

Сүт пісірім уақыт өткенде алаөкпе болып арттағы қуғыншылар да жетті.

– Не болды? – деді олар аттарынан түсер түспестен.

– Не болушы еді, мен атымды беріп оны босатып жібердім.

– Е-е-е, аға сұлтанға жауапты онда өзіңіз бересіз, – деп олар да жайларына кетті.

– Жарайды Құнанбайға бір сөз табармыз, болған іс болды, – деп Мәнжіғұл төренің болдырған атына мінді. Осы бір абыройсыз іске араласқанына бір жағынан өкінсе де, «Құдаймендені босатып жібергенім дұрыс болды» деп, соған іштей марқайған Мәнжіғұл ауылына қайтып келе жатты.

Арада бірқауым уақыт өткен. Аға сұлтанның

тапсырмасын орындай алмаған соң, сұлтанға қалай көрінемін, не айтамын деп мазасы қашқан Мәнжігүл Қарқаралыға бара жатып, жолай Жақсы Жанғұтты шешеннің үйіне соқты. Бойына қасиет тұнған қазақтың бір данагөйі ғой, не ақыл айтар екен деп Жақсы Жәкеңді іздегені сол-тын.

Би ауылында екен. Өзін қарсы алған қызметші адамға: «Биге сәлем бере келдім, Мәнжігүл келіп тұр», – деп айт деді.

Жанғұтты шешеннің ақ ордасына Мәнжігүл сәлем беріп кірді. Қысқа-қысқа амандық саулық сұрасты. Сөйткенше дастарханға зерен толы сары қымыз келді. Тостаған толы қымыздан бір екі ұрттаған Мәнжігүл Қарқаралыға бара жатқанын айтты.

– Бұл сапарыңның мәнісін біліп отырмын, – деді сұңғыла Жанғұтты.

– Білсеңіз жағдай солай, Жақсы аға, сізден ақыл сұрай келдім. Құдаймендені ұстап әкел деген аға сұлтанның тапсырмасын орындамадым. Енді оған не жауап айтамын, қандай ақыл бересіз? – деп болған жайды баян қылды.

– «Батыр аңғал» деген. Оған сен саспа, Құнанбай да соны ұстауға құштар деймісің, – деді Мәнжігүлдың апсағай ірі денесіне шола қараған Жанғұтты би.

– Өзің білесің, Құнекең құдайшыл адам. Ендеше сен беретін жауаптың да қисыны сонда. Бәрі құдайдың бұйрығы де, Құдаймендені қуғызған да құдай, ұстатқан да құдай, босатып жіберткен де құдай де. Құдайдың күдіретімен солай болды дерсің. Осыдан басқа сөз айтпа, – деді.

Жақсы Жәкеңнің ауылына түстеніп шыққан Мәнжігүл Қарқаралыға жүріп кетті. Айтары жоқ, Жанғұтты абыздың ауылынан еңсесі биіктеп, бір түрлі қанаттанып

шықты. Екі иығын езген уайымның тігісі сөгіліп, көңілі тазарып қалғандай.

Қалаға жетісімен шеткері жақтағы бір танысының үйіне түсті. Жуынып-шайынып ақшам намазын оқыған соң, дастархан басында танысынан «қалада не болып жатыр, мешіт құрылысы қалай?» деп әр нәрсенің басын шалып, өзінше біраз жағдайды анықтаған болды.

Аға сұлтанның өзі де осында екен. Бұл күні Мәнжіғұлдың мазасы қашпай тыныш ұйықтап шықты. Таңертең орынан тұрысымен Халиолла көпестің көктөбел үйіне тарты. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», деп көпестің ауласына келіп кірді. Қарсы алдынан шыққан түнеу күнгі татар малай бұның жөнін сұрап білген соң үйге бастап кіргізді.

Күнекең қасында Хасан ахун бар екеуі ғана отыр екен. Мәнжіғұлдың келгенін естіген Аға сұлтан кірсін деді.

– Сөйле Мәнжіғұл, не тындырып келдің? – деді дауысы салқын, өңі ызбарлы. Мән жайды әлгі өзі қайтарып жіберген адамдардан біліп отырса керек.

– Құдаймендені кудым, қуғызған құдай. Ұстатқан да құдай, ұстатып алып босаттырып жіберген де құдай. Бәрі құдайдың қалауымен болды, мен содан аса алмадым. Енді мені айыптайсыз ба, жазалайсыз ба, ықтиярыңыз білсін, – деді Мәнжіғұл аса бір монтаны қалыпқа түсіп.

Мына сөзді естіген Құнанбайдың өткір көзі Мәнжіғұлға қадала қарап қалған, өңінде ешқандай ашудың, абыржудың белгісі жоқ, сол қалпы суық қарас.

– Мәнжіғұл, бұл сөзді өзің айтып отырмысың, әлде біреу үйретті ме? – деп Мәнжіғұлдың апсиған ірі денесіне, едірейген мұртына қадала қараған аға сұлтан: – Құдайдың бұйрығын орындаған адамды не деп жазалаймыз?! – деп сәл ойланып отырып қалған ол: – Жарар, бұл іс осымен

қалсын. Бара бер, – деді. Осылай, әңгіме тіпті шолақ болды. Мәнжіғұлдың өзі де аң-таң, бір жағынан көңілі күпті. «Бара бер» дегені кешіргені ме?» деп оны да түсіне алмады. Тіпті айтқандары мұның өз сөзі емес екенін де біліп қойды.

Сол күні Мәнжіғұл айналшақтап қайта алмай, салынып жатқан мешітті төңіректеп біраз жүрді. Түске қарай құрылыс басына Құнанбай мен Алшынбай келді, қастарында Халиолла көпес, Хасан Ахун және бірнеше атқамінерлер бар екен.

Олар келгенде, құрылысшы азаматтар мешіттің төбесіне жуан бөренелерді салып жатқан. Сол сәтте бірнеше адам жуан мәткені жабыла көтерді, қанша ышқынса да әлдері жетпей «Ал көтеріңдер, ауп,..ауп!» деген дауыстар қатты-қатты шығып алысып жатқан. Осыны көріп тұрған Аға сұлтан Мәнжіғұлға көзі түсіп:

– Әй, Мәнжіғұл, сені қарулы деуші еді ғой, көмектесші аналарға, – деді.

Мәнжіғұл сөзге келген жоқ. «Жарайды, жарайды» деп үстіндегі құлын жарғағын шешіп тастап, ышқынып жатқан құрылысшылардың қасына келген ол аналарға «былай тұрыңдар» деді. Содан соң мәткенің дүмін қай жерге қою керектігін сұрап алып, алақанына түкіріп, жуан бөренені әуелі әрі-бері ырғап көрді. Құрылыс басындағылардың бәрі Мәнжіғұлға қарап қалған. Біреулер: «Бұл кім, қайдан келген адам?» деп жатты. Осы кезде Мәнжіғұл бөрененің жуан басын қапсыра ұстап «аруақ» деп ышқына көтеріп, болашақ мешіттің биік қабырғасының ернеуіне тастай салды.

Көз алмай қарап тұрған көпшілік Мәнжіғұлдың ерен қайратына тәнті болғандай шу ете қалды.

– Әй, өзі де дәу екен, ә! – десті біреулер.

– Қайдан келген адам? – деп білмейтіндер бір-бірінен сұрауда.

Шаруаны тындырып сыртқа шыққанда Мәнжігүлдың аяғы кібіртіктей берген, сөйтсе етігінің табаны ауыр салмаққа шыдас бермей өкшесі қақырап кеткен екен.

Аға сұлтан Құнанбайдың өзі оның ересен қайратына тәнті болып:

– Беу, Мәнжігүл, күш атасы сенде екен ғой! Алла жар болсын саған! – деп риясыз алғысын білдіріп, жыртылып кеткен етігіне қарап:

– Мә, мына ақшаға аяғыңа етік сатып ал, – деп қолына бір буда ақша ұстатты.

Мана Құдаймендені ұстамағанына ренжіді ме деп соған қипақтаған Мәнжігүл Аға сұлтанның жүзінен ондай реніш сызын көрмегеніне іштей риза болып қайтқан.

## V ТАРАУ

### ҚАРҚАРАЛЫ САПАРЫ

#### 1

Қыркүйек айы. Қарқаралы уезінің орталығы. Қалаға жан-жақтан ағылған ел. Бәрінің аузында жаңа мешіт ашылады екен, соның құрметіне той болады екен, ат бәйгесі болады деген ду-ду әңгіме. «Аға сұлтан Құнанбай мырза салдырған мешітті көрейік» деген сөз ел аузында жүр.

Шағын қаланың іші-сырты ағылған адам. Кең қолтық шапандарының етегі далақтап, сеңсең бөркін мыжырайта киген ауыл қазақтары да, даланың жуан шонжарлары да сабылып келіп жатты. Сармантай бастаған бірталай ел адамдары тойға қосатын арнайы тартуларын алып бірер күн бұрын келген. Байжомарт та олардың өкшесін ала жеткенге ұқсайды. Ертеңгілік Мәнжігүлға кездесіп,

«күрең атты жаратып әкелгенің дұрыс болған екен» деп қуанып қалған ол. Қасында ерген баласы Орманбет:

– Ассалалаумағаләйкум! – деп көзі ұшқындап Мәнжіғұлға сәлем берген. Орманбет әкесі Байжомартқа ұқсас бойы сұңғақ, ат жақты ақсары жігіт болып өскен. Өзі өткір болатын секілді. Күрең аттың алды артынашығып сүзіле қараған ол:

– Аға, атыңыз бәйгелі болсын, – деді.

– Ой айналайын, Оркенжан! Күніміз жақсы тілекпен басталды ғой, сірә күрең аттың бағы жанатын шығар! – деді Мәнжіғұл күреңді әбден жаратып әкелгенін айтып.

– Алла жазып ат бәйгеден бірінші келсе, – деді ол жүзін Байжомартқа бұрып, – біз үшін тойдың үлкені сол болғалы тұр! – деп бұл тойға Қырмызыны да ала келгенін айтты. Байжомарт оны білмейді екен, Қырмызыны көрген де:

– Бәрекелді, Қырмызы қарағым, ел-жұрт аман ба?

Қырмызы Байжомартқа иіліп сәлем беріп: – Аллаға шүкір, аманбыз, – деді.

– Мәнжіғұл, сенің күрең атың енді бәйгеден келіп тұр. Қолқасы аман болса келді деген осы! Қырмызының өзі келіп, бабамыздың аруағына сыйынып тұрса, Алла күпірге жазбасын, бұл неге келмейді! – деп жарқын-жарқын сөйлеген Байжомарт.

Мәнжіғұлдың өңі күлімдеп «әні айттым ғой» дегендей Қырмызыға қарады. Бастапқыда Қырмызы: «Бармаймын, «босаға аттамай жатып тойы несі» деген елдің сөзіне қаламын. Онсыз да айғай-шу аз болған жоқ» деп азар-безер болған. Бірақ Мәнжіғұл оған көнбеген:

– Ел енді несін сөз қылады, бұрынғы қайын жұртыңыздың айып-шамын төлеп ырза қылдық. Төркін жұртыңызбен де қатынасымыз жарасты. Бөртекеңнің де

алдынан өттік, бәрі жөнімен, өзіміз ойлағандай болды. Қырмызы, айналайын, дау-дамай, қаңқу сөз артта қалды. Енді біздің ауылға ешкім де ат ойнатып келмейді, – деген болатын Мәнжіғұл келіншегінің көңілін орнықтыра түсіп. Бұл сөзінің жөні де бар еді.

Осылай қарай жол жүрердің алдында Байыс сопы келіп:

– Мәнжан, шаруаны түгел жайғастырдық, – деді көңілдене сөйлеп. – Қайын жұртыңа: қалыңы деп, той малы деп, сүт ақысы бар бәрін қосқанда қырық бес жылқы, бес түйе, бұдан бөлек: жол жоралғысы, жыртысы, ілуі тағы басқа кәделерін екі түйеге артып жеткіздік, – деп болған жағдайды баян қылған.

– Бай аға, менің оншалыққа дәулетім жете ме? – деді Мәнжіғұл тіпті таңырқағанын жасыра алмай. Мұны естіген Байыс сопы:

– Мәнжан-ау, – деді шегір көзін Мәнжіғұлға қадап.

– Түсіндім, түсіндім, не айтпағыңызды, – деп Мәнжіғұл да сөз ауанын тез аңғарып, – байлығың жетпесе де жолдан жығылмайық дейсіз ғой.

– Әлбетте солай ғой. Өзің білесің, бұл Бөртебай деген әрі бай, әрі жомарт адам. Естуің бар шығар, ертеректе бұ кісі мына Мұрын-Сыбан ішінде саудада жүрді. Сонда дуан басымен құда болып той малына тоғыз жүз тайынша беріп, баласына әлгі ұлықтың қызын әперген. Жотасы пілдей жомартыңыз осы Бөртебай.

Солай қарағым, ол біздің қырық елу қыл құйрығымызға қарап тұрған жоқ. Бастысы жол-жоралғының жобасы дұрыс болғаны маңызды. Ауыз толтырып айтарға керек. Қарағым, Мәнжан, сен ештеңеге алаңдама, бастысы көпестің көңілі толды. Ал, қызды бұрын айттырып қойған жердің айып- шамын Байжомарт «бір қыздың



дауын басуға ақсақ-қалдаудың малы жетеді» деп оны өзі көтерді, – деді.

Содан бастап Мәнжіғұлдың көңілі орнығып, Қырмызыға: «Ел енді несін сөз қылады?» деп күшеюінің сыры сол-тын.

– Қырмызы қалқам, – деді ол, – күрең аттың бәйгеден келуі, құдай ақы, бізге бір жақсылықтың нышанын білдіргелі тұр.

– Ол ненің нышаны?! – деп Қырмызы отағасының күнге тотығып күреңіткен жүзіне күлімсірей, әрі таңырқай қарады.

– Енді жақсылықтың нышаны да.

– Сонда да. Нақтылап айтсаңызшы, – деп Қырмызы да шаужайлап болмады.

– Енді, – деп Мәнжекең күмілжіді.

– Айтыңыз, айтыңыз, – деп Қырмызы да қояр емес.

– Айтсам былай ғой, Күрең ат бәйгеден бірінші келсе, біздің тұқымнан да дүйім жұртты аузына қатаратын перзент дүниеге келер... дегенім.

Беті ду етіп қызарған Қырмызы ақырын ғана «Әумин!» деп екі алақанымен бетін сипады. Артынша бота көздері күлімдеп: «Онда баратын болармын» деген.

Мұны естіген Мәнжіғұл:

– Бәсе, дұрыс болды ғой! – деп қуанып қалған. Шынында да ол күрең атты солай баптады. Құдай жар болып сол үдеден шығып, ат бәйгеден келіп жатса деп ішінен солай тілеу тілеген-ді.

Көңілі орныққан Мәнжіғұл өздерімен бірге інілері Адығұл мен Сәдіні ертетін болды. Шабандоздыққа атқа шауып жүрген кіші ұлы Жұмабекті, оған серік болсын деп баланың үлкені Нартбайды алған. Осылайша сәрсенбінің сәтінде Күрең аттың құйрығын түйіп, жалын сүзіп, үмітін

үкілеген Мәнжіғұлдар жолға бірер күн ілгері шыққанды. Бәйге күрең жетекте. Қырмызы әлгіде отағасы өзіне таңдап әкелген Құлажиренге мінген. Бір шоғыр адам болып ауылдан шыққан Мәнжіғұлдар араға екі қонып, Қарқаралыға келіп түсті.

Бұлар келгенде қаланың іші қарбалас екен. Жанжақтан ағылған ел, ертең-бүрсігүні ашылатын жаңа мешіттің тамашасын көрсек деп сабылуда. Бұрын-соңды бұл өлкеде мұндай мешіт болмаған. Айшығы жарқырап, көкке шаншылған күмбезі алыстан көз арбайды. Арқа жеріне айы оңынан туып асқақ тұрған жаңа мешіт елдің рухын көтеріп тастағандай. Әрлі- берлі ағылған ел:

«Не болады екен, қайда болады?» десіп бір-бірінен жөн сұрасуда.

Елден келген Мәнжіғұлдар қаланың шет жағында тұратын Мағұнұр деген танысының үйіне тоқтаған. Қонақтарды қуана қарсы алған үй иесі жаны қалмай меймандардың аттарын байласып, үйге кіргізді. Бәйбішесі де жалпылдаған қарапайым жан екен, бұларға жігіт-жаппар болып, төрге таза көрпе төсеп, дастархан жасап әбігер. Ол кісіде Мәнжіғұл мен Қырмызының әңгімесін білетін болса керек,

Қырмызыға «қызым бағың ашылсын, құтты болсын!» деп жатты.

Дастархан басындағы әңгіме жаңа мешіт туралы болды.

– Айтуға келмейді, Құнанбай мырзаның салдырған мешіті елдің игілігіне болғай, аса үлкен сауапты іс болды. Өзінің ішінде медреседе болады екен, – деп үй иесі жаңа мешітті мақтарға сөз таппай отырды.

Ертеңінде көпшілік ел күн көтеріле жаңа мешіттің алдына жиналды. Шынында да мешіттің сыртқы көрінісінің өзі-ақ көз тартарлық еңселі еді. Мәнжіғұл

ертерек жылдары Семейге алғаш барғанда орыс шіркеуін көргені бар, сонда ойлаған ежелгі қазақ даласына бұлар қалай келді екен деп. Содан бері сандаған жылдар өтті. Еее айтпақшы, со жолы Семейдегі мұсылман мешітін де көргені бар. Көрген. Бірақ дәл бүгінгідей әсерленіп, Құнанбай мешітіне қарағандай сүйсінбеген шығар. Бұлар мешіттен көз алмай тұрғанда жиналған елдіңде қарасы қалындап иін-тіресе бастады.

Алқалы жиынға шекара күзетінің бастығы мен Аға Сұлтан Құнанбай және көптеген атқа мінерлер, ауыл старшындары, жан-жақтан келген болыстар қатысты. Көпшілік алдында әуелі шекара күзетінің бастығы сөйледі. Одан соң аға сұлтан Құнанбай сөз алып, Қазақ халқының әлімсақтан бері мұсылман екенін, қазақ жерінде исламның берік негізі бар екенін, атам қазақтың рухани орталығы болған көне Түркістанда, Қаратауда, Сайрамда асыл дінімізді ұстанып мұсылман баласының жүрегіне иман нұрын құйған Пайғамбарымыздың сахабасы Укаш ата, Қожа Ахмет Яссауидің ұстазы саналатын Арыстан баб, Баба Түкті Шашты әзиз секілді әулиелер жатқанын айтты. Солардың бәрі де өздерін Құдайдың құлы Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) үмбеті, кітабымыз Құран, Құбыламыз қасиетті Қағба деп өткен, деді ол бөгелмей сөйлеп:

– Қадірменді жамағат, қасиетті Құран Кәрімнің Бақара сүресінде былай дейді: «Сендерге өздерің қараған Байтүл-мақдисті құбыла еткеніміз – тамам жұрттың ішінен пайғамбарға ілесетіндерді айыру үшін істегеніміз еді. Алла Тағала сіздердің сенімдеріңізді жоғалтпайды» дейді. Олай болса мына қасиетті мешітіміз – Алла тағаланың жердегі үйі, бес уақыт намазды парыз етіп сіздердің жүректеріңізге имандылықтың сәулесін

түсірсін, осының бәрі халқымыздың рухы жасымасын, иманы кәміл, ертеңгі күнге деген сенімі берік болсын деген ниетпен жасалды! – деді.

Жиналған ел Аға сұлтанның сөзіне ұйыған. Оның дауысы күмбірлеп көне тарихтан сөз тартып, ел жұртын бір серпілтіп тастағандай.

Құнанбай сөзінің соңында мешіттің бас имамы болып тағайындалған молла Хасан Сайфуллаұлы деген татар азаматын жұрт алдына шығарып таныстырды. Бұ кісіні аға сұлтанның өзі сонау Сарытау қаласынан арнайы алдырған дейді былайғы ел. Соған қарағанда бұл адам Құнекеңнің сынына тұрған болса керек.

Осыдан кейін мешіттің ашылу құрметіне арналған ат бәйгесі және басқада тамаша ойын-сауықтар басталып кетті. Жиналғандардың көбі лықсып ат жарысын көруге бәйге төбені бет қойды.

Ат айдаушылар күні бұрын кеткен. Жұмабекті атқа мінгізген Мәнжіғұл:

– Балам, өзің білесің ғой, атыңның басын іркіп отыр; Ап еткенде алға түсіп кетпе. Қарақшының төбесі көрінген кезде тізгінде жібер. Алда-жалда бірінші келетін болсаң, қарақшыға жақындағанда «Қараменде» деп бабамыздың атын атап айғайлап, ал қарақшыға арқан тастам қалғанда «Құнанбайлап» ұрандатып өт, жарай ма? Ұмытпа!

Күткендей-ақ аламан жарыста Мәнжіғұлдың күрең аты андыздап алға шыққан. Шабандоз бала «Қараменделеп» айғайлап келеді.

– Ей, мынау әлгі Мәнжіғұлдың аты ғой! – деп жатты біреулер. Ең қызығы ат тура қарақшыға арқан тастам қалғанда шабандоз бала «Құнанбай! Құнанбай!» деп айғайлап қарақшыдан жүйткіп өте шықты.

– Ой жарайсың!

– Мынау не дейді ей?! – деп қалды біреулер.

– Бұл кімнің аты өзі? – деп жатты.

Бұл уақытта қапталдаса шапқан даяғашы күреңнің шылбырына жармасып жетектеп бара жатты. Мәнжіғұлдың қуанышында шек болған жоқ, арсалаңдап келіп, күрең атты кекілінен сипады. Жұмабекті бетінен сүйіп, «тұқымың өскір, ақ тайлағым!» деп баласын да, күрең атты да қайта-қайта құшақтап мээ-мейрам. Бұлардың қасына жүзі балбұл жайнап жүгіре жеткен Қырмызы Жұмабекті құшақтап бетінен сүйіп жатқанда, екеуін қапсыра құшақтаған Мәнжіғұл:

– Ей, жандарым, бәйгелерің құтты болсын! – деп мәре-сәре. Адығұл мен Сәді, Нартбайларда бір-бірін құттықтап, тіпті күрең аттың бірінші келгеніне өздері де сене алмай қалған.

– Жұмабек, құлыншақ, жарайсың, ұрандатқан дауысыңды естіп бір жасадық! – деп көзі күлімдеп, – Бәйгеден келгенің бір төбе, аға сұлтанның атын ұрандатқаның бір төбе болды. Көке бәйгеңіз құтты болсын! – деді Мәнжіғұлдың інілері жарыса сөйлеп. Содан кейін Қырмызыға бұрылған Адығұл:

– Кіші апа, бұл сізге ілесіп келген құт! Алла ұзағынан бергей! – деді күлгенде екі көзі бірдей жұмылып мәз болуда.

– Бұл кішкентай Жұмабектің бәйгесі ғой, бәрімізге құтты болсын! – деді Қырмызы шабандоз балаға мейірлене қарап.

Бұлар осылай мәре-сәре болып жатқанда қастарына баласы Орманбетті ертіп Байжомарт келді.

– Мәнжіғұл, қуаныш құтты болсын! Кешегі күні айтып едім ғой, – деп қарқылдап күліп алған Байжомарт: – Қырмызы келінімнің аяғы құтты екен! Абырой деген осы

ғой! Ұзағынан болсын! – деп риясыз қуанған.

Қайтарда олар бәрі бірге жүрді. Жол бойы өткен кеткенді ұмытып, әзілдері жарасып көңілді отырды. Бір-екі жерде ат басын іркіп балаларға сусын ішкізіп, аздап бел суытып алғандары болмаса, басқадай бөгелген жоқ. Байжомарттарды жібермей, ауылына ерте келген Мәнжіғұл келісімен тай сойып, Байжомарттың бәйбішесі Іңкәрді алдыруға кісі жіберген. Байжомарт асқа да, басқаға да қарамай ауылына қайтып кеткісі келген, бірақ оған Мәнжіғұл көнбей:

– Мына Орманбет бауырым біздікіне бірінші рет келіп тұр, есік ашқаны осы. Қырмызының тойы өз алдына оған дайындалып жатырмыз. Ал бүгін Оркенжанға арнап тай сойғалы тұрмын. Соған Байжомарт өзің бата жаса, – деді.

Байжомарт: «Әй мынау тауып кетті-ау, ә!» деді ішінен. Еріксіз бөгелді. Келесі күні бәйбішесі Іңкәр, інісі Көшен әйелімен бір ауыл болып бірақ келді.

Әншейінде тірі жанға басын имейтін Мәнжіғұл Байжомартты құрметтеп қонақ қылды. Аанада Қырмызыны алып қашап келгенде, Байжомарттың өзіне жасаған мәрт мінезіне тәнті еді. Содан кейін балтабай балаларына деген ықылас-ниеті өзгеріп, іші жылып сала берген-ді. Байжомарттар екі күн дуылдап Мәнжіғұл ауылынан көңілді қайтқан.

Арада қанша уақыт өткені белгісіз, бір күні «Құдайменде төре опат болыпты» деген сөз дүңк ете қалған. Шын өтірігін нақты ешкім айта алмады. Мәнжіғұл Байжомарттан сұрады, «құлағы түрік жүретін еді, сол бірдеңе естіген шығар» деп, бірақ ол да мардымды ештеңе білмейді екен.

Естігендердің айтуына қарағанда оқиға былай болған

дейді: Тау-тасты паналап орыс жасақтарынан қашып жүрген Құдайменде батыр байқаусызда аңдушылардың көзіне түсіп қалған. Содан бастап жау жасағы оның ізіне түседі. Аңду күшейеді. Құдайменде батыр Майтастың қалың шатқалдарын паналап, бір оқшау тұрған биік тастың үстіне шығып бой жасырған. Онысы биіктігі бес-алты құлаш болатын алып тас бағана, ұшар басы ойық. Жасырынған адамның төбесі көзге шалына бермейтін сенімді жер екен. Ізінен қалмай аңдыған жау Құдайменде жасырынған жерді біліп, оны қоршауға алған. Жан-жағынан ысқырып оқ атылады. Айғайлаған дауыстар естіледі.

Жаумен арпалысып ұзаққа дейін берілмеген Құдайменде тірідей қолға түсуді намыс көріп, шын басында тұрып, өзін-өзі жарып өлтірген екен. Дала көкжалы өзінің ерлік өлімімен жауына тіріде бас имейтінін ұқтырып кеткендей-тін.

## VI ТАРАУ

### ШІЛДЕДЕ

Шілденің ыстығы қайтпай тұрған кез. Әуе айналып жерге түсетіндей ыстық. Ақ боз үйдің көлеңке жақ іргесін түріп, түндігін жапқызып ыстықтан көлеңкелеп отырған Байжомарт сырттан шабалана үрген иттердің дауысын естіп, қолтығындағы жастықты кейін серпіп басын көтерді. Сәлден соң үйге Мәнжіғұл мен Байыс сопы кірді. Қонақтар қол алысып төрге озды. Қысқа қайырым амандық-саулық сұрасқан олар күн ілгерідегі келісім бойынша аттанып кетпек болған.

Осыдан бірер күн бұрын «Жантас мырза ауру екен, төсек тартып жатып қалыпты» деп естіген Байжомарт пен Мәнжіғұл көзі тірісінде көңілін сұрайық. Бок

дүниенің жетегіне еріп араздассақ та, алдымызда жүрген азамат қой, жатып алғанымыз жарамас, барайық, көңілін сұрап өкпе ренішіміздің жоғын білдіріп қайтайық дескен. Бұлардың бұл пікірін Байыс сопы да қолдап бірге баратын болды. Үйге Байжомарттың бәйбішесі Іңкәр кіріп, қонақтармен амандасып, қымыз алдыртты. Байыс сопы:

– Бәйбіше, бізге тамаққа әуре болмаңыз. Жантас мырза сырқат деп естіген соң, науқастың көңілін сұрағалы бара жатырмыз, бөгелмей шығып кеткеніміз дұрыс.

– Алла дертіне шипасын берсін, не айтамыз, бәрі бір құдайдың қолында ғой, – деді Іңкәр бәйбіше. Бірер аяқ қымыз ішкен Байжомарттар бөгелмей аттанып кетті.

Сығайұлы Ақан сұлтаннан соң, Дадан еліне қатарынан бірнеше сайлау осы Түйтебайдың Жантасы билік етті. Соңғы кезде мырза кенеттен науқасқа шалдығып төсек тартып қалды. Асқа да тәбеті жоқ. Күн санап жағдайы ауырлап, ел жұрты Жантас мырзаның денсаулығына қатты алаңдап отырған. Соңғы күндері науқас сұлық жатып қалған. Зәуеде бір бас көтеріп таңдай жібіткені болмаса, тамаққа да қарамады.

Осы кезде көңіл сұрай келген Байжомарттар да аттан түсіп жатқан. Ауылға кісі келгенін және оның Байжомарт пен Мәнжіғұл және Байыс ақсақал екенін Жантасқа бәйбішесі Тәттіқыз жеткізді. Сұлық жатқан Жантас басын жастықтан ақырын көтеріп:

– Олай болса менің киімдерімді әпер, төсегімді жаңартып сал, арқама биік етіп құс жастық қой, – деді бәйбішесіне.

Тік жаға сұрғылт көйлегінің сыртынан оқалы шапанын желбегей жамылған Жантас басына тақия киіп, кеудесін көтеріп сергек отырды. Әйтсе де қуқыл тартып бозарған



өңі мен көзінің алдына түскен көлеңке науқастың сырын айтып тұрғандай.

Ол көңіл сұрай келген меймандармен ашық- жарқын амандасып, жүзін бұрып:

– Мал-жандарыңыз аман ба? Көңіл сұрай келгендеріңе көптен-көп рақмет. Байеке, сіздің де үй-іші, бала-шағаңыз аман ба? – деп Байыс сопының да жүзіне көз тоқтатты. Сәл-пәл шаршаңқы тартқан жанары әлі ұшқын шашып тұрғандай. Сөйлегенде ептеп алқынып қалатындай; алайда соған да сыр алдырғысы жоқ.

– Жантас мырза, сіз сырқаттанып қалды деген соң қаліңізді білейік деп көңіл сұрай келдік. Жаратушы бір Алла дертіңізге шипа берсін! Тезірек айығып кетіңіз.

Бір болыс Дадан баласын бөлмей, бөлшектемей өзгемен тең қылдыңыз. Кешегі бабамыз Қараменде би салған жолды қалт қылмаған, қара ормандай халқына пана болған адамсыз. Қадіріңізді ел біледі, біз білеміз. Тіпті Патша ұлықтарының да қошемет-құрметіне бөленген адамсыз. Соның бәрі сіздің абыройыңыз, елдің абыройы. Мына Байжомарт пен Мәнжіғұл бауырларың қолыңызды алып сәлем берейік деп келді, – деді тілі майда Байыс сопы әдеттегідей суырыла сөйлеп.

Осы кезде үйге кірген қызметші жігіт шара толы қымызды ортаға қойып киік мүйізінен жасалған сырлы ожаумен сыздықтата сапырды. Бесті қымыздың иісі бұрық етіп мұрын жарғандай. Жантас қонақтарға «қымыз алыңыздар», деп мезіреті білдіріп отырды. Өзі, алдына қойған қымызға бір екі мәрте ернін тигізгені болмаса нәр сызбады.

Байжомарттар көп отырған жоқ, науқасты шаршатпайық, «Алла дертіңізге шипасын берсін» деп қоштасып аттанып кеткен. Жолаушылар бұлаң құйрық

аянмен ауылдан ұзай берді. Үшеуі де өз ойларымен өздері әуре. Байжомарт ойлады:

«Жантасты ауру, нашар жатыр деп еді, мынау әлі со қалпы, ақырып атқа мінгелі тұр. Дегенмен дерті қиынау шамасы. Өңі сахарға салғандай екен. Пенде шіркіннің өмірі осы ғой, тіршілікте дауластық, жауластық содан не ұттық. Бәріміздің баратын жеріміз екі құлаш қара жер» деп өткен күндерді күрсіне еске алған.

Үш жолаушы бірде қатарласа жүрсе, енді бірде іркес тіркес шоқырақтап ұзақ жүрді. Күн екіндіге құлағанда ауылдың да қарасы көзге шалына бастаған. Осы уақытта үшеуі аттың басын тарта ұстап, бұлаң құйрық аянмен қатар келе жатты. Шыққалы тіс жармаған Байыз сопы:

– Иә, Жантас мырза расымен төмендеп қалған екен, Алла жарылқасын, – деді.

– Қайдам, – деді күрең атқа бір жамбастай отырған Байжомарт, – төмендегенін байқамадым, қайта әлі тың сияқты.

– Енді не болса да, Алла шипасын берсін, аман болсын, азамат қой, – деді Байыз сопы.

Бұлардың сөзіне Мәнжіғұл ғана ілесіп ештеңе демеді. Байжомарттар науқастың көңілін сұрап келген күннің ертеңінде Жантас қайтыс болды деген суыт хабар келді.

## VII ТАРАУ

### САЯТТА

#### 1

Мешін жылдың қысы ерте басталды. Күзгі қара суықтың арты қарлы жаңбырға ұласып, жерге қырбақ түскен. Желтоқсанның басында қыстаққа қонған Байжомарт ауылы жылы үйге кіріп көңіл демдеген кез.

Соңғы жылдары теңіз жағасындағы ел шикі қыштан

там салып алатын болған, іші-сыртын лаймен сылап, ортасына жарма пеш қалайтын. Бұл өлкенің қысын қаншалықты жұмсақ десе де, қыстың аты қыс.

Желтоқсанның соңын ала ат тұяғын жабардай болып жерге қар түсті. Дересіннің көсілген адырсыз алқабы, бір-ақ күнде қыс көрпесін жамылып аппақ айдынға айналған. Күндегідей ерте тұрған Байжомарт, ақ мамыққа оранған даланың келбетіне сүйсіне қарап: «Мынау деген тамаша қансонар ғой!» деп дереу үйге қайта кірген ол:

– Бәйбіше, бүгін қансонар екен! Тамаша! Орманбетті оят. Қансонарға шығамыз, – деді.

– Апыл-ғұпыл таңғы астарын ішкен ауыл азаматтары аттанып кеткен. Әкесінің аңға кетіп бара жатқанын естіген Құлманбет те қалмай атына ер салған. Күн көк жиектен арқан бой көтерілгенде қан сонарға шыққандардың қарасы едәуір молайып қалған.

Теңізді қабақтап күн шығысқа қарай бет алған аңшылар ауылдан ұзаған сайын қалың қоянның жымы жыпырлап жиі кезікті. Соңдарына ерген бірнеше құмай тазылар, шу дегеннен іркес-тіркес бірнеше қоян шалды. Байжомарттың есіл-дерті түлкі, болмаса қасқыр кезігер ме деп, қоянды місе тұтар емес. Күн төбеге тырмысқанда бұлар Итмұрын тауға жақындап қалған, осы кезде Орманбет:

– Әні кетті, әні кетті! – деп айғай салды.

Аңшылар «қайда, қайда?» десіп апалақтасып қалған. Бұл уақытта Байжомарттың аң алып жүрген Көктұйғын деген тазысы атқып ала жөнелді. Жер бетін жапқан ақұлпа қар күн сәулесімен шағылысып, ақ тазының қайда тұтып бара жатқанын айыру да оңайға түсер емес. Байжомарттар желе жортып, иттердің соңына ерді.

– Көктұйғын көрсек болды, ол құтқармайды! Алла сәтін

сал гөр! – деп шаба жөнелген. Әні-міне дегенше ақ тазы көз жаздырып кеткендей.

Орманбет айғайлап келеді:

– Әні кетті, әні кетті! Екі қасқыр... Ананы қара, бөліне қашты!

Бәрі тазылардың ізімен жосыла шауып алдарындағы белден асып түскенде байқады, Көктұйғын жоқ, оның есесіне басқа екі тазы теріскейге қарай заулап барады екен. Байжомарт енді білді тұйғыны біреуін жалғыз қуып кеткенге ұқсайды. Ол енді бұрыла беріп:

– Сендер ана екі тазының соңына түсіндер! – деп өзі тіке тартты. Тақырат та бар пәрменімен зулап келеді. Көктұйғын көрінер емес. «Апырай, ә! Тазы жазым болмаса екен» деп ішінен итін ойлаған ол аттың басын қоя беріп жосылта жүйткіді.

Көктұйғын бірден бұзаудай көк арланның соңына түскен. Неше күннен бері аш құрсақ жүрген көкжал ізінен қалмай өкшелеп келе жатқан жалғыз итті ұзап барып байқады. Соңына ерген аттылы адамның жоғын сезген ол енді екпінін бәсеңдетіп, ізінен қалмай өкшелеп келе жатқан ақ тазыдан бой салып қашқысы келмей, бір-екі мәрте артына бұрылып, жалғыз иттен басқа жау жоғын сезген секілді. Артынша жүрісін баяулатқан түз тағысы тазының құйрық тістемге келуін күткен. Жосылып келе жатқан ақ тазы да соны сезіп, бөрінің жалт бұрылуын күтпей-ақ, атқып барып құлақ-шекеден ала түсті.

Жерге шөкесінен қадалған көкжал ақ тазының азуынан босағысы келіп, мойнын сілке шапши көтерілді. Тазы да тістеген жерден жіберетін емес, бөрінің аузы ештеңеге ілікпей құлақ-шекесін қаусыра қысқан ақ тазыны сілкіп лақтырып, апыр-топыр алысып кеткен. Тазы мен қасқырдың тайталасынан түнемелікте жауған ақ

ұлап қар бұрық-сарық шашылып, ит пен тазының қан араласқан сілекейі ақ тозаңға қызыл жолақ із тастауда. Тыныштыққа мүлгіген дала төсі осынау алапат айқасқа таңырқап тұрғандай. Денесіне тіс батқан сайын ашуы қозған көкжал бар пәрменімен ақ тазыны әрі-бері сілкіп, сүт пісірімдей уақыт жанталаса арпалысты.

Осы уақытта жан-жағына алақ жұлақ қараған Байжомарт көкжалмен алысып жатқан итін көріп шапқылап жеткен.

Бұл кезде көкжалдың да, тазының да сілелері қатып, қасқырдың аузы арандай ашылып сілекейі ағып, шөкесінен түскен қалпы қозғалмай қалған. Байжомартты көрген жыртқыш тазыны сүйреп кеткісі келгендей орнынан ышқына көтеріліп қайта құлады. Тазының жағы қарысып қалған екен. Соны сезген Байжомарт итінің жағын уқалап әзер ажыратып алған. Арт жақтан шапқылап Орманбеттер де жетіп ақ тазыны көтеріп апарып, ішікке орап жатқызып қойды.

Бәрі дуылдап, «иттің сырттаны» деген осындай-ақ болар!» деп Көктұйғынды жерге түсірмей мақтауда. Сол күні олар үш түлкі, бір қасқыр мен бірнеше қоян алып қанжыға майлап, аңнан олжалы оралды.

Аңнан қайтып келе жатып Тікшоқының баурында отырған жылқышының үйіне соқты. Жалғыз үй екен.

– Ассалаумағалайкум! – деп табалдырық аттады Байжомарт.

– Қош көрдік! Төрлетіңіздер, – деп ашық-жарқын қарсы алған аққұба бәденді келіншек Байжомартты көргенде көптен кездеспеген танысын көргендей ықылас танытты. Соны сезген Байжомарт:

– Ауыл-аймақтарыңыз аман ба, қарағым? Бұл кімнің үйі болды, танымадық қой? – деді. Бейтаныс жанда қайдан

көргенін, қашан көргенін, тіпті есіне түсіре алмады.

– Осындағы Көбет дегенді естуіңіз бар шығар.

– Әлбетте, білемін-ау. Білгенде қандай. Бозайғырдың Көбеті ғой?

– Дәл солай. Осы үйдің отағасы со кісі. Соны айтқанда келіншек миығынан жымығандай болғаны. Байжомарт та соны қапысыз аңғарып, «бұл не жұмбақ?» деп келіншекті сөзге тартып, әрнені сұрап еді онысына мардымды жауап болмады. Байжомарттың да ойына сан түрлі оқиғалар келген, бірақ дәл мына әйелді еш жерден көрмеген. Келіншек ақжарқын ер мінезді адам екен, соғым кезі ғой «Сыбағаңызды жеп кетіңіз, күнде келіп жатқан жоқсыз, күйеуім де әні-міне келіп қалады» деп дереу қазан көтертті. Жігіттер далада түлкі сойып әбігер. Байжомарт пен Көшен сырт киімдерін шешіп төрге жайғасқан. Төр дейтін төр емес, тым жұпыны үй екен. Алайда оған қымсынып жатқан келіншек жоқ, көңілі даладай, емен-жарқын. Байжомарт түлкі тымағын шешіп, сырмалы тақиясын киіп отырды. Бүгін қасқыр алып аңшыларға үлкен олжа салған Көктүйғында қонақтардан қалмай үйге кіріп, төрге озбай босаға жақта иесі салып берген аткөрпенің үстінде тұмсығын бауырына тығып дамылдап жатыр.

Есік ашылып үйге Құлмамбет кірді. Қолында жаңа ғана сойылған қызыл түлкінің терісі бар.

Жастыққа шынтақтап жатқан Байжомарт еңсесін көтеріп, «андағы түлкіні осы үйдің иесіне байлайық» деп айтып үлгергенше, үйге әлгіндегі аққұба келіншек кіріп келді:

– Қарағым, – деді Байжомарт әйелдің жүзіне қарап, – мына олжамызды сізге байладық, қабыл алыңыз.

– Ой, рақымет! Бұған неге әуре болдыңыздар? – деді

келіншек сәл жымыып.

– О не дегенің, қалқам. Бұл деген дәстүр ғой, көрсетіп жатқан құрметіңе ризамыз, – деді шын пейілімен алғысын білдірген Байжомарт.

Аңшылар жылқышы Көбеттің үйінен кештетіп шықты. Өзін атқа қолтықтап мінгізген ауыл иесімен қоштасқан Байжомарт жол бойы ешкімге ләм демей, ауылға жеткенше Тақыраттың бұлаң құйрық жүрісіне салып, өзгелерден құрық бойы озып отырды. Әлгі үйден көңілі бұзылып шыққандай, ойына бір түйткіл кірген. Негізі Байжомарт жарқылдап жүретін ер мінезді адам, ерегіскен адамға шорт кететіні де жоқ емес. Сырын білетіндер қытығына тимей сырттап жүретіндері де содан. Ал әлгіндегі үйден не бүйі шаққанын інісі Көшен түсіне алмай үнсіз соңынан еріп отырды. Бұл жұмбақтың сырын ол көп кешікпей түсінді. Әйтсе де, оған дейін арада әлі біраз уақыт бартын.

Сол күні саятшылар Дересіндегі ауылға түннің бір уағында оралды.

## VIII ТАРАУ

### БОРАНДА

#### 1

Осы қыста Байжомарт саятқа жиі шықты. Көбінесе қасына Орманбетті ертіп жүрді. Аулайтындары түлкі. Қылшық жүні құлпырған алтайы қызыл түлкінің бағасы да қымбат. Қыста мұздың үстімен Алматының базарына апарып аң терісін өткізудің де жолын біліп алған, жағадағы ел өздеріне керекті қант-кәмпиттен бастап киім-кешекке дейін теңдеп әкелетін болған. Оған да жалғыз жарым жүруге болмайды, жол торыған ұры-қара көп. Бүгін Байжомарт жол жүріп кеткен. Қасына ешкімді

ертпеді.

Әлгі Көбеттің үйінде кездескен келіншек көңілден шықпай, солай қарай аңсары ауып жүрген. Басында ол «осы адамды қайдан көрдім?» деп әлде нені есіне түсіре алмай дал болатын. Кейін оны да қойды, ендігі аңсары «осы қалай болар екен?» деп соған басы қатқан. Оның үстіне әйелдің де ықыласы Байжомартқа ауып кеткендей. Мұны көрсе-ақ өзге дүниені ұмытып, майдай еріп, жүрегі елжіреп жүре береді.

Сол жылы, қаңтардың боранды күндерінің бірі еді. Ақ түтекпен алысып, түбекте отырған Көбеттің үйіне Байжомарт келді. Жылқышының малда жүргенін, мына боранда оған үй бетін көрудің жоқ екенін білген ол ат құлағы көрінбейтін түтеген боранды кәперге ілмей келіп жетті. Атын Көбеттің атқорасына кіргізіп, алдына бір құшақ қамыс салды. Үстіне жабу жапты.

Есікті тобылғы сапты қамшының сабымен тарсылдатып қатта-қатты ұрды. Ұйтқый соғып, азынаған ала құйын боран мұның дауысын ешкімге естіртетін емес. Байжомарт тағы да есікті ұрғылады. Әйтеуір, тостырып-тостырып бір заматта ішкі сенектен біреудің дауысы естілгендей болды. Есікті ішінен жіппен байлап қоған екен. Әйел адам жіпті шешкен кезде сарт етіп ашылған жаппаны жел ұшырып әкете жаздаған. Байжомарт оны әуреленіп жүріп, әзер жапты. Есік дегені есік емес, мал терісімен қаптаған шарбақ, оның төмен жағынан ұйтқыған желмен ішке қар кіріп жатты. Сөйткенше үйдің ішкі есігі ашылып әр жақтан жылтыраған от көрінді. Үй іші алакөлеңке. Әлсіз май шамның сәулесі болар болмас себезгілейді. Келіншек шамды жоғары көтеріп:

– Батыр-ау, бұл сізбісіз?! Аманшылық ба?! Борандатып қайдан жүрсіз? – деді.



– Жұмагүл, – деді Байжомарт дауысы қарлығып,  
– Әуелі мына киімдерімді шешуге көмектес, – деді.  
Келіншек шамды жерге қоя салып, қонақтың сырт  
киімдерін тартқылап шеше бастаған. Қасқыр ішіктің  
сыртынан киген қалың сулық, аяқта қонышы қара санын  
қапқан саптама етік, түлкі тымақтың сыртынан сулық  
киген. Атсоғарын екі бүктеп үстіне жабысқан қарды  
ұрып түсіріп киімдерін шешті.

Жұмагүлдің жаны қалмай Байжомарттың сырт  
киімдерін алды, қырау қатқан тымағын сілкіп-сілкіп  
адал бақанға ілді. Беймезгіл келген қонақ пеш түбіне  
жайғасып, алақандарын ысқылап бойы жылына бастаған.  
Келіншек болса пешке қи салып, отты лаулатып жағып,  
дастархан жасап, соғымның жылы жұмсағын қазанға  
салып, тез-тез қимылдап, аузын жаппай сөйлеп жүр.

– Күннің өзі құтырып борандатқанына аптадан асты  
ғой. Біздің үйдің адамы да мүлде хабарсыз кетті.

Суықтан келгеннен бе, Байжомарт дастархан басында  
әдеттегідей сырбаз қалпында отырды. Зәуеде бір  
келіншектің келбетіне сүйсіне қарап, сәл жымиған  
болады.

– Неге үндемейсіз? – деді келіншек күлімсіреп.

– Дұрыс келдім бе, әлде бұным қателік болды ма? – деп  
соны ойлап отырмын деді ол.

– Мына ақ түтекті елемей келгеніңізге қарағанда,  
сырттағы бораннан іштегі боран қуатты ма дедім. Егер  
солай болса сіз дұрыс келдіңіз.

– Бәрекелді! Өзің жұмбақтап сөйлейсің. Кеш келдім бе,  
кеш жолықтың ба, со жағын айыра алмай отырмын.

– Солай дейсіз бе? – деп келіншек төмен қарап жымыды.  
– «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар ғой... – деді.

Қыстың ұзақ түні. Сыртта ұйтқып аласұрған

боран түнімен есік-терезені ұрғылап таң атқанша байыз таппады. Байжомарт ертеңгі асқа қараған жоқ, Жұмагүлмен қоштасып аттанып кетті.

Сол жылы қыс қатты болды. Оның үстіне ақпан айында қар аралас жаңбыр жауып, мұз қатып, жылқы қырылып қалатын қауіп туған соң, мұндағы жылқышылар табынды көлдің оң қабағына шығарып әкеткен. Соның салдарынан Көбет те қыс бойы үй бетін көрмеді. Тек ақпанның соңында ғана көл ашылмай тұрып жылқыны бер қабаққа өткізді. «Алапат қыстан аман шықтық» деп Көбет үйіне оралды. Бұл келгенде үйінде ешкім жоқ еді.

– Апыр-ау, бұл қайда?! – деп, Көбеттің зәресі ұшты. «Қыста бір жаққа кетіп үсіп өлді ме?» деп әйелін ойлап уайым шеккен. Тек артынан кейін білді, мұның әйелін Байжомарт алып кеткен екен.

– Біреудің некелі қатынында оның не шаруасы бар?! – деп әуелгі де Көбет түсіне алмай қалған. «Бәлкім қыстақта жалғыз болған соң, паналай тұруға барған болар» деп бастапқы ойынан тез тайқыды. Әйтсе де, көңілін күдік кеуледі. «Не де болса өз көзіммен көрейін» деп Байжомарттың ауылына баруға неше мәрте оқталып, бір шешімге келе алмай көп жүрді. Әншейіндегі абың-кұбың дөкір мінезі де басылып қалғандай. Сөйтіп жүргенде жер аяғы кеңіп, ел жайлауға көшті. Балтабай ауылы да көктем шыға жылдағы дағдысынан жаңылмай Қызыл Еспені бойына көшіп қонған.

Әулиеатаның тура іргесінен тарқатылған бұрымдай иірілендеп түстікке қарай шығатын еспенің арнасы кейде бұрық-сарық тасып, кейде сабасына түсіп, шымырлап ағып тура Борлы төбенің тұсына жете бере күн шығысқа жалт бұрылып ирелендей жөнеледі. Арнасы жіңішке, суы мөп-мөлдір сылдырлап ағып кеберсіген даланың

таңдайын жібітіп жататын осы – Қызыл Еспе.

Еспенің екі жағасы бірдей жарыса өскен балапан шілік асау арнаны көмкеріп кейде көзден жасырып тұратындай. Борлының етегінен басталатын алып тостағандай ойпаң биыл ерек жайқалған. Неше қилы шөп: ақ изен, бидайық, тарлау, боз көде, жусан дейсің бе сан-алуан миуа құлпыра өсіп көз жауын алады. Бұл арадан Әулиеатаның жалтыраған қызғылт шыңы қол созым жерде тұрғандай мұнартып көрінеді. Сол биік шыңның басына бұлт айналып жаңбыр жауса болды – Қызыл еспе бұрық-сарық тасып, әжептарқы мінез көрсетеді.

Байжомарт ауылы Еспені жайлай бастағалы біраз жылдардың мұғдары болған. Биылда қар суымен қотарыла көшкен бай аулы еспенің екі жағасына шашырай қонған. Ақ боз үйлер алыстан көз тартып дала төсіне сән беріп тұрғандай.

Шыны керек, әйелін іздеген Көбет Байжомарттың ауылына қалай барудың есебін таппай көп бөгелді. Ол ана төрт қатынының үстіне мұның әйелін бесінші қылып тартып алса, бұл оған не дейді? Қатынымды өзіме қайтар дей ме? Қалай айтады? Ол деген азуы алты қарыс Байжомарт емес пе деп ауылдан шықпай жатып жүрегі шайлықты.

Көбет сол күні үйге сыймады. Далаға шықты, үйге кірді. Жұмагүлмен отасқалы бірер жылдың жүзі болған, араларында бала жоқ. Егер бала болса ол кетпес те еді деп қапаланады. Отырып-отырып: «Мұның не Жұмагүл? Сенің шекеңнен шерттім бе?» деп иесіз үйде іштей аласұрды.

Неше күн үйден шықпай жатып алды. Бірақ онысынан ештеңе өнетін емес, тіпті басын сүйейтін жан жоқ. Ақыры, қой болмас, барып жөнін білейін? Жөн сұрағанның несі

айып деп ертелетіп атқа мінді.

Жол бойы ештеңе ойламай бірде желе жортып, бірде аяндап ширақ жүрді. Бүйірден соққан көктемнің ызғырық желі, үстіне киген жұқа шидем шекпеннен өтіп, мазасын қашыруда. Тіпті оған да аса мән бергісі жоқ. Ара-тұра әйелін алып қайтатындай көрінеді. Онда қалай, жалғыз атқа екеуі мінгесе ме?

Жұмагүлдің ақ боз аты бар еді, соны жетекке алмағанына өкінді. «Жарайды енді бара көрермін, азар болса өзім жаяу жүремін, атқа қатынды отырғызып жетектеп отырамын» деп әр нені бір ойлап, күн төбеге тырмысқанда межелі жерге де жеткен.

Бұл келгенде Байжомарттың ауылын кісі басып жатқандай, керме толы қаңтарулы ат. Соны көрген Көбет аңырайып тұрып қалған. «Қайтсем екен?» деп қатты толқыды, ақыры неде болса бара көрмекке тәуекел қылды.

Көбетті ешкім қарсы ала қойған жоқ. Тіпті бай ауылдың иттері де үретін емес. Бәрі марғау, «ей бишара, сен не іздеп келдің?» дейтін секілді. Көбет аттан түсіп, үлкен ақ үйге қарай жүрді. Осы кезде үйден шыққан ұзын бойлы ақ сары кісі бұны көріп тоқтай қалғаны. Шамасы бұны таныған сықылды.

Көбет те оны бірден шырамытты, бұл өткен қыстың басында, алғашқы қансонарда Байжомартпен бірге ауылдарына келіп кеткен адам. Қателеспесе Байжомарттың інісі Көшен. Е-е-е сол болды.

Көшен мұнымен салқын амандасты. Бұл болса Көшеннің қолын алып елпектеп:

– Менің әйелім Жұмагүл осы ауылда ма? Соны іздеп келген едім. Қойған сұрағының сүрепеті өзіне де ұнаған жоқ. Көшеннің өңі сұрланып бұған жақтырмай қарап:

– Ол енді сіздің әйеліңіз емес, біздің жеңгеміз.

Шаруаңыз осы болса қайта беріңіз.

– Олай болса мен Байжомарттың өзіне жолығайын... неге бұлай болды?

Көшен сәл ойланып тұрды да:

– О кісіге жолыға алмайсыз, кісілермен отыр. Жүріңіз мен сізді жолықтырайын. Ақыр келген екенсіз, жеңгейдің өз аузынан естіңіз, – деп шеткі киіз үйге алып жүрді. Үйге кіргенде бұлардың қарсы алдынан Жұмагүлдің өзі шықты. Қоңырқай өңі шырайланып, көздері күлімдеп келе жатты да, Көбетті көріп, өңі тез суыды.

– Жоғары шығыңыздар, – деді салқын сөйлеген ол. Көбет екеуі бір-бірін танымайтын адамдарға ұқсап, еріндері жыбырлап амандасқан болды.

– Жеңгей, – деді Көшен, – мына кісі сізбен сөйлесем деп келді. Негізі ағайға жолығам деген, о кісі бос емес, кісілермен отыр, – деді.

Көбет Жұмагүлге көзінің астымен қарап қояды. «Не деген әдемі, бай ауылға келгеннен соң әбден бабына келгендей. Сымбаты талшыбықтай иіліп, үкідей үлбіреп тұр. Әрине, бұл оны Байжомарт құсап алақанына аялап қондырған жоқ. Оған шамасы келмеді. Қыс бойы ыққан жылқымен бірге бас сауғалап үй бетін көрмеді. Құдайдың қысы сұрапыл болды ғой, ай даладағы жалғыз үйде қалған Жұмагүлді ойлауға, тіпті шамасы келмеді.

Ол аш болды ма, жалаңаш болды ма, есіне келсе қане?! Енді кімге өкпелейсің, Көбетім-ау!» деп, өзін кінәлап, арпалысқан ойы тоқтау бермеді.

– Қымыз алыңыз, – дегенде ғана селк етіп ес жиғандай болған.

– Егде жастағы әйел шара толы қымызды сырлы ожаумен сыздықтата сапыра түсіп, қымыз құйып, қонаққа тостаған толы бал қымызды ұсынды. Жұмагүл

болса сызылып, үлкен үйдің бәйбішесі құсап, еркін отыр. Басында желкесінен байлаған ақ жібек орамал. Үстінде қынама бел қызыл қоңыр камзол. Жаңа түскендей-ақ, сызылып үнсіз.

Қымыз ішіп болған Көбет кетуге жиналған. Сол кезде ғана Жұмагүл тіл қатып:

– Осылай үн-түнсіз кетесіз бе? – деді мойылдай көзі тұнжырап. Бөтен адамдай бұған «сіз» деп сызыла сөйлеп.

– Не айтамын, сені мұнда ешкім зорлап әкелмеген болар? – деді Көбет. Әлде бір шындыққа көзі жеткендей болып. Үнсіз отырған Көшен сөзге араласып:

– Көбет, – деді қонаққа қарап, – жеңгейге «Сіз» деп сөйлеңіз.

Көшеннен ескерту алған Көбет енді не дерін білмей ойланып қалды. Соны сезгендей Жұмагүл:

– Келгеніңізге рақымет! Мені ойламаңыз. Басқа біреумен дәм-тұзыңыз жарасар, аман болыңыз, сөге жамандамаңыз, – деді. Осымен сөз бітіп, Көбет ауылына қайтқан. Жол бойы ойынан Жұмагүл кетпеді. Бір-екі жыл отасқанда бірде-бір рет шәй деспегені; әйтсе де аралары салқындау болғаны; тіпті алғаш отасқан кездің өзінде ерлі-зайыптылар арасындағыдай бір ерек құштарлықты да сезбегені ойына оралды. Бұрын-сонды мұндай ой басына келмеген екен, әйелі ме, әйелі, бұл соған мәз болып жүре берген. Сөйтсе мұның Жұмагүлі аса көрікті де, сымбатты жан екен-ау. Бұ сорлы соны сезбеген, жылқы баққанға малданып, асау мінгенге алданып жүре берген. Айтқандай, бұның Жұмагүлі ат құлағында ойнайтын шабандоз-тын.

Алғашқы үйленген кезде мұнымен жарысып жылқыға баратын. Тас қараңғы түнде әлгі ақ боз атына мініп алып күйғыта жөнелгенде Көбеттің зәресі қалмайтын,

«қараңғыда аттан жығылып қала ма?» деп әзер тоқтататын. Тіпті қызды қыздымен бірде: «Көбе (мұны солай дейтін) жүр барымтаға барайық» дегені бар.

Сонда Көбеттің зәресі ұшып:

– Астапыралла! Не сұмдықты айттың! – деп өз әйеліне өзі таңырқай қараған. Енді бірде ол өзі туралы қызық сырдың бетін ашты. Қыз күнінде бірнеше рет барымтаға барған екен, сонда жалғыз өзі, айтысына қарағанда анау-мынау жігітті аттан түсіріп кететін болған. Сойыл сілтесі де сұрапыл. Соны көрген Көбет әйелінен сенбеске лажы қалмаған. Барымтада бірнеше рет жолы да болған екен. Соңғы рет кім екені белгісіз, біреудің жылқысына тиген ғой. Содан оңбай беті қайтып барымта дегенді қойып кетіпті.

– Не болды сонда? – деп Көбет әлгі әңгіменің жалғасын бастырмалатып қанша сұраса да Жұмагүл тіс жарып ештеңе демеген. Сол ғана бұған жұмбақ болып қалған. Екеуінің кездесуі де қызық еді. Бұл бұдан екі жыл бұрын болған оқиға. Қыраулы қыстың боранды күні болатын. Көбет жылқыда жүрген. Бір кезде қайдан екені белгісіз Ақбозатқа мінген біреу ала құйын ақ түтекпен жарысып мұның оң иығы тұсынан жүйткіп келе жатты. Күннің көзін бұт бүркеп, оның үстіне ұйтқыған боран көз аштырмай тұрған. Қайдан тап болғанын қайдам, әлгі боз аттылы мұны өңмендеп келіп қатарласа тоқтады. Бет аузын байлап алған, тек көзі ғана жылтырайды. Оның өзінде кірпігіне қырау қатып, кім екенін тани алмады. Үстінде ақ сеңсең тон, басында түлкі тымақ оның сыртынан күлпара киіп алған секілді. Сол күні көлденеңнен кезіккен бейтаныс адам бұнымен бірге болып жылқыны қамысқа айдасты. Қас қарайғанда екеуі қара қосқа келіп, аттан түскен.

Көбет ойлаған бейтаныс жолаушы адасып жүрген

болар деп. Сонымен екеуі қостың алдына келді. Қара қостың ауызын қар басып қалған екен, соны мықшындап жүріп эзер тазалаған Көбет бейтаныс адамды қосқа кіргізді. Одан соң қостың ішіне өзі от жаға бастаған. Онысы жанбай біразға дейін пықсып, көк түтін көзді ашытып эзер тұтанды. Қостың іші біршама кең, әрі құрғақ еді. От маздап жанған соң бақырға қар ерітіп ет салды. Жаңағыдай емес, қара қостың іші жылынып, бойларына қан жүгіре бастаған. Содан кейін Көбет мен жылқыны бір айналып келейін оғанша ет те пісіп қалар,- деп шығып кеткен.

Жылқышы талайдан кейін келді. Бұл уақытта ет пісіп, буы бұрқырап тұрған. Қостың іші де жып- жылы. Бейтаныс жолаушы тымағын шешіп, қарын сілкіп, іргедегі қадаға ілді. Сәлден соң сеңсең ішікті шешіп оны да іргедегі қабат-қабат киіздің үстіне тастады. Осы кезде қосқа кіріп келген Көбет өз көзіне өзі сене алмай аңырып тұрып қалған. Сөйтсе ол манадан бері мұның қыз екенін тіпті де аңғармаған. Енді аузына сөз түспей «әлгі жігіт... сен, ол кім?» деп тура кекеш болып қала жаздаған-ды.

Бейтаныс қыз шегі қатып күлді.

– Сіз перінің қызы шығарсыз?! – деді Көбет таңданысын жасыра алмай.

– Жоқ! Ақ түтек боранның қызымын.

«Ақ түтек боранның қызымен» ол осылай танысты.

Жұмагүлдің жылқышының қара қосында ет асқан күні осы. Сол күні ол осы қара қосқа түнеп шықты.

Сол күннен бастап Көбетпен бірге жылқы да бақты. Көктемде екеуі отау құрды. Алайда, Көбет үшін Жұмагүлдің өмірі мүлде жұмбақ-тын. Құдды перінің қызы дерсің. Ұзын кірпіктерін қағып сәл жымыып қараса болды, бұл оның сиқырына арбалып қалатындай.



Дегенмен екеуі барға да, жоққа да ырза еді. Онда неге ол Байжомарттың етегінен ұстап кетті? Байлығына қызықты ма, мырзалығына арбалды ма? Көбет соны түсіне алмады.

## 2

Байжомарттың кіші әйелі құлын мүсіні бұзылмаған, жаратылысы көркем жан-тын. Өзі шаруаға да пысық, іске де икем. Еріне деген көңілі де ерек. Мырзаның басқа «әйелдері жас келіншектің осы бір алғырлығын аса жақтыра қоймаған. Тіпті онымен сөйлесуге де олар құлықсыз еді.

Мырза соны сезді ме, әлде жас келіншектің өзіне деген шынайы ықыласына тәнті болды ма Байжомарт оған арнап өз алдына алты қанат ақбоз үй тігіп, мал-жанын бөліп берген. Келіншектің ендігі барлық аңсар-тілегі – батырға бір ұл туып беру. Соны құдайдан күндіз-түні сұрауда. Алайда бұл асыққанмен, Алланың жазуы бар, одан асып не дерсің, тек сарыла тосып, сағына күтіп, жаратқанға жалбарыну ғана қалған.

Үлкен әйелдерге жас қатынның байларын баурап алғаны ұнай қоймады. Тіпті Байжомарт соңғы кездерде соның отауына жиі түсетін болған; көшсе соның үйі бірінші көшіп; қонса сол бірінші қонып; отағасының беті солай ауған.

Бәйбішелер соған іштей ызалы. Наразылықтың соңы өшпенділікке ұласты ма, кім білсін, құлындай секіріп жүрген келіншек жайлауда отырғанда жай түскендей опат болды. Байжомарттың өзі ауылда жоқ еді. Суық хабар жатсын ба, тез тарады.

– Қалай қайтыс болды?

– Неден өлді? – деген сұрақ сумаң етіп көптің көкейін тесті.

Тіпті Байжомарттың өзі соның ұшығына жете алса қане? Бір сойқан бәйбішелерден келгенге ұқсайды.

Сап-сау келіншектің қалай опат болғаны Байжомартқа жұмбақ. «Тайып құлаған» дейді біреуі, «жүрегі ұстаған» дейді енді бірі. Байжомарт оған да сенер емес. «Жүрегі ұстап, тайып құлайтын кәрі емес, құлындай ыршып тұрған жас келіншек» деп іштен тынды.

Сол күні қозы көш жерде тұратын Жұмагүлдің үйіне Байжомарттың төрт әйелі қыдыра келеді, төртеуі де көңілді, самбырлап сөйлеп жас тоқалға:

– Ей қатын, бізге не бересің, саған қонаққа қыдыра келдік?! – дейді.

– Қуырдақ қуырайын ба, не ішесіздер? – деп үлкен үйдегі бәйбішелердің алдында құрақ ұшты келіншек. Іңкәр бәйбішенің өзі бастап, төрт әйелдің бірдей келгеніне тіпті қуанып қалған келіншек: дастархан жайды, қант майын қойып, тарыдан тіл үйіретін жент жасаушы еді онысын да шығарып, күндестерін ырза қылмаққа бар ынтасымен кіріскен.

Үлкен бәйбіше төрге шығып тізе бүкті. Ерменбеттің шешесі ашуланса, қатын-қалашты бір шыбықпен айдайтын мінезді әйел еді, сол жас келіншекке жанаса бере:

– Өзің қысыр жыландай жұтынып тұр екенсің, бұр жаратын түрің жоқ-ау, сірә, – деп қақтығысып бір жерін шымшып алғандай болды. Сол-ақ екен, әйелдердің қалған екеуі:

– Қойыңдар ей, қойыңдар, сендерге не болды? – деп ара түскен болып, жас тоқалдың бірі шашынан, бірі етегінен жұлқылап апыр-топыр болды да кетті.

Байжомарттың кіші әйелі – Жұмагүл өжет әрі қарулы екен, үш әйелді үш жаққа лақтырып ие берсе қане?!

Қатындардың сойқанына араласпай отырған Іңкәр бәйбіше орнынан тез тұрып, үй маңында жүрген қызметші жігітті шақырды:

– Тез үйге кір, ана қатынды артынан қапсыра құшақтап тұр, қолын жіберме, – деді. Мыналар мытып алсын, – деді «өлтіріп тастасын» деген жоқ.

Қызметші еркек ұзынтұра кісі екен, ордандап үйге кірген бетте үш қатынға бой бермей, арпалысып жүрген аяқ қолы балғадай келіншекті шап беріп, ұстай алды.

Сорлы келіншек шапшуылдап, күндестерін бірін олай, бірін бұлай теуіп, әл бермей жүр еді, ту сыртынан келіп қапсыра құшақтаған қарулы қолдан құтыла алмай құлындай тулады. Осы кезде әйелдердің бірі керегенің көгінде жаюлы тұрған қойдың қарнын ала-сала, келіншектің басына сарт еткізіп кигізіп жіберді. Әлі кеуіп үлгермеген қойдың жас қарыны келіншектің басына кептелді де қалды.

Жұмагүл артынан келіп қапсыра ұстаған қарулы қолдың кім екенін түсіне алмай қалған. Төрде отырған Іңкәр бәйбішеге «апай, апай» деп содан бір көмек күткендей айғайламақ еді, сол сәтте басына кептеліп қалған, лағнет атқыр, нәрседен үні шықпай тынысы бітіп бара жатты. Тынысы тарылған сайын судан шығып қалған ақ сазандай ыршыды бейкүнә келіншек. Сорлының жаны шырқырап, қарулы қолдан босай алмай тулап бақты. Қанша жанталасса жұлқынғанымен тынысы бітіп, сәлден соң сылқ етіп, бойы ұзарып жүре берді.

Әйелдер басына кигізген қарынды суырып алғанда өңі бозарып дүниеден көшіп-ақ кеткен-тін. Өзі де жан біткеннің әдемісі екен. Өңінде не мұң, не қайғының ізі жоқ, қара шашы төгіліп, алмадай жүзі бозарып, ештеңеден қаперсіз ұйықтап кеткендей сұлық қалған.

– Астапыралла! Не болды, өліп қалғаннан сау ма? – деді Іңкәр бәйбіше шошына тіл қатып.

Қалған үш қатында үн жоқ. Жаңа ғана жұлқысып жүрген әйелдің бозарып кеткен өңіне қарауға жүректері дауаламай, есеңгіреп қалған. «Қорқытамыз» деп өлтіріп алғандарын енді білгендей.

– Ойбу, қарағым-ай, обалыңа қалдық-ау! – деді естерін жинаған әйелдер. Марқұмның денесін оңдап жатқызып, бетін ақ жібекпен жапқан қатындар, өліктің қасынан кете алмай біраз отырды. Қызметші кісіге: «Сен тез барып молланы шақырып кел» деп соған жұмсады. «Одан соң артымыздан келіп, Жұмакүлдің өлгенін хабарлайсың» деді.

Соны айтқан әйелдер апыл-ғұпыл үйден шықты. Күн де едәуір кешкіріп қалған. Ауыл үсті бір түрлі сұрланып, көңілге көлеңке түскен. Төрт әйел үйлеріне төрт бөлек келді. Төртеуінің де көз алдында әлгіндегі «сұрапыл» шайқас. «Не істеп қойдық? Оп-оңай өліп қалғаны қалай?» деп өздерін ақтайтын таяныш таппай, өзді-өзі қатты торықты.

Жаманат хабар жата ма, сәлден соң бүкіл ауыл құлағдар болды. Төтеннен болған қайғыға көңіл айтып ел-жұрт ағылды. Бұл уақытта жол жүріп кетке Байжомарт та ауылға оралған.

Қазаға көңіл айта келген көптің ішінде Көбет те болды. Не түлей түрткенін кім білсін, ол табалдырық аттап кіріп келе жатып:

– Байжомарт! Байжомарт, сен менен тартып алып едің, сенен құдай тартып алды ма? – деп көңіліндегі қыжылын айғайлап ақтара салды.

Мұны естіген Байжомарттың өңі сұрланып Көбетке жалт қарады, бірақ ләм демеді. Не десін, оның айтқаны

шындық па? Шынымен бұл одан тартып алды ма? Байжомарт бір мезет соны ойлап кетті. Әйел «бармаймын» десе бұл оны зорлайтын ба еді. «Зорлық жоқ еді ғой. Зорлық жоқ еді ғой» деп әйелдің өліміне кінәлі жандай қиналды.

Сол жолы қызық жағдай болды. Әлгі Бозайғырдың Көбеті аттанар алдында Көшенді ертіп шығып, мама ағашта байлаулы тұрған ақ боз атты көрсетіп:

– Мынау Жұмагүлдің аты еді, өзі кеткеннен кейін басына жүген тимеген. Байжомартқа айтарсың жылдығына ұстай ма, тұсына байлай ма, тұлдай ма, бұлдай ма, өзі білсін, – деп ақ боз атты қалдырып кетті. Көшен болса мәселенің мәнісін онша түсіне қоймаған. Есесіне Байжомарт атты көргенде, өз көзіне өзі сене алмай, біреу төбеден ұрғандай сілейіп қалды. Санасының түбінен баяғы бір күңгірт елес жарқ ете қалып, көз алдынан қараңғы түн; шұрқырап кісінеген қалың жылқы; ақ боз атты ару сырғып өте берді.

Осы оқиғадан соң көп ұзамай Көбетке де бір шүйке бас бұйырды. Шүйке бас болғанда, бұл енді, біреудің отырып қалған можантомпай қызы екен. Байжомарт соны айттырып Көбеттің қопақтан салған лашығына әкеліп әйелді кіргіздіріп берген. Осылайша Көбеттің алдындағы айып-шамын жуғандай болды. Жылқышы да сол күні бір жасады. Қу тізесін құшақтап жүргеннің несі жақсы дейсің, әйел алып, көп-көрім көңірсіп үй болып қалған. Бірақ «қазақ қайбір сүтті қызын береді» демекші Көбеттің қуанышы ұзаққа бармады. Мұның алған шөпжелкесі екі аяқтының жалқауы, салақтың салағы болып шықты. Обалы қане, Көбет бейшара «жас әйел ширар, түсінер» деп көп тосты. Келе-келе қамшы көтеріп сабайтын болды. Қоңыр күздің басында түнімен

жылқыда болған Көбет ертелетіп үйге келсе қатыны киізге оранып қопақтың ішінде ұйықтап жатыр. Қолаяғын бүрге талап жатса да мыңқ ететін емес. Ашуы терісіне симаған Көбет әйелін аяғынан сүйреп тұрғызды:

– Әй қатын! Сен елдің әйелі құсап, үйге от жағып, тамақ дайындап, неге тірлік істемейсің? Үйге қарасаң қайтеді? Мауыққан мысық құсап кешке дейін ұйықтайсың, Өртеніп өлерсің бір күні, өртеңгір. Әй, иттің қатыны-ай! Не тамақ істемейсің, өртеңгір! Өртеніп өл! Жанып кет маған десең! – деп ашуға булыққан ол атына міне сала құйғытып жөнелген. Қайда кеткені белгісіз. Көбет жылқышы со кеткеннен мол кетіп, араға төрт-бес күн салып бірақ оралды. Міне қызық, ауылына келіп үйін таба алмай қалды. Өз қолымен қопақтан салған жаншық үйдің жұртында қарақорым күл жатыр. Үйі өртеніп кеткен. Қатыны да өртенген үймен қоса жанып кетсе керек, қарайып кісінің қаңқасы қалған.

Өртенген үйінің іргесіне келіп тоқтаған Көбет, аттан түспей күлге айналған жұртына қарап ұзақ тұрды. Қыста киетін сеңсең тоны мен саптама етігі және түлкі тымағы бар еді сол ойына түсті. Содан айырылғанын білгенде іші удай ашып:

– Әй, атаңа нәлет, иттің қатыны-ай! «Өртеніп өл» деп едім, өртеніп өлдің бе?! «Күйіп өл» деп едім күйіп өлдің бе?! «Жанып кет» деп едім жанып кеттің бе?! – деді көкірегін ыза кернеп, күйіне сөйлеген ол. Соны айтқан Көбет өртенген үйге де, жанып кеткен қатынға да қараған жоқ, атының басын кері бұрып жүріп кетті.

## 3

Жаздыгүні. Ауыл Жалаңашта отырған. Байжомарт ертеңгілік дастархан басында отырып бәйбішесі Іңкәрға көптен бері көкейінде жүрген құдалық жайын сөз қылды.

– Құдалыққа өзің бастап бар, үлкендерден бас құда болып Көшен барсын, басқа ағайын туыстан, абысын-ажындардан кімді ертесің, оны өзің ойластыр, ұзын саны жиырма шақты адам жетіп қалар, – деді. Сол күннен бастап алдағы құдаға бару сапарына дайындық қызу жүрді.

Байжомарт бұдан бірнеше жыл бұрын Кәрсен-Керней елінде болған бір сапарында Бәкі ақынымен танысқаны бар. Одан кейін дәм айдап ана жылы Байжомарт Сырға көшемін деп Кәрсен Кернейдің ішіне келіп бір жыл қыстап, сол жылы қыстан күйзеліп шыққанын. Сонда Кәрсен, Кернейдің ел ағасы Көпбай мырза бұларға көп қамқорлық танытқан. Байжомарт Бәкімен со жолы тағы да кездесті, бұрынғы таныстығы енді құдалыққа ұласып, Бәкінің Балбырауын деген қызын баласы Орманбетке айттырған-тын.

Міне сол бір жүрек лүпілдеткен қуанышты күн келіп жеткен секілді. Бала ер жетіп, қыз бой жетіп, екі жақтың да ықылас-ниеті бір арнаға тоғысып, бұйырса әні-міні деп отырған. Бәкі ақынның аулы құдаларын бар салтанатымен қарсы алуға бекінген. Түгі жығылмаған көкмайсаға қатарласа бой түзеген ақ боз үйлер құдаға деген құрмет пен алдағы болатын салтанатты тойдың абройын асқақтатып тұрғандай.

Бәкі ақынның үлкен қызы Балбырауын: өзі әнші, суырып салма ақындығы да бар, қолы да ісмер, ибалы қыз болып бой жеткен. Ұзатылатын күні жақындаған сайын Балбырауын да қатты толқу үстінде еді. Болашақ

жарының жүзін көрмесе де, мінезінің қандай екенін білмесе де, ақ сары көркем жігіт деп ол туралы көп естіген. Содан да болар оны ойласа-ақ жүрегі атқатап бойын белгісіз сезім билейтін. Ондайда ыңылдап ән салады, жас арудың сызылған мұңлы үні даланың майда самалындай жаныңды желпіп, қыз жүрегінің лүпілін сездіріп тұрғандай.

Аңғарымпаз да жеңгелері:

– Еркем-ау, неге мұңайдың?! Алла жар болсын, болашақ жарың арыстай азамат. Жаным сол, бағың ашылсын! Бақытты бол! – деп әрнені айтып қыздың көңілін аулайтын.

«Құдалар ертең-бүрсігүні келіп қалады» деп қыз беретін жақ та, құда күтуге сақадай сай отырған. Байжомарт құдасына қыздың қалың малы деп үш жүз жылқы айдады, мұның алпыс басы той малы, сүт ақысы деп бес түйе, өл-тірісі бар. Жыртысы, жол жоралғысы, қоржын-қоспағын ырғап-жырғап бірнеше түйеге артып Бәкі құданың ауылына сапар шеккен.

Құдалық туралы сөз басталғаннан бастап Орманбеттің де көңілі алаң-далаң. Болашақ қалыңдығы туралы ойласа мұныңда көңілі алабұртады, басына не түрлі ой келеді. Қалыңдығының қандай қыз екенін көз алдына тіпті елестетсе қане? Анасының айтысына қарағанда ол ақылды әрі көрікті қыз болса керек. Десе де жас жігіттің жүрегі күпті. Шешелері неше күннен бері құдалыққа дайындалуда. Одан Орманбетте тыс қалған жоқ, өзі сырбаз адам үстіне киетін киімін, қасына ертетін жолдастарын түгендеумен болған. Көбі өзінің Мамаш, Доспамбет секілді іні-бауырлары болатын. Өз тарапынан Табылтайдың Байғазысын ертіп алған.

Сәрсенбінің сәтті күні тарту-таралғысын тиеген бір



қауым жұрт жолға шықты. Құдалыққа сапар шеккен салтанатты керуен араға бір қонып жайлаудың төрінде отырған Бәкі мырзаның ауылына қозыкөш жер қалғанда тоқтады. Іңкәр құдағи бастаған үлкендер ауылға тіке тартты да, күйеу жігіт пен жастар жағы иіріліп тұрып қалған. Дәстүр бойынша күйеуді ауылдан жаяулап шыққан жеңгелері қарсы алып, түрлі ырымдарын алып, ауылға әндетіп жаяулап келетін.

Орманбет басында төбесіне үкі таққан сәнді қалпақ, үстінде белі қызыл белбеумен буған шапан, аяғына жұқа былғары етік киген. Шет-шеті жұрындалған қоңыр барқыт шалбардың балағын етіктің сыртына жіберген. Орманбет сұңғақ бойлы ақсары жігіт. Түр әлпеті әкесіне көбірек келеді. Үкілі қалпағын көзіне түсіре киіп алған. Аясы кең қоңыр көзі Байғазыға қарағыштап «сен кетіп қалма қасымда бол» деп қояды. Ол болса:

– Немене қыз-қырқынның талауына түсем бе, деп қорқып келесің бе?! – деп мұны қажай түсуде. Сөйтіп тұрғанда ауылдан шыққан қыз-келіншектер шұбағаннан шұбап иіріліп тұрған бұларға қарай бет алды. Дауыстары жарқын-жарқын шығып, күлген күлкілері жаңғырып жақындай берді.

Не бір ерке балдыздар мен сұлу келіншектер «күйеу қайда, күйеу қайда?» деп шуылдағаннан шуылдап келе сала Орманбеттің қойын-қонышын ақтарып, қалтасына шешесі салып берген сый-сияпаттарды алып мәз болуда. Күйеудің қалтасын ақтару дегені біте берген де, «балдыз көрімдік» дегені басталып дуылдаған жастар ауылға қарай аяндаған.

Қыз-келіншектер, ауылдан ере шыққан балдыз жігіттер бұлардың аттарына мініп алып ауылға қарай жарыса жөнелді. Қыздардың ортасына түскен Орманбет

пен Байғазы, Мамаш, Доспанбеттер шуласып жүріп «ух» десіп ауылға жетті.

Күйеуге арнап тігілген ақшаңқан үйдің іші-сырты бірдей ою өрнекпен безендіріліп, тіпті уықтың қарынан күлдіреуішке дейін қызыл-жасыл түске малынып, ерекше көз тартады. Киіз үйдің табалдырығынан бастап алаша, сырмақ төселіп, төрге құрақ көрпелер жайылған. Керегеге тұтылған жібек кілемдер, өрнекті түс киіздер құлпырып үйдің көркін ашып ерекше сән беруде. Оң жақта торғын шымылдық тұтқан биік кереует, осынау бүкіл тойдың құпиясы сонда тұрғандай. Шымылдықтың аржағынан шағи көрпелер мен атласпен тысталған құс жастықтар ағараңдайды.

Күйеу жігіт табалдырық аттап үйге кіргенде есіктің іші сыртында тұрған жеңгелері мен балдыздары оны тағы да қолпаштап жатты.

Орманбетке осының бәрі бір таусылмайтын азаптай көрінген. Әзер дегенде үйге кіріп, биік кереуеттің алдына тізесін бүгіп, арқасын төсекке сүйегені сол еді, екі жағына екі келіншек қонжия кетті.

Байғазы мен Мамаш, Доспанбет олар да жалғыз-жалғыз қыздардың ортасына түскен. Дегенмен бұған қарағанда олар еркін отырғанға ұқсайды, өздерінше әңгіме айтып мәз. Сөйткенше болған жоқ:

– Үлкендер келе жатыр, түрегеліндер! – деген, дауыстың естілуі мұң екен Орманбеттің жанында отырған екі келіншек:

– Күйеу жігіт, тұрамыз, тұрамыз! – деп қолтығынан сүйрелеп атып-атып тұрысқан. Сөйтсе бұл келгендер осы ауылдың үлкен бәйбішелері екен, солар келіп, шашу шашып, күйеу жігітті көргендеріне көрімдіктерін беріп кетті.

Отау үйдің іші толған осы ауылдың қыз-қырқыны. Бәрінің езуінде күлкі, мәре-сәре болып шашу жинап алуда. Дуылдаған көңілді топ басыла бергенде тағыда «үлкен кісілер келе жатыр, орындарыңнан тұрыңдар» деп саңқылдады үйге кіріп келген өлеңші жігіт. Манадан бері жастарға ұйтқы болып жүрген сол екен. «Тұрыңдар» деген дауыс естілісімен-ақ, Орманбетті қасындағы екі келіншек қолтығынан тартқылап тағы да тік тұрғызды. Бұл келген Балбырауынның шешесі екен, қасында тағы бір үлкен әйел бар, екеуі кірді. Бұ жолы күйеу жігітті қолтықтаған екі келіншек:

– Көрімдік, көрімдік беріңіздер, әйтпесе көрсетпейміз!  
– деп сыңғырлай күліп шымылдықты түсіре қойған.

– Ала ғой, айналайындар, көрімдігінді. Әуелі баламызды көрсет, – деді мұны айтқан Орманбеттің енесі еді.

Шымылдық ашылғанда Орманбет басын иіп тағзым еткен болды. Әйелдердің екеуі де жарыса сөйлеп:

– Бақытты болыңдар қарағым! Алла бақтарыңды ашсын!

– Құдай жарылқасын, – десті.

Олар кетісімен қайтадан орындарына отырған жастарды бұдан кейін, көп ешкім мазаламады. Жастар жағы ән салды. Бұл ауылдың жастары шеттерінен әнші, өздері ақын екен. Бірін бірі іліп ала жөнеліп көпке дейін шалқыған ән тоқтамады. Орманбеттің де «әу» дері бар, бірақ мына жағдайда мұның ән шырқауы мүмкін емес. Оның есесіне ауылдан арнайы ерте келген әнші, күйшілері құдашалар мен балдыздардың сусынын қандырып біразға дейін әуелетіп ән тербеді.

Орманбет ән әуеніне іштей беріліп отыр еді, қасында отырған құдашалардың бірі оны білегінен тартқылап:

– Ішің пысты ма, Күйеу жігіт? Қалыңдығынды көргің келе ме? Шыда, шыда, әзір көрсетпейміз, – деп сыңғырлай күліп мәз болуда. Үй толы қыз- келіншектер көпке дейін Орманбеттен көз алмай қарап отырған секілді. Олар мұны: бойы ұзын, ақ сары, көркем жігіт екен десті.

– Біздің қызымызда осал емес, тұр десең тұр, ақыл десең ақыл бар, әншілігі мен ақындығының өзі неге тұрады! – деп ауылдастары іштерінен Балбырауынды мақтайды.

Осылайша отыр десе отырып, тұр десе тұрып үшінші күн дегенде қалыңдығын көрді Орманбет. Көргені де шамалы, басындағы кәмшат бөркінің сыртынан ақ шытыр жамылып алған Балбырауында жеңгелері екі жағынан қолтықтап келіп үйге кіргізді. Қалыңдық үлкендерге иіліп ізет білдірген соң, Орманбетке жанаса, сәл төменірек жайғасты. Балбырауын жүзін төмен ұстап, Орманбетке иығы тиер-тимес қатар отыр. Басына бүркенген ақ шытырдан қыздың жүзін жігіт байқай алмады.

Бұдан соң басына ақ сәлде ораған молла кісі аят оқығаннан кейін, күйеу мен қалыңдық неке суынан ауыз тиді. Үлкендер батасын берді.

– Алла жар болсын сендерге! Бақытты болыңдар!

– Өсіп өніңдер!

– Әумин! – деп көпшілік бет сипаған соң үлкендер жапырыла тұрып шығып кетті.

Орманбет жалт етіп бір қарағанда байқағандай болды, қалыңдығы аққұба талдырмаш қыз екен. Түннің бір уағына дейін созылған елдің абыр-дабыры басылып, сауықшыл жастар да отаудан шығып кеткен. Тек өздері қалған секілді, жоқ қыздың жеңгелері бар. Олар бұл жерде де жастарға ерік бермей жібек орамалдың

сыртынан жігіттің қолын ұстап қыздың шашын сипатып, «шаш сипар» деген жоралғысын алды.

Құданың ауылында оншақты күн жатқан күйеу жігіт ауылдарына қайтты. Орманбет үшін жаңа бір дүниенің есігі ашылғандай. Келіншегі Балбырауын – бойы сұңғақ, талдырмаш, ақ құбаның әдемісі. Өзі ашық-жарқын домбыраға қосылып ән салатын өнері де бар. Әуелгіде Орманбет екеуі бір-біріне тосаңсып жүргендейтін, уақыт өте келе көңілдері жарасым тапқан. Осындайда ойына анасы Іңкәр бәйбіше айтқан бір сөз орала береді. Ана жылы Орманбет қалыңдығының қандай қыз екенін біле алмай, көңілі күпті болып жүріп анасынан сұрағаны бар. Сонда шешесі: «Оркенжан, сен уайымдама! Балбырауын бір әулеттің анасы болады, ел ұстайтын бәйбіше атанады.

Абыройыңды көтертетін жан серігіңе айналады!» деген еді.

#### 4

...Балбырауынның Балтабай әулетіне келін болып түскеніне біраз жылдардың аясы болған. Бірінші балалары дүниеге келісімен нәрестені әжесі баурына салып алды. Күндіз емізуге ғана әкеліп қалған уақытта сәбиді өздері бақты. Сондай сәттерде болмаса, Балбырауын кішкентай Қалиманы мейірленіп құшағына ала алмады. Қалима екі жасқа келгенде Нарманбет туды. Олда әжесінің тәрбиесіне көшті. Іңкәр бәйбіше Қалима мен Нарманбетке бар мейірін төгіп басынан құс ұшырмай өсірді.

Кішкентай Наржан да әкесі секілді, өңі ақсары, көзінің қиығына дейін әкесінен аумай қалған. Балбырауын оны да емізгенде ғана мейірлене иіскеумен шектелетін. Кішкентай сәбидің күндегі әдеті – анасының сүтіне тойып алған соң, шешесінен көзін алмай қарап жататыны бар.

Қазірде солай, көзі мөлдіреп анасына қарап қалған:

– Не, апаңды танымай қалдың ба? Әлде әжеңді іздеп жатырсың ба? – деп Балбырауын сәбидің мұрынын ақырын қысқан болды. Ол болса жымиды. – Қарын тойды, ұйқы қанды, енді ойнағың келді ме?! Тентегім! – деп Балбырауын бөпесімен сөйлесіп:

– Ән салып берейін бе саған? – деп ыңылдап өлең айтты.

Әлди-әлди қарағым,

Көлге біткен құрағым.

Жапанға біткен терегім,

Көп ішінде беренім.

Әлди-әлди ақ бөпем,

Бесігіңе жат бөпем.

Қонақ келсе қой бөпем,

Қой тоқтысын сой бөпем,

Қуырдағына той бөпем, – деп сызылып әндетіп отырды.

Осы кезде үйге кірген Орманбет үлкен абдыраның үстінде тұрған кісесін алып, баласы мен әйеліне қарап: – Атасының баласы не дейді? – деді беліне жалпақ кемер белдікті тағып жатып.

«Кемер белдік тағынып,

Ақке қайда барасың?

Жылқыдан бесті алдырып,

Ер-тұрманын салдырып,

Менде бірге барамын» деп ұлыңыз сізден «қалмаймын» деп жатыр.

– Бәрекелді! Құлындарым, өркендерің өссін! Алла қаласа, бәрі болады! – деп Орманбет жадырай сөйледі. Балбырауынның өлеңді қолма-қол тастай салатын қасиетіне тәнті еді. Қазіргі сәтте де әйелінің шынайы ықыласына іштей разы-тын

## ҮШІНШІ БӨЛІМ

### АРПАЛЫС

*Ұлы, ұлы билер бар,  
Ұлы суға қонады.  
Ұлы бидің ақылы,  
Рулы елде болады.  
Шұғыл-шұғыл билер бар,  
Шұқанақ суға қонады,  
Шұғыл бидің ақылы  
Шағала құста болады.  
**Нарманбет.***

### І ТАРАУ

### ОРМАНБЕТ

#### 1

Тауарихтың 1874-ші ит жылы. Қыркүйек айының жуан ортасы болатын. Орманбет ауылы жайлаудан әлі қайта қоймаған кез. Дәл осы кезде кеше ғана ат жалында жүрген «Қотанбұлақтың болысы Фазиков Исмайыл кенеттен опат болды» деген суыт хабар келді. Ешкімге жамандығы жоқ меймандос адам еді, Алланың пәрмені солай, татар дәмі таусылды ма, бақиға аттанып жүре берді.

– Енді не болар екен? Болыс кім болар екен? Анау болар ма, мынау болар ма?» деп көпшіліктің алаңы сол. Әркім өздерінше тон пішіп жүргенде, бұл орынға бұған дейін болыстың орынбасары болып келген Орманбет орнықты.

Жасы отыздың сегізіне іліккен Орманбет ел ісіне ерте араласқан. Әкесі Байжомарттың ықпалы солайтын. Содан да болар ол өмір қақтығыстарының біразын

бастан өткеріп, ел ісіне төселген-ді. Кең ойлайтын, көмейіндегісін көпке сездірмей, айлаға да, ақылға да құрық беретін.

Болыс болғанына Орманбет масаттанған жоқ. Оны мазалаған басқа, тіпті төтен ой еді. Ой болғанда, енді оны тұтқиылдан келді дей алмайсың; Орманбет ат жалын тартып азамат болғаннан бастап-ақ: «Осы Қотанбұлақ болысын неге екі болыс елге айналдырмасқа?» деген сұраққа жауап іздейтін. Қазір қарап отырса шаңырақ саны да, адам саны да өскен. Патшаның низамына жүгінсе бір болыс ел: алпыс-жетпіс шаңырақтан тұратын он-он бес ауылдан құралмақ, олай болса бұлар патша бекіткен ереженің үдесінен шығып тұр.

Соның бәрін ол әлденеше рет ақыл безбеніне салды; ақ-қарасын екшеді; Он ойлап, жүз толғанып, ақыры осы қадамға тәуекел қылды. Жан дүниесіндегі аласапыран тайталасты тірі жанға сездірмей шаруаны әріден қаузады.

Әрине, мәселенің бәрі малға тіреледі. Онсыз шаруаның шешілмесі мәлім. Малы көпті дау алмасы және анық. Бұл жағдай тек бұның тұсында ғана емес, баяғыдан, әкесі Байжөкең заманынан солай. Одан бергі де ештеңе өзгере қойған жоқ.

Жарықтық, Дүйсеке би дүниеден озған соң-ақ, Даданның бірлігіне селкеу, тірлігіне ақау түскен. Баяғыда Қараменде би елдің тентегі мен телісін ақылмен тежеп, керек болса тезге сап, ешкімді бөлмей, бөлшектемей ел тізгінін тең ұстаған дейді.

Атасы басқа демей бәрін баурына басып, ел деп еміренген деседі. Бабадан үлгі алған Дүйсеке де осал болмаған. Ол заманда да билікке ұмтылып, сыңар езулегендер болған шығар. Дегенмен Қараменде бидің кезінде дәл бүгінгідей болмаған, бәрі де бабаңның



дәргейіне құлаған. Не айтса да соған тоқтаған. Қазір бәрі басқаша. Әсіресе орысқа бодан болғаннан кейін қазақтың өз билігі уысынан шығып, патшаның қазаққа арнаған низамы елдің ежелгі таным-түйсігін тоздырып жіберген. Қазіргі заман – жәдүгей заман. Жау жоқ заманда Орманбеттің алдаспан асынып жүруі де тегін емес. Тіпті ол ел ішіндегі егес пен алауыздықтың төркінін де болыстық пен бодандықтан көреді. Содан өршіген қасірет дейді.

Қазіргі сәтте де шегір көзі ұшқын атып, онсыз да суық тұрпаты түксиіп, алысқа көз тіккен. Кеше Доспанбет бастаған үш-төрт адамды әлде бір мәселені шешіп келу үшін Тілеш байға жөнелткен. Содан бері ішкі жан дүниесі мазаң, көңілі жай тапса қане? Беліндегі алмас қылыш пен кісесін түзеп, жолаушылар кеткен жаққа көз тігіп, қарауыл сап тұр. Ауыл сыртындағы жалғыз төбеге шығып алып ой сауған түрі. Көңілі күпті. Жіберген адамдары ендігі келіп қалса керек-ті. Кешіккеніне қарағанда «жаман хабар әкелмес» деп өзін жұбатқан болады.

## 2

Қыс өтіп, көктем туған кез. Қыстай мұз құрсауында жатқан көк теңіздің көзі ашылып, кеудесінен өрген мың сан толқындар жағаға жамырай жөнкілуде. Асау толқындармен жағаласқан шағалалардың шаңқылдаған дауысы бірде жел қуып алыстап кетсе, енді бірде дәл құлағыңның түбінен саңқ ете қалады. Толқыны сапырылысып жатқан ақ теңізді қабақтай жүрген салт аттылар түстіктен соққан өкпек желге қырындай отырып Үштүбектегі Тілеш байдың қыстауына мандай берген.

Байдың ауылы жайлауға әлі қозғала қоймаған. Күн сәскеге тырмысқанда жолаушылар да межелі жерге

жетіп тізгін тартты. Бұл келгендер Көшеннің үлкені ұлы Доспанбет болатын. Орманбеттің тақымы толған жақсы інілерінің бірі де осы Доспанбет еді. Ол сөзге де, іске де алғыр, қарым-қабілеті мықты азамат болып өскен.

Қонақтар аттан түскенде Тілеш бай шикі саманнан тұрғызған жатаған үйдің сыртында бірнеше адамдармен ертеңгі шаруа жайын пысықтап тұрған-ды. Мына келген мырзалардың Орманбет ауылынан екенін білген ол әңгімесін тез түйіндеп қонақтарға бұрылды. Мол денесімен маң-маң басқан Доспанбет Тілеш баймен құшақтасып амандасты.

– Ассалаумағалайкүм, байеке?! Ауыл аймағыңыз, мал-басыңыз аман ба?

– Әлейкумсалам, Досеке! Ел-жұртың аман ба? Орекеннің үй-іші күйлі-қуатты ма? – деп жігі-жаппар болуда.

– Ал тұрмаңыздар үйге кіріңіздер, – деді Тілеш бай.

Табалдырық аттаған қонақтар үйде отырған Тілештің әкесі Тұмабай ақсақалға сәлем берді. Тілештің әйелі Күлше бәйбіше меймандарға жылы шырай танытып: «төрге шығыңыздар» деп, Доспанбеттің үй ішін, әйелі Әдемінің амандығын сұрап; қонақтардың жамбасына құрақ көрпе, қолтықтарына жастық тастап, құрақ ұшуда. Жасы алпыстан асқан Тұмабай қария әлі тың көрінген. Доспанбетке бұрылып:

– Ауыл-аймағың, мал-басың аман ба, қарағым? – деді Тұмабай қария.

– Иншіалла, аманбыз байеке. Өздеріңіз қыстан күйлі-қуатты шықтыңыздар ма?

– Иә, қарағым, қыста оңай болған жоқ. Малдың жайын мына Тілештен сұрарсың. Мен бес уақыт намазымды қаза қылмай, барға тәубә деп отырған жанмын, – деді.

– Оныңыз да жөн екен, байеке.

Әңгімеге Тілеш мырзаның өзі араласып, қонақтардан ел-жұртың амандығын сұрастырды. Доспанбеттің мына келісінің жай емесін тез аңғарған ауыл иесі меймандарға арнап мал сойғызды.

Тілеш бай алыс жақынды көңіл көзінен өткізіп отыратын сұңғыла адам еді. Қазір де ол Доспанбеттің сөз әлпетін, қимыл қозғалысын жіті бағып: «жерге, малға, салыққа қатысты шаруа емесін, жоқ іздегенге де ұқсамайды» деп іштей топшылаған. Қонақтар шайға дейін қысырақтың қымызын ішіп, ауыл арасынан бастап уезге дейінгі түрлі әңгіменің басын шалып отырды.

Үлкен астан соң дастархан жиналып, қызметші әйелдер сыртқа шығып кеткен. Тұмабай ақсақал да «екінді намазының уақыты болып қалды» деп бұларды оңаша қалдырды. Тілеш бай да үнсіз, не де болса әңгіменің ақырын сабырмен тосуға бекігендей.

Соны сезгендей Доспанбет сөзді өзі бастады:

– Қадірлі Тілеке, ағамыз Орекең тапсырған бір шаруамен сізге келіп отырмыз. Сіздің есіміңіз осы өлкеге әйгілі. Атаң кім, анаң кім дейтін емес. Өзіміздің жақсы көретін, аса мақтан ететін туысқанымыз боласыз, – деп Тілеш бай мен Күлше бәйбішеге көз қиығын тастап, сөзін жалғады Доспанбет.

– Орекең сізбен бесік құда болғысы келеді. Сіздің ұлыңыз Омаш, біздің қызымыз Сақып, екеуде тіл көзден аман болсын. Осы балаларымыздың қызық-қуанышын бірге көрсек, Жаратқанның қалауы болып дәм бұйырса. Біздің ниетімізді қабыл алсаңыз, ата дәстүрімен жол-жоралғысын жасап екі баланы атастырып бесік құда болсақ деген ақ ниетпен келдік, – деді.

Сөз төркінін түсінген Тілеш бай сәл ойланған

сыңайлы үн-түнсіз басын изегендей болды да бәйбішесіне қарап:

– Шайларынды қаузандыр, – деп орнынан жедел тұрып, шапанын желбегей жамылған қалпы тысқа шығып кетті.

Айтарын айтып біткен Доспанбет құс жастықты қолтығына басып шынтақтап жатыр. «Не дер екен?» деп қасындағылар да іштерінен қылпылдап отырғандай. Доспанбеттің ойында ештеңе жоқ, жайбарақат:

– Мына Тілеш мырзаның Қарабесті деген аты алдына кара салмайтын жүйрік жылқы екен, жануар! – деп Тілештің атын мақтап кетті.

Сөйткенше дастархан жасалып, Тілеш бай да үйге кірді. Шапанын іліп орнына жайғасқан ол:

– Дастарханға жақын отырыңыздар, шайға келіңіздер, – деді қонақтарға. Шай үстінде ешкім сөйлемеді. Бәрі әлгіндегі сүр етпен жаңа сойған семіз қойдың етінен соң шөл басып, ыстық шайды біраз сораптаған. Ағаш үйдің іші жылы-қоңыр. Терезеден төгілген күн сәулесімен үйдің іші жап-жарық.

Шай ішіліп, дастарханға бата жасалды. Со кезде ғана Тілеш бай тамағын кенеп бір жөткірініп:

– Орекеңе сәлем айта барындар, Орманбет пен Балбырауыннан артық бізге қандай құда керек. Аталарымыздың аруағы жар болсын, мың жылдық құда болуды Алла тағала бізге нәсіп етпей! – деді.

Шаруа оңынан шешілген соң қонақтар көп отырмай қайтып кеткен.

Осыдан соң, Тілеш байдың ауылы жайлауға үдіре көшті. Жылдағыдай биылда сонау Көрпетайға дейін көсіле жылжып, межелі жерге жеткенше тыным таппайтын бай ауылы маңыраған малдың, боздаған

боталы түйенің дауысына ілесіп, сағым керген құбажонда ақ кемедей жүзіп барады.

Тілеш бай дөңгелек жүзді адам, тебіндеп шыққан шоқша сақалы ақ құба өңіне ерекше жарасып тұрғандай. Тақымындағы сүліктей Қарабестіні сау аяңға салып, бөркін мильғына баса киіп көштің алдында келеді. Көк қуалаған мал көштен едәуір алыстап қалған. Тілеш байдың көші басқалардан озыңқырап барып жайлаудың төріне қонып жатқан кез.

Тілеш мырза ақсақ-қалдаудың ішіндегі көпке сөзі өтетін аузы дуалы деген адамның бірі. Өзіне қарайтын рулы елдің құтына айналған адам осы Тілеш. Әкесі Тұмабай қартайып қалды демесең осынау ен байлықтың негізін сол қалаған. Иә, Орманбетпен құда болғанына Тілеш мырза өкінген жоқ, қайта айбыны бұрынғыдан да арта түскендей.

## 3

Жаз. Жалаңашты жайлайтын Орманбет ауылы биыл да ен жайлауға көшіп қонған. Қатарласа тігілген ақ боз үйлер жасыл алқапқа жарасып көз тартады. Солардың ішінде сегіз қанатты ақ үзік үй болыстың кісі қабылдайтын, ел адамдарымен мәжіліс жасайтын орны. Онымен қатарласа бәйбішесі Балбырауынның отауы орын тепкен. Орманбет Балбырауыннан басқа әйел затына қарамаған адам. Баяғыда анасы Іңкәр марқұм Балбырауынды мақтап:

«Осы әйел әулетіңе ана, өзіңе адал жар болып, абыройыңды көтереді» дейтін. Сонысы рас-та. Абысындары да, қайын сіңлілері де, Балбырауын десе қоғадай иіріледі. Балбырауынның өзі де көпшіл, ешкімді жатсынбайтын қолы ашық, жаны жомарт әйел.

Кешеден бері әйелдер киіз басып, үлкен үйдің туырлығын жаңартамыз деп дамыл таппаған. Киіз басып, оны қарпып, жұмысты жаңа бітіріп шайға бас қойған қыз-келіншектер дуылдап отырғанда, бұлардың үстіне бейтаныс екі жолаушы келіп кірді. Үйде отырған әйелдердің бәрі – Балбырауынның абысын-ажындары, жақын жұрағат, бөтені жоқ, Балтабай ауылының қыз-келіншектері еді. Үйге кірген қонақтарға:

– Ұйбайи! – деді әйелдер, – Мына кісілер ана қонақ үйге баруы керек еді ғой, – деп жамырай сөйлеген. Әйелдердің сөзіне бой бермеген бейтаныс қонақтар:

– Сіздермен отырып бір-екі шыныаяқ шай ішіп, өңешімізді жібітсек болды, қалғанын көре жатамыз, – деп екі мырза төрге озды. Жас шамалары біразға келсе де, желігі басылмаған сері-перілерге ұқсайды екен өздері. Әйелдер жылжып қонақтарға орын беріп жатты.

Қаумалаған қыз-келіншектердің ортасында төрге шығып, тізесін бүгіп, отыра берген қонақтардың бірінің артынан жел шығып кеткені.

– Өздері көңілді отырған әйелдер, күлейін десе күле алмай, әдеп сақтап, еріндерін жымырды. Сонда абысындарының бірі Балбырауынға:

– Бірдеме деші, айтшы, айтшы, – деп сыбырлап, түрткілеп қоймайды. Балбырауын қонақтардың жүзіне бір қарап:

– Қаз ба екен, үйрек пе екен атқаныңыз,

Нысанада аңдып ұзақ жатқаныңыз.

Көпшіліктің алдында «тарық» қойып,

Әлде жібіп кетті ме қатқаныңыз? – деп шай құйған кесені қолына ұсына берді.

Қонақта қара жаяу емес екен:

– Қаз болса, үйрек болса байланыңыз,

Мергеннен шыралғыға ойланыңыз.

Қапияда осындай олжа салған,

Мылтығымның дүмінен айналыңыз, – деп кесені қолына алды. Қонақтың мына сөзіне қолма-қол жауап қайырған Балбырауын:

– «Тарық» қойып «қаз, үйрек» атқаныңыз,

Тәйірі сол болды ма мақтаныңыз.

Арамдап адал асты не көрінді,

Күнәға осыншалық батқаныңыз, – деп еді, қарсы жақтан жауап болмай қалды.

Бұны естіген үй толы қыз-келіншек шу етіп, шекшілелері ката ду күлді.

Бейтаныс қонақтар аттанып кеткен соң да, ауылдағы әйел біткен Балбырауынның сөзін ауыздарынан тастамай айтып жүрді.

#### 4

Орманбет билікке кіргеннен бастап, ел жақсыларымен етене араласып, құда-жегжат болуды көксеген. Сол мақсатына бірте-бірте қол жете бастағандай. Соның бірі балағынан байлық саулаған, дәулеті тасып рулы елдің құтына айналған баяғы Бөртебай көпестің баласы Ысқақпен құда болғаны. Құдай қолдап, Орманбеттің емеурінін олда қуана құптаған. Содан бастап Орекеннің айы оңынан келіп, құдасынан қалың алып ырғалып қайтқан-ды. Осылайша сый-сияпат жалғасып жатты.

Ал оның алдында, яғни Тілеш байдан бұрын, Дайыр төремен құдаласып қайтқаны бар. Парасаты мол Дайыр төре Орманбетті текті атаның ұлы деп білгендіктен болар, екінші қызы Сақыпты айттырып, төс қағысып құда болысқан. Дәстүр бойынша қыз беретін жақ қалың малдың тиісті мөлшерін алып көңілі орныққан.

Ал бүгін Орекеңнің мазасы қашып тұр. Ауыл іргесіндегі дөңге шығып алып, алысқа көз тігіп біреулерді тосуда. Күн ұясына жақындаған кезде шұбар адырдан төбелері шошайып түсіп келе жатқан жолаушылардың нобайы байқалды. Бұлар кешегі Тілеш байдың ауылына аттанып кеткен Доспанбеттер еді. Жолаушылар ауыл сыртында тұрған Орманбетке қарай бұрыла жүрген. Жақын келіп аттан түскен Доспанбет Тілеш ауылынан жақсылық хабар әкелгенін жеткізді. Тілеш бай Орманбеттің «қызы Сақыпты айттырып құда болсақ» деген ниетін құп алған. Одан кейінгі шаруаға екі жақ та асыға қоймады. Жер аяғы кеңіп, ел жайлауға қонған кезде қыздың қалыңын алды Орманбет.

Бір мезетте екі жақпен қатар құда болып, құдадан алған малды жәрмеңкеге айдатып ақшалап алған ол бірден Қарқаралыға тартты. Аттанар алдында мал шалып, Сарқұл қожаны алдырып, құран оқытты. Дастархан басында Орманбет бір түрлі салқын отырды. Балбырауын күйеуінің әлдебір күрделі шаруаға араласардағы мінезіне сыралғы. Қазір де солай, әлденеге іштей алаң, қожа құран оқып болысымен ас ішілді. Сәрсенбі күні ертелетіп жол жүретінін, қасына Жобалай мен Доспанбетті еретін айтты.

Жетек аттары бар үш жолаушы күн құланиектеп келе жатқанда жолға шықты. Жолаушылар ат тұяғын таң шығына жудырып, бірде сар желіске салса енді бірде сау аяңға көшіп күн көтеріле айырықтағы Қараменде бидің басына аялдады. Тоқырауынның суы көктемдегідей емес, саяз тартып қалған кез. Жолаушылар суды кешіп өтіп жағаға шығып, өзенге беті қолдарын шайып болған соң бейіт басына келіп бабаларының топырағын сипады. Орманбет ес білгелі әкесіне еріп осынау шұбарала



тастан қалаған бабасының алып қорғанына талай келген. Келген сайын әкесі әуелі би атаның топырағын сипап, рухына арнап құран оқитын. Орманбет те сол үрдістен жаңылмай ұлы бабасының басына келіп зиярат етіп отыр. «Ертеңгі жолымды құдай оңғарса екен, бабамның аруағы жар болса екен», деп ішінен тілек тілеп, дұғасын оқып құдайға сыйынуда.

Иә, бұл уақытта Қараменде бидің дүниеден озғанына сексен жылға жақындап қалған, сөйтседе оған деген ұрпақтарының құрметі мен наным-сенімдері бір мысқал кемімеген. Қайта оның рухы ұрпағымен бірге жасап келе жатқандай.

Орманбет Баба қорғанының басына бір қауым аялдады. Осы Айырықтан топырақ бұйырған қасиетті Сәдір қожа мен Келтенің рухына бағыштап дұға оқып, аллауакпар жасады. Бабаңның әйелдері: Кәкіш бәйбіше мен Тойған ананың топырағын сипап дұға оқыды. Осыдан кейін көңілі біршама орнығып, иығы жеңілдеп қалғандай-тын.

Сәлден кейін Орманбет бастаған жолаушылар күн кешкірмей Қарқаралыға жетуді көздеп суыт жүріп кетті. Қаратал мен Қызыларайды басып, арғы жазыққа шыққан соң, біраз ат шалдырып алған олар желе шоқырақтап күн кешкіре Қарқаралы құлады.

Орманбет баяғы Уәлиолла деген татар көпесін жақсы танитын. Бұл үйге заманында әкесі Байжөкенде талай рет ат басын тіреген. Ана жылдары баласы Нарманбет те осында жатып оқу оқығаны бар. Сол татар көпесінің көк төбел үйіне Орманбет болыс та келіп тоқтады.

Осы жолы Орманбет Қарқаралыда ұзақ аялдады. Ояздың өзінен бастап бірсыпыра шенділердің өнешін майлады. Түпкі есебі – иісі ақсақ-қалдауды өз алдына бір болыс ету. Түндік саны да, ауыл саны да, ережеге сәйкес

келіп тұр, тек рұқсат алса болғаны.

Осы мақсаттан айнымақ емес, ештеңеден аянар түрі жоқ, тіпті түбірдегі кітапты қайта жаздыруға да пейіл. Алайда бұл шаруа Орманбет ойлағаннан да күрделі болып шықты, мұндағы ұлықтар келіскенімен түпкі шешімді Омбы генерал губернаторы шығарады екен. Мұны естігенде Орманбеттің қабағы түйіліп, жұтқыншағы кеберсіп кеткендей болған. Соны сезген Уезд бастығы Филиппов мырзаның өзі:

– Орманбет Байжомартович, сіз оған қапаланбаңыз, құжаттарыңызды реттеп береміз қасыңызға біздің бір өкіл қосылады Омбыға барасыз, – деді.

Орманбет үшін енді шегінерге жер жоқ еді. «Мақсатқа жету үшін табанды болу керек», әкесі Байжөкең солай дейтін. Сонымен Орманбет қасына уезд бастығы қосқан шенеунікті ертіп Омбыға жол тартты. Үміт пен күдік алмасып, осы сапарда жаратқан қолдаса, деп құлшылығын айтумен болған ол тамыздың аяғында айдан аса жүріп, жаңа болыстықты құрып елге оралды.

Ала жаздай арпалысқан бейнеті бекер болмады, алғырлығы мен алымды қадамы арқасында «Солтүстік Балқаш» деген жаңа болыстық әкімшілік аумақ құрылып, соның болысы Байжомарттың Орманбеті болып елге оралды. Әріден ойлаған есебі сәтімен келді. Бұрынғы абройы одан әрі асқақтай түскен.

Қыркүйектің соңғы күндерінің бірінде Орманбеттің ауылына ақсақ-қалдаудың атқа мінерлері түгел жиналды. Орманбеттің сегіз қанат ақ боз үйі. Төрде Орманбет болыс оң жағына уезден келген өкіл жайғасқан. Жиынға Шантайдың немересі Байғазы, Бертістің Атағұлы, баяғы Дүйсеке бидің немересі Қозжанның Домбайы, Тұмабайдың Тілеші, Баймағамбет

Алдияр, Шүленбайдың Жобалайы, Құлмағанбет Байжомартұлы секілді азаматтар жиналған. Осы жиында ауыл старшындары сайланды. Шантайдың немересі Байғазы Табылтайұлы мен Бертістің Атағұлы болыстың орынбасары болып бекіді.

Сол күннен бастап Орманбеттің өзіне деген сенімі еселеп артты. Бір болыс елдің тізгінін мықтап қолына алған ол жұртына пана, жеріне қорған болуға шындап кіріскен. Жаңа болыстың шаруасы алға басты. Әкесі Байжомарт «Малың кетсе де береке-бірлігің кетпесін. Бәрі айналып қайтып келеді, тек әділ бол да халқыңа жақ» деген Қараменде биден қалған өсиетті жиі айтатын. Орманбетте осы бір ұлағатты ұстанды. Исі ақсақ-қалдаудың шонжары атанған Тілеш байға және осы елдің ат жалында жүрген жақсылары Жантоқа, Абдолла, Қозжанның Домбай секілді азаматтарды үзеңгі дос санады.

## 5

Тоқырауын бойын жайлаған елдің егіншілікке ден қойғанына да талай жылдардың жүзі болған. Егетіндері: бидай, тары, арпазығыр дақылдары. Суармалы егістен мол өнім алу әуелі суға тәуелді, содан да болар, бұл атырапта егіс алқабына суды тоғанмен шығару үрдісі қалыптасқан. Ал, енді тоған қазу дегеніңіз, анау айтқандай оңай шаруа емес.

Орманбет те жұрт жасап жатқан істен сырт қалмай елді егіншілік кәсіпке икемдей бастаған. Өзі бас болып Қараталдың бойынан тоған қазуға бел буды. Бұдан бірнеше жыл бұрын Мәнжекең бастап барып, Тоқырауын бойынан тоған қазғанда, «Тоғанның көмейін қай тұстан шығарған жөн» деп әркімдерден сұрап сарсаңға түскен дейді. Егіншілердің айтысына қарағанда, тоғанның

отауын (көмейін) дұрыс тандасаң су соғұрлым қырға тезірек шығады-мыс. Білмейтін адамға өзеннің жиегінің бәрі бірдей. Орманбеттің ойына осы әңгіме оралды. Содан ол біледі ау деген тоғаншыны іздетті.

Сонымен көп күттірмей әлгі Танабақ деген тоғаншыны тапты. Онысы құдды сәуегей адам сықылды маңайды шолып келіп, өзеннің бір мүйісіне шалқасынан жата қалып, көзін жұмып, үнсіз тың тыңдағандай болады. Әйтеуір өзенді қабақтап, сол маңды көп шарлады. Күректері мен кетпен, шоттарын арқалаған тоғаншылардың шыдамы таусылғандай, аяғында тоғанның көмейін іздеген тоғаншыны ұмытып өздері қысыр әңгімеге ерік берген.

– Ана Рүстем төренің тоғанын көрдіндер ме? – дейді біреуі.

– Жоқ. Оны көре алмадық, оның есесіне Орысбай тоғанын көрдік, оның суы керемет мол, байлап қояды екен.

– Ал ана Ақсарылардың тоғаны не бітпей қойған.

– Кім білсін, олар әлі қазып жатыр, адам айтса нанғысыз, тереңдігі түйе бойламайды, – дейді.

Айтса айтқандай, Орманбет оны әдейі іздеп барып көрген. Тереңдігі ғаламат! Соған таңырқап келген-ді.

Осы кезде тоғанбасы Танабақтың «бері келіндер» деген дауысы естілді. Бәрі солай қарай қозғалды.

– Тоғанның отауы тура осы арада болсын, – деген тоғанбасы тағы да шалқасынан жата қалып тың тыңдағандай, бәлкім жердің тамырын ұстағандай ма, әйтеуір ғажап! «Жеті түрлі әулие бар» дейді ғой соның бірі дерсің.

– Осы арадан қазындар. Олай-бұлай ауытқымаңдар. Тура осы жерден қазсаңдар суды жетелеп анау қырға

алып шығуға болады, – дейді. Танабақ тоғаншының айтысына қарағанда су тартатын жерге кісі шалқасынан жатқанда судың ағысын адамның өті сездіретін болса керек.

– Бәрекелді анау қыр биік қой, түйе бойламайтын тоған қазамыз ба? – дейді бұлар.

– Жоқ. Ол жаққа тіке қазбайсыңдар, судың ағысына қарай жетектеп алып шығамыз. Ең бастысы көзін дұрыс тапсақ болды, – дейді тоғанбасы.

Ол күні оған ешкім сене қойған жоқ, бірақ тоған қазу басталып кетті. Ата-бабалары егін еккен ел ғой, ұзамай олар ағаш соқамен жер жыртып, егіншілік кәсіпті бірте бірте игере бастады.

Күзге қарай бұларда егіннен мол өнім алып, дастархандарына сарыала бауырсақ төгіліп, тарыдан жент жасап ел бір ырғап қалғанды.

## II ТАРАУ

### КИІЗ ҚАЗЫҚ

Қолына болыстық билік тиісімен, Орманбет баяғыдан ыңғай бермей жүрген жер мәселесіне шүйілді. Ойы соған ойысты. Бұл шақта әкесі Байжомарт та, Мәнжекен де, Байыз сопы да дүниеден озған. Бұған енді кім қарсы тұрғандай? Бұл күні Қаратал мен Сағаға Сәді иелік етеді. Баяғы Байыз сопының немересі, кезінде Мәнжіғұлдың қолтығында болған Сәді мырза, құланшының ендігі сөз ұстар оғыланы сол. Қаратал мен Сағаға заманында әкесі Байжомарттың да иегі қышыған. Бірақ оны Мәнжіғұл маңайлата ма? Атадан балаға ауысқан осы бір аңсартағатын қалай жүзеге асырмақ? Қайтпек керек?

Орманбеттің көкейін тескен осы – жер мәселесі. Сәдіге бұл жөнінде әлде неше айтып көндіре алмаған.

Көнгенің не, ол аяғына отырғызбады. Күш көрсетіп тартып алғысы жоқ, өйтіп елге жексұрын болғанды қаламады Орманбет. Сонда қайтпек керек? Қандай қарекет жасағаны дұрыс? Орманбет сол туралы көп ойланды.

Дәл осы кезде «Іздегенге сұраған» демекші бір төтен оқиға болды. Оқиға болғанда сол баяғы мал ұрлығы да. Іргеде отырған өзінің құдасы Тілеш байдың бір үйір саяғы ұшты-күйлі жоқ, жоқшылар қолды малдың ізін шығара алмай хабар Орманбет болысқа жеткен. Тентекті тезге салу болыстың міндеті.

Араға бірер күн салып, Орекең Сәдіге хабаршы жіберіп, шұғыл шақыртты. Пұшпақ бөркін шекесіне киіген Сәді асығыс келді. Қасында Бұғыш деген туысқаны бар. Екеуі аттан түсіп, рұқсат сұрап Орманбет отырған үйге кірді.

Орекең сегіз қанат ақ боз үйде жалғыз отырған, киіз үйдің ішінде басы артық дүние жоқ. Есіктен төрге дейін алаша, текемет оның үстіне қазақы құрақ көрпелер төселген. Керегеге тұтқан түскиіздер мен кілемдер бәрі де Балбырауынның ісмер қолынан шыққан көрнекі дүниелер еді, құлпыра түрленіп, көз үйіріп, көңілге жайлылық сыйлайтын.

Болыстықтың тізгінін қолға алған Орманбет арнайы сегіз қанат үй тіккізіп, кісі қабылдайтын, мәжіліс өткізетін орынды осылай сайлап алған-тын. Содан бері Орманбеттің алдынан кісі үзілмейді.

Ол Сәдінің келе жатқанынан хабардар-тын. Табалдырық аттаған қонақтармен жылы сөйлесіп, амандық-саулық сұрасқан соң, бірден көкейдегі сөзді бастап кетті:

– Жағдай қиын болып тұр, – деді Орманбет болыс өңі сұрланып, сонысымен-ақ Сәдіні бірден ықтырып

алғысы келгендей: – Іргедегі ағайындардың жылқысы ұрланды деген хабар алып отырмын, – деп Сәдінің бетіне күдіктеніп, тесіле қарады.

Бәлелі сөздің астарын тез аңғарған Сәді Орманбеттің жүзіне шүңірек көзін қадап тіксініп: «Бәсе! – деді ішінен, – Мені көргісі келіп, емешегі езіліп отырғаны осы екен ғой!» деп жүзін Орманбеттен бұрып әкеткен ол басы кекжеңдеп, білемдеп ұстаған атсоғарымен өзі отырған оюлы текеметтің үстін түрткілеп:

– Е-е-е, солай де! Кімнің малы ұрланбай жатыр, ұрысыз ел бар ма, атасына нәлет!? «Тау бөрісіз, к-к.. ойнассыз» болама деп бабамыз Қараменде би бекер айтпаған шығар. Жарайды жоғалсын дейік. Оған біздің қатысымыз қанша? Қаймана қазақтың малы жоғалса бізден көретіндерің қалай?! – деді Сәді дауысы салқын тартып.

– Гәптің өзі сонда. Не келсе де ол сендерден келді. Қолды малдың ізін шығарып бер, болмаса құныкер боласың, – деді Орманбет сөздің тоқетеріне көшіп.

– Орекеее, мұның артық енді, – деді Сәді басын шайқап. – Артық, құдайдан қорық. Бізге жәле жапқаннан не ұтасың?! Көздегенің не, соны айтшы?

– Бұл жәле емес, жәле деп саған кім айтты? Мойныңа қоятын айғақ бар. Тыпыр ете алмайсың! Жақсы атпен қолды малды қайтар, олай болмады екен, жақсылық күтпе, – деді Орманбет шегір көзі қадалып, дауысы жанағыдан да қатқыл шықты.

Мынандай кепті күтпеген Сәді терісіне симай ашуланды. Әуелі азар-безер болды. Бірақ Орманбеттің иілетін түрі жоқ, қайта мұны тықсырып, алды-артын кесіп, айтқанынан қайтар емес.

Ақыры даулы сөзден мән шықпаған соң, Сәді

ашуланып, қолын бір сілтеп үйден шығып кетті. Ол шығып бара жатқанда өкшесіне ілестіре сөйлеген Орманбет:

– Қайда барасың, бәрібір құтылмайсың, сен төлейсің!  
– деді.

Есік алдында өзіндей жас азаматтармен сөйлесіп тұрған он жетілер шамасындағы Нарманбет Сәдінің бұлқан-талқан ашуланып бара жатқанын көрді. «Бұ кісіге не болды?» деп дереу әкесіне келді.

– Ақке, сіздің мұныңыз қалай? Сәкең көрместей боп ашуланып кетті ғой. Сіздерге не болды? – деді.

– Ренжісе қайтейін.

– Сіз оған айып саларсыз, қолды малды төлетерсіз. Бірақ ол оның жүрегінде кетеді ғой. Көрместей болады ғой, ағайын арасына жік түспей ме?! – деді жас өспірім Нарманбет.

– Ал сен болсаң қайтер едің? – деді Орманбет баласына сынай қарап.

– Мен, мен шақырып әкеліп татуласар едім.

– Онда бар шақырып кел, көрейік, не шығар екен.

Нарманбет далаға жүгіре шығып ауылдан әлі ұзай қоймаған Сәдіні артынан қуып жетіп:

– Сізді Ақкем татуласуға шақырып жатыр, – деді.

Атының басын тартып тұра қалған Сәді:

– Әй, Нарманбет, сенің жүрегің жұмсақ-ау. Шыныңды айтшы, мұны әкең айтты ма, әлде сенен шыққан сөз бе?

Әлгіндегі әңгімеден соң, өңі қабарып, ащуы бойына сыймай тұрса да «әкесіне қарағанда баласының жүрегі жұмсақ- ау» деп ойлаған Сәді.

– Әкем айтса да, мен айтсам да бір адам емес пе.

«Бөрінің бөлтірігі» деді Сәді ішінен «дегенмен әкесіне қарағанда көш ілгері» деп өзінше тон пішті.



Аттарынан түсіп үйге кірген Сәді мен Бұғыш «Орманбет не айтар екен» деп жүздерін соған бұрған. Айтылатын әңгімені жаңа түгескен, енді мұның айтары жоқ, шақырған өзі ғой, сөзді өзі бастасын,- деп Орманбетке: «не айтасың?» дегендей үнсіз қадала қарады Сәді.

– Сәді, – деді Орманбет, дауысы манағыдай емес бәсең: – Мен артық кеттім, сен кешір, – деді. «Қалдаудың қасқыры» атанған Орманбеттің мына сөзіне Сәдінің де іші жылып, ашуы қайтып, қалғандай. Әйтсе де, «әрі қарай бұл не айтар екен?» деп сөздің соңын бақты.

– Сәке, енді мұның билігін өзің айт, мен соған тоқтайын, – деді болыс. Дауысында да, сөзінде де жасандылық жоқ. Сәді шынымен ойланып қалды. «Өзің біл» деген сөздің жүгі қашанда ауыр. Сөйтсе де ол қиналып қысылған сыңай танытпады. Насыбай атқысы келіп қалтасын сипағанда ойына баяғыда Байжомарт: «Насыбай атушы болмандар, насыбай дегенді көрмейтін болайын» деп тыйым салғаны есіне түсіп, шақшасын қалтасының сыртынан сипады.

– Онда былай болсын: Ана қолды малдың ретін өзің тап, – деді Орманбетке ойлана қараған Сәді. Сонан кейін отырып-отырып:

– Бұрыннан бері айтып жүргенің әлгі Қаратал мен Саға еді ғой. Соны мына Нарманбетке байладым. Сенің көкейінде кілкіген мәселе сол ғой. Бердім соны, – деді.

Орекеннің де күткені осы болса керек, бірақ бірден лақ ете қалмай, алыстан орағытып, Сәдінің жүзіне көз тоқтатып сөздің соңын қалт жібермей тосты. Сәді өз тоқтамын айтып болған кезде ғана:

– Ол енді басқа мәселе ғой, жерді алып мына дауды маған өзің шеш дейсің ғой, солай ма?

– Солай, солай Ореке, – деді Сәді басын изеп.

Міз бақпай ойланып отырған Орманбет:

– Ы-м-м, – деді кесім айтардағы қадетіне басып, – Жарар онда, бұл дауды мен өзім реттейін. Ал ана жер мәселесі былай болсын, Сәке, сен оның бодауына менен қырық қысырақ ал. Сонымен ренішті доғарайық, – деді.

Екеу қол алысып қоштасты. Содан бастап Саға мен Қаратал Орманбеттің еншісіне өтті.

Сәді ауылына қайтып келе жатып: «Осы Сағаны Орманбетке бергенім дұрыс болды. Талайдан бері сол жерге қызығып жүр ғой, қызықса алсын, қызығын ол да көрсін. Бөтенің емес, туысқаның ғой» деп өзін-өзі жұбатқан болды. Артынша есіне Қырмызы жеңгесі түсті. «Апырай, ол кісі не дер екен ә? Саға мен Қаратал оған да ыстық, қанша дегенмен келін болып түскен жері» деп баяғы Мәнжекеңнің бар кезіндегі алаңсыз күндерді қинала еске алып, ілбіп келеді. Қас қылғандай тақымындағы аты да шабандап, жүрісі өнер емес.

Ауылына кештетіп келген Сәдінің ешкіммен сөйлесуге зауқы болмай, жеңіл-желпі ас суын ішіп, күн жарықта жатып қалған. Алайда көпке дейін кірпігі айқаспай уықтың қарына қарап жатып, күлдіреуіштің тұсында қанатын лып-лып қағып ұша алмай тұрған кішкентай ақ көбелекке көзі түсті. Шамасы өрмекшінің торына маталып қалған, содан босай алмай ол бейшара да жанталасып, арпалысып тұрғандай.

Күндізгі жағдай есіне түскен сайын төсекте әрі-бері дөңбекшіген Сәді мазаң күйден айыға алмады. «Шарпысқан өмір-ай, десейші!» деп арпалысып жатып, бір заматта талықсып ұйықтап кеткен екен, түсінде Мәнжіғұл көкесі баяғы өзінің жүйрік күрең атына мініп тура есік алдына келіп:

«Сәді, қарағым, сен босқа уайымдама, ол жерді бергенің

дұрыс болған» дейді. Соны айтқан ол атының басын кері бұрып үйден ұзап бара жатты.

Бұл да оған бірдеңе айтпақ екен, бірақ Мәнжіғұл көкесі көзден ғайып болғаны. Ұйқыдан оянған Сәді: «маған Мәнжекеңнің аруағы риза екен» деп түсін өзінше жорыған болды.

Ертеңінде күн көтеріле Қырмызы жеңгесіне соқты. Сәдіні көріп қуанып қалған ол:

– Сәді айналайын, мал-басың аман ба? Ертелетіп қайдан жүрсің? – деді.

Амандық саулық сұрасып төрге жайғасқан Сәді жеңгесінің жүзіне тіке қарамай:

– Ренжитін бір жағдай болып тұр, соны сізге айтуға келдім, – деп болған жайды баян қылды.

Тосын жаңалықты естіген Қырмызының аққұба өңі тез сұрланып, артынша жасаураған жанарын Сәдіден тайдырып әкетіп, біршама үнсіз отырып қалды. Ойына баяғыда Мәнжекең өзін алып қашып, Байжөкең үйіне әкеліп түсірген кез оралды. Іңкәр бәйбіше «қадамың құтты болсын» деп бұның басына ақ жаулық салған сәт көз алдына келді. Сол-ақ екен, жүрегі шым ете қалғандай бір ыстық ағын бойын қуалап өте шыққандай болды. Сөйтсе көзінен ыстық жас парлап ағып тұр екен. Жаулығының шетімен көзін сүрткен ол «ух» деп ауыр күрсінді.

– Үлкендердің көзі кеткен соң солай болады да, қарағым. Ол үшін атысып шабысудың қажеті жоқ. Көппен көрген ұлы той, бұйырғаны болар, – деді.

Биылдан бастап қыстауымыз Орта Дересіндегі Оразай тораңғысының тұсында, «Исаның басы» деген жер бар соны қыстаймыз. Қыстауыңызды өзім әзірлетем, оған қам жеменіз, – деді.

Сәді кеткеннен соң, Қырмызы көп күйзелді. Жүрегі қайта-қайта алқынып, жанына түскен белгісіз жараның аузын байқаусызды біреу тырнап алғандай көкірегі сыздай бергені. Қырмызының жанына батқан тіпті жер де емес-ті. Ана жылы Түркістанға жол жүріп кеткен Мәнжекең сол сапардан қайтпай қалды.

Хабар тиісімен бұл жақтан бір қауым адам аттанды. Мәнжекеңнің балалары мен әйелдері, туған туыстары: Адығұл, Сәді, Бұғыш, Бөртебайдың Сыздығы тағы басқа бір қауым адам барып қайтты. Сөйтіп Мәнжекең алдындағы бір парызын атқарып, иығынан ауыр жүк түскендей болған. Десе де адам шіркіннің арманы таусылған ба. «Егер сол сапарға Мәнжекең бармаса қайтер еді?» деп Қырмызы сол күндерді жиі еске алады.

Қоңыраттық жігітке тұрмысқа шыққан Мәнжіғұлдың жалғыз қарындасы бар-тын. Сол Түркістанда тұратын. Соңғы жылдары Мәнжекең тұрмысқа шыққалы қарындасын артынан іздеп бармағанын жиі айтатын; ақыры «қыздың от жаққан жерін көріп келемін» деп Адығұл мен Бұғышты ертіп жаз шыға жол жүріп кеткен, көрер жарығы таусылды ма, сол сапардан оралмады. Сөйтсе бәрі тосын болған екен. Мәнжекеңе аяқ астынан бір дерт жабысып, содан бес-алты күн ауырып, бақиға аттанып жүре берген дейді. Тіпті, оны өледі деп ешкім ойламаса керек. Анандай алып дене, тегеурінді жанды ажалға кім қиғандай. Сөйтіп Қожа Ахмет Яссауи кесенесінен топырақ бұйырған. Мұндағылар соған да шүкірлік етті.

Мәнжекең бақилық болғанына төрт бес жылдың жүзі болса да Қырмызының өкініші сейілер емес. Айдарханы үлкен азамат болған, оның өкшесін басып Әмірханы да өсіп келеді. Балалары жалғыз емес Нартбай, Мұсахан,

Жұмабек секілді ағалары бар, «аллаға тәубе» деп ауыр күрсінді ол.

### III ТАРАУ

#### АЙНУ

##### 1

Орманбеттің Саға мен Қараталға көшіп қонғанына да біраз жылдардың белі болған. Әу баста өзімен бірге кіші шешесінен туған інісі Ерменбетті еріп алған-ды.

Тік мінез Ерменбет алыса кеткенді алып ұратын, дүлей күштің иесі, балуан адам. Осы төңіректе күрестен дәмелі жігіттердің еш қайсын беттетпейді. Орманбеттің үнемі қасынан табылатын да осы Ерменбет бауыры.

Қараталды Ерменбет еншіледі. Ауыл жазғы жайлауға көшіп қонған кез. Орманбет болыстың дабыры өсіп тұрған. Кенеттен тағы бір даудың төбесі қылаң бергені. Бұл кезде Орманбет Дайыр төренің баласына берем деген қызын Тілештің Омашына ұзатып жіберген. Ел құлағы елу деген. Мынандай жағымсыз хабар жатсын ба, сыпсың сөз төренің құлағына шалынды. Әуелде Дайыр төре «үй арасының өсегі болар» деп бұл әңгімеге жете мән бермеген, бүгін соны сенімді адамнан естіген төре, шыны керек, қайран қалды.

– Апырай, ә? Бұл қалай болғаны? – деп таңырқаған төре Орманбеттің мына әрекетін түсіне алмай ойы сансаққа жүгірді.

– Бір қызды екі жаққа саудалағаны қалай? Уәдеден неге тайқыды, уәде деген құдай сөзі емес пе? – деп Дайыр төре дереу Орекеңе кісі шаптырмақ болған. Тіпті қол жинап шауып алғысы да келді. Алайда ол ойынан тез қайтты. «Сөзді көйітіп текетірес жасап қайтем» деп бір тоқтады. «Іргелі елдің баласы, кешегі Байжомарт, арғы

бабасы Қараменде би, неге бұлай жасады?!» деп шешуі қиын жұмбақтың жауабын іздеген жандай ойы тұрақ таппады.

Әйтсе де мұны аяқсыз қалдырғысы келмеген төре бірден оязға шағынды. Сөйтіп қыр көрсеткісі келген. Дайыр төренің сөзіне құлақ асқан уез бастығы Дмитрий Вараскин Қарқаралыдан ат терлетіп арнайы келген. Ескі танысымен құшақтасып амандасқан соң, төренің ақ шаңқан үйіне кіріп екеуі әңгіме дүкен құрды. Даулы мәселенің мән-жайын пысықтап білген соң: «Осыған төрелікті Орманбеттің өзі айтсын. Шешімін де, өзі шығарсын, өзін тыңдайық» – деді.

Несі бар, айтса айтсын, көрейік, не айтар екен? – деп Дайыр әріден ойлап: – Қайтер екен, не дер екен? Жол тауып құтылар ма екен, мал шашып тұтылар ма екен? – деп сынамаққа тоқтаған.

Орманбеттің жағдайы оязға мәлім, үздіксіз үш сайлаудан бері «Балқаш болысын» уысынан шығармай иіріп отырған сұңғыла адам. Оның бер жағында оязбен де алыс-берісі бар. Содан да болар үлкен ұлық «ұзын арқан, кең тұсау» жасап, төрелігін өзі айтсын дегенге сайды. «Бұл өте ақылды қырғыз» деп ойлаған ол.

Даулы жағдайдан Орманбет хабардар еді, тұйықтан қия тартып шығудың жолын ойлаған ол мазаң күй кешкен. Ояздан пәрмен жетісімен қасына жігіттерін ертіп атқа қонды. Доспанбет те, Ерменбет те: «Ақке, ояз неге шақырды, жесір дауы болмасын?» деп олар да күдіктенуде.

Бауырларының сөзіне онша ден қоймаған Орманбет өз ойымен әуре еді. Мәселенің осылай шиеленісетінін өзі де пайымдаған. Уәдеден неге айнығаны өзіне ғана мәлім, ол туралы ешкімге тіс жарғысы жоқ. «Айныыйн

деп айныды деймісің, соған мәжбүр болды ғой» деп өткен оқиғаны есіне алды.

Қайбір жылы Қарқаралыдан келе жатып жолшыбай құдасының үйіне соқты. Обалы қане, құдасы Дайырдың өзі жаны қалмай қолпаштап, мал сойып қошемет көрсетті. Сөйтіп әп-әдемі әңгіме құрып отырғанда, келінінің төркін жұрты келіп, марқұм болған туыстары бар екен соны жоқтап, көңіл айтып, көрісіп жатты. Төре соған қатты ренжіп, «Сұңқылдаған дауыстарыңды естімейтін болайын!» деп әлгілерді ауылдан қуып тастады. «Өздерін қарадан артық санайтын төре біткеннің тірілігі осы екен-ау; ертең менің қызым бұларға келін болса, артынан іздеп келген қатын-балама көрсететіні осы ма?!» деп құдасының ауылынан көңілі түсіп, біртүрлі түңіліп қайтты Орманбет. Ақыры әрі ойлап, бері ойлап қызын бермейтін болды. Уәдеден тайқуының бар кілтипаны сол-тын. Болған іс болды, енді оған өкінері жоқ, қалғанын бара көреміз, деп тәуекелге бел буған.

«Ішке түйген бір есебі бар ма, болмаса «жесір дауы» деген антұрған шарауға ұрынар ма еді» деп соңына ерген ін-бауырлары да алаң. Орманбет болса жол бойы ешкімге ләм деп тіс жарған жоқ. Өңі сұрланып, тірі жанға сыр алдырмады.

Астындағы құлажирен аттың көшелі аяңына салып, тоқтаусыз жүрген жолаушылар Жосалының етегінде отырған Дайыр төренің ауылына сәскеде ілікті.

Шашырай өскен қалың терекпен қанаттаса тігілген ақшаңқан ауыл алыстан көз тартып, төренің аулы айбар шашып тұрғандай. Ауылда қаңтарулы аттандың қарасы мол көрінді, соған қарағанда қонақ көп болса керек. Асылы Дайыр төренің ауылынан кісі үзілмейтін, бұл өзі мәрт адам. Қонақты бай деп, кедей деп бөлмей күтетін

мырзалығы да жоқ емес. Қазіргі сәттегі ауыл үстін басып жатқан кісінің қарасы соның көрінісіндей. Осының бәрін жіті шолған Орманбет соңына ерген оншақты адамның ортасында ақсары өңі қабарып сыр алдырмай келе жатты. Бұларды қарсы алған әлекедей жаланған ауыл азаматтары қонақтарды жеке үйге түсіріп, құрмет көрсетуде:

– Мырза кісілеріңіз демала берсін, өзіңіз ояз отырған үйге жүріңіз, сізді төре сонда тосып отыр. Бір ғана өтініш қылышыңыз бен айбалтаңызды қалдырыңыз, бұл ояздың өтініші,- деді қарсы алған қызметшілердің бірі.

– Сырт киімін шешіп, сұрғылт оюлы бешпетінің өңірін түзеген Орманбет қаруын Ерменбетке қалдырып үйден шыға берді. Қатарласа тігілген ақшаңқан киіз үйлерді бойлай жүріп, он екі қанат ақ боз үйге келіп табалдырық аттағанда, үйде Дайыр төремен қатарласа отырған ояз Вараскінді көрді. Екеуі де Орманбетпен салқын амандасып төрге шық деген ыңғай білдірген.

Ішке кірген жігіттердің бірі зерен толы сары қымызды бабына келтіре сапырып, қымыз құюға ыңғайланғанда; Орманбет үлкен ұлықтың амандық-саулығын сұрап, Дайыр төреге бұрылды. Ештеңеден аса жасқанып отырмаған секілді, жанары ұшқындап төренің мал-басының, ел-жұртының амандағын сұрап, өзіне тән сұңғыла сергектікпен ілтипат танытты. Басын дамылсыз изеген ояз Орманбетке жүзін бұрып өзінің келген шаруасының жай-жапсарын білдіріп:

– Екеуің өз ықтиярларыңмен құда болдыңдар. Әрине, сендердің салттарыңды біз біле бермейміз және оған біздің араласуымыз жоқ. Уәдеден тайқыған Орманбет Байжомартович қыз беретін жақ, дұрыс айтып отырмын ба? – деп екі жағына алма кезек мойын бұрды ояз.



Орманбет басын изеп келіскен рай танытты.

– Екеуің де елге белгілі құрметті адамсыңдар, сондықтан бұл мәселені былайша түйіндейік:

– Уәдені бұзған Орманбет Байжомартович, дұрыс па? – деп екі жағына тағы да көз жүгіртті ұлық. Орманбет басын изеп:

– Әлбетте солай болды, – деді.

– Ендеше шешімді де, уәдеден тайқыған жақ айтсын. Мына сөзді естіген Орманбеттің отты жанары жалт етіп, оязға бұрылды: «Екеуі алдын ала келісіп алған-ау» деп ой пішті.

– Солай, Орманбет Байжомартович, – деді ояз. Орманбет болса басын изегендей болды, келістім деген сыңайлы. Сонда да жауап беруге асықпаған ол алдында тұрған тостаған толы қымыздан бір жұтып, тамағын кенеді. Одан соң, дастарханнан сәл ысырылып отырды. Төренің он екі қанат ақ ордасының ішін үнсіздік басты. Қымызға бас қойған ояз да қыр қазақтарының қызға таласын енді сырттай бақылап, соның қызығын тамашалағысы келгендей, істің аңысын аңдып, қымызды құныға ішті.

– Пау, не деген тәтті қымыз! – деп тостағанды босатып, «тағы біреу құй» деп босаған ыдысты ұсынып жатты. Дастарханның келесі шетінде отырған Дайыр төренің ақсұр өні бал қымыздың қызуымен қызара бөртіп тұрғандай. Осының бәрін жалт қарағанда-ақ шолып өткен Орманбет бешпентінің етегін кейін серпіп сөз бастады:

– Аса мәртебелі Дмитрий Андреевич мырза, айыпқа бұйырмаңыз! Сізді әуреге салып, мына күннің ыстығында бейнет кештіргенім үшін, сіздің дәргеіңізден зор ғафу өтінемін. Оның бұ сөзіне ояз мырза басын изеп пейіл білдірген болды.

– Ендігі сөзімді Дайыр мырзаға қаратып айтайын.

– Мырза, сізбен құда болу мен үшін үлкен абырой. Аллаға аян, сізге қылдай қиянатым да, бөтен ойым да болған жоқ. Болмақ та емес. Керісінше, сізбен құда болып өрісім ұлғаяды деп қуанып едім, Алланың жазуына не шара?! Менің қызым жоқ жерде жұқпалы дертке шалдығып, содан айыға алмады. Денсаулығында сондай жұқпалы кінараты бар қызымды сіздің балаңызға қалай берудің қисынын таппай, қыс бойы қиналдым. Сіздің балаңыз науқас қызымды алса, кейін оны тастап кетер еді, әрі зарары балаңызға тиер деп қорықтым. Жасыратыны жоқ, мырза, науқас қызымды Тілеш байға беріп, қалыңын алдым. Құдайдың бұйрығы солай болды. Осыған сеніңіз, кешегі Сұлтанғазы төренің баласы бүгінде есімі иісі қазаққа машһұр болып отырған Дайыр төремен құда болудан қай қазақ қашқандай, – деп сөзінің аяғы қинала, тебірене жеткізді Орманбет.

Мына сөзді естіген Дайыр төре азырақ тосылып қалды. Күтпеген жағдай. «Шын айтып отыр» деп ойлады ол. Расында кешегі азуын айға білеген Сұлтанғазы төренің баласы Дайыр төремен құда болудан бастартатындай мұның жанына не күн туды дейсің. Бәсе! Осындай бір гәп болған! Әдібі солай. Малың шауып алса, қызын тартып әкетсе мұның қолын кім қаққандай. Соны жіті ойлаған Дайыр төре:

– Бәсе, – деді ол, – Бәсе, мен Орманбетке не жаздым, бұлай болмаса керек еді, әлде күтпеген төтен жағдай килікті ме? - деп топшылаған едім. Болжамым рас екен. Әлбетте, қызыңыз ауру болса, Аллам оған шипасын берсін. Олай екен сізге тағар кінә жоқ. Берілген қалыңның өсімін сұрамадым, басын қайтарсаңыз болар. Оған соншалықты талас бола қоймас, – деп екі

жақ шиеленіскен даудың түйінін тарқатты.

Дайыр төре алды кең парасатты адам еді. Орманбеттің әр сөзінен ілік іздемеді. Би алдап айтса да, қисынын тауып сендіріп айтты, - деді ол ішінен. Шынында да оның ауру қызын біздің баланың тастап кететіні де рас қой. Рас. Соған сендірді. Беу, Орманбет-ай! Науқас қызын Тілешке беріп қалыңын алып алған,- деп ішінен мырс етіп күлді. Қайтеміз енді, бір шүйке бас үшін жанжал іздемедім, Қарқаралыдан оязды шақыртып Орманбетке қыр көрсеткенім де жетер, деп іштей тоқтамға келген.

Дайыр төреге мән жайдың тігісін жатқызып ояздың алдында сүрінбей өтуі Орманбеттің еңсесін тіпті биіктете түскендей. Оны енді су төгілмес жорға дерсің, суырылып алға озып, өзінші бір ойын ойнап, жүйткіп бара жатқандай.

## 2

Жайбарақат жайлауда отырған Орманбеттің ауылына талтүсте жау шапты. Бұл өңірде кешегі Байжомарт бидің баласы Орманбет болыстың ауылына ат ойнататындай жүрек жұтқан кім дерсің?! Лақса жанынан безген біреу-дағы, болмаса өзіне сеніп келген қарымдас біреу ме? Ауылға басып кірген жүз қаралы басқыншы, қарулы адамдардың қарсылығына тап болды. Шапқыншылардың қарасы қалың, дес беретін емес. Соны сезген Тілеуберлі оқтаулы мылтығын ала сала қиқулап жүрген жаудың әуелі біреуін атып түсірді. Кілең саусылдатып сойыл ұстағандар мылтық дауысын естігенде бүгежектеп қалған. Қаруын қайта оқтаған Тілеуберлі ереуілдеп жүргендердің тағы да біреуі қарауылға алып жалп еткізді. Жесірін тартып әкетпек болған шапқыншылар отқарудың дауысынан кейін серпілген. Әйтсе де, олар тегін кеткен жоқ,

тігерге тұяғын қалдырмай Орманбет ауылының жылқысын шауып әкетті.

Бұл оқиға осыдан бір жыл бұрын болған-тын. Онда да екі елді егер қылған жесір дауы еді. Онда да Орманбет Жабайдың «Сәдуақасымен аттастырып қойған қызы Разиганы бермеймін» деп ай-күннің аманында уәдеден тайқыған. Алдын ала қалыңын беріп, «кұдай» деп құда болған қыр қазағы үшін бұдан өткен қорлық жоқ секілді. Мұндай жағдайда кім болса да намысқа шабары.

Ал, Орманбетпен құда болған Құмалақтың Жабайы Мандар ішіндегі жуан ата. Ел ішінде Жабай ақынның абырой беделі де ешкімнен кем емес-ті. Орманбетпен терезесі тең адам. Немересінің үлкені Сәдуақасқа Орманбеттің қызы Разиганы айттырғанда «туыстық пен береке-бірліктің тінін бұзбайық» деген жақсы ниетті дйттеген. Соның бәрі шыққан күндей анық еді. Құдалар жиі қауышып, туысып кеткендейтін. Олай болса бұларды не дүлей түртті?!

Енді міне уәдеден тайқыдың деп, Орманбеттің жылқысын тігерге тұяқ қалдырмай шауып әкетті. Мұндайда Орманбет қалай үнсіз қалсын, дереу ойдағы қырдағы адамдарын жинап Ерменбетті бас қылып жүз қаралы адамды Жабайдың ауылына шұғыл аттандырған. «Жылқысын шауып әкеліндер, басқасының керегі жоқ!» деді ол. Ер тұлғалы Ерменбет түн қараңғысында аламандарын бастап ауылдан аттанып кеткен. Таң елең-алаңда шапқыншы ауылды басып қалмақ.

Солай болды да, ешкімді сойылға жықпағанмен Жабай ауылының қыл күйрығын түк қалдырмай қуып келді. Сөйтсе Орманбет Жабайдың жылқысын түпкілікті тартып алайын демеген, керісінше оны бүлдірмек, «тұқымын аздырамын» деп тай-құнанын, ат-айғырын

бірыңғай жарыстырып көп қинады.

Араздықтың аяғы неге соғарын кім білсін, даулы мәселеге Нарманбет араласып, әкесін эзер көндіріп Разиғаны Жабайдың Сәдуақасына қосып екі жақ әупірімдеп ортақ мәмілеге келген-ді.

Осы оқиғадан кейін ел іші біршама тынышталып, мамыражай тірлік орнаған. Ол екі арада Орманбет Үржарда өткен мұқым қазақтың сиезіне қатысып келген. Өзімен ере барған, Қозжанның Домбайы, Шантай Байғазы, баласы Нарманбет пен інісі Доспанбеттер көпке дейін үлкен жиыннан алған әсерлерін айтып тауыса алмай жүрді. Айтыстарына қарағанда жиында Орманбетте сөз сөйлеп, ұрлық-қарлыққа жесір дауына қатысты айтқан сөздері көпке ой салғандай. Алқалы жиында Жалайыр Жәлменде секілді аузымен құс тістеген шешендермен пікір таластырғанын жыр қылып айтып жүрді.

Соны арқаланды ма, әлде баяғы Бәйжөкең заманынан қалған өкпе-реніші жібермеді ме, қайдам, бір күні Орманбет уәдесінен тағы айныды. Көп жыл бұрын, балалардың кішкентай кезінде Бөртебайдың Ысқағымен бел құда болып, сөз байласқаны бар. Ұл ержетіп, қыз бойжеткен кезде сол уәдеден айнып «Бөртебайға қызымды бермеймін» деп шықты. Суық сөз жерде жатсын ба, жел айдаған қаңбақтай, бірде анаған, бірде мынаған соғылып күндердің күнінде Бөртебай балаларының құлағынан жетті. Бұл кезде Бөртебайдың үлкен ұлы Ыбырай Қотанбұлақ болысының орынбасары болатын. Орманбетпен қай жағынан алсаң да терезесі тең, есесін жіберетін жанға ұқсамайды.

Мына хабарды естіген ол да ештеңе түсіне алмай, «мүмкін емес», – деп көпке дейін үнсіз қалған. Сенбейін десе сөз анық. «Енді қайтпек керек, жүзбе-жүз өзімен

сөйлесіп көрейін бе?» деп көп толқыды Ыбырай.

– Аға, құданың бұл қай сөзі, басынғаны ма? Осыған көніп отырамыз ба? Осылай тайраңдатып қоямыз ба?! Ат құйрығына салып тартып әкелеміз. Рұқсат етіңіз, осы қазір аттанамыз! – деп бауырлары өзеуреп қоймаған. Бұл күнде Бөртекеңнің сегіз ұлы сегіз тайпа ел дерсің, кілең сайдың тасындай. Ыбырай болса жұлқынған бауырларына тоқтау айтып:

– Әліптің артын бағайық, сәл шыдандар, «ақыл дос – ашу дұшпан», – деп жанжалға барғысы жоқ. Күні кешеге дейін тәтті құда болып, енді жер аяғы кеңісе жесірін алып келгелі дайын отырғанда... Орманбеттің бұл қай тірлігі?! – деп ойдың ұшығына жете алса қане?! Бұл өлкенің ырғын байы, кешегі Бөртебай көпестің әулеті малға тарлық қылды ма? Кісілігі кімнен кем? Бөртебайдай дәулеті шалқыған бай арқада саусақпен санарлық, мына іргедегі қоянды жәрменкесі тұрмақ Шәуешек пен Тәшкентке кіре тартқан, ит басына іркіт төгілген нахан байың Бөртебай емес пе! Орманбеттің мұнымен тіресетін қай жөні бар?

– Апырай ә? – деді ол. Орекеңмен төс қағысып құдай қосқан құда атанып, қалыңын алдын-ала беріп қойған. Бұл қалай?

Арада тағы бірер күн өткенде әлгі әңгіме енді басқа қырынан өрби жөнелді. Құдасы қызын басқа біреуге бергелі жатса керек. Енді шегінетін жер қалмаған. Ыбырай өзі бас болып жүз қаралы адаммен атқа қонды. Жесірін берсе – қолынан, бермесе – жолынан, тартып әкелмек.

Көктем туған кез. Орманбет ауылы жылдағыдай Еспенің бойында отырған. Мал қауырт төлдеп, ауыл үсті жамыраған, маңыраған төлдің дауысымен абыр-сабыр болып жатқан. Осы бір беймарал тіршілік қас пен көздің

арасында астан кестен болды да кетті.

«Орманбеттің ауылын жау шабады» деген ешкімнің үш ұйықтаса түсіне кірмеген шығар. Ауылға тұтқиылдан басып кірген қалың топ қарсыласқан еркектерді ұрып тастап, аласапыран болды да кетті. Жаудың беті қатты, жан аяспасқа бекіген. Жүз қаралы адам, бет қаратпай сойыл сілтеп жүр. Ауылды қоршап алған шапқыншыларға бұлар да жан таласа қарсылық көрсетті. Орманбеттің бір қолында айбалта, бір қолында қылыш, жақындағандарына қылыш сермеп ешкімді жолатпай арпалысқа түскен. Қас қылғандай ауылда Ерменбет те, Еркінбек те жоқ еді. Сонда да аз адаммен алғызбай көп қарсыласты. Кенет ту сыртынан бірнеше адам бұны әуелі тобықтан ұрып түсірді. Жалт бұрылам дегенде оншақты аламан тарпа басып қалды. Орманбет торға түскен арыстандай жұлқынып, қарулы адамдарға қарсылық танытып алысып бақты, бірақ көптің аты көп. Орманбеттің қол аяғын байлап тастады.

Орманбет дәл осы жолы қапы қалды. Тым болмаса біреуінің басын шауып түсіруі керек еді, құдай сәтін салмады. Бір-екеуін жаралағанымен шауып түсіре алмады. Шауып түсіруі керек еді. Оларда бұнымен бой салып айқаса қойған жоқ. Алыстан айбат шегіп, алдандырып жүріп, артынан келіп басып қалды. «Қапы қалдым» деуі сол. Сойыл тиген тобығы сырқырап жанына батуда. Оған да қарамай, ызалы арыстандай ақырды. Өңі күренітіп ашудан жарыла жаздаған Орманбет құр айбат шегіп қала берді.

«Жасанып келген жау жаман» деген осы. Олар Орманбет биге қамшы көтермеді, тобықтан ұрғаны болмаса. Бар бітіргендері қол аяғын байлап үйде қалдырды. Одан арғысын ол түсіне алмады. Сәлден соң

шу басылып, ауыл үстіне тым-тырыс тыныштық орнады. Ұй маңында адам қалмаған секілді. «Құдай атқырлар, қатын-баланы айдап әкетті ме?» – деп ойлаған Орманбет жұлқынып, аяқ-қолын бұғаудан босата алмай арпалысты.

– Әйкәпір маған істегенінді алдарыңа келтірермін! Көресің ертең! – деп ызадан қабынып, «Кім бар? Кім бар?» деп ақырды. Сөйтсе жасанған жау ауылдағы қатын-қалашты түгелге дерлік аулаққа қуып тастаған екен. Сүт пісірімдей уақыт өткенде жылап-сықтаған әйелдер үйге оралып, байлауда жатқан бидің қол аяғын босатты.

Ел сабасына түскен кезде бәйбішесі Балбырауын:

– Мырзам-ау, құдай сақтасын, осылармен жауласпай-ақ қойыңызшы, – деді.

Бәйбішесінің сөзін елемей, орнынан ұшып тұрғанда сойыл тиген аяғы бастырмай шойнаң ете қалды. Тобығы көгеріп, қанталап тұр екен. Балбырауын қойдың іш майын ертіп, отағасының тобығына соны жағып тартып байлап берді. Сүйегі жарылған ба, оған да қарап жатқан ол жоқ, аяғын ауырсына басып үйден шыққан Орманбет атарман шабармандарын шұғыл жинады.

### 3

Бұл уақытта Бөртебай балалары Орманбеттің екі қызын ат көтіне салып, жылқысын шауып әкеткен. Осы уақытқа дейін ешкімнен беті қайтпаған Орманбет намыстан жарылып кете жаздады. Өзіне қараған бір болыс елдің азаматтарына жаушы жіберіп таң атқанша көз ілмей, сайдың тасындай екі жүз жігітті сайлап, қырық-елу шақырым жерде отырған Бөртебай аулын бетке алды. Сол уақытта Нарманбет те өрімдей жігіт. Бала жастан әкенің мінезіне тәнті боп өскен ол:

– Әке, мен осыған бармай ақ қояйын, бәрібір мен



төбелесе алмаймын, – деп ашулы әкеге жаскана қарады.

Мұны естіген Орманбеттің өңі бұзылып кетті. Түрі сұстанып, жанары ұшқындап:

– Намыс бар ма, сенде?! Екі бірдей қарындасыңды ат көтіне отырғызып алып кетті, сенің айтып тұрғаның мынау! Шауып тастайын ба осы! – деп қылышына жармасты. Астындағы аты да тыпыршып, жер тарпып, ауыздығын сүзіп байыз табар емес.

– Аға, қойыңыз, қойыңыз! Оныңыз не?! – деп Ерменбет балуан ара түсіп ағасын сабырға шақырды. Қатты күйінген Орманбет:

– Ынжық, жұрт болмассың, сен! – деп астындағы құла жиренді тебініп, қатты жүріп кетті. Қалың қол Орманбеттің соңынан еріп олар да жортып жөнелген. Ат үстінде қаққан қазықтай нық отырған Орманбет топтан оза шауып аялдар емес. Іштей түнеріп, қатайып, шырығып алған. Дала төсі де бір жайсыздықты сезгендей дүркіреген ат тұяғының үніне құлақ түріп шошына қарайды. Таң құланиектеп атқанда, Сарыөленде отырған Бөртебай аулының төбесі көрінді. Бидің екі қызы мен қалың жылқысын шауып алған барымташы ауыл тіпті қаннен қаперсіз. «Қуғыншы келеді-ау» деген қауіп күтпесе керек. Соны іші сезген Орманбет:

– Бұлар не деген иіс алмас ел! Таза басынған екен мені! – деп ойлады. Оның ойынша қарулы адамдар ауылды кірпік ілмей күзетіп тұрған болар деген. Сөйтсе «бойына сенген түйе» құсап, байлығына малданып жайбарақат жатысы мынау Бөртебай аулының. Орманбеттің соған ызасы келді. Бойын кернеген кешегі қорлық одан әрі асқынып, ауылдың дәл желкесіне жетіп тізгінді бірақ тартты. Маңайды жіті шолды. Күдікті ештеңе жоқ. Ауыл таңғы тәтті ұйқыда.

– Ыздиған неме! – деді ол, кешегі күнгі төс қағысқан құдасына деген ашуын жасыра алмай. Артынша жігіттерін екіге бөліп ауылға қос бүйірден басып кіруді бұйырды.

– Ешкімді аямаңдар. Қарсыласқандарын қағып түсіріңдер! Кешегі шапқында кеткен жылқыға бұлардың жылқысын қосып, тышқақ тай қалдырмай қуып шығыңдар! – деп пәрмен берді. Ерменбет бастаған жігіттерге: «Екі қызды құтқарып және бұлардың бір қызын ат көтіне салып алып шығыңдар!» деп зілді бұйрық тастады.

Бөртебай аулы Орманбет дәл осыншама тез келер деп тіпті де ойламаған. Кешегі жүз қаралы жігіттердің көбі тарап кеткен. Елу шақты азамат атқа қонып үлгермеді. Орманбеттің беті қатты еді. Қарсылық жасаған екі-үш адамды сойылмен ұрып түсірді. Шиті мылтықтарын шошандатып, бастарынан асыра оқ атты. Ыбырайдың сегіз қанат ақ үйіне басып кірген Орманбет оған қол тигізген жоқ. Кеше өзіне көрсеткендерін жасап байлап тастауға да болар еді. Олай да етпеді.

– «Тыныш жатқан аждаһаның құйрығын баспа» деген. Мен соқтықпадым, сен келіп ұрындың. Мұндайды күтпеп едім сенен. Шайтан азғырды ма, көзіңді шел басты ма?! Неден жаңылдың? – деп үйден шыға берді. Бұдан кейін ағайын арасындағы дау басылмай біразға өршіді. Орманбет өзінің бір бет мінезіне салып, теңдік бергісі келмей бұра тартпақ еді, араға елдің үлкендері араласып, екі жақ әупірімдеп мәмілеге келтірді. Алайда мың жылдық құда болу оларға бұйырмады.

Қаталдығы мен қайырымдылығы қатар жүретін Орекең, Орманбет би Балқаш болысын үш сайлау үздіксіз биледі. Ол болыс болған жылдары Бертістің

Атағұлы, Қожантай ұрпағы Байғазыға, Қараменде бидің шөбересі Домбай секілді азаматтарға арқа сүйеді. Балқаш болысының билігін үш сайлау уысында ұстаған Орманбет кейін құдасы Тілеш байға кезек берді. Тілештен соң, Орманбеттің ақын баласы Нарманбет отыз жасында болыс болып сайланды. Бұл енді басқа әңгіме.

### СОҢҒЫ СӨЗ

Қараменде би бақилық сапарға аттанғаннан бері үш ғасырға жуық уақыт өтсе де оның рухы туған елімен бірге жасап келеді. Тіпті кешегі отаршыл қызыл империяның озбыр саясаты да оның қасиетті есімін ел жадынан өшіре алған жоқ. Қайта ұлы бабаға деген құрмет кемімей оның қасиетті есімі қиналған жұртқа медеу, жүдеген жанға демеу болды. Ғасырлар өтсе де ел жұрты Айырықтағы Қараменде бидің қорғанына мезгіл-мезгіл соғып, басына зиярат етіп, аруағына тәу етуді естен шығармаған. Бүгінге дейін солай.

Мына жарық дүниеде мәңгілік не бар десе, ол – қасиетті қара жер дер едік. Одан соң адамның көнермейтін жады. Үш ғасыр өтсе де ұлы тұлғаға деген құрмет зердемізде көнермей, оның жүрген соқпағын, айтқан өсиетін, жасаған билігін кейінгіге мирас болсын деген ниетпен жадымызда үздіксіз жаңғыртамыз.

Анау безерген дала, көнерген жұрт – шалқар Дересін; тораңғылы алқап, ұзын аққан Тоқырауынның бойы кешегі Қараменде бидің табаны тиген қасиетті жер. Сол бабалардан қалған қордалы жұрт. Ғасырлар тереңінен ұлы баба жүріп өткен көне сүрлеуді іздейміз. Соны жадымызда жаңғыртсақ деген ізгі ниеттеміз.

Ақ теңіздің жөңкілген толқыны секілді бұл өлкеге де толқын-толқын ұрпақтар келді. Олар да ұлы

бабаларының өсиет-батасын ұстанып, ел мен жер үшін арпалыспен ат жалында ғұмыр өткерді.

Сол аталардың қалған жол-жораны замана дауылы өшірген секілді. Уақыт желі мүжіген көне қорымдар – солардан қалған ескі сүрлеулер. Қалқиған құлпытастар ғана бағзыдағы бабалар туралы сыр шертеді.

Қараменде биден кейін ел тізгінін ұстаған абыз аталарымыз да ұлы бабаларының өсиеті мен аманатына адал болған. Әділдікті ту етіп, ағайынның бірлігін, елдің татулығын діттегенін айттық. Алайда Қараменде би ғұмыр кешкен уақыт: қазақ елінің өзгеге бодан болып, «Құл алдына құрулы талқы» деп өзі айтқандай, елдің өз билігі өз қолынан сусып бара жатқан – ел тағдырындағы бірнеше ғасырға созылатын тайғақ кешудің басы болатын.

Алда талай алапат асулар, бұлғақ замандар бар еді, оған дейін әлі көп-көп жылдар бар-тын. Дүйсекеден соң Дастанбек сұлтан, Жантас, Сармантай, Байжомарт, Орманбет заманына дейінгі аралықта қазақтың өмірі өзге арнаға түсті. Қазақ елі өзінің тәуелсіздігінен айрылып, ресей империясына басы байлы бодан болды. Қазақ қоғамына орыстың «жаңа низамы» енгізіліп болыс сайлауы келді. Осының бәрі қоғамдық санаға кеселді із қалдырды.

Жүйткіген өмір ағысы тоқтаусыз алға озды. Уақытпен біре қазақ елі де сан қилы тағдырды бастан өткерер; ол да озық жұрт қатарына қосылар; бодандықтан құтылып тәуелсіздік таңы атар. Бірақ оған дейін алда ғасырдан астам уақыт бартын.

## Түсініктер

\*1824 жылы Қарқаралы округі құрылған кезде көптеген түсінбеушіліктер орын алған. Алғашқы құрылған болыс басқарушылары түгелге дерлік төре тұқымынан оның ішінде Бөкейхановтар әулетінен сайланған. Алғашқы бетте Дадан Тобықты «Тобуктинская» деп жазылып оның бірінші болысы сұлтан мойор Бөкейханов болған. Қарқаралы Сыртқы округ құрамына алғаш енгізілген болыстар мен болыс басқармаларын көрсеткен тізімде 16 болыстың аты-жөні берілген. Султан Майор Букейханов 1831 жылға дейін Дадан Тобықтының болысы болған. / Қ.С. Алдажұманов, А.З. Бейсенов. Шығыс Сарыарқа. Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні.339.б./

\*Бұдан кейін Сұлтан Дастанбек Көшеков (Көшімов) 1831 жылы сайланып 1841 жылға дейін үш сайлау Дадан Тобықты болысы болған. Оны архив құжаттары растап отыр.

Бұдан соң Жантас Түтебаев 1841-1844 жылдары болысы болып сайланған.

Жантастан кейін Қотанбұлақ болысы болып Сармантай Байзақов сайланып 1845-1848 жылдары елді сол басқарған.1849 жылы сұлтан Ақан Сығаев болыс болып екі сайлау болыстықтың тізгінін ұстаған.

Мынандай құжатқа көңіл аударуға болады.

*Ж.Башарға*

*Сіздің Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивіне жолдаған хатыңызбен мұқият таныса отырып, Қарқаралы округіне қатысты «Дадан Тобықты» болысының белгілі тұлғалары Тастамбек Көшеков, Жантас Түйтебаев, Ақан Сығаевқа қатысты архив құжаттарынан архивтік үзінділер жолдап отырмыз.*

*Директордың орынбасары М.Ғ. Жылысбаева.*

«1862г.- Формулярный список о службе управителя Дадан-

Тобуктинской волости Каркаралинского округа бия Джантас Тюйтебаева\*.

Бия Джантас Тюйтебаева, управитель Дадан-Тобуктинской волости 55 лет, мухамеданского исповедания.

По выбору народа утвержден управителем Дадан-Тобуктинской волости - 1856г., апреля 14.

За успешный сбор ясака с киргизов вверенной ему волости за 1856г. военным губернатором Области сибирских киргизов объявлен благодарностью- 1857г., марта 2.

Господином исправляющим должность военного губернатора Области сибирских киргизов за усердие награжден кафтаном 3-го разряда-1858г.,июля 9.

Женат на киргизских трех дочерях: Татыкыз, Бурбале, Айкасе. У них дети: сыновья Нұрджан 37 лет, Усман 34 лет, Бийджан 32 лет, Инак 30 лет, Мады 16 лет и дочери Ирбикей 35 жаста, Гокбала 21 жаста», деп көрсетілген. (Архив құжаттарының қысқартылған нұсқасы.) /ЦГА РК. Ф.И-345. Оп.1.Д. 1616.Л. 169-170. Подлинник./

**Мазмұны**

Алғы сөз.....3

**I бөлім****ТАҒДЫР БЕЛДЕУІ**

I тарау. Көш жолы.....5

II тарау. Теңіз жағасында.....55

III тарау. Дересінде.....73

IV тарау. Айырықта.....93

V тарау. Туыстың қайқаңы.....103

**II бөлім****ШЫРҒАЛАҢ**

I тарау. Еспенің бойы.....125

II тарау. Сарыөлеңде.....153

III тарау. Аста.....171

IV тарау. Сағада.....180

V тарау. Қарқаралы сапары.....190

VI тарау. Шілдеде.....199

VII тарау. Саятта.....202

VIII тарау. Боранда.....207

**III бөлім****АРПАЛЫС**

I тарау. Орманбет.....231

II тарау. Киіз қазық.....245

III тарау. Айну.....253

Соңғы сөз.....267

*Жанболат Башар*

**Абыз бен Аңыз**

Роман

*Қазақ тілінде*

Техникалық редактор: *М. Дадиева*

Беттеуші: *М. Дулатқызы*

Дизайнері: *М. Тоқжұманов*

**ISBN 978-601-7524-79-1**



Басуға қол қойылды 14.07.2021. Пішімі 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Шартты баспа табағы  
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс. Қарпі «Тайм» типтес.  
Таралымы 500 дана

---

**«Профи Медиа» ЖШС**

Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Ш.Айманов көшесі, 24-үй, 2-қабат.

Байланыс телефондары: 8 (7172) 57-30-78, моб.: 8 (707) 776-91-35